

З. Шаукун

1 2010

22982к



5857 2

2645



RIMES

ЛІТНЯЯ

БУМАЖНАЯ

ЧАСТИНА

ЧАСТИНА



«ЖАЗУШЫ»

ЗЕЙІН ШАШКИН

ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАР

Алты томдық



„Жазушы“ баспасы

1 2010/22982к

ЗЕЙІН ШАШКИН

884.342-3

ш32

ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАР



Алты томдық



БЕСІНШІ ТОМ

СЕНІМ

Роман



Алматы — 1976

Каз 2
Ш 32

**Ш 70303 051
402(07)76 7-71**

(C) «ЖАӘУШЫ»—1976

*Өмірімнің күзіне шыққан
Гүліме арнаймын.*

A v t o r.

Отанның кең аспандай көлемінде,
Баин бір бүйрекіндегі бөлегі де,
Қызытау гой, қызықтыған мені жастаң,
Суретін түсірейін өлеңціме.

К а ли жа н.

БІРІНШІ ТАРАУ

Нұрлан үйден асыға шықса да, жан-жағына тамашалай қарап, аулада ұзақ тұрып қалды. Сол бір күнгі табиғат көркіне қанағатсыз көз түгіл, тәубешіл көңіл де тоймайды білем, әлденеге құмартып, әлденені аңсап, алаңдай берді.

Ақбеттаудың айыр өркеш шыңында құлім қаққан ақжарқын күн көктем лебін өзімен бірге ала келгендей бүгін. Айнала-төңірек заматта неше тұрлі түске боялып, құлпырып, біресе көгілдір, біресе жасыл тартып, өзгере берді. Тау бөктеріне салынған кіші-гірім Баянауыл қаласы көк буалдыры сағымда әткеншек тепкендей асылып, діріл қағады. Тау үйдің іргесіне тым таяу, жақын, қол созым жерде, оның жықпыш-жықпыш қойнауында, тарам-тарам сай-сайында сылдырап аққан қар суының нәзік үні, тау беткейіне тала-са-тармаса өсіп, бүршік жара бастаған арша мен үйеңкінің сыйбыры, кәрден шыныдай шатынап сынған Сабындықөл мұзының сыйтыры да анық естіледі-ау, анық.

Қала осы бір сәт демін ішіне алғып тына қалғандай, Нұрлан да құлағын тігіп, жан-тәнімен сезіне қабылдайды. Ол бұрын осы Баянауылда туып-өспеген, мектебінде оқып, көшесінде жалаң аяқ асық атып жүгірмеген тәрізді, бәрі де жаңа бір қырынан көрініп, жаңа бір сырымен ашылғандай. Құмартуын қарашы!..

Аздан соң осынау құлаққа ұрған тыныштықты қала шетінде ғүрілдеген трактордың даусы, оған қосылған иттің шәүілі бұзып, ақыры әтештің шақыруымен тынды...

Кеше ғана дene мұздатып, бет қаритын ызғарлы жел екеш жел де бүгін жұмсарып, торғындаі мойынға оралып, Нұрланның толқыған қара шашын дударлай келемеж ете-

ді. Көктемнің дымқыл иісі мұрын жарып, тыныс кеңейтіп, алуан түрлі арманға жол ашып, қияға, биікке меңзеді. Түрлене, көгере, келген көктемге қуана қарап, Нұрлан да тұра берді.

— Шырағым-ау, басыңа киім кимейсің бе? Суық тисе қайтесің, әлі ерте ғой жалаң бас жүргуге! — деп аула алдынан өтіп бара жатып ақыл айтқан қарияның бір ауыз сөзі, теңіз толқыны ағызып әкеп жарға соққан балықтай, есін жидырды. Қария сөзіне іштей дау айтып: «Пәле, алпысыншы жылғы жастар қысты құні бас киім кимейтінін біле ме екен?» — деп жымиды да, емханага қарай аяқдады.

Айжан оқуын бітіргеннен кейін осы Баянауылға жіберілгенін, емханада аз құн істеген соң алты айлық курске кетіп, хирург болып жақында ғана Алматыдан оралғанын, өткен құні Нұрланның бөлесі — Нұрқат, сөзден-сөз шығып, тәптіштеп жеткізген-ді, енді сол Айжанды көруге ынтығып, сүқ саусағының үстіне шыққан бөртпені себеп қып келіп тұр.

Хирургия кабинетінің алдында иін тіресіп бес-алты жігіт тұр екен. Нұрлан дәйексізденіп, кетіп қалғысы кеп бір оқталды да: «Шынында да сол өзі білетін Айжан ба екен?» — деген күдігін анықтамақ бол шыдап тұра берді.

Айжанды сөз қылғанда Нұрқаттың көзі құлімдеп қоя берді. Жалпақ танауының айналасы жыбыр-жыбыр еткен сықылды көрінді және бұрын Нұрланның танитын-танымайтынын білмейтін бөлесі неге әңгіме қылғанын тағы тусянбеді. Сөз астарынан ұққаны: «Қалада бір тамаша қыз бар, көрген де, көрмеген де армандада!» болды.

Іә, егер Нұрқат айтқан Айжан болса, асқан сұлу да, ондай көріксіз де емес еді, сүйкімді, жібек мінезді, ақылды қыз-ды. Алматыда студенттер кешінде бір-екі рет кездесіп, танысқан-ды, бірақ оның оқуын бітірген соң Баянауылға барып істеймін дейтін ойы жоқ еді, өзі Ертістің бергі қыр бетінің тұрғыны, әкесі — ескі фельдшер болатын...

Жел қағып, суық сорған, шыңдалған қапсағай денелі, ірі жігіттер бірімен бірі әзілдесіп, қақтығысып, даурығып, емхананы басына көтерді. Медсестра есіктен сырғалап: «Шуламаңдар!» — десе, құлақ қояр емес, сол сәтінде бәсекедеп, аздан соң баяғы шуылына қайта басады.

Нұрлан бір отырып, бір тұрып, тықыршып әзер күтті. Біртіндеп азайып жігіттердің де үні өшті. Кезегі жетіп, кіріп барып еді, кіршіксіз таза ақ халат киген, сұңғақ келген

талдырмаш, мұрнының үсті сүйріктеу, аққұба қыз қолындағы резинка биялайын шешіп, кетуге ыңғайланаң жатыр екен, Нұрланды көріп аясы ұлken, аласы мол тобылғы көзін таңдана қадады. Қызыл далап жаққан жұқа ерні күлімдеп жүзінен қуаныш белгісі білінді. Нұрлан салған бетте Айжанды танымай қалды, халат киген соң өзгеріп кеткен сыйылды ма, қалай...

— Жол болсын! — деді ол Нұрланның қолын қысып жатып.

— Келіп қалдық туған елге.

— Ұмытпасам, Москваға аспирантураға кетем деп жүрген тәрізді едіңіз...

— Бір жылға демалыс алып оралған бетім.— Не себепті «демалыс алғанын» Нұрлан айтпады, бүгіп қалды. Сынайыгершілік жасап, қыз да қазбалап сұрамады. Нұрлан ұнсіз қолын көрсетті. Айжан жұмсақ, жіңішке, салалы саусақтарымен қызыарып, талауратып тұрған шиқанды басып-басып көрді де: «Тілу керек!»— деді, Нұрланнан көзін алмай. Сөйтті де: «Саудаласудың қажеті қанша!» дегендей, қолын жібермей, іс-міс жоқ иод жағып, скальпелмен сыза тілді. Адам терісі қатты болар ма, тас тілгендей шықырлап ұстараның зорға өткенін сезінді Нұрлан. Ернін тістелеп, теріс қарады.

— Аяншақ екенсің ғой... Қыз жігіттің түсі өзгеріп кеткенін сезініп, әзілдеді.

Мінезді айтсаң жібектей,
Жаныңа рахат таптыған! —

деп осы елдің ақылды қазағының бірі Мәшіүр Жұсіп айтқандай, Айжанның қолы қатал тисе де қыықты тобылғы көзі күлімдеп ақшыл жүзіне ерекше нұр беріп, сабырлы да сыршыл жаның қейпін жария қылады.

Нұрлан енді сүйсіне қарады. Сыздап мазасызданып тұрған қолы толас тауып, көңілі жадырады.

Айжан ақ бөзбен қолын байлаң беріп: «Енді келмесең де еркінде. Ертең перевязканы алып тастауға да болады»,— деп кеңес беріп еді, Нұрлан тыңдаған жоқ, сөзім кетіп қалды-ау дегендей, әзілге қайта оралды.

— Аяншақ емес екенімді таныған боларсың, етімнен ет кессең де үндемедім ғой.

— Ер жігіт сындалатындаі кезең туған жоқ. Бұл ем — баланың қолын шыны сыйып кеткенмен бірдей.

«Мына қыз, қалай-қалай шәлкес сөйлейді-еў?»

— Сынау үшін кеуде жарып, жүрек көруші ме еді?

— Кім біледі, бәрі жүректен басталатын сияқты, алдын ала көрсө, несі артық.

— Жүректі көргенде оның тілін білсе, бір сәрі...

— Білмесек айтамыз ба?

— Маман ба едіңіз о жағына?

Екеуі сез таластырып тұрғанда, сестра келіп бөліп жіберді, Нұрлан қоштасып шығып кетті де, аудандық партия комитетіне қарай жүрді.

Баянауыл аудандық партия комитетінің секретары Мәлік Асанов қырықтар шамасындағы қайыс қара, жұқа өнді еркек. Тұрі бір көрген адамға онша ұнамауы да мүмкін, бірақ тілге келсе-ақ болды, ол икемдеп, баурына тартып алады. Алдына барған пенде риза болмай, сауалына жауап таба алмай өкпелі кеткен емес, әркімнің жүргегіне кілт тауып аша білетін шебер кісі. Не қасиеті бар екенін өзі біледі, әйтеуір бір адамға ұрсып, зекіп, көз алайтты деп үш жыл ішінде аудан көлемінде біреу айтпайды, сабырмен, ақылмен ырқына қөндіріп алады...

Осылай деп мінездеме беріп кеп, сезінің ақырында: «Тілі майда, міnezі ұстара, алданып қалма, бауырым!» деп қиқылдан құлғен де Нұрқат еді, кім білсін, оның неге олай астарлы сез тастағанын?

Мәліктің үйленгені Нұрланның бір кездегі ғашық қызы Раушан-ды, соны ишаралай сыр тартқысы келді ме? Оған Мәлік жазықты ма? Керек десе, Мәлікті танымайды Нұрлан, көрген кісісі емес, түрінің өзін Нұрқаттың айтуымен ғана елестетіп келеді.

Жеңілтектік жасаған Раушанның өзі: Нұрланды жас көріп менсінбеді ме, асau аттай бір-ақ күнде тулас, қырындан кете барған.

Нұрланның: «Тос, оқуды бітірген соң өмір ағашының бұтағына бірлесіп, үя салайық!»— деген сезін сықаққа айналдырып, тәлтек қылған. Жанына тиген. Нұрланда намыс бар, шыдай алмай бұ да жарылып, қаншама қайғырып, уайымдаса да, қайтып басын имеді. Сонысы қате болды ма, кім біледі?..

Асановтың алдындағы хатшы қыз таныс екен: «Атқару комитетінің председателі Бегимов Ербол отыр, ол кісі бір кірсе, жуырмаңда шыға қоймайды, үстіне кіре бер!»— деген соң, есікті ашып, бірінші секретарьдің алдына жетіп барды.

Мәлік жұрт айтқандай өңсіз жігіт еken, беті шұқыр-шұқыр, қорасанның дағы, бір кездегі сүйкімді жігіттің түрін бұлдіріп-ақ тұр. Әйтсе де, өткір қара көзі мәлдіреп: «Сен кімсің? Не шаруаң бар еді?»— дегендей өңменінен өтіп барады. Оның қасында отырған жауырынды, еңкіштеу ақ сары Ерболды Нұрлан бұрыннан біletін-ді, осы елдің азаматы. Екеуіне кезек қол беріп ірге жақтағы орындыққа барып отырды.

— Ей, сен Нұрлан Сембінсің бе?— деді Бегимов басынан-аяғына шейін шегір көзімен шолып өтіп.— Қайдан жүрсің, жарқыным?

— Москвадан.

— Онда, немене, оқуда ма едің? Иә, иә... аспирантураға түсті деп естіген едім-ау. Енді не ғып жүрсің?— Сауал қоюшы Ербол, Мәліктे үн жоқ, көзін алмай тыңдал қана отыр.

— Бір жылға демалыс алдым, шешем де ауру... «Өзім нің де денсаулығым онша емес»,— деген сөзді айтпай тағы да іркіп қалды, жұмыс бермей қоя ма деп сақтық жасады.

Нұрлан қалтасынан көк тысы бар «дипломын» суырып алғып, Мәліктің алдына салды.

— Көктем келді. Егіске аралассам ба деген үмітпен төзірек оралып едім.

Мәлік дипломды ашып, ықыласын сап, таңдана оқыды. Аздан соң Ерболға бұрылып:

— Mihe! — деді әдемі де кең дауыспен,— бес жыл ішінде елуден артық пән өткен, соның бәрін беске тапсырған. Сенеміз бе осыған?

— Неге сенбейміз?.. Сабак берген мұғалімдерінің бәрі нағашысы болмас жігіттің,— деп, Ербол қарқылдаپ күліп алды өз сөзін өзі қоштап.

— Сол нағашы еместігіне таңданам. Бес жыл бойы үзбей бес алу — айтуға ғана жеңіл.— Мәлік қоңылтақтанған адамдай Нұрланға тағы бір қарап, қайтадан дипломға үнілді.

— Жақсы келдің, жігітім. Істе, ақта жеген наныңды,— деді Ербол сөзінің дөрекілеу шыққанын өзі сөзбесе де, Мәлік сезгендей, қигаш қара қасы доғадай ііле қалды.

— Кәне, Ереке, қайда жіберсек еken? Қай совхозға агроном керек?— деді Мәлік әлденеге бекінген дауыспен.

— «Баянауыл» совхозының бөлімшелеріне агроном керек дегенді құлағым шалған еді.— Ербол телефонды көте-

ріп, аудандық өндіріс басқармасын сұрап еді, ар жағынан ешкім жауап бермеді.

— Меніңше,— деді Мәлік ойын тұжырып:— Өзі осы жердің баласы болса, жақсы оқып, еліне еңбек етуге оралса, біз де сенім білдіріп, жақсы қарсы алайық! «Баянауыл» совхозының бас агрономы етіп тағайындастық! — Қолындағы дипломының қырымен столды мазасыз тықылдатып, Ерболдан тағы да ол жауап күтті.

Ерболдың шегір көзінің айналасын шырмауықтай әжім басып, ұрты салбырап егде тарта қалды.

— Алып кете алса...

— Көмектесейік!.. Өзім көмек берем! — деді Нұрланға ықласы тұскен секретарь дипломын қайырып жатып.

Ербол үндемеді.

— Бюроның қаулысын ал да, облысқа барып, тағайындалып келгейсің,— деді Асанов енді жұмыс бітті дегендей басын изеп.

Нұрланның қуанышы қойнына сыймай үйіне жеткенше асықты. Әкесі Сембі жетпіске келсе де, әлі күші қайтпаған, ширақ, пысық, шал, бірақ, жүрт оны: «Есінен ауысқан, миының бір винті жетпейді»,— деп өзара есек қылады. Соңғы жылдары мінезінің күрт өзгергені шын да еді. Отызыншы жылдары колхозды өз қолымен құрысқан, бет қаратпайтын, өткір де тілді белсенді қазірде тірі пендеге жұмған аузын ашпайды, күйбіңдеп, өз шаруасының маңында тіршілік етеді.

Талай жиналыс, талай жанжалды басынан кешкен атақты даукес, жалғыз қалса да айтқанынан қайтпайтын, жұдырықтай мықты адам бүгінде үстінен түйе жүрсе де ыңқ етпейтін жуас, момын. Тек анда-санда өзінің құрбы-достарына ашылып, өткен-кеткенді еске алады, оның өзінде де жастық шағын сөз қылумен ғана тынады.

Өзінің отызыншы жылдардағы ерлігінен бір ауыз сез айтпайды да, біреу сез қыла бастаса, тұрып жүре береді. Жақтырмайды.

«Сол жылдары жүртқа жазықсыз тілі тиіп, шешенсіп, сөйлей беруші еді, тәубесі есіне тұскен болар қартайған шақта!»— деп кейі күледі де.

Бірақ, неге күрт өзгерді, оны ешкім білмейді. Өзі және айтпайды.

Томага-түйық өз үйінің маңында тіршілік құроп жатыр. Бойының кішілігінен әскерге де алмады, соғыс жылдары хат тасып, почтавойшы болды.

Бұрын жас кезінде үйші еді, киіз үйдің сүйегін жасайтын, уық ііп, кереге қектейтін, Баян дуанына аты шыққан ісмөр-ді, бүгінде шоқша сақалды, жұдырықтай қара шал домаланып ертелі-кеш аулада жүреді де қояды, есік алдында бәкісімен тал кесіп, көрші-қолацына қолқорап тоқиды, әйтеуір қарап отырмайды, көптен бері көздеп жүрген нысанасы тағы бар — көзі тірісінде Нұрланға арнап бір киіз үй жасап беріп кету, соған қазір қам қып кірісуде. Шал кеше: «Осы төңіректе қалғаның қолайлы болар, балам!»— деп сөз арасында жұқалап ескертіп те қойған.

Есіктен Нұрлан кірмей-ақ оның сыңайынан қуаныш нышанын аңғарған шал, қолындағы тоқып отырған қорабын тастай беріп, шоқша сақалын әдетінше шеңгелдей ұстап, қадала қалды.

Баласы сып етіп төргі үйге өтіп кетіп, пальтосын шешіп, әкесінің жанына қайта оралды. Осы совхозға қызметте қалдырганын, ертең Павлодарға жүретінін, әкесіне қысқаша, тұжырымын айтты.— Жақсылыққа жазсын, балам. Берер ақылым: осы Баянауылда Совет өкіметі орнағалы талай қызметкер келіп, талайы кеткен. Халықтың дүғалы аузына іліккендері жоғары өрлең, атаққа ие бол жүр де, егерки қарғыс алғандары — онбай жұртта қалған итке үқсан, тентіреп кеткен. Халыққа тиыш бол! — деді шал. Бұл — Сембі қарияның өмірде баласына берген екінші өснегі. Алғашқы рет Алматыға оқуға жүрерде: «Жақсы оқы, шырағым. Тырыс, Қаныш ағаңдан ұлғі ал!..»— деген дәл автобусқа мініп жатқанда бетінен сүйіп. Нұрлан әкесін жақсы да көреді, іштей жұдырықтай әкесінің күшіне, ақылына сүйсініп, мақтан да етеді. Көрмейсің бе, өмір дауылы талай қалтыратса соқса да, бұтағын сындырып, жапырағын түсірсе де күлата алмағанын!.. Ер жеткен баласы соғыстан қайтпады. Қазір кемпірімен екеуі ғана. Оның да жасы шалдың өкінесін басып, келіп қалды. Өзі және сырқат. Дәрігерлер Нұрланға: «Өкпенің ақауы бар көрінеді, бірер жыл елінде тынық, туған жердің ауасы шипа»,— дегенде, үйелмелі-сүйелмелі кемпір-шалдың тұрмыс күйі, шешесінің ауруы есіне түсіп, тәуекелге бел байладап, сөзге келмей аттануының тағы бір себебі осы-ды.

Әкесінің ажым басқан, тамырлары білеу-білеу күсті қолынан Нұрлан көзін алмайды. Бас бармағы қап-қайқы, керегені, уықты ие-ие өзі де қайқайып кеткен тәрізді. Нұрлан әкесінің бармағы астында отырған сүйек сапты семсердей өткір бәкіні тамашалағысы келді ме, үнсіз жармасып

өзіне қарай икемдей беріп еді, әкесі баласының алақанына өзі салды да, «мықты ұстал» дегендей, нұқып қойды.

Сары бәкі — Нұрлан есін білгенмен бергі әкесінің шын серігі де, берік құралы. Ұстараның жүзі де көп қайрағаннан тозған сыйылды — қазіргі бейнесі орақ сыйылды, ортасы имиңкіреген, ойық.

— Пәле, осы ұстара тозбайды екен, аға.— Нұрлан бәкінің жүзін екі бүктеп көріп еді, серіппесі әлі де босамаған, күш жұмсамаса оңай жабылатын сияқты емес.

Шал ауыр күрсінді де:

— Зат екеш затқа да, шырағым, құтім керек,— деді. Салмағы жеңіл болса да, сөзге әншайінде сараң шал аз-кем ойланып отырды да баласының сөйлескісі келгенін сезгендей, жадырап шешіле сөзін жалғады.— Бұл бәкі, балам, сен түгіл, тұңғыш баламмен жасты. Мұны 1916 жылы Ригаға окоп қазуға барғанда бір орыс солдатынан сатып алғам.

Он алтыншы жылы Ригаға барып, окоп қазғанын, одан Февраль революциясынан кейін елге оралғанын бұрын да айтып отыратын-ды әкесі. Бірақ, бәкінің сол жылдар ескерткіші екенін енді ғана білді.

Нұрлан бәкіге тағы да қызықтай көз тастады.

Ісмер адамның қаруы — пыشاқ, бәкі, сүргі... Ал, агрономның қалтасынан түспейтін қаруы не?..

Осыдан жеті жыл бұрын әкесінің ежелгі көршісі, үй арасында үй жоқ, қарт агроном Илья Сергеевич Сорокин бір әңгіме айтқан-ды, сол сөзі әлі есінде қалыпты.

Сорокин сottалып кетіп, содан ақталып жаңа қайтқан кезі, шашы да, сақалы да күмістей аппақ, бет-аузын қатпар-қатпар әжім басқан, жүдеу-ді, бойындағы бар қасиеті де, назар аудартып, магниттей тартатын күші де — оның таусымайтын қызық әңгімесінде еді.

Бір күні Илья:

— Осы дүниені, жасалып жатқан ерен қызық өмірді кім де болса көріне бірге ала түспейді. Бәрі де артында қалады, ертең оған ұрпақ ие. Сондықтан тарылмай, не жасасақ та жақсы ғып, сомдап жасайық. Шалалық асығыстық — кемтар қыладады.

Әкесі осы бәкіні өзімен бірге о дүниеге алып кетпейді, бұл да артында қалмай ма? Әне бір тоқыған қорабы, жасаған оюлы кебежесі, бәріне ие — Нұрлан, не басқа біреу ие. Шіркін, әкесінің ісмерлігін әрі қуалайтын, жалғастыратын тағы бір баласы болса! Сондай өзіне тартқан біреуі

бар еді, соғыста қаза тапқан. Нұрлан ше? Нұрлан есі неге ісмерлікті үйренбейді?

Нұрлан жер ісмері, жер маманы. Соны пәлен жыл сқынан жоқ па?..

— Аға, бәкің әлі де біраз жыл қызмет істейді-ау деймін. Сабы әлі жап-жаңа,— деді Нұрлан, өзіне қайырып беріп жатып.

— Немереме де қызмет ете ме деген үмітім бар, балам. Егер әки...

Шалдың қоңыр көзі құлім қағып, әлденені ишаралағандай.

Нұрлан не дерін білмей ойланып қалды. Шал жауабы өз ойының үстінен түскендей.

* * *

Нұрланның бұдан кейінгі күндері тартысы басым шымшытырық кинода көретін оқиғаға үқсайды.

Павлодар Баянауылдан жұз елу километр, бұл екі ортадағы тақтайдай асфальт жолмен ағылып жатқан кісі, жүк таситын машиналардан көзің тұңжырайды. Майқайың өндірісі де — осы жолдың үстінде, лек-лек ағылған машинаның көпшілігі соған келеді. Сондықтан да жер әлі дегди қоймаса да, жол үсті — шаң-тозаң, ол тозаң машина доңғалағына оралып, терезеден автобустың ішіне еніп, тыныс тарылтады.

Төрт сағаттық сапар Нұрланға ұзақ көрінді, әшейінде бір минутын бос жібермейтін ол қолына кітап та ұстап шықпапты, тықыршып, өзін қоярға жер таба алмай, тerezeden үңіле берді.

Қары кетер-кетпес, алабажақ боп жатқан жер бусанып, тамыры жіби бастаған кез-ді, ашық күнгі жер бауырлап жіңішкелеп көтерілетін от тұтініндей әр төбенің басынан сыйдықтап үшқан буды Нұрланның көзі шалды. «Егістің мерзімі туған екен!» — деді іштей түйініп.

Ауданға тезірек оралып, биылғы егіс жерін өз көзімен көріп, өз қолымен жыртуы керек Нұрланның. Әйтпесе, орыстар айтқандай, балапанды күзде санай ала ма?..

Аздан соң Нұрлан қиялды жем ізден шоқақтаған торғайдай емханада кездестірген дәрігер қыздың қасына барып қонды.

— Айжан! — деді іштей таңырқап, қызыққан адамдай атын қызыға атап, бейнесін көз алдына әкеліп.

Екі жыл болды көрмегелі, содан бері қалай тамаша өс-
кен, бойын түзеп, салмақты дәрігер болған.

...Қазақтың академиялық опера театрында студенттерге арналған бал. Көз ілеспей дәңгеленіп билеп жүрген доста-
рына қарап Нұрлан тұр. Жалғызырап, тыптырышыған Нұр-
лан анадай оқшау тұрған сүйектілеу арық қызға барды да,
биге шақырып, топ арасына сұңғіп кетті.

— Қайдансың? — деді Нұрлан менсінбеген адамдай тік
сөйлеп.

— Медикпін.

— Атың кім?

— Айжан.

— Мен Нұрланмын.

Екеуінің сол кешкі сөзі осымен бітті. Бірақ, қыздың жі-
бек мінезі, назды құлкісі Нұрлан жанын қытықтағандай.
Дәл кетерінде ертеңіне театрға шақырып уәде байласты. Бі-
рақ, Нұрлан уәдесінде тұра алмады, комсомол комитеті
дружинаға бөліп, көше қыдырып кете барды. Құндер өтіп
жатты, оқудан қол босай ма? Сонымен қыз ұмытыла бер-
генде, бір күні ойда жоқта, көшеде тағы кез болды, қасын-
да құрбысы бар екен, екеуі өтіп бара жатып, тани қап, тоқ-
тап тұрып амандастып, сыпайы ізет білдірді. Бұл жолы
киноға алып барып, алғашқы кездескендегідей қоқақтамай,
сыпайы шешіле сейлесіп, тіл табысқан, ұғысқан сияқты.

Жақсы оқитын, өзін ұстай білетін студентке уақыт жете
бере ме, анда-санда сирек кездесіп жүргенде, Нұрланның
практикасы басталып, елге кетті де одан әкзамен берді, жаз
екі ай дем алып, Москваға аспирантураға түсті. Содан кездескені кешегі...

Автобус Павлодарға кешке жақын барды. Нұрлан сол
бетімен Ертіс өзенінің жиегіне, жар қабаққа салынған «Ер-
тіс» атты мейманханаға келсе, лық толған халық, бір бос
орын жоқ. Облыста жиі шақырылған көп мәжілістің біріне
келген аудан басшылары, колхоз бастықтары түп-түгел
жайлап алған, араның ұсындың гу-гу етеді. Қайтерін біл-
мей дағдарған Нұрлан, бірер таныс қала тұрғындарына
барып қонғысы кеп тұрды да, «Мазасын алып, масыл бол
қайтем», — деген оймен вестибюльдегі диванға жата кетті.
Ертеңіне көзін тырналап ашып, бет-қолын жуар-жумас,
ертерек жүрттан бұрын тамақ ішіп алайын деген ниетпен,
буфетке қарай жүгіріп еді, онда да иін тіресіп сыймай тұр-
ған бір халық. Нұрлан менен ерте оянған кісі жоқ деп жүр-
се, асыққан жалғыз бұл емес екен.

Апыл-құпыл, жеңіл-желпі тамақ ішті де, мекемелер жаңа ашылып жатқанда облыстық ауыл шаруашылық бөліміне бұ ғ да жетті. Ерте қезде, бөренеден кесіп-кесіп салған бір қабат ағаш үй екен. Ұзын дәліздің бойында жыбырлаған есіктерді кезекпе-кезек ашып, кадр мәселесін басқаратын бөлімді әрең тауып алды. Есіктің сыртында «Медетов» деген ірі әріппен жазылған фамилияны оқыды. Кадр бөлімін басқаратын Медетов дейтін таңқы мұрын, бүйра шаш енгезердей қара жігіт, аудандық партия комитетінің қаулысын мен сінбекендей селқостау оқып, Нұрланды қөзімен бір шолып өтіп: «Ол совхоздың бас агрономы бар емес пе еді?»— деп иғын қиқаңдатып, тыжырына сөйледі.

Нұрлан ол совхоздың бас агрономы бар екенін естіген жоқ-ты, не дерін білмей, дағдарып тұрганда бастық тағы да мұның ойын бөлді:

— Обкомға бара бер, мен де келем, сонда шешейік! — деп жуан папканы жинастырып, орнынан көтерілді.

Бүгінгі Павлодар Қазақстан қемелінде өзіндік беті бар, мүсіні бар қала. Салынып жатқан төрт-бес қабат биік ақтас үйлер, ескі қаланың кішкентай ағаш үйлерін жан-жағынан алқақотан қоршап ап, бір уыс қып, дәл ортада үйріп тастаган.

Мекемелердің көпшілігі де осы бір қабат үйлерде.

Көшениң екі жақ қапталында қолдың саласындаи самсарап, өсіп келе жатқан жас қайыңның көлеңкесін санап Нұрлан қаннен-қаперсіз облыстық партия комитетіне барды. Аузындағы күзетші милиционерден рүқсат алыш, екінші этажға көтеріліп, дәлізге қойған күрең тысты диванға барып отырды. Мана, буфетте бір столда тамақ ішкен, толық келген жалпақ бет сары еркек те отыр екен, іші пысқан ба, іс-міс жоқ, кімге келгенін, неге келгенін дөңгелетіп сұрастыра бастады.

— Обкомда ауылшаруашылығын басқаратын бөлім бастығы жас жігіт бар, жүрегі таза, инабатты азамат, соғаң жолық,— деді бейтаныс адам ақыл беріп, неге келгенін айтқан соң,— бірақ, оның сөзін тыңдаса...

— Обкомды тыңдамайтын не қылған коммунист ол? — Нұрлан қасындағының бетіне таңдана қарады.

— Өндіріс басқармасы деген жаңадан құрылып, аузынан жалыны шығып тұрган жоқ па!.. Ауыл шаруашылығының дағдырын солардың қолына беріп... Үстімізден төндірді де қойды,— деді ол олқы дауыспен.

— Орыста мәтел бар: жаңа сыпырғыш жаңадан сыйырады деген,— Нұрлан күлімсіреп, ойын астарлай жеткізді.

— Ендеше сол, бәрімізді де сыпырып тастап жүрмесе...
— Көнеміз бе?

Мосқал сары адырайып, Нұрланға бүкіл денесімен орашолақ бұрылды.

— Қүшің көп пе? — Басын изеп, өзіне-өзі: жассың гой, әлі,— деді.

Бұлар сөзін аяқтамай Медетов қастарынан сып етіп, басын изеп, өте шықты да, дәліздің түкпір жағындағы бір есікке кірді.

— Танисыз ба? — Нұрлан иегімен Медетовтың соңынан нұсқады.

— О, Медетовты танымай!.. Өсетін жігіт... Өзінен жоғарыны құдай тұтады, өзінен төменді менсінбейді. Көзге мақтайды.

Ол мінездемесін беріп бітірмей-ақ Медетов бұлардың қасына оралып та үлгірді.

— Қайта бер. Решениені артыңдан жібереміз!.. — деді де үндемей тұрып қалған Нұрланға басын шұлғып:— Солай, жігітім,— деп тайып берді.

Нұрланның қасындағы жолдасы жымиып:— Айтпадым ба, өсетін адам деп... Менің тілімді алсаң, сен кетпе!.. Бұл шығарып салма сөз. Бұлардың әдісі белгілі. Манағы мен айтқан ауыл шаруашылық бөлімінің бастығына бар,— деді ақыл қосып.

Бөлім бастығының алды бос екен, рүқсат сұрамай-ақ кіріп барды. Судай жаңа ақ көйлегінің жеңін сыбанған, қара галстук таққан толқыған қара шашын бір жақ шекесіне қарай қайырган сүйкімді сидаң жігіт Нұрланды жылы жүзбен қарсы алып, «құлағым сіздे?» дегендей ыңғай білдіріп, бетіне үңілді.

Нұрлан аупартком жібергенін, бюроның қаулысы болғанын айта бастап еді ол: «Білем, жаңағы сөз болған жігіт, сен бе едің!»— деді де, Баянауыл ауданын телефонға шакырды. Бірақ, дереу қолма-қол қосуын қосса да, секретарьды таба алмады, колхоз аралап кетсе керек-ті. Бұл күні Нұрлан ісі шешілмей жіпсіз байланып қалып қойды. Салы суға кеткен Нұрлан мейманханаға қайта оралды.

Қайтамын деп орын да сұрамаған-ды, енді қайтетінін... Мейманхананың директорын тауып алды. «Кешірек бір орын босайды, тағы бір айналып соғыңыз»,— деген оның

сөзіне иланып, вестибюльға, өткен тұнгі диванға барса, маңағы обкомда кездескен жалпақ бет, көртік мұрын ақ сары қазақ қасқыып отырып алған. Шаң-тозаңы қағылмаған көк плашын жанына тастай салған, көзіне көзілдірігін киіп, газетке үңіле қалған. Нұрлан оның плашын сырғытып тастап қасына отыра кетті.

Қабағы шытыңқы, жалпақ маңдайын айғыз-айғыз әжім басқан кескіні де ренішті сияқты.

— Тағы да кездестік-ау? — Нұрлан назарын аудармақ ниетпен қаттырақ үн қатты.

— Э, сен бе едің? — деді ол көзілдірігінің астынан қарап.

— Әлгіде жол-жөнекей болды. Енді танысадайық. Алыстан келдіңіз бе?

— Бозшакөлден,— деп Нұрланды әңгімелесуге тұрасың ба дегендей таразыға сала, бағасын бере қарады. Көзілдірігін де, газетті де жиыстырып, қасына қойды. Сүйтті де: — Өзін ше? — деді «ң» «н»ға айналдырып.

Нұрланның қайдан келгенін мана бір естіген еді, ұмытып қалса керек-ті. — Бір ауданнан еkenбіз ғой,— деген жадырап, өз сапарын әңгімеледі. — «Бозшакөл» совхозының жері сортаң, қырат, соған егін ек дейді, қалай егем?.. «Тың көтер!» дегендे, бас көз жоқ, төпеп жырта береміз бе?.. Мұның арты неге согарын білесің бе? — Қарт агроном қынжыла сөйлеп, қойнынан аузы ашылған жартылықты шығарды да, қырлы стаканды сурырып алғып, бұлақ сүнідай сылдырата құйып, Нұрланға ұсынды:

— Іш, көңілді отырасың? — деді.

Нұрлан басын шайқады.

— Өмірің алда, ой, бауырым-ай, күресетін күн туады әлі. — Еңкілдеп құліп алды да, өзі қағып сап, бармағының астына басып отырған бір түйір құртты кіртілдетіп, тамса на дәмін татты. — Мұның арты, — деді агроном өз сөзін өзі қайталап: — Баяғы Египет өміріне апарып соғады. Бір кезде Нил өзенінің бойы көкпенбек көк майса алқап екен, қазір не, құм болып кеткен иесіз сахара. Немесе өзіміздің Қызылқұмды ал, онда да бір кезде ғажап өмір болған, жігітім.

Агроном ар жағын созбады, пікірін келте қайырып, басқа бір әңгімеге көшті. Нұрланға бұл сөзі мергеннің оғындан тиді: — Сонда егін салмау керек пе?

Агроном жауап қайырмады, жіпсіп, терісі кеңіді ме, қалай, түймелерін ағытып жайлана отырып, жолшыбай Ші-

дерті өзенінен өте алмай белуардан су кешкенін, оттық тұтатқандай, маздатып айта бастап еді, өз ойының әуеніне ерген Нұрлан бөліп жіберіп, бастапқы сұрағына қайта оралды.

— Кек майса жердің құмға, сахараға айналып кетуі... Сізше... неден дейсіз?

Агроном еңкілдеп күліп, Нұрланның иығынан қақты. Сый-сипат дегенді білмейді, мінезі дөрекілеу ме, қалай...

— Әдейі сұрайсың ғой, бала... ә! — деді де түсін сұзытып: — Эрозия, жер екеш жер де ауырады екен. Халық «жер-анам» деп тегін атамаған. Жер-анаға да күтім керек, жігітім...

Сөз әрі аяқталмады, күзетші әйел келіп, екеуіне екі номерден орын берді.

Бұл тұні Нұрлан әдetteгідей тыныштықпен жайбарақат үйқы көрмеді, көзі ілініп кетсе-ақ үйдім-үйдім құм төбе, бірінің артынан бірі жылжып, көше берді, көше берді. Жалаң аяқ, жалаң бас дедек қағып жүгіріп бара жатқан бала — Нұрланның өзі екен, құм төбелердің арасында адасып кетіп, Баянауылды таба алмай қойды. Қара дауылдан жүре алмай азған, тұтіккен бір қария шал тап болып: «Баанды таба алмайсың, шырағым... Құм басып кеткен», — демесі бар ма?.. Нұрлан шошып оянды.

Күн әлі ерте екен, бірақ қасындағылардың бірі жоқ, койкалар бос тұр. Нұрлан жуынып, буфетке барып, ауқаттанып отыrsa да есінен түсі шықпай, соны талдап, соның төңірегіндегі ойы да дөңгеленді.

Әрине, жерді күтпесе, ақылмен жыртпаса, түсте көрген құмның шындыққа айналып Баян даласын басуы сөзсіз... Нұрлан обкомға жүгірді.

Кешегі бөлім бастығына кабинетінің алдында кездесіп қап бірге кірді. Қолма-қол Баянаулды телефонға шақырып, Асановпен тілдесті.

— Асанов, сенде, «Баянауыл» совхозында кәрі агроном отырған жоқ па еді... Өзі коммунист... Ия, оның несі жақпай қалды саған? — Жаңағы сыпайы ма деп үміт артып отырған азаматының сөзі әуелгі кезде шәлкес көрінсе де, артынан әзіл екеніне түсінді.

Асановтың не деп жауап бергенін біле алмады Нұрлан, бірақ жеке сөздерден аңғарғаны: ол кісі ауру, салт атқа шауып жүре алмайды, көбіне отырып істейтін тыныштау қызмет керек екен.

Баянауылмен сөйлесіп болған соң бөлім бастығы, кешегі Медетовты тауып ап, телефонмен: «Жолдама бер де қайтар! — деп еді, о да өзінше дәлел тауып қиқаңдал дау шығарды.— Қазір егістің уақыты, бір күн ұстаудың өзі қылмыс!»— деді де, телефонды тастай беріп, Нұрланды сол кадр бөліміне қайта жіберді.

Бұл жолы Медетов обкомның ыңғайын сезген соң, Нұрлан есіктен кірмей жатып, жолдаманы қолына ұстата салды. Тіптен, неге өкпелі екеніне таңы бар — бұртиып, тұс бермей, Нұрлан: «Хош!» десе де тіл қатпай қала берді.

Нұрлан енді құндізгі жүретін автобусқа асықты.

* * *

Оқу оқып, білім алу — өмірдің даңғыл оңай жолы да, еңбек етіп, күн көру — бұлтарысы, сүрлеуі көп, шым-шытырық жол екенін Нұрлан совхозға келіп, қызметке кірген күні ертеңінде-ақ сезінді. Бұрын бұған бәрі керісінше көрінетін-ді. Оқу оқуды қын, ауыр жол деп топшылайтын. Шіркін, аңқаулық-ай! Совхоз директоры Нұрланды құптал: «Бәрекелді, жақсы келдің!»— деп құшағын жайып, қарсы ала қойған жоқ. Бұрынғы агрономнан айрылғысы келмеді ме, әлде Нұрланды «таныстықпен» жолдама әкелді деп ұқты ма, әйтеуір ұзын селдір селеу қасын тыжырып, қабағын бір ашпай қойды, жуан денесін креслоға шегелеп қойғандай, қозғала алмай, сол мығым қалпы, мелшиіп отыра берді. Орыс сөздерін украин тілінің дыбыстарына айналдыра атап, шорқаңтау сөйлейді.

— Ая райын көрдің бе?.. Арғы жұмада егіс бастау керек! — деді Нұрланға қарамай, бет алдына.

— Егін бастау үшін алдымен жыртылатын жерді аралауым керек, өз көзіммен көруім керек. Қандай дақылды қай жерге ексе, жақсы шығады, таңдамаса, ертең далага еккемен бірдей бол жүрмей ме...— Қойын дәптерін суырып алғып, соған үңілді, өткен тұні әкесінен сурап, шұрайлы, сортаң, тақыр, қырат деген совхоз жерлерін түртіп ап, орталықтан неше шақырым соған дейін теп-тегіс сызып алғанды.

— Уақыт алады ғой... Арапап шығу сондайлық қажет пе өзі?— деді тағы да директор.

«Көрмей, жерді білмей агроном қалай сепкізеді түқымды. Қызық екен мынауың? Әдейі не дер екен деп тор құрып отыр ма?»

— Бізге лекция оқығанда профессор солай үйреткен.— Нұрлан директордың бетіне тұра қарады. Оның кең танауы делдиіп, су бетіне дөңгеленс түскен ирек толқындей, тайпақ бетінде мысқыл көлеңкесі пайда болды. Тегі: «Жаттағыш студентім-ай!» дегендей. Нұрланның кекесінін ол әрине, шын сөзі деп ұқты.

— Профессорың айтса, аралап қайт!.. Бірақ, дүйсенбі күнгі мәжілісте болуың керек. Мұны екі жерде — екі деп ұқ! — деді ол даусы қатайып.

Нұрланды жас деп менсінбей, әдейі қытығына тиіп отыр ма, онысын әзірге Нұрлан есепке алмады. Нұрланды ықылас қойып тыңдаудың орына, сөз бітті, жүре берсін дегендей директор телефон құлағына жармасып, бүйрық беріп, біресе хатшы әйелге «бәлленді, түгенді шақыр!» деп, іске кірісіп кетті... Нұрланның тағы да ақылдасып шешіп алатын мәселелері бар еді, томаға-тұйық қала берді. Нұрлан көңіліне шам алды.

Байқа, жігітім, осылайша менсінбей, елемей шығарып салса, ісің оңа ма?..

ЕНИШІ ТАРАУ

Асанов Мәлік Нұрланды аудан орталығындағы ірі совхозға бас агроном қып ұсынарын ұсынса да, басқаға білдірмей, көңіліне өзі секем алды, бірақ оны өзінен де жасырды.

Дипломға тіркелген бағаға қарап, қызығып, айтып қап, артынан өз сөзінен қайта алмады.

Екі айтпау — өмірінің қағидасына айналып, қанына сіңген адамдар өмірде бола береді ғой, олар — қателессе де оңбай қателеседі, алдындағы жарға құлап, мойнын үзеді.

Асанов Мәлік ол сияқты «айттым бітті» деп шолақ ойладап, келте кесетін кісіге ұқсамайды, егерде, берген әмірінің қате екенін сезсе, соның қисынын тауып білдірмей түзеп те жіберетіні бар.

Нұрланның мәселесі бұған тағы бір: «Кәне көрейік,— шиеленісе бастаған осы түйінді қайтып ол шешер екен?»— деген кекетпе сынға айналды. Кешке үйіне оралып, тамақ ішіп отырғанда, жұбайына:

— Нұрлан деген осы ауылдың жігітін білесің бе, Раушан?— деді ол. Жас келіншектің томпайған, аппақ бүйрек беті алмадай қызарып, күлім қаққан қара көзі күңгірт тар-

тып, ұзын кірпіктері тез-тез қағылып, өзгере бастады, не-ліктен екенін Мәлік түсінбеді, алдындағы жеп отырған та-мағын сырып тастан, атып тұрды да, ас үйге кіріп кетіп, аздан соң қайта оралды, қайта оралғанда ол баяғы жады-раңқы, ақжарқын жүзімен: «бұрыш салуды ұмытып кеткем бе, әлде аузым су татып тұр ма?» деп бөтен бір себеп та-уып, сылтаурага келді.

Мәлік жүзінен жаңағы бір әзірдегі қысылғандықтың сі-лемін іздеді, таба алмады. Раушан күмістей сылдыраған әдемі жіңішке дауысымен әндете сөйлелі:

— Нұрлан дейсің бе?.. Ол аспирантурада Москвада емес пе еді? — деді.

— Бір жылға демалыс алған көрінеді... Сенің совхо-зыңа бас агроном қып жібердім. Өзі бірыңғай «беске» оқы-ған екен... Қалай ойлайсың, атқара ала ма?

— Несі бар, көмектессе!.. Екеуіміз он жылдық мектепті бірге бітіргенбіз, алғыр бала болатын, кейін жуасып кет-песе...

«Алғыр бала болатын...» Раушанның осы бір ауыз сөзі Мәліктің Нұрлан жайында асығыс шешпегенін дәлелдемей ме? Бірақ, кім білсін, жуасып кетпесе деген жоқ па, Раушан?

Оқуды жақсы оқып, жақсы баға алу — бір сәрі де, қызмет істеп, өмір сүрудің жүйесі басқадай айла-тәсіл, күш-қуат талап етпей ме? Ертең жаттама білімін іске асырам деп жүргенде, не уақыт өткізіп ап, не өмірге сәйкестіре алмай қалса... Үяты кімге келмек?

Мәліктің синшама Нұрланға неге көңілі ауғанын өзі де түсінбеді.

Асықпай, ойлап шешуге тырысуши еді, бұл жолы қапы жіберді. «Қапы ма?» Кім біледі... Әне, Раушан да: «Неге томсырайып отыр?» дегендей әлсін-әлсін көз қығын тас-тан, шайын бір ұрттап қояды.

— Раушан, сен ол жігітке көмек бергейсің... Ковалъчук бір кезде педагог болса да, біреуді тәрбиелеуге икемі ша-малы...

— Ковалъчук адад адам.— Раушан сөзінің келте де тік келетін әдеті. Лықсып кеп қалған ойын ұстай алмайды, сол қалпы айта салады.

Бірақ, бұл жолы Раушан сөзінің астарына Мәлік түсіне алмады.

Раушан ерінің кешкі аухаттан соң аздал тынығып алып, түнгі он екіге дейін кеңсесіне барып жұмыс істейтініне әбден

үйрәнген-ді. Ауылдық жерде санаулы сағат жоқ, эсіресе, егіс мезгілінде күні-түні далада, қоста, бригада басында болып, кейде сонда түнеп те қалатынына көндіккен басы. Кейбір ерте қайтармын деп кеткен күндері Раушан тосып-тосып, ұйықтап кететін-ді.

Мәлікке тұрмысқа шыққалы, міне, үш жыл. Қазақ университеті экономика факультетінің екінші курсын бітіріп, Баянауылға келіп жазда демалыста жүргенде Жасыбай көлінің жағасында, ойда жоқта осы Мәлікпен танысқан-ды.

..Жексенбі күні құрбысын ертіп Раушан Жасыбай көліне барған.

Жасыбайға Баянауылдан жаяу баруға да болады. Қала мен көл ортасындағы асудан төмен түссен, аяқ астында дөп-дөңгелек, көкпіңбек жарқыраған мөлдір көл.

Көлдің сол жақ қабағында орман ортасында Екібастұз жұмышшыларының демалыс үйі бар, сол араға пароход кеп тоқтайды.

Көлді қапсыра құшақтайды, кеудесіне сыйдырған Баян-ауыл тауына қызықтайды қарап, палубада тұрған Раушан мен құрбысының қасына, қырықтар шамасындағы қайыс қара, арық ерек кеп тұра қалды. Құлімдел жылы жүзбен таныс адамдай:

— Алтын балықты көрдіңіздер ме? — деді.

— Алтын балық? — Раушан даусының қуана шыққанын сезбей де қалды. — Бұл көлде алтын балық бар ма еді өзі?

— Бар!.. Осыдан екі жыл бұрын әкеп қоя берген. Өсіп жатса керек-ті.

Раушан сейнерін де, сенбесін де білмей қасындағы бейтанның адамға тамашалай қарады. Оның да екі көзі қыздарға қадалмай, суға төніп шын ықыласымен таңырқап тұрғандай.

— Әнеге! — деді ол айғайлап.

Күн көзіне шағылысқан алтын балық шөп-шөп етіп, суда секіріп жатты.

Раушан сақылдай құліп, алақанын шапалақтап, балаша қуанды.

— Алып берейін бе біреуін?

— Қолыңыздан келсе? — Раушан бұл жолы еркектің жүзіне назарын аударды. Бетінің секпілі, өңінің қаралығы болмаса жүзі жылы, сүйкімді екен.

— Келгенде қандай. Жұмындар көздерінді! — Екі қыз көзін жұмды. — Ашындар! — деді ол тағы да бүйіра. Рау-

шан сиқыршы қолына қашшама үңілсе де, еш нәрсө көре алмады.

— Міне алтын балық! — Сиқыршы күліп, қолымен Раушанды, оның құрбысын нұсқайды.— Өмірдің алтын балығы сен екеуің. Олар суда жүзсе, сендер өмірде жүзіп жүрген жоқсындар ма? Кәне, айтшы, олардың сендерден несі артық?

Раушанға «сиқыршы» сөзі қатты ұнады, құрбысын қолтықтап, ілгері жүрді, жігіт те ерді соңдарынан...

Мәлік екеуі осылай кездескен-ді, ең алғашқыда, бір айға Жасыбай басына демалысқа келген обкомның жауапты нұсқаушысы сол жолы өзінің бойдақ екенін, әйелі қайтыс болып, жалғыз жүргенін білдіріп те алған. Кейде өмірдің қиуадан қисынын келтіріп, жымдастырып жіберетіні де белгілі. Сол жылы құзде Мәлік Баянауылға секретарь болып тағайындалып, Алматыға мәжіліске барғанда, баянауылдың бір қызыметкердің үйінде Раушанға тағы кездесті. Жақсы таныстай шұрқыраса түсті. Серпінді сөз, әзілді күлкі, жарқын көңіл кештің сәнін келтіріп, бағасын арттырды. Қыз жүргегі де лүпілдеп, Мәлік ыңғайына қөше берді.

Ертеңінде театр барды, таудағы демалыс үйлерін арапап, орман ішінде серуенdedі. Терек бұтағынан түскен қызыл қүрең түс табан жапырақтарды иіскелеп, сыр шертісті.

Ақыры қыз Мәлікке сөзін берді. Сырттан оқитын болып, университетті тастап, Баянауылға қайтып, той жасады.

Өзінен жасы үлкен, реңсіз адамға қүйеуге неге шықты екен? Раушан қазір біраз уақыт өткеннен кейін сол бір күндеріне, кейде көз жіберсе өзіне-өзі таң қалады. Несіне қызықты? Кім білсін, адамның өзіне-өзі түсінбейтін кезеңі де болады фой. Әйтеуір, оқудан кетуіне бір-ақ себеп бар — Раушан соны жақсы біледі. Үлгіре алмады, ақсай берді сабағы... Оқи алмай тастап кетіп, елге барып, жеңіл-желпі қызымет істеуді ар көрді. Іштей Раушан осыны дәлел қып, осынығана оңашада өзінің алдына тарту қылады.

Мәлік демалып жатқан кезде, Раушан ыдыс-аяғын жинахады да, есікті білдірмей жауып, кеңесесіне барды да, көктемгі егістің жоспарына үңілді.

Мана бір ас алдында Мәлік: «Жоспар орындалатындағ болсын, Раушан! Дақпыртпен өнімі жоқ жерді артық жыртып ертең астық ала алмай жүрмендер!» дегенде Раушан шыны ойланып қалған. Ертесімен Қарайғыр бөлімшесінің аг-

рономы кеп: «Бізде жыртатын жер жоқ, жоспар биыл тағы көбейген сияқты», — деп дауласа бастағанда Раушан: «Партияның қаулысын орындалмайтын кімсің өзің. Тың игерудің мағынасына түсінесің бе? Жоқ әлде партбилетің өзіңде көп бол жұр ме, досым?» — деп, бір жағы мысқылдай құліп, бір жағы қорқыта, жауап берген-ді, агроном қайтып жұмған аузын аша алмай, тайып отырған-ды.

Секретарьдің жұбайына қарсы келе ала ма тәйірі, соншама мүйіз жүрек болса да!..

Мәліктің сөзінен кейін Раушан өзінің үстірт қарағанына іштей нальп, «ағаттық болды ма» деген өкінішпен жоспарды тағы да қолына алғаны сол еді. Мәліктің ақыл-парасатына, іскерлігіне ден қоятын, содан өз ісіне нәр алатын Раушан неміңдің айтқан бүгінгі бір ауыз сөзін елеусіз қалдырмады. Бірақ, көңілі тұрақтап, толып жатқан цифрга жан бітіріп, тірілтіп, кеңесе алмады, қағаз беттері сұлық аударылып қала берді. Ойынан Нұрлан шықпай қойды.

Нұрлан атын атағанда жасөспірім қыздай қызыарып, қысылып қалғанына Раушан таңданады. Егер ол Раушан мен Нұрланның жастық шағындағы уәделерін естіп сұрап отырса қайтеді? Түү, онда не тұр? Сұрай берсін... Раушаның шалдуар мінезіне мән беретін Мәлік пе және? Балалық шақта кімді кім жақсы көріп, елікпейді? Кімге кім уәде қылмайды?

...Ақбеттің етегінде орман ішінде екі жас жидек теріп келе жатқан. Бұл онынши класты бітіретін жылы жаэда... Бірінің үстіне бірін салған жұқа нандай, қабат-қабат жұқа тастандарды жарып шыққан, жалғыз тал раушан гүлі шығып, қаздып тұр екен.

— Раушан! — деді қуанып Раушан жұлып ап.

— Жоқ, роза ол емес, сенсің! — деді Нұрлан қызға.

— Мен роза болсам, сен жұлып алар ма едің мені, кәзіргі мен сияқты?

— Қолым бармас еді.

— Фу, сені де жігіт дейді-ау! — деп Раушан ернін бұрттып теріс қараған-ды.

— Мені кім деп ойлайсың өзің?.. Сен не істедің: жұлып ап, бір иіскедің де тастандарың. Ол — семіп қалды. Не түсті саған? Не ләzzат алдың? — Нұрлан өкпелі дауыспен қынжыла айтып, біресе қыздың алдына шығып, көзіне қадалып, біресе қатарласа жүріп, біраз жерге дейін соңынан қалмай, тақымдай берді.

— Бұл гүл — сол бір ііскеу үшін жаралған, чудак! — деді Раушан мұрнын тыжырып.

— Сен бір күндік гүл емессің ғой. Раушан, сені жұлып алған адам — мәңгілік сүйіп, жұлдыздай қеудесіне тағып жүрмей ме... Раушан Нұрланның сөзін бөлді:

— Түкке түсінбейсің.

Нұрланға бұл сөз ауыр тиді. Сұрланып, қыздың қолын үстай алып, қысып, өзіне қарай сілки тартты.

— Сен мұндай жеңілtek оймен дұрыс өмір сүре алмайғың, Раушан... Кімге еліктейсің өзің?

Раушан қабағын шытып, қолын итеріп тастады.

— «Дұрыс» өмірді саған бердім... Сен кімсің маған ақыл үйрететін?

— Мен бе... — Нұрлан ар жағын айта алмай тұтығып, кейін шегінді. «Уәде беріскең ғашығың емес пе?» деген сөзді ұялып айта алмай,— Мен сенің жанқияр досың, емеспін бе! — деді.

Раушан сақылдай, келемеждей, ұзақ күлді.

— Гүлді жұлып ала алмайтын жігіт, жанқияр дос бола ала ма? Нұрланның тізелері дірілдеп, сол тұрган жерінде отыра кетті.

Раушан да қайтып қайрылмай кете барды, ол ұзаган сағын Нұрланның құлағынан қыздың шолжықай сықақты дауысы жақыннан естіледі.

Осы қақтығыстан кейін Нұрлан қайтып, Раушан маңына жоламады, көзге де көрінбеді, біреулер «сырқағтанып қалған» десті, әйтеүір, мектепке бармай жүріп, дәл бітірер жиынға бір-ақ келді. Раушан анадайдан көріп қалды, өңі құп-қу, жүдеу, Раушанға жоламай, қашқалақтап жүрді..

Екеуінің арасында болған әңгіме сыр осы. Осыдан кейін Нұрлан да, Раушан да оқуға Алматы барды, екеуі екі институтқа түспекші, қала үлкен, бірін-бірі көпке дейін кездес-тірмеді.

Келесі жылды, анда-санда студенттер кешінде кездесіп қап, бас изесіп, амандастып, кейде ел-жайдың хабарын сұрасатын да болды. Раушан тіл табысқысы келіп, Нұрланды университеттің студенттер кешіне шақырды. Нұрлан келмей ме деп қауыпсынып еді, келді, бірақ... екеуі шүйіркелесіп тұрганда, сұңғақ, аққұба қыз келіп Нұрланды қолтығынан үстап, биге шақырды. Қимыл, сөзі еркін, иемденіп жүр-ау деп те үқтты Раушан.

Раушан ішіне от түскендей, алауратып, ернін тістеп қала берген.

Сондағы қыз өсі қазіргі емханада істеп жүрген Айжан. Раушан тұрлі ойдың қызымен бір орында отыра алмай, қағазын жинады.

Үйіне келсе, Мәлік машина алдырып «Жосалы» совхозына жүрейін деп, киініп жатыр екен, Раушан жалғыз қалғысы келмей, күйеуінің кеткеніне бірінші рет тарлық білдірді.

Мәлік қасына кеп, құшақтап: «Кешірек қайтармын, жабырқамай, көңілді бол!»—деп бетінен сүйгісі кеп, ұмтыла бергенде құшағынан лып етіп шығып, теріс айналды.

Бұрын мұндай мінезін көрмеген Мәлік таңданып, соңынан ере, жатар бөлмеге бірге барды.

— Раушан, не болды, жаным?

Раушан үн-тұн жоқ кереуетіне құлап түсті де, жастыққа бетін көміп солқылдап, жылай берді. Мәлік қасына отырып, иығынан сипап:

— Раушан, айтшы, жаным, не болды? Элде бір жерің ауыра ма? — деп сөзге шақырып көріп еді, тіл қатпады.

Мәлік әйелін жылатып жалғыз тастанап және кете алмады, бармаса тағы болмайды — совхозда коммунистер жиналып тосып отыр. Жаңа ғана кабинетінде бір адам бетіне қарсы келіп, қатты сөз айта алмаған жұрттың бәрін өз ырқына көндіріп, сөзін заңға айналдырган мықты адам, мұсәпір болды да қалды.

Раушан сол жылаған, үн қатпаған бойы көзі үйқыға кетті. Мәлік аяғының ұшымен басып, көрші тұратын жеңгесіне Раушанды тапсырды да совхозға жүріп кетті.

* * *

Раушанның ағасы совхозда тракторшы бол істейтін, жеңгесі жас босанған соң жұмысқа бармайтын, әзірге үйінде-ді, кейде Раушанға да болысып, себін тигізетін. Мәлік те: «Раушан жалғыз болмасын, қысылғанда көмек беріп тұрсын» деген ниетпен ағасын қастарына көшіріп алған-ды. Мәлік жеңгесіне сыйырлап: «Неге жылайсың десем айтпайды. Элде неге тарылып келді. Білші!»—деді кетіп бара жатып.

Қүрек шайды құйып беріп отырып:— Еркекан, бір жерің ауырып жүр ме, сағың неғып сынық? — деді жеңгесі Мәліктің тапсырмасы бойынша.

— Басым ауырады,— дей салды ол шешілмей. Жеңгесі

екеуінің арасында талай сыр шертілген-ді. Сонда Раушан: «Баланың керегі жоқ, әлі жаспыш, біраз өмір көрем», — деп сақтанып жүрді де, артынан, үш жылдай уақыт өткен кезде, аңсап баланы көксесе де, бойына ештеңе бітпей қойды. Кейде осыған налып көңіл күйі таулы жердің ауа райындағы теп-тез бұзыла қалатының жеңгесі де іштей сезетін. Жеңгесі бүгін де соған жорып, жұқа жеріне тимейін, ауыл-аймақтың, көрші-қолаңың өсегін айтып, құлдіріп, қабағын аштым ба деп медеу қылған жеңгесі көңілі жалғызырап, қонақтарға сөре таба алмай, іштей неге аласұрганын Раушаның өзі ғана біледі. Қаншама жеңгесі ділмарланса да, жүрек түбінде әлдене жетпей тұрғандай бір қуыс орын қала берді-ау, қала берді. Ол орын немен толады, құдай білсін...

* * *

Ертеңінде де күндегі әдетпен Раушан ерте тұрып, жеңгесі қайнатып қойған шайын ішіп, Мәлікті жолшыбай аупарtkоміне қалдырып, совхоз кеңесіне барды.

Машинадан түсіп жатып, мүйістен шыға келген Нұрлан-ды алыстан таныды. Баяғы қалпы, әлі толмаған — сұңғақта талдырмаш, бетінің сирек секпілі бар, қызыл шырайлы балаң жігіт. Үстінде қара көк плащы бар, жібектей толқынды қалың қара шашын кейін қарай қайырып тастаған, баспалдаққа аяғын сала бере, тосып тұрған Раушанды танып, кілт бұрылды.

— Роза! — деді орысша, өзінің жас кезінде атаған дағдысымен.

Раушан да күлімдеп, аяғын тездете басқаның өзі де аңгармады.

— Жол болсын?
— Келдік. Осы совхозға жіберді.
— Естідім.
— Өзің қайда істеп жүрсің?
— Мен де осындамын. Совхоздың экономикасы, жоспараты менің қолымнан өтеді...

Нұрлан күлді.

— Енді тіл табысатын шығармыз?

Раушан сөз астарын түсінді, құлағының ұшына дейін қызыарды.

— «Енді» деген сөзіңе түсінбей тұрмын.

— Жас болдық дегенім фой.

— Қазір қартайып тұрсың ба?

— Қартаймасақ та, жоғары дәрежелі білім алдық... Біраз өмір сүрдік. Сен де баяғы тауға өскен раушан гүл емессің.

— Сен де баяғы моп-момақан, қой аузынан шөп алмайтын, гүлді неге жұласың деп өкпелейтін Нұрлан емессің... Қолыңда түссе, енді өзің-ақ жұлар едің-ау?

— Енді де жұлмас едім. Уақытын, гүлдің толуын күтер едім.

— Құр қалып жүргенің сол ғой?

— Құр қалсам да арым таза.

— Арың кімнің алдында таза, жігітім? Өзің үшін ғана таза ұстасаң, ол ардың пайдасы шамалы. Мысалы, мен өз басым, сенің таза арыңдан жақсылық көре алмадым. Мен саған көп үміт артып едім. Ақтамадың. Сол кездері сен ержеткен, тіс қаққан әkkі жігіт болсаң, мүмкін... тауға шыққан раушан гүлге сен ие болар ма едің...

Нұрлан сөз таба алмай, дағдарып, құле берді. Бірақ, іштей Раушанның өкінішін құптамады, ділмарлыққа салынған ерке келіншектің құбылмалы мінезінің өткір қыры екенин түсінсе де, жауап қайыруға асықпады, кабинетке кірген соң әңгіме желісін бұрып жіберді.

«Совхоздың қай бөлімшесі неше гектар жер жыртпақ? Откен жылғы жоспары қандай еді? Қанша өнім алды? Биылғы егіс жоспары қандай?» — тәптіштеп, түгел танысып, кей цифрларды қағазына түртіп алды да, Раушанның қызыл тырнақ үшкір саусақтарын қаттырақ қысып:

— Мен енді совхоз жерімен танысуым қажет. Машина алып, аралап шығып содан кейін іске кірсейін,— деді.

— Егер мен де барсам, Нұрлашқа?

— Тапқан ақыл!.. Ал жоспарыңды! Қай жерге, қанша егін егуді көзбен көріп, анықтап келейік!

Раушан әлденені ойға түйгендей, сәл мұдірді де, тез-тез жинала бастады...

«ГАЗ—69»— саз-балшықты шашыратып, езіліп жатқан ауыр жолмен домаланып, ағызып келеді.

Торайғыр көлінің жиегіндегі екінші бөлімшешенің жерін аралап шығып, «Қарақұдық» басындағы бірінші бригаданың жеріне қайтарда оралмақ ниетпен, ең алысынан бастады бұлар.

Раушан үйіне кіріп: «Мен бөлімшелерді аралауға кеттім», — деп, бір ауыз сөз жазды да, Мәліктің кешке тамағын пісіріп беруді жеңгесіне тапсырып Нұрланмен тартып берді. Әуелі екінші бөлімшеден бастайық деген де Раушан-

ның өзі. Торайғыр көлінің түбінде отарда әкесі мен шешесі қой бағатын. Қөптен бері қатынасқан жоқ. Өзі де сағынып, барып қайтам ба деп жүргенде Нұрланның сөзі нысанана дәл тиді. Раушан жолшыбай жоқтан өзгеге сақылдап, ерсілеу күліп, немесе томсырайып кілт жабыға қалып, синаптай толқып отырды, оның құбылмалы мінезін жақсы біletін Нұрлан мән бере қоймады, көбіне өз жүргін тербел келе жатқан совхоз өміріне әңгіме желісін бұра берді. Тек машина Сұлтанмахмұт бейітінің жанынан өтіп, көл жиегіндегі қыраттың үстін өрлеп отарға қарай тұра тартқанда, табиғаттың әсем көрінісі еріксіз назарын аударды.

Кесеге құйған таза судай, көрнеумен бірдей лықылдаған дәңгелек көл, тау қойында көгеріп, кей жерінде әлі де ерімей тұрған ойдым көк мұзын жасыра алмай, реніш білдіріп, беті жыбырлап жатыр екен. Көл үстіне ентелей төніп, «енді құладым, енді» деген қия жартас, жазық даладан ақырап соққан сұық желге қабағын жауып, тұнере томсарады. Құн көздері бүгін көктемнің қара бұлтының қоршауынан шыға алмай анда-санда жыртық тұндік секілді тесік-тесік бұлт астынан сығалап қап, жоғалып көрінбей кетеді.

Жаңа тебінде шығып келе жатқан көк те бір тегіс емес, ала құла, сай көгергенде, төбешік басы — таздың басында, ала-тақыр. Айнала өңір — жүдеу, рең сұық.

Жол аузындағы ақынның да жалғыз моласы жүдеу тартып тұрған сыйылды көрінді Нұрланға.

— Оралши, шофер. Сұлтагаңа сәлем беріп аттанаңық! — Нұрлан бейіт басына соқпай өтіп кетуді ерсі көрді.

Қараңғылық көгіне өрлеп шыққан құн болам! — деп арман еткен тәқапшар да құдіретті ақын құладаұз далада, тау бөктерінде, жападан-жалғыз қалады деп кім ойлаған? Нұрлан іштей сәлем беріп, үнсіз бір минут тұрды, ақын басына салған ескерткішіне көңлі толмады. «Қазақ кедейлерінің мұңын жоқтаған, өшпес образын жасаған суреткер, сол кедейінің адам қатарына қосылған, ел басқарған дәүірінде, ауыз татырлық ескерткіш орнатпауы — қынжыларлық іс».

Ақынның тірі күніндегі өр көңілі артында қалған жалынды поэзиясы сыйылды алыстан көз тартып, айызыңды қандыратындағы ескергіш тұрса, жүдеп жалғыз жатар ма еді?»

— Елде жүрсің, айтпайсың ба!.. Кісі осындағы ескерткіш қоя ма екен? Мынадан баяғы ағаш ескерткіші анағұрлым тауір болатын.

Раушан күміс дауысымен сыйырлай күле сөйледі.

— Шет елден келген адамша сөйлейсің ғой, өзің? Мықты болсаң, Алматыда тұрдың, неге айтпадың Жазушылар одағының бастығына,— деді ол ұзын кірпігін құс қанатында серпіп.

— Бұл сені мен мениң жұмысым. Ақын сөзін ұрпағына, мына, бізге өснеге еткен, сұлуым.

— Ақылдысын, мұның...

— Ақылым өзіме жетеді, қарызға сұрамайым жүрттан.

— Жаңыңа батпай жүр ғой. Қысылсаң, қарыз емес, сатып та алар едің.

Екеуінің ұрысқа бергісіз әзілін тыңдалап отырған шофер мәз боп, ыржып отыр еді, бір мезгілде шыдамады.

— Нұрландікі дұрыс,— деді ұстап отырған машина рулюің қоя беріп, шылымын тұтатып:— Істеймін десе, Раушан қолында күш бар.

— Ол қандай күш? — Нұрлан шофер сөзінің астарын ұғынса да, әдейі сұрады.

— Секретарьдың құлағына сыйырласа болғаны.

Нұрлан: «Енді не дер екен?»— дегендег Раушанға қадала қарап еді, келіншектің екі беті дуылдалап, шофер артық сөз айтқандай қысылып қалғандығын сезді.

— Ондай сөздің керегі не, жігіттер. Менің секретарым деп отырсыңдар ма?.. Сендерге бастық, айтыңдар!

— Бізден гөрі сен жақынсың дегені де мұның! — Нұрлан шофер сөзін қоштады.

— Мәлік жақын-сақынды білмейді. Тұрасына көшеді. Мен де солаймын.

— Солай ма еді, Раушанжан?.. Қорыққаннан енді әзілді те тоқтататын болдық-ау.

— Элбette, көлеңкесінен қарадай қорқып жүретіндер, маңымызға дарымайды. Ол — хақ,— деді Раушан тағы да сөзін тигізіп Нұрланға.

— Жүргегінің түгі бар біреу болмаса, сенің маңыңа кім жолосасын. Элден жақынның сөзін «шылық» деп ұқсаң...— Нұрлан әзілдеймін деп Раушанды қытықтап алғанын, оның еңі бұзылып, басын кекейте қойғанын түсінді.

— Сенен өзіміз де ерлік күтпейміз! — деді Раушан.

Сөз осымен доғарылып, бұлар тау қойнындағы отарға жетті.

Раушанның экесі Тайжан қарт ел ішінде «ескінің көзі» атанған ескі заманды көрген, талай-талай қиын-қыстау, тайғақ кешуді басынан өткізген, жасы алпыстан асса да өңін бермелеген, жаурыны қақпақтай, балуан денелі щал-ды. Бу-

рыл күрек сақалын, қою қияқ мұртын өсірмей де кезінде ұстарамен басып, күтіп ұстайтын жинақы да таза. Қой қорамен қатар салынған маңайы лас үйде тұрса да, бір киер киіміне зер сала қарап, кірлетпеуге тырысатын. Кейде, кемпірі мен екеуінің арасында осы жайлы жанжал да шығып, қырғи-қабақ болып та қалатын-ды.

«Көйлегің тоғсан екен, шалым, жууға келмейді, шіріп, қолда қалады, онан да жаңасын сатып алмайсың ба?»— деген кемпірінің сөзіне кейіс білдіріп, ұрсып: «Мені мыңдаған қойы бар, баяғы Айдаболдың Темірболаты, немесе Қоржастың Атығайы дейсің бе? Бағып жүрген қойым үкіметтікі, жұма сайын жаңа көйлек киетіндей ақшаны қайдан аlam? Есің дұрыс па, не деп айтып отырсың осы сөзді?»— деп жер-жебіріне жететін-ди.

Ел аузында Тайжан сараң да аталған. Соғыстан кейін ақша айырбастағанда, ұзынқұлақтан, бір сандық аққұлақ ақша өліп қалса керек. Содан бері де жиналған ақшасы бір дорба болады деседі.

Мәлік қайын атасының үйіне келгенде, өзімен бірге төсек-орын, көрпе-көпшігін алып барады деген сөз де таралып, ел ішінде Тайжанға наразы, өкпелі замандастары да бар.

«Тайжанның ақылы бар емес пе еді, қартайғанда дүниебоқты жинағанда, көріне бірге алып түсем деп жүр ме сокқан! — деп сөксе де керек.

Аудан көлеміндегі ағайын-туыстары Тайжанның үй тұрмысының жүдеулігін қызынан — Раушаннан көреді. Раушан жеңгесінің сөзіне қараганда, экесі қызынан ақша түгіл, жанын да аямайтын сықылды. Барғанда алдап-сулас, ақшасын сыптырып алып кетеді де, қос-қостан пальто, қаракөлтон, құндыз берікке жұмсайтын көрінеді.

Қартайған адам қызының киінгеніне мәз бес, қой соңында ертелі-кеш жүре беруді құдайдың жазуы деп үққаны бес-белгілі. Бірақ, бұл шын ба? Қаңқу сөз бе, анығын ешкім білмейді.

Міне, тау қойнына салынған жалғыз үйдің есігі алдында таяғына сүйеніп, алақанымен бетін қалқалай, зырлап келе жатқан машинаны күтіп тұрған да сол қарт.

Сембі мен Тайжан ертеден дос, бұрын бір колхозда өсken бастас адамдар, әрі тереңдесең, жас кезінде екеуі жігітшілікті де бірге құрып, аңды да бірге аулағанын Нұрлан бұрыннан біледі. Сембінің жасы үлкен болса да, заманы бір құрбысына теңдесі есебінде санап, «Тайжан не дер екен?»—

деп эсірсек соңғы он шақты жылда соның лебізін асыға күткенін, өз құлағымен естіген Нұрлан оныншы класта Раушанмен бір оқып жүргендеге, Нұрлан қария қолынан талай дәм татып, нелер қызық-қызық аңшылық әңгімелерін аузының сүрып тыңдағаны бар-ды...

Машина кеп тоқтай қалды. Шофер қасында, алдында отырған Раушан атып түсіп, әкесінің мойнынан асылып, опа жаққан ақ бетін күн қаққан, тотыққан, ажым басқан әкесінің түкті бетіне басып, Тайжан мойнының сол жағындағы алақан аумағындай қып-қызыл қалын шопылдата сүйіп, шұрқырасты да қалды. Тайжан жалпақ қолымен қызының арқасынан қағып, аймалап: «Айналайын, балақаным», — деп толғанып жатты. Әлден уақытта мейірі қанған соң, құшағын жазып, үйден сұлти басып, аптыға шыққан анасының қойнына сырғи салып, Нұрланмен амандасты.

— Уамай, сен өзіміздің Нұрлан емессің бе? —

— Тап соның өзі! — Нұрлан да қуланып қарсы алды.

Шал есіркеп, жігіттің маңдайынан иіскеді. Қызы мен шешесі дабдырласып, үйге кіріп кеткенде, Нұрлан қариямен әңгімелесіп тыста тұрып қалды.

Машинасын қораның сыртына мал соқтықпайтындағ жерге, оңашалау қойып, шофер да бұлардың қасына оралды.

Нұрлан өзінің жұмысқа орналасқанын, Раушанмен бірге істейтінін, қазіргі бара жатқан бет алысы — совхоздың екінші бөлімшесі екенін айтқаннан соң, қария жадырап, «қайырлы болсын» айтып, ақ тілегін білдірді.

— Балалардың көбі оқу бітіріп, басқа жаққа кетіп қалып жүр ғой. Қарағым, келгенің жақсы болған. Туған еліңе сенің жаның ашымаса, біз кімге керекпіз, айтшы? — деп, Тайжан бір басып өтті де, түйдек-түйдек көсілте сөйлей берді.— Малдың қамын жейтін тірі пенде жоқ, «тың» дегенді тауып ап, далақтап шауып жүр осы жұрт... Трактормен айғыздамаған жері қалмады. алабота, ермен шықпайтын тауға да бидай екірді, не дерсің бұл «білімпаздарға?» Қойдың жайылымы қалмады, жылдан-жылға қыннадап барады баудың өзі. Тас жемесе, шөп шамалы бұл өнірде.— Қария қынжыла сөйлеп, жүрегіне байланған қысадан арылғысы келді ме, жоқ әлде Нұрланды ес көріп әдейі есіне салғаны ма, әйтүір ашы сөзге басыңқырай берді.

Нұры өшпеген екі жанары жарқырап, Нұрланның өңменинен өтіп барады.

— Осы Торайғыр көлінің маңынан басқа қой жаятын жер қалмады. Тауға айдап шықпаса...— деп сөзін аяқтады.

Нұрлан қария сөзіне іштей тебіреніп, не деп жауап берерін білмеді де, отардың жай-жапсарына көшті.

— Қысты қалай өткіздіңіз?

— Қыс өте қатты болды. Қора болса, мынау, тар, тырайып қой жата алмайды, соғылысады да тұрады. Бұл — тәйірі құтім бе!.. Шөп ол жетпейді, аяздың ызғары сынса, тауға жайып, біразын аман алып қалдық. Әйтсе де, арық тоқтылардан айрылдық.

Үйден Раушан шыға кеп, сөзді бөліп, шайға шақырды.

Үйдің іші таза, әр зат, нәрсе орнында. Бірақ, кіре беріс есік аузында жатқан алашаның тозығы жеткен, әр жері шұрық-шұрық тесік. Ірге жақтағы текемет те пышақтың қырындай жұқарған. Ескі сандық, аяғы сыннып, бір жағына қарай қисайып тұрған атамзаманғы кебеже үйдің сәнін бұзып, көзге жат көрініп тұр.

Нұрлан қаншама сыр білдірмейін десе де, қырық құрақ көрпенің үстіне отыра бере, астына тікенек қадалғандай қайта тұрып, есік жақта жатқан ерді әкеп, соның үстіне тауық тай қонақтады.

Көзі үйренбеген шал, Нұрлан шалбарының балағы тарлығынан отыра алмады деп ұқты білем, «елге шыққанда лайықты киім кию керек», екенін сөз қып, біраз әзілдеп алды.

«Осы ақылы өзіне дегенде қайда қалған? О, тәубе!» — деп Нұрлан бастапқы кезде іштей қүйіп-піссе де, артынан әдеп сақтап бетіне баспай құлімсіреп отыра берді.

Қысы-жазы қой басында. Айна екі жұз сомнан кем еңбек ақы алмайды. Сонда жылына екі мың төрт жұз сом. Қант-шайына, ұнына — жұз сом жұмсасын. Қалған жұз сомына қажет дүние сатып алмай ма?

Арақ ішетін, қалаға барып, уыс-уыс ақша ұстайтын және кісі емес. Ұлы — өз алдына үй, тракторшы, өзінікі өзіне жетеді.

Қызы — мынау, кигені үлде мен бұлде. Не болды бұл шалға?

Нұрлан іштей Раушанға да қаһарын төгіп әкесі мен қызының арасындағы сөзге араласпай, тұнеріп отыр еді, Тайжан:

— Бүгін қоныңдар. Қой сояйын. Нұрлаш көптен дәм татқан жоқ бұл үйден!.. Шешесі! Уай, шешесі! — деді нем-құрайды, селқос, іле, біреу сөзін киіп кетсе де, мейлі деген кісідей асықпай қорада бықсытып самауырға шай қайнатып жүрген кемпірін шақырып,

Кіші денелі қара кемпір әлі де тың екен, қутындаап, шалына жайдары үнмен жетіп келді. Даусы да, тұс-келбеті де қызына ұқсас. Раушанның шешесіне тартқанын Нұрлан енді аңғарды.

Қасына жақын келген кемпіріне шал:

— Балалар қой союға қарайтын түрі жоқ, ас дайындаисың ба, қалай? — деді сұқ қолының сыртымен мұртын екі жағына кезек сипап.

— О, не дегеніңіз? Бір қонбай Раушанжанды қалай жіберем?

Сөзге енді Раушан араласты.

— Апа, біз сүйт жүрміз. Уақыт жоқ,— деп шешесін азғырып көріп еді, ол безілдеп аяғына отырғызбады.

— Онда неге келдің, бір жола қараңды өшірмей! — кемпір қаһарын тігіп, ашуға басқанын Нұрлан қап-қара бол түтіккен жүзінен аңдады.

Әкесі сараңдығына салып, қатқан етпен аттандығысы келсе де, баласын сағынған шешесі қызынан оңай айрыла қоймады. Жанжалды әрі өршітпеу ниетімен Нұрлан аралық сөз айтты:

— Жарайды! Қас қарайғанша қайта оралармыз. Ет аспай-ақ қимай отырған қойын сойса да, Тайағаңа рұхсат! — деді күліп.

Тайжан да қарқылдап бірге күліп: «Сендерден аяған қойды қасқыр жесін!»— деп бер жағымен болса да сыр бермеуге тырысып еді, кемпірі: «Бұл соймаса, өзім соям!»— деп шалының мінезін жақтырмай, тырнап алды.

Тайағаңның үйінен бір шайды ішер-ішпес бұлар екінші бөлімшешің орталығына барып, агрономды ертіп ап, өткен жылғы жыртылған, егін еккен жерді аралады.

Жол қырат-адыр, сайд-өзекті басып, боз далаға бір кездегі жайлauғa тартады екен. Кейін бұл жолмен машина жүріп, кеңітіп, бригада-бригада арасындағы қатынас жолына айналған көрінеді. Осы жолдың екі жағы — жыртылған жер, өткен жылғы егіндік.

Соқаның тілі — қырат, адырмен қабат кездесіп қалған ашы, сортаң жерді де тілгілеп, сайд-сайды, өзекті жерді қуалай берген. Жыртылған жердің үсті су бетіне жаңа біткен күзгі мұздай, қабыршақтанып, жел соқса бұзылып, астынан қара топырақ борайтынын, бораса дауылға айналатынын болжап келе жатқан-ды. Нұрлан іле, өзі де сол қара дауылға кез болды.

Құладұз даладан соғатын сәске түстегі өкпек жел жер

бауырлай, қанатымен егіндіктің бетіндеғі кілегейленіп тұрған жұқа қыртысты ұрып өтіп еді, көз ашып-жұмғанша ұлпа топырақ аспанға көтеріліп тәңіректі қара түнек лезде басты. Машинаның алды көрінбей, не ілгері, не кейін жүре алмай тұрып қалды. Нұрлан машинадан секіріп түсіп, жерден бір уыс топырақ алам дегенше, аузы-мұрнына, қойныңоншынына шаң-тозаң толып, қақалып, машинаға қайта оралды.

Көңіл шырқы бұзылып, әрқайсы өз ойына күпті боп, дауыл басылғанша біріне-бірі тіл қатпай, ұрысқан адамдай отыра берді.

Аздан соң жел саябырлап, шаң-тозаң азайып, жол көрінді.

Нұрлан: «Машинаны қырат басына шығар!»— деп әмір етті.

Әнеугі «Бозшакөл» совхозының агрономы Нұрланның есіне түсті. Жалпақ бет, көртік мұрын жуан сары. Құрмаш Ахметов деді білем фамилиясы. Не деп еді ол?

«Жерді күтпей, аяусыз жыртсаң, жерден айырыласың, аш қаласың. Жер асырамайды сені. Жер болмаса, аспанға үшасың ба?»— деген жоқ па.

Мына қасында отырган бөлімшениң агрономы не ойлап отыр екен? Әлде бұл осы жерге жауап бермеймін дей ме?..

Машинаны адырдың үстіне қалдырып, Нұрлан қасында бөлімшеле агрономы және Раушан бар, өткен жылғы егіндікті аралап келеді. Еңкейіп, бір уыс топырақ алып алақанына сап, салмақтайты да, үгеді, дәмін татып, қайта түкіреді. Бірінде үн жоқ. Ауық-ауық соққан сотқар жел жыландай айналып қайсысының болсын шашына жармасып дударлап, келемеж етіп, сәлден соң санын шапалақтап ыскырып, құба жонда жарысып кете барады.

Бидай құнарлы, шымды жерге өспей ме? Мұндай сортаң, қырат, тәбешіктер арасындағы тастақта дәнді дақыл түгіл, жоңышқа сияқты шөп екеш, шөп те жақсы өсе ме екен?

— Откен жылды осы жерден гектарына қанша центнер алдыңдар?— Нұрлан агрономға бұрылып, қолындағы топырағын: «Мынау ғой; еккен жерің?»— дегендей көз алдына үстап тұр.

— Үшеуден алдық,— деді агроном.

Нұрлан көзін көкжиектен алмай ұзақ қарайды.

Ұшы-қыры жоқ құла дүз даланың құба жоны — тозы-

ғы жеткен киімдей жалба-жұлба, сау-тамтығы жоқ, дымын қалдырмай жыртып тастаған. Әзірге жер дымқыл, соның өзінде мынау қара боран, ертең күннің көзі шақырайып, жер кепсе, не болмақ?

Нұрлан басын шайқап тұрды да, тағы да агрономға бұрылды:

— Осы жерге биыл тағы да егесің бе?

— Екпегенде. Басқа бізде жер бар ма?

— Тұқымды суға шашқанмен бірдей емес пе? — Нұрлан алақанына сап тұрған топырақты ұшырып жіберді.

— Бүйрық, амалың не?

— Малды қайда жаясЫңдар? — деді көлденеңнен киліккен Раушан. Қолында адыр басындағы жалпақ тастың түбінен жұлып алған қызғалдақты бір иіскең, бір үйіріп, әуре боп тұр.

— Адырға... Тауға... Сортанға. Кез келген жерге бағамыз. Малға көңіл бөліп жүрген кім бар?

...Нұрлан кеш батқанша екінші бөлімшениң жерін тегіс аралап, көзбен көріп, қолымен ұстап, керегін блокнотына жазып алыш, қонаға Тайжанның үйіне оралды.

Қызының әлдеқалай келе қалғанын қызықтап, қойып сойып етін былқыта асып, күтіп отырған анасы, машинадан түсер-түспес Раушанды бөлектеп жер ошақ басына алыш кетті. Нұрлан, шаршағаниң салдары ма, ой толғагының қысуынан ба, үйге кірген соң әңгімелеге араласа алмай, сұлық отырды. Әңгімені жанған оттай маздата қыздырған Тайжанның өзі. Даға сырына түсінетін қуақы шал малмен, аңмен қалай достасып, қалай табысқанын мысқылдан күлдіріп, үй ішін думанға айналдырды. Шофер мен агроном күлкіден ауыздарын жимай, мәз-мейрам.

Қарияның бұл қылығын Нұрлан өзінше үғынды: алтай қыс мал ішінде күн өткізген шал, анда-санда түскен қонақтармен әзілдесіп шерін тарқататын болар, егер сараңдығы ұстамаса... Осындай ақжарқын адам да сараң бола ма екен? Бұл да Нұрланға жұмбақ сықылды...

Ескірген кекшіл жұқа көрпемен жабылған тапал тереzenің алдында жасырынып, ескі радиоқабылдағыш тұр екен, шаң басқан, сыры кеткен, тегі, Раушаның қыз кезінде сатып алған дүниесі секілді. Нұрлан олай-бұлай бұрап көріп еді, оннан бір нұсқасы жоқ бірдеме.

— Батареясы таусылған болар,— деді шофер.

— Пәле, қайдары батарея. Әлмисақтан бері сөйлемей тұрған сорлы көрінеді.— Нұрлан көрпені қайта жаба салып,

үйге кірген Раушанға көзін шұқшия қадады.— Экеңнің дала да жүргендегі жалғыз ермегі — радиосына да қамқорлық жасамайсың, қыздан қайыр кеткен, шіркін әкенің жүрегі-ай!

— Көктен түскендей шірене сөйлейсің ғой, жігітім? Көрерміз тірі болсақ сенің де шарапатыңды! — деді Раушан қызырақтап.

— Қайткенде де,— деді Нұрлан орысшалап,— ертең осы кісінің үйіне жаңа радиоқабылдағыш жіберту менің қолымнаң келеді.

— Революция жасаймын деп ауылға келген адамсың ғой, баста! Біз қарап тұрайық!

— Мен революция жасаймын деп келгенім жоқ. Әлім келгенше істеймін, және қасымда біреу тұрса, оны тағы қаратып тұрғызып қоймаймын.

— Уамай-балалар-ау, сол радионың маған бұты бір тиын, сол үшін ауыз ауыртай-ақ қойыңдар,— деді Тайжан әңгімеге килігіп. Агроном мен шофер қария сөзін қолпаشتай құлді. Ас артынан еркектер тысқа шықты. Аттың тағасындай шалқая туған жіп-жіңішке күміс ай Ақбеттің биік шыңына ілініп, салбырап қалған. Жұмындаған жұлдыздар мен ай сәулесі айналаны күндізгідей жарқыратып, қары кетіп жалаңаштанған отардың реңсіз, жүдеу-жадау жағын ажуа қылғандай. Қаншама жер кешкі ымырт қараңғысын бүркеніп, бетіне қалқалай түссе де, жасыра алмаған, қора маңындағы үолі қиды Нұрланның көзі шалды.

Тайжан шарбақ шетінде жусап жатқан бір қора қойды түгендер санап, ауру-сырқауы бар ма, соны іздеп, дәрігерлердің обходы сияқты, аралап жүр, еңкейіп кейінің құйрығынан көтеріп, шабына үціліп, бүгін бе, ертең бе қоздайтын қойдың желінің қарап, күнін белгілеп, Нұрланның қасына келді.

— Осы қой мана жоқ еді, кім айдан әкелді? — Нұрлан таңдана сұрайды.

— Бұл қойды бағатын екінші қойши бар... Сонсоң «Алыпсоқ» сұр төбет. Түстен кейін қойды сол сұр төбеттің ырқына береміз. Імыйрт түссе өзі айдан әкеп, қораға қамайды,— деді Тайжан шарбағының аузын бекітіп.

— Есті ит екен...

— Бұл иттің тарихының өзі бір кітап.

Есік алдында итаяқтан қан жалап жатқан тайыншадай сұр төбеттің қасына жақын барды. Жұні тақыр, тазы мен жабайы иттің арасынан туған сирақты төбет көз қызығымен

бұларға алая қарап, иесін таныды білем, салпылдатып әрі жалай берді.

— Қолына келгеніне үш-ақ жыл, мұны маған бір жасында күйеу балам Мәлік әкеп берген төменгі тоғай ішінен. Содан бері жаным тыныш.

Иттің тұмсығы ұзын, аузы кере қарыс, нағыз қасқыр алатын тазының тұқымына ұқсайды. Нұрлан төбеттің о жағына бір, бұ жағына бір шығып, тамсанып көзін алмайды.

Тайжан қонағының қызығып тұрғанын сезді де, Алыпсоқтың бір ерлігін баян қылды.

— Откен жылы қораға қасқыр түсіп, қойды шетінен та-мақтай бастайды. Дүрліккен, маңыраған қойдың дауысынан бір сүмдықтың болғанын сезген Алыпсоқ қораның есігін тырналап ашпақшы болады, аша алмайды, қарғып қораның төбесінен түсуді қауіп көрген болу керек, есті хайуанғой, қыңылап біз жатқан үйдің терезесін соқты аяғымен. «Бұ кім түнделетіп жүрген» деп, басымды көтеріп, әйнектен қарасам, шоқып терезе түбінде Алыпсоқ отыр, алдыңғы аяғымен әйнекті салып-салып жіберіп, адам тәрізді жауап күткен еді.

Жалма-жан қолыма балтамды ала-мұла, атып шықтым, Алыпсоқ жол бастап қой қораның есігін тырмалайды.

Ашып жіберіп, қол шамның жарығын қора ішіне меңзей бергенде, көкжал қасқыр маған қарай туралап атқаны бар ма. Сасқанымнан шегіне беріп, балтамды сілтеп қалғанымда, қасқырдың тұмсығына сарт ете түсті. Қасқыр сес-пей қатты. Енді есімді жинап, қораның табалдырығынан аттай бергенімде, Алыпсоқ сып етіп, қора ішіне менен бұрын кірді. Қараңғы қорада жыбырлаған қойдан қасқырды қалай айырып алған дейсің, тағы бір қасқырмен алыса кетті. Қой дүрлігіп, есіктен далага атқылады. Мен де жеттім. Ит қасқырды алып ұрып, жеңіп те үлгерген екен.

— Алыпсоқ болмаса, бір түнде бір қора қойдан айрылуыңыз мүмкін-ау! — Нұрланның көзі: қан жалап, сірсек тойып, шарбақтың алдына барып көлденең жатқан Алыпсоқта.

— Несін айтасың, балам. Құдай, абырой бергенде, Алыпсоқтың сезгенін қарасайшы... Содан бері төбетіме де, күйеуіме де ризамын,— деді қария әзілдеп, Алыпсоқ жаһындағы әңгімесін аяқтап.

— Қасқыр ішікті күйеу балаңызға тартқан боларсыз. Алыпсоқтың ақысына? — Нұрлан сөз тартқысы кеп әдейі қойды сұрақты.

— Оқыған балалар, тәйірі, қасқыр ішік киюші ме еді осы заманда,— деді Тайжан күрек сақалын саусақтарымен салалай тарап.

— Е, өзіңзге ішік жасатсаңыз Алыпсоқтың еңбегі тұрған екен.

Тайжан үндемеді. «Жасатып едім» деп қайталамады, тегі, сараң ағай сатып жіберген сияқты. Бұл әңгімені әрі созысы да келмей, Тайжан Нұрланнан әкесінің хал-ақуалын сұрап: «Е, бақырым-ай, әлі тың екен ғой, көрмегелі көп жылдан асты, қалаға барудың өзі де бір күш, барсаң балалардың үйінен қайтасың, тіптен іздеп баруға қолың тимейді»,— деп дәлел айтып сөзін соза берді. Нұрлан ақыры, шалдың әнгімесінен құтылып, жатуға үйге кірсе, кемпір мен шал ауыз үйге жатқан да, манағы ас ішкен үйге, төр алдына, екі төсекті қатар салып қойған, бірінде — Раушан ұйықтап жатыр да қасындағысы бос тұр.

Агроном мен шофер машинаның ішіне жатқан. Нұрланның жүргегі лұпілдеп, аузына тығылды. «Раушанмен қатар оңаша үйде қалай тыныш ұйықтайды? Жоқ, реті келмес!»— деп іштей күбірлей, төсек-орнын сыртқа алып кетпек болып еді, қолға ілінетіндей зат жоқ, екеуінің астында бір жыртық бөстек, бір жастық, қазынаның екі жұқа көрпесі. Екі көрпе табылғанына шүкірлік!..

Нұрлан ойланып, сәл кідіріп, қайтерін білмей тұрып қалды.

Қасына жата кетсе, тұнде етіне ет тиоі де мүмкін. Үй-қысырап, Раушан құшақтап та жүрсе, шыдай ала ма Нұрлан? Төзімі жете ме өзін-өзі тұмшалап ұстауға!

Раушанды әлі де баяғыдай сүймей ме? Іә, баяғыдан да артық, ыстық көрінбей ме қазір? Бүгін міне бірер сағат бірге жүргеннің өзінде ұзақ жыл торға түскен сезім-күш әден-тіліктің, торғын арқаннаның быт-шытын шығарған жоқ па? Сол батырды, енді, қасында жатқанда, қалай ұстап тұра алады?

Құрғыр Раушанның өзін сүймеске бола ма? Ісмердің шебер қолымен ерекше ұқыптылық, зейінділікпен жасалған көрікті жанның, бейнесі. Денесінде небір сүйкімсіз, не бір өрескел біткен мүше көзге түспейді, бәрі де нәзік те, біріне бірі сай келген: домаланған қораш та, серейген биік те емес, ұсақ нәзік сүйегі — ортаға таяу бойын сездірмейді. Жіп-жіңішке қылдырықтай белі, сәл көтеріңкі кеудесін ерекше көзге түсіреді, һаманда даралап тұрады. Аппақ ұзын мойыны жазда, жағасыз көйлек кигенде таң қалдырады.

Әне, келіншек ыңғыранып, жұп-жұмыр білегін басының үстіне сап, маужырап бал-бұл жайнап жатқанын көрмей-сің бе?

Нұрлан ақырын еппен көрпені алды да, білдірмей тысқа шығып, қой қораның сыртындағы үйілген шөптің арасына барып ұйықтады.

* * *

Ертеңінде бірінші бөлімшенің егістерін тегіс аралап шығып, кешке жақын арып-азып, үсті-бастары шәң-тозаң болып Баянауылға жаяулап жетті. Қалаға жақындағы бергенде, машинаның майы таусылып, Сабындықөлді жағалай өтетін қара жолдың үстінде шофер басқа ұрган танадай тұрды да қалды.

Нұрлан мен Раушан машинадан түсіп, шоферге: «Жүр бірге, машина экеп сүйреп жеткізерсің», — деп еді, ол көнбеді, сапырылысқан көп машинаның бірі тонап кетсе, не істейді.

Нұрлан Раушанның қолтығынан ұстал:

— Ал, солдат маршына сап, жинақы жүрейік, күш түспейді! — деп алға қарай икемдеді.

Раушан: «Не болған саған?» — дегендей таңданып бетіне үңіліп:

— Осы батылдығың түнде қайда қалған, Нұрлан? — деді келіншек наздана күліп.

— Түнде сенен қорқам, Раушан!

— Қазір де жарық емес, апақ-сапақ уақыт!

— Қой, күнім, мені қажама!.. Сені білем, әзілің қатты жансың. Біреу тыңдал тұрса, шын да көруі мүмкін.

— Мен сендей қорқақ емеспін...

Бұдан әрі, ойға шомған Нұрлан тіл қатпады, Раушанның ерке мінезіне, шолжың сөзіне таңданады.

Үш жыл ішінде қыз бетіндегі жібек пердені сыптырып, «беті ашылған», тілі де қылықты келіншекке айналған. Сәл қатаң да батыл кірісken еркек болса, нелер сырға қанығып, Раушан мұндағы жұмбақ көрінбес еді. Нұрланның әдеттегі бойкуйездігі, әйелге деген жасықтығы аяғына бүгін де шырмай болып, көсілтпеді, босатпады. Әшейінде батыл, сөзуар Нұрлан оңаша келгенде қыздардан қысылып, әзілдесе алмай жеңіліп қала береді.

Міне, биыл жиырма бес жасқа шығады, құданың құдіреті, не бір қызды сүйіп, не бір бозбала болып қыз құшақтап көрген емен, сауық-кештерде билеп, бірге қайтты деме-

сөң, махаббат оты лаулап жанбаған адамдай, сұлық, ұялашақ. Мектепте оқып жүргенде осы Раушанға дәмеленіп сырттай иеленіп жүріп, бос қалғаны мынау!

Бір минутқа тоқташи, мұрсат берші, кім кінәлі екен, жүгінісіп көрейік. Осы Раушаннан айырылып қалуына Нұрланнның өзі айыпты ма еді?

Жоқ!.. Махаббат — көктем гүлі бүршік атқан, жұпар нісін аңқытқан, бас айналдырып еліткен, қайтып адам басына оралмайтын жастықтың жасыл шағы. Сол гүлді бүршік жарып, толған кезінде жұлмай, ертерек жұлса, ұзаққа бара ма, семіп қалмай ма?

Нұрланнның Раушанға кейігені де, сенбегені де осы. «Сен, дейді ол, піснеген гүлді жұлышп ал!» Оған Нұрлан аяқ баспайды. Бұл жайында өзінің ойы, түсінігі, сенімі бар. Сенетін досы — жүрегі. Жүрегі не десе, соның әмірін орындайды. Раушаннның ол кездегі қылышын жүрегі жақтырмады, қайтесің, құштей аласың ба? Ал, қазір ще? Қазір жүрек не дейді екен? Жоқ, жоқ, тереңге бармайық, әмір не көрсетеді әлі алда, соны тосайық!..

Құйындар дөңгелене соққан өзінің ұшқары ойын өзі бөліп Нұрлан сөз қозғады.

— Раушан, сен әкеңнің үйіне неге қарамайсың? Әлде, өзі болған қыз төркінін танымай ма? — Сөз ызғарын жұмсаарту мақсатымен Нұрлан сырласқан кісідей өкпелі дауыспен айтты.

Раушан тік келіп, қарсы шап ете түсті.

— Несін сөлекет көре қалдың әкем үйінің?

— Төсек-орын сатып алуға ақшасы жетеді ғой. Соны жаңарту «менің ісім емес» деші?

— Не твое дело. Арасаспа!

— Ұяты саған келеді. Секретарьға келеді... Мейлің. Бірақ, қашан айтты деме!

— Әкем тыңдамаса, не істейін, білгішім?

— Тыңдамағаны қалай?

— «Дүние көздің құрты. Мен дүниеден безгем. Үстім таза, ішерге тамағым болса, жетеді. Жиган-тергенін көріне бірге алып кеткен кісіні көргенім жоқ... Дүние жинау, тала-сып-тармасып әмір сүрү — босқа тыртаң», — дейді Тайаганызы. О кісінің философиясы осы. Ал, азғырып, ырқында көндіріп көрші, мықты екеніңді білейін! — Раушаннның күлім қаққан ойнақы көзіне мөлт-мөлт етіп жас іркілді. Қып-қызыл жұқа ерні дірілдеп, бұртиып, толқып, сөзін әрең, аяқтады.

Нұрлан мұдіріп ойға шомды. Бәсе, Тайжан ағай сараң дегенге сенгісі келмеуші еді. Сырдың беті енді ашылғандай. Қап, түнде қарияның сөйлескісі кеп, қипықтап тұр еді, білмеді ғой, шерлесетін.

— Жарайды, Тайағаңда ондай мінез болсын-ақ, сен өзің көрпे-жастықты сатып әкеп, сандықтарына толтырып қоймайсың ба, кісі келгенде салатын. Түнде, менің орнында облыстық газеттен келген тілші болды, сонда не демек?

Раушан үндемеді, көмейінде булығып тұрган сөзін айтқысы келмеді білем, көзінен жасын сығып-сығып ап, аяғын шапшаңдата басты.

УШІНШІ ТАРАУ

«Нұрлан мен Раушан бір түн жоғалып кетіпті» деген қауесет жыландай жоргалап Айжанға жеткенде, сенерін де, сенбесін де білмеді, күзді құнгі суық желдей көңлі ұйтқып, денесі мұздан, тітіркенгендей болды.

Айжан Баянауылға келгелі, міне бір жыл. Қызмет істейді. Танымайтын ауылда, бөтен елде тапқан ең жақын құрбысы, досы — Раушан. Ол емханаға өзі келіп қолын созды, бұрын Алматыда көргем дейді, кім білсін, Айжанның есінде жоқ. Содан бері — қонағынан қалдырмайды, ойын-сауық болса шақырып, бірге алып барады. Эне бір әзірде, Нұрлан жайында сөз болғанда құрбысына алыстағы жігіттің ұнайтынын, Алматыда таныс болып, бірер кешті бірге откізгенин, жазда оралса, кім білсін, аралары қайта жымдасар ма еді деген жасырын сырын да біліп алған Раушан. Сейткен Раушан, Айжандай жалғызырап жүрген жақын досының көзіне шөп салады дегенге сенбейді. Екеуі бір совхозда істейді: қызмет бабымен қайда бармайды?

Әй, дегенмен өсек шұрайлы жерге сепкен тұқымдай, өспей қалмайды, Айжан жүргегін лоблытып, еріксіз тышын ала берді.

Бұл өсекті емханаға әкелген — кешкі құзетке шыққан медсестра — Нагима. Жұмысына мұқият, жинақы, өзі таза, тіл алғыш сестраны Айжан да сыйласап жақсы көретін-ді. Кейде Айжанның пәтеріне келіп, қаладағы естіген-білгенін сөз қып кететін, іштей жақын тартып, сенетін адамы да. Біреуден естіген болар, әйтпегенде ойдан шығарды дейсің, бе?

Айжан халатын тездете шешіп, пальтосын иығына жа-
мыла сап, кабинеттен асығыс шықты. Пәтері емханадан жа-
қын: мүйісті айналса көк шатырлы, томпиган ағаш үй. Со-
ның бер жағында — кішірек келген екі бөлмеде Айжан
тұрады да, екінші жақ жартысында есігі бөлек, кең бір бөл-
меше — совхоздың мал дәрігері Нұрқат — Нұрланың бө-
лесі тұрады, о да жалғыз.

Айжан екеуі көрші болғалы екі ай. Курсті бітіріп кел-
ген соң, аудандық партия комитетінің секретары Мәлік,
Раушаның ықпалымен тізерлей отырып, совхоз директоры
Ковальчуктен осы екі бөлмені алып берген.

Нұрқат дембелше, жуантық, бет-әлпеті дәрекі жасалған,
қолағаш мұрын, кең танау қазақ айтатын нағыз қошқар
тұмсық, адудын жігіт. Сөйлегенде сетік тісінен кейбір әріп-
тер «ш» «с»-ға айналып, естіліп қалады. Бірақ, бүйра шаш,
бидай өнді жігіттің өзіндік сипаты бар, сүйкімді деуге де
болады. Әмсө кешке жақын ыржыып есік тоқылдатып тұр-
ғаны: «Коллега, рұхсат етсеңіз, есебі екі-ақ ауыз сөзім
бар!» деп кірсе де, кетпей, «есебі-есебі» деп екі сағат мыл-
жыннайды. Қылжақбас ананы бір, мынаны бір сөз етіп,
жұрттан бұрын өзі құліп, әбден мезі қылады. Сөзінде — іліп
аларлық түйір жок, сылдыр сөз.

Кейде шизофреник емес пе деп сенбей де қалады Айжан.

Соңғы құндерді «келеді-ау бүгін» деген мезгілде Айжан
шамды сөндіріп, айғай салса да үн қатпайды, немесе: «Жа-
тып қалып ем!» — деп ашпайды. Ишараны түсінсе де түсін-
бейтін Нұрқат арсыздығына басып: «Бір минутке, есебі
рухсат ет, әлі ерте ғой, Айжан-ау» деп кетпей, телміріп тұ-
рып алатыны тағы бар. Осында мазасыз мінезін білдірмес-
се Айжан бойын аулаққа салар ма еді?

Пәтеріне жақындей бергенде, «Нұрқат алдыннан кез кеп
жүре ме» деген қауіппен Айжан байқастап, елегізіп, аяғын
ұшынан басып, сыйбырын білдірмейін деп-ақ еді, айтқандай
аңдып тұргандай, о құрғыр да сып етіп, үйінен шыға
келмесі бар ма!.. Түсін сұтыып, қарсы жүрді.

— Айжан-ау, қайдасың, ой-бой, сені ізден жүр! — деді
әшейіндегі қылжағына сап.— Кім дейсің ғой, бір сұлу жігіт!

— Сол сұлу жігіт, тегі, сіз боларсыз-ау! — Айжан жы-
миып тоқтамай қасынан өте берді.

— Мені сұлу деп танысаң, бола-ақ қояйын, сендей кісі
танығыш қыздан садаға кетсең болмай ма! — деп ол кес-
кестеп, қанаттай қолын жайып өткізбеді.

— Әрине, сізден артық кім бар дейсің!

— Білесің-ау, айналайын, қарындасым... Сені іздең жүргенім құдайы ақы, шын-ды. Отарда бір қойшының белі шойырылып жатып қалды. Есебі, соған, шақыра келдім,— деді көзіне көзін қадап Нұрқат.

Айжан қымсынып, кейін шегінді.

— Операцияны бүгін жасаған ауруларым бар. Көзден таса қылуға болмайды.

Тағы да бір қадам алға басты. Нұрқат артынан бір қадам ілгері аттады.

— Үлгемеріз бірер сағатта! Үй артында машина тосып тұр, Айжан!

— Сол машинаны жіберіп, қалаға неге алдырмайсыз?

— Ауру шақырса, дәрігердің бас тартуға хақысы жоқ,— деді Нұрқат қарсы дәлел айтқызыбауға тырысып, қиқарлана.

Нұрқаттың құндегі қылжағының бірі ме деп, Айжан жауап қайтармай, жүре беріп еді, ол шап етіп қолынан ұстай алды.

— Гапу ет, коллега! Міне, бас дәрігердің бүйрығы! — деді бір жапырақ, қағазды қойнынан суырып ап, қыздың көз алдына әкеп.

Айжан қайтерін білмей сасқанынан қағазға қолын созды.

«Сырқат қойшыны тезірек барып, көріп қайт!»— депті бас дәрігер. Құн бұрын ескертіп, сұрамай ма, мүмкіндігі бар ма, жоқ па?

Тұн ішінде қайда барады? Операциядан бүгін шыққан ауруларды кімге тастайды?

Үйіне кіріп, жүруге ыңғайланды. Тұлкі жағалы көк пальтосын шешіп, оңтайлы, күзгі қызыл жекетін киді де, басына орамал тартты. Ауру тыңдайтын стетоскопын іздең тауып алғанша есік алдына келіп, құла «Волга» тоқтай қалды. Іле, сатыны сықырлатып, Нұрқат та көтерілді.

— Алыс па баратын жеріңіз? — деді Айжан есігін сыртынан кілттеп жатып.— Бір сағатта қайта оралуымыз көрек.

— Жоқ осы тұрған Қарақұдық көлдің ар жақ беті. Тез қайтамыз! — деді ол домалана жүгіріп, машинаның есігін ашып.

Машина Сабындықөлді жағалап, жүнделген қара қайыс түйе тәрізді, жапанда шөгіп жатқан «Найзатас» атанған тас тауды басып, бірінші бөлімшениң орталығына қарай бұрылды.

— Мынау, жалаңаш тас тауды жел қырнап, жауын сургілеп жылтыратып тастағанын көрдің бе? Мұның басына пенде шыға алмаған. Не қол ұстайтын, не аяқ ілінетін түбір жоқ. Рас па?.. Ал, осыған бар гой, бала күнімде мен ғана шықтым. Жүрек жұтқан емеспін бе? — деді іркілмей бөсіп Нұрқат суайт. Шофер күліп жіберді.— Ей, неге құлесің? Нанбасаң сұра! Ол ерлігімді Баянауыл маңы түгел біледі.

Нұрқат бала күнінде аяғына резина башмақ киіп, беліне арқан байлап, «Найзатастың» күнбатыс жағындағы баспалдақ сияқты кертік-кертік сатысы арқылы жоғары өрмелегенін жыр қып айтып, жол қысқартты. Сөз арасында құланып күлдіріп те қойды. Және айтқанда: «Жел жылап мойнымды сүйіп, құстар қорқып зар қағып, есімді алды» деп мәнерлеп, жан бітіріп, қызықтыра отырып, бөлімшениң орталығына қалай жеткенін бұлар сезбей де қалды.

Қолдан құйған кірпіштен қалаған тоқал үйдің алдынан машина өте бергенде Нұрқат: «Стой!» деді орысшылап. Шофер тоқтар-тоқтамас Нұрқат домалана түсіп, машинаның алдыңғы есігін ашып, Айжанды қошаметпен түсіріп алды.

Қара көлеңке қораға кіре бергенде, қолына шам алып, бұлардың қарсы алдынан сақа келіншек шығып, үйге бастап алып барды.

Екі бөлмелі жиһазға толы тап-таза үй. Төргі бөлмеде — дәңгелек тапал столды жасап қойған. Үсті толған тагам. Айжан таңданып адасып кірдік пе дегендей көзімен Нұрқатты іздеп, босағадан әрі аттамады. Бір бұрышта қозғала алмай, ыңыранып жатқан ауру шалды көрем бе деп келген жас дәрігер тағамға толы оңаша үйді көріп, сескенді де.

— Бұл қойшының баласының үйі. Мынау өзіңе деген құрмет-қошаметі. Қазір екеуіміз сол шалдың үйіне барып, көріп қайтамыз. Ауруы болса, кеңес беріп, емін жасарсың... Шешін өзің,— деді икемдей, бағындыра сөйлей Нұрқат.

Қыздың жүрегі енді орнына түсіп, шешіне бастады. Осындаш шақырғанда киетін, өзі тіктіріп алған ақ халаты бар-ды соны ала келген еді, киді де қалтасына стетоскопын салып, Нұрқаттың соңынан ерді.

Машинаны іздеп еді Айжан, келеді, май қуюға кеткен болар дей салды да, Нұрқат жаяу аяңдап, ауылдың ортасына таман барды. Бұлар түскен үй ауылдың шет жағында екен. Нұрқат сөзі расқа шықты. Егде тартқан қара сақалды толық ерек, төсек тартып жатып алған, екі аяғынан баса алмайды. Айжан: қашаннан бері ауырғанын, неден болғанын сұрастырып, танысты да, етпетінен жатқызып, белін

басып, тізе буынын түрткілеп олай-бұлай шұқылап көріп, сырқатын дәл басып таба алмады, әйтсе де тізе буынды сарысу қаптаған ба деп болжады; емханаға тезірек жатқызып, емдеу керегін түсіндірді...

Бұлар алғашқы түскен үйіне оралғанда көшеде жүрген бір бейсаут адам көзге ілінбеді, ауылда ерте жатады гой, шаңқылдан ұрген иттердің даусынан басқа тірліктен ешбір хабар білінбеді. Сабындықелден соққан сұық жел дене мұздатып, Айжан көйлегінің етегін қуалай соғып, аяғына оралып, жүргізбеді.

Келіншек тамағын пісіріп, шайын бантап, тосып отыр екен, бұлар кірісімен сыйсындаپ «сіңлім» мен «қайнамды» көбейтіп, асты-үстіне түсіп, бәйек болды.

Айжанның халатына жармасып, шешіндіріп, төрт бүктеп төрге салған, шайы көрпенің үстіне өзі апарып отырғызып: «Қарындарың ашты-ау, төрежан, қол жуасың ба?»— деп леген мен құманын ала жүгірді. Айжан қолын қайта-қайта сабындал жуып, қарны ашып қалса керек, столда буышығып тұрган бәлішке, шақыру тілемей-ақ өзі ұмтылды.

Нұрқат қоңыр да жуан дауысымен жеңгесін мақтап, «Қызылтаң» атты аузы ашылған қан күрең шарапқа жармасты. «Қайсын ішесің?»— деп ол қыздан сұрамады да, столда бір ақ, бір қызыл, екі бөтелке тұрган-ды, соның ағын өзіне құйып, келіншек пен Айжанға қызылын құйып, әрқайсының алдына өз қолымен таратты.

— Айжан, бүгін бір сәті түскен сапар болды. Мен өзім рымшил қазақпын. Мана қаладан шыға бере, есінде ме, екі шелек суды лықылдата бір әйелдің кез болғаны,— деп Нұрқат бір басып өтіп, сөзін әрі жалғады.— Мына отырған мениң немере жеңгем. Ауырып жатқан немере ағам. Сол үйге келін екеуміз көрші қонғалы қонақ ете алмай, опық жеп жүр едім...»— деп Нұрқат рюмканы көтеріп тұрып жарты сағат бойы сөйледі. Езбелеп, біресе жеңгесін, біресе өзін мақтап, тамақты сұтып, Айжанға сілекей жұтқызып, сөзін зорға аяқтады, онда да жеңгесі көзін қысқан соң, есі кіріп арағын жұтты. Жеңгесі де қайнына сай, сөзуар қу екен бұ да қайнысын көзінше мақтап: «Шіркін, біздің төрежанға пара-пар жігіт бар ма, саған тиген қыздың арманы жоқ қой... Жаман ойындағысын айтады деп, сіңлім, сөкпе, жүргегімді білдірем. Мениң төрежаным өзі шешен, өзі сұлу, өзі ғалым. Дүние де-гениң Жосалыда, шешемнің үйінде лықылдан толып тұр. Жақында машина сатып алмақ. Әттең, шіркін, өзің сияқты бір жар табылса, төбемізге жүргізер едік!»— деп шұбырта

сөйлеп, көпке дейін сөзін қонақтата алмай, қайталап, бұ да әуре болды.

Айжан бір-екі рюмка ішкен соң денесі балбырап, басы айналып, келіншек сөзін зерде салып тыңдай алмады, ойы әртарапқа жүгіріп, біресе өзінің қалғанына ренжіп, біресе өзін ақтап дәлел іздеді:

— Бұрын да қонақта болған-ды, ептең шарап ішкен-ді, дәл мұндай басы айналып, буыны босап, әлсірегенді басынан кешкен емес-ті, әлде аш қарынға ішкендіктен бе екен?

Келіншек қоярда-қоймай, жалынып-жалпиып, үшінші рюмканы іштіргенде не бір арам ой жыландај жылжып кеп, тамағынан булықтыра қысты.

Ақ арақ қосқаны-ау, бұл залымның? Осы бір нажағайдай жарқ етіп, іле сөне қалғанын біледі, одан әрі есінен адасты. Басын кенет көтеріп ап, есікке қарай үмтүлмақшы да болды, бірақ әлі құрып, аяғы өзіне бағынбады. Біреудің: «Леген-леген әкел!»— деген сөзі, өзінің құсқаны еміс-еміс есінде... Одан әрі терең шыңырауға құлап бара жатқанын аңгарды... Қанша жатқаны белгісіз, бір шамада есін жиса, үйдің іші тас қараңғы, біреудің сұық қолы кеудесін аймалап, киімін шешіндіріп, әурелеп жатыр. Ыза кернеген Айжан денесі дірілдеп, шиыршиқ ата серпіліп, аяғын бүрістіріп бауырына қайта жиып ап, шап беріп бейбастақтың қолынан ұстай алды:— Тарт қолыңды! — деп, Айжан шыңыра дауыстады.

— Айжашка, мен ғой, мен Нұрқатыңмын!

Нұрқаттың шектен шыққан арсыздығына ыза болған Айжан булығып, атып тұрды.

— Жақ шамды!

Нұрқат тізерлекен қалпы қыз белінен қапсыра құшақтап алған, босатпайды, ентіге жалынады.

— Айжашка, мен сені сүйемін... Сені алам!.. Үйленем!..

Айжан кеудеден жиіркене итермелеп, бұлқынып, құшағынан босауға асықты.

— Мен сені сүймеймін. Жек көрем! Нең бар менде?.. Босат!

Айжанды қабыргамен екі ортаға қысып, бұлжытпай тастаған Нұрқат көйлегі жыртылып, ашылып қалған қыз кеудесіне басын көміп жіберіп, өлермен жігіт төсін сүйеді. Жібермесін сезген Айжан осы мезетте көзі де қараңғылыққа үйренген болуы керек, екі жақтан шапалақтап ұра бастады.

— Малғұн!.. Ісім енді сенімен түссін. Мәліктің алдында бетінді шиедей қылмасам ба!

«Мәлік» деген сөздің әсерінен бе, немесе қыз шапалағы етті ме, Нұрқат шыдай алмай, босатып қоя берді. Шам жақты, Айжан апыл-құпым киініп, есікке қарай үмтывылды. Есін жинаған Нұрқат та төрден есікке бір-ақ аттап, аштырмай, тұрып алды.

— Айжашка, таңтертең машина келеді. Тұнде қайда барасың! — Даусы дірілдеп, қолын ербелеңдетіп, мелшие қарайды. Арсыз сөздің, бейбастақ қимылдың бірі жоқ, тезден өткен, жұмсаған, зәресі үшқан басқа бір Нұрқат тұрды қыз алдында.

— Жоқ, босат!.. Сенің қасында бір минут қала алмаймын! Білдім, неге мені шақырғаныңды!

Айжанның итеріп тастауға шамасы жетпеді, бұл босатпады, екеуі арбасып, есік алдында біраз тұрғаннан соң қыз жалма-жан терезеге жүгіріп барып, теуіп-теуіп жіберді, ілдебай тоспаға ілініп тұрған терезе рамасы салдыр-құлдір етіп шыны-мынысымен жерге құлап түсті. Айжан секіріп, тысқа шықты.

Жүгіре басып, қара жолмен зырлап келеді. Соңынан дедектеп Нұрқат барады.

Ақбеттің биік өркешінің үстінде қылаң берген таң белгісі алтын жалатқандай сарғыш сызық түсірген. Жұлдыздар сөнген, аспан ашық, Сабындықөлден ызыңдалап беймаза желғана соғады.

Айжанның соңынан шәуеленіп үріп, қайдан жұрсіз мезгілсіз дегендей, бір топ ит біраз тақымдан барып, Нұрқаттан қорқып ол қалды.

— Айжан, қайт кейін. Қасқыр жейді! — дейді баяу, тұншықсан үнмен Нұрқат.

Ашу буған Айжан аяғын қаншама тездете басқанымен жүрісі өнбейді, биік өкшелі туфли айқы-шойқы жол соқпасына кіріп-кіріп кетеді...

* * *

Ертеңінде арып-шаршап, жаяу-жалпылап Раушан қалаға жеткен де, соңынан ере кірген өсек те көше-көшедегі таңыс үйлерді өзінен бұрын аралап шықкан-ды.

Мәлік Раушаның бір тұн жоғалғанына мән бере қоймады, қызмет бабымен өзі де жүреді, сыртта тұнеп, дәлелсіз қызғанғанда не түседі, босқа?

Дегенмен секретарьдың жұбайы сөзге ілінбей, бойын барап, «шылықтан» жоғары тұрғаны қандай жақсы. Кейде жүрт «түймедейді түйедей ғып», ұлғайтып әкететіні бар, ер-

ні қайқы келіншектердің бірі өсек таратып жүрсе, кім біледі...

«Жас қатын көнді толмай, жас агрономмен далада қонған» деген қауесет Мәлік жүргіне уытын жайып, қасындағы жас жарына ықтиярсыз сенімсіздік тудыра бастады.

Қаншама өзін-өзі тежеп, сабырмен ұстап ақылға жеңдіргенмен, Раушан қабағының құбылысын көргенде, сол бір жұмбақ түн бұлдыр елестесе де, мазасын алатынды шығарды.

Сол қауесетті кімнен естігені де есінде жоқ, әйтеуір аудандық партия комитетінде не машинистка, не хатшы бол істейтіп әйелдердің бірінің жаны ашығаны рас. Сондай сөзді құрғырлар айтпай-ақ қойса да болмаушы ма еді. Мәліктің жүргіне жара сап, тыныштығын бұзғанда не түседі екен?

Раушан көзіне шөп салады, басқаны сүйеді дегенге Мәлік нанбайды да, бірақ сол қауесет тамыр-тамырын үдай қуалай улап, еріксіз еңсесін түсіреді.

Раушанның өзінен сұрамақ бол оқталып барып, тоқтай қалды. Ондай түнді басынан кешетін болса, ол мойынданай ма? Араларына от тастап, бұлінгеннен басқа түсер пайда шамалы. Неде болса, бақылап, шыдап көреді де.

Осы тұжырыммен Мәлік Раушанға ләм-мим деп бұл жайлы бір ауыз тіл қатпады, жас келіншектің әрбір қабақ қымылын, жүріс-тұрысын аңдып, лебіз үнін бақылап, қарашыл қойып-ақ еді, ешбір өзгерісті аңғармады.

Раушанның баяғы ашық та ақжарқын мінезі тіл ұшына оралған сөзді кідіртпей айта салу, көнді түссе, Мәліктің мойнына асылып, жұмсақ ернімен оның құлағын жұлқылап, қытықтауы, әлдене көндіне жақпай қалса, бала тәрізді бұртиып, үн қатпай қоюы — бәрі де бұрынғыша. Егерде жүрек басқаша соқса, әйел қылышы өзгермей ме екен?

Қайта-қайта маңдайына қонып мазасын алған шыбындаі, осы бір ойды Мәлік жолатпауга тырысады. Ішкі толқынның әуеніне еретін мезгіл емес, қазір — аудан алдында зор саяси міндет тұр: көктемгі егісті ойдағыдай қысқа мерзімде бітіру. Жоспарды жылдағыдан да артығымен орындау. Мәліктің зердесі осыған аумаса, ертең күні қараң.

Кеше облыстық өндіріс басқармасының бастығы Якупов Ислам телефонға шақырып ап, бір сағат сілкілеген жоқ па! «Баянауылда егіс әлі бастамаган совхоздар бар,— деп бастық соғыс кезіндегі тілмен қатал сөйлесті. Өлкеден, орталықтан түскен жоспарды орында масаң партбилетіңмен

жауап бересің, Асанов!.. Тынды игеру, бос жатқан жерді төзірек жыртып, Отанға астықты көбірек тапсыру деген сөзді ауылдағы әр коммунистің санасына сіңдіру керек, жолдас!» деп, саяси мән бере, салмақ арта, қatal үнмен бұйыра айтқан-ды.

Якуповпен істес болғанына Мәліктің, міне, бір жыл, қашан да болса бұл кісінің тіл лұғатынан, ой өрісінен бірыңғай саяси сөз, күнделікті науқанның жай-жапсары ғана орын тебеді. Не әзіл, не құлкі — бірі маңайламай қашып жүреді. Тегеурінді, бетті адам. Мұсіні қандай төртбақ, жуантық, келдектей кесек, үршықтай иірілген жылдам болса, сөзі де сондай кесек, тез, өршіл. Сөйлегенде бас-көз демей төпелеп, ұра береді, орыс тілінің не заңына, не жүйесіне қарамайды, белінен басып, қиратып өндіршекке салады.

Осы мінезіне қарай кейбір облыс қызметкелері атын «тоқпақ» қойған.

Шынында Исламның орта дәрежелі білімі ғана бар — Талғардың ауыл шаруашылық мектебінің су бөлімін бітірген-ді, техник еді. Әуелгі кезде өзінің туған колхозында «Аватта» істеп жүрді де, жиналыстарда көбірек сөйлеп, кезге түсіп, жоғарылай берді.

Облыс көлемінде су мәселесін басқарып жүргенде Су шаруашылығы министріне орынбасар болып барды. Осы кезде бұл оңбай бір сүрінді.

Алматының қақ ортасындағы Виноградов көшесінен екі қабат жеке меншікті үй салды. Құйғен қызыл кірпіштен қаланған әдемі үйдің терезе жақтауы, есігі емен ағаштан ойылып әшейкеленіп ертеғінің сарайынан кем түспейтін бір үй салынып еді, «іші күйіп күндеғен» қулардың бірі сарт еткізіп, «Крокодилға» шығарып жіберіп, үй түгіл бас қайғы, Ислам Оңтүстік Қазақстан барып бір-ақ тоқтады.

Еті тірі, тегеурінді, іс жүйесін білетін Ислам біраз жылдан кейін қайта көтерілді. Осыдан бір жыл бұрын, бір үлкен адамның көзіне түсіп, егінді облыстың бірі — Павлодара келген-ді.

Алматыда, мәжілісте кездескенде Оңтүстіктің жігіттері қылышы-қылыш мінездеме берген-ді. Бірі: «Тынымсыз адам, өзіне де, жұртқа да дамыл бермейді, беймаза... Қызмет үшін жанын салады. Бірақ қолынан іс келетіні анық. Тағы бір кереметі — айтқанын істемей қоймайды!»— десе, екіншісі: «Ой-бу, одан аяушылық күтле. Біреудің соңына түсіп алса, құртпай және тынбайды. Қытымыр, қатты адам!»— деп жақтырмай без-без еткен.

Мәліктің өзінің байқауынша: Исламның өсу жолы тұра атылған ракета емес, өзек-сайлы, адыр-қыратты Арқаның көш жолына ұқсас. Кейбіреулер сияқты қатардағы қызметкер бол жүріп, «дағдырың» жазуымен бір-ақ қүнде партияға өтіп, министрдің орынбасары және болған жоқ. (Солардың несімен жаққанына таң қаласың?)

Исламның өсу жолы заңды да түсінікті. Кейде ісімен, кейде мінезімен ұнап, түймедейді түйедей ғып, көрсете біліп, айла-тәсілге жеңгізіп, мұратына жеткен.

Сөз саптауы, жұмыс стилі — әкімшілікті ұнататын тәрізді. «Мен айттым — бітті!» деп қарап отырады, қасындағы серіктеріне бұрылып, ақылдасуды жаны қоштай бермейтіні бел-белгілі.

Бір беткей адамның пайдасы мен зияны бірдей ме деп ұгады Мәлік.

Якупов келгелі облыс көлемінде тәртіп түзеліп, ауа жаһылған, жұмысқа немқұрайды қарайтын керенау, селқостар азая бастады. Әсіресе, өндіріс орындары — завод, фабрикаларда, секретарьдың тегеурінінен бе, кім білсін, ес ырғағы түзелген сағаттай қалқысыз істейтін болды.

Якуповтың жаңа келген беті. Обкомның бір пленумында Мәлікпен шартпа-шұрт кеп айқаса түсті.

Ол келе жергілікті кадрге бүйідей тиіп: «Бұлардың қолынан жөнді іс келмейді, әбден бойы үйреніп алған, «ауыстыру керек» деген теориямен ұзақ жылдар еңбек сіңіріп жүрген облыстың экономикасын, жай-жапсарын бес саусақтай билетін біраз коммунистерді қызметтен босатып жіберіп, олардың орнына соңынан ертіп келген өзінің достарын, жақындарын қойып-қойып алған-ды. Олар жергілікті жердің шаруашылығына таныс емес, Якуповтың сөзін екі қылмайын деп, шаш ал десе, бас алғып, сүрініп, құлап, чемоданын көтеріп кейін қашқан.

Солардың ішінен бір-екеуі Баянауыл ауданына совхоз директоры етіп тағайындалған еді, артынан біреуі қызметтің атқара алмай, ақыры, жалынып-жалпайып сұранып кетіп қалған. Соны Якупов «Неге қоя бересің?» деп бас сап, пленумда Мәлікті қаршығаша бүрмесі бар ма!

«Сөйлемеймін» деп жайбарақат тыңдалған жауап берді. Сөзінде: ол директорды Якуповтың өзі ертіп алғып қелгенін, құсбегіндей өзі тәрбиелеп, өзі ұшырған бүркіт балапан екенін, оның аңға түсе алмай, тасқа түсіп, қанатын қайырып алғанына алдымен Якупов

өзі жауап беретіндігін сыпайылап айтып, бір жағын өзіне тіреп қойған.

Осы пленумда Мәлікті көтеріп обкомга алмақ еді, обкомның бюро мүшесі Якуповтың сөзіне құлақ қойып, «сыналып қалды» деген дәлелмен тоқтата тұрган. Содан бері о кісі Мәлікті жақтырмайтын тәрізді. Телефонмен айтқан бүгінгі сөзінде де ызғар бар...

Құндергідей Мәлік ас артынан бірер сағат тынығып бүгін жата алмады, Раушан ас үйде ыдыс-аяғын жинап жатқанда, бұл түрегеп, телефонға «Баянауыл» совхозының директоры Ковальчукті шақырды.

— Ковальчук?.. Осы сендер егіске қашан шығасындар? — деді өзінің кім екенін атамай. Ар жағынан даусын таныған директор «Бұл кім?» — деп сұраған да жоқ, әдеттегі жайбарақат қалпымен сөзі аузына түспей ыңырана сөйлемп, ыңылдан: «Әнеугі жіберген бас агроном егіс жерлерін аралап шығып, жақадан жоспар жасап жатса керек», — деп соған аудара салды.

Ковальчук те тың игеруге келген көп директордың бірі, бұрынғы мұғалім, агрономдық білімі шамалы, сабырлы да сақ, білмеген ісіне араласпай қалтарыста қала тұрғысы келді, кейбіреудей білмесе де өндіршектеп, таласа бермейді. Білмеймін деп айтуға да үзлімайды. Мәлік оның мінезінің осы бір қырын адалдық деп үгады.

«Үстінен тас құласа да қозғалмайтын Ковальчук» деген Мәліктің мінездемесі бұл өңірге теп-тегіс жайылған, оған директордың өзінің де құлағы қанық.

— Ковальчук,— деді тағы да Мәлік.— Ертең сағат тоғызда жоспарыңды әкеп менің қолыма табыс ет, қай бөлімшен, қашан шығады, қашан бітіреді. Түсіндің бе?.. Осыдан бір ай бұрын жасаган жоспар бойынша, сен жерді жыртып жатуың керек.

— Дәл егіс кезінде агрономды ауыстырса әрқашан да осылай болмақ, жолдас секретарь! — Сөзді Ковальчук секретарьдың өзіне тигізді:

— Ертең сізге жеткізу үшін бас агрономды өзім тауып алуым керек!

— Агрономың қайда?

— Жүр ғой осында асық ойнап,— деді ол бір жағы әзіл аралас. Мәлік бұл сөздің кімге айтылып, нени ишаралап отырғанын түсінді. Эрине, «баланы әкеп бас агроном ғып қойған өзің, енді өзің жауап бер!» дегені бұл.

— Асығын тартып ап, желкеден бір түймейсің бе? —

Мәлік те оның дауыс ырғағына салып, іштей шоли жауап қайтарды.

— Менен гөрі сіздің түйгеніңіз келісті ме деймін.

— Мұның қазақша «Өзің өсірген текешігің өз басыңа сөкірмесін» дегенің ғой, ә, қу? — десе де, қатар жарықсан іштегі ой: «Әлде бұ да Раушан екеуінің арасын тұспалдағ отыр ма?..» — деп Мәлік көңліне түйткіл алды. Әйтпесе: «Тәртіпке салатын сенің жолың», — деп іс-міс жоқ неге айтады ол?

Телефон құлағын тастай беріп, Раушанды шақырды.

Бас агрономның не істеп жүргенін білгісі келді.

— Раушан!.. Раушан?

Раушанда үн жоқ. Қайда кете қалды? Бұрын қас пен көздің арасында жоқ бол кетпеуші еді Раушан.

Мәлік жүргегі қобалжып, зайдыбына деген сенімі зымырап бара жатқан машинаның артқы қызыл отындай біртін-деп жоғала бастағандай ма, қалай. Мәлік өз ойынан өзі шошынып, қайтадан телефонның құлағына жармасты. Совхоздың коммутаторы әрқылы Раушаның телефонын қостырды.

— Раушан? Сенбісің?

Мәлік сенбеген кісідей өзінің «сенбісің» деген сұрағына ұялып қынжылса, бір жағы Раушаның қызмет орынан табылғанына қуанды. Раушан сезді ме, кім білсін...

— Мен керекпін бе, Мәке? — деді даусы бұрынғыдан да жіңішке де майда.

— Әлгі жаңа болған бас агрономды көрдің бе?

— Көрдім. Міне қасымда отыр.

Агроном қасында отыр деп ойлаған ба Мәлік, қызғанып, аңдып жүрген адамдай тап болуын қарашы! Қандай ауыр күндер басына туса да, Раушан Мәлік қызғанышын сезбеуі де, білдірмеуі де керек. Қызғаныш әрқашанда, сенімсіздік тудырады. Сенім болмаған жерде махабbat құнсыз, тұл, жетім.

Осы бір күдігін сезіп қалмасын дегендей, Мәлік шабытты үнде:

— Телефонды берші, Раушан! — деді. Нұрлан да бей-күнә ары таза адамдай қысылмай, ұлық деп тартынбай, өзін кең ұстап, жайдары амандақсанына Мәлік мән беріп, сенімсіз қаупін кейін шегере бастады.

— Егіске қашан шығасың, жігітім?

— Екі күннен соң.

— Оған дейін не бітіресің?..

— Егіс жерін аралап шығып, график жасап жатырмын; қай жерге қандай тұқым, қашан егіп, қашан бітіретіні жайлы.

— Кеш қалмайсың ба? Үақытында бітіре аласың ба?

— Тырысып бағамыз гой.

— «Тырысып» деген сөзің ұнамайды маган. Сен тырыспай, белгілі бір ырғақпен байыпты істемейсің бе?

— Сол «ырғақты» тауып алу қынға соғып жатқаны... Бұрын әркімнің суық қолы бір тиген іс...

— Жаны ашыр деп, әдейі жібердік сені. Ойлан, жігітім!..— деді, сонымен сөз бітті.

* * *

Осы кеш Раушан тұн ортасына дейін қайтпады. «Не істеп отырсың? Қайтпайсың ба?»— деп, Мәліктің телефон соғуына болушы еді, бірақ, ондай сенімсіздік қылық білдірмей, көрші үйдегі Раушан жеңгесінің қайнатып берген шағын ішіп, кеңсеге барып, обкомнан, жоғарыдан түскен түрлі қатынас қағаздармен танысып, үйіне қайтып оралды да, үй-үқтап қалды.

Бір оянса, қасындағы Раушан төсегі бос, әлі қайтпаған. Тұмбочканың үстіндегі саңырауқұлақ тәріздес қызыл лампаны жағып, жастығының астынан сағатын алыш қараса, тұнгі бір екен.

Бұл кезде Раушан мен Нұрлан айтыса-айтыса әбден қалжырап, жалағып, біріне-бірі қарсы қарап, үнсіз арбасып отырған-ды. Раушан көк жапырақты матамен тысталған диванда екі қолына сүйеніп, жігітке тесіле қарап қалған да, Нұрлан орындыққа аттай мініп алған, Раушаның басын ала жоғарғы қабырға түскен қалпақ-лампаның дірілдеген жарығынан көзін алмайды.

Стол үстіндегі сала құлаш ақ қағаздың қалың беті шимай-шимай сыйзылып та, өшіріліп те мұлдем біткен, бір ақ жері қалмаған, жыртылатын жердің көлемі бригаданың, тракторлардың саны, себілетін тұқымның аты — бәрі қиғаш-қиғаш тізбектеле жазылған, бірі өшіріліп, бірі баттия қағазға қайта түскен.

— Мен бұған көнбеймін, Нұрлаш! Мұның тың игеруге қарсы шығу! — дейді Раушан қолындағы жуан қызыл қарындашты стол үстіне лақтырып тастап.

Нұрлан масаттана күліп, домалап бара жатқан қарын-

дашты әрі жібермей, аяғымен баса қойды. Құлкісі Раушанға ажуа сияқты естіле ме, келіншек бұрынғыдан да бетер елеурей, ашы сөздермен бет қайрады.

— Құрбандыққа шалынып кетіп жүрме, күрескерім. Абайла!

Нұрлан кенет өзгеріп, құлкісін түмшалап, сабырлы пішінде:

— Раушан, сен маган көмектесуің керек! Жастай бірге өскен дос емеспіз бе! — Ол жалына қарайды.

Оған көнер Раушан жоқ.

— Мәлік сенің бұл жоспарыңды қабылдамайды, қабылдаса — таяқ оған да тиеді. Жынды дейсің бе, біреу үшін арқасын тосып?

Раушанның қасына келіп, оның сүйрік те жұмсақ саусақтарын Нұрлан алақанына сап, сипап, жалына, телміре қарап, жылы сөз күткендей.

— Пәле, жоспарды орындаң бидайды ектім, ертең шықпаса, кім оған жауап береді, соны айтшы?

— Екпесең, қалайда сені жазалайды. Егін шықпаса, жазаламайды. Осыған түсінесің бе, Нұрлаш?

— Пәле, мен егін шықпай қалса, сол еккен кісіні жазалар едім.

— Ақылдысын мұның!.. Колмен жаудырар ма едің жауынды?

— Егіннің шықпауын жауынға аудара салу, жазадан құтылудың оңай жолы, достым.

Раушан қолы қандай ыстық! Нұрланнның денесіне әлектр қуаты тарапғандай қысыла қызып, жүргегі лүпілдеп, келіншек қолын тастай беріп, орнынан атып тұрды. Раушанның қара көзі жасаурап, әлдебір мұң шаққандай, жаныңды қинаиды. Жоқ, жоқ!.. Нұрланмен ерегіспі, өз бағытын жақтап, ашу шақырып отырған кейпі де, бала күнінде де осындай ерекшескегі.

Раушан да орнынан тұрып, жүріп кетіп, түрегелген Нұрлан қасына жақын кеп, тақалып, шошайған қеудесімен тіреді.

— Сен өзің-өзің ор қазып, құлайын деп жүрген пақыр екенсің. Байқа, мойныңды үзіп алма!

Нұрлан Раушан дауысынан, бұрын естіп көрмеген қаталдық тапқандай, кім біледі шын жаны аши ма, әлде қорқытып өз айтқанына көндірмек пе...

— Неге олай дейсің? — Нұрлан кейін шегінді.

— Тың игеру деген партияның ұранын үғасың ба?
Миыңда бара ма, сенің?

Пәле!.. Үққанда қандай.

— Элі ұқпаған көрінесің пақырым. Совхозда егіс көлемін бүгінде азайту — қарсы шығу деген сөз!

— Ертең еккен жерге шықпаса далаға кеткен еңбек, бұлғын жерге кім кінәлі?

— Оған сен жауап бермейсің!..

Нұрлан таласты әрі созуды қажетсіз тауып, қағазын асығыс жинастырып, портфеліне сұға салды да: «Кеттік!»— деді.

* * *

Бұл күні Нұрлан үйқы көрмеді, шерте тартқан қобызындаң қылышында күмбірлеп, тиіп кетсе дыңғырлап тұрган нерві ұзақ уақыттының таба алмай, әуре қылды.

Көз алдында, біресе наздана күліп, ыстық десмімен бетін қүйдірген, тартымды Раушан, біресе, ататын мысықтай, көзі жылтырап, жиырыла түскен қатал Раушан. Бірде көлемежедеп, бірде баурына тартып, жанын қинай берді, қинай берді.

Нұрлан Раушанға түсінбеді, Раушан оған түсінбеді. Өз ойын, өз пікірін ұғындыра алмады Нұрлан. Ертең басқалар да осы Раушан сыйылды ұғынбасына кім кепіл?

Ойынды біреуге ұғындыру үшін алдымен өзің ұғындып ал! Нұрлан, сен оңашада жекпе-жек келіп, сол ойдаң астарына зер салдың ба? Адам туда екі жүзді. Бір жүзі — ашық, айқын, сый-сипат сақтайтын, сөзінде тұрып, тіл та-бысатын әдепті жүзі де, күбірлеп, күңкілдеп, сыйырлап, қалтарыста жасырын қүнелтетін екінші жүзі тағы бар гой. Осы екеуінің талқысына салдың ба оңашада? Тыңда-дың ба?

Кәне тыңдалап көрейікші, не дер екен?

«Аяз би, әлінді біл — совхоздың егіс көлемін кемітудің ақыры неге соғатынын білесің бе?»

«Қорқытпа, шырақ. Мен Ленин партиясы тәрбиелеген комсомолмын. Мениң бар арманым, қасық қаным қалғанша халқыма қызмет ету, керек болса, жастығымды құрбан етуге дайынмын. Есіңде ме үшінші класта оқып жүргендеге Абай атамың: «Атаңның ұлы болма, адамның ұлы бол!»— деген сөзімен әліпбидің бірінші бетін ашқаным?»

«Осындай даурықпа сөзге үйірлігің бар...»

— Бауырым, бұл даурықпа, әсіре қызыл сөз емес, менің

қаныма сіңген, анамның сүтімен бірге емген көрегім. Уақыт өткізіп, жалақы алғанға мәз бола алмаймын».

«Пай-пай! Тыңдал тұрған сырт адам, сені: «Ұрыншақ, арзанқол атаққа ие болғысы келген белсенді» деп те ұфуы мүмкін-ау... Мениң өзім түсінбей барамын».

«Жұрт не дейді деп жалтақтасаң күн көре алмайсың, бейшара. Әділіне көш! Шындық жеңеді».

«Қайдам. Шындық дегеннің түрі жексүрүн ба дейім. Жұрттың зәресі ұшады соны естігендे?»

«Тыңдаіссың ба, сол шындықты айттайын?»

«Сыпайылап айт, айтқан соң».

«Айтсам совхоз жері егін еgetін жер емес, мал өсіруге бейім, әсіресе, қой бағатын жер. Соңғы сегіз жылда тыңтың деп айғыздап жыртып-жыртып, не астық ала алмай, не малға жайылым қалдырмай, бүкіл аудан аймағындағы жер қыртысын эрозия басқан, ауырған, тозған. Әнеугі, мейманханадағы қарт агроном Құрмаш Ахметовтың сөзі есінде ме? Сол сөз жүректен шыққан зар, қысылғаннан салған айғай!.. Ертең Баянауыл ауданын құм басып кетсе, тіршіліктен айрылғаның! Ата-бабамыз қоныс еткен жерді шаң-то заң басып, жарқыраған мынау айдын көл, жасыл орман, көгерген асқар тау — жоғалып кетсе қайтесің, достарым?»

«Алдын ала байбалам салма! Жоғарғы жақта жоспарды бергенде, бірдеме ойлап берген шығар».

«Білмейді. Әңгіме тетігі осы білмеуде. Әр ауданың жер өзгешелігіне мән бермей, «Тың игеру» деген ұранмен айғыздап жыртып жатқан жоқ па?»

«Ал сонда не істемексің?»

«Кеше совхоз егістігін өз көзіммен көріп, аралап шықтым. Биыл егуге келмейтін жер көп. Соларға тыныс беріп, тыңдайту керек деп білем».

«Оған, Раушан айтқандай, кім көнеді?»

«Раушан күйеуінің абыройын қорғап отыр. Әйтпесе, аудандық партия комитетінің секретары дабыл қағып, комиссия шақыртып, қайта қараттырса, кім қолынан алады.

«О да тұсаулы ат емес пе? Орнынан алып тастасын дегенің бе?»

«Алса, тарихтан сабак берер мектепте. Аштан өлмес...»

«Көштен қалу оңай емес қой. шырағым».

Өзімен-өзі егесіп, тартысып жатып Нұрлан таң ата үйінде кеткен еді, әкесі тұртқілеп, зорға оятты.

— Директор шақырып жатыр! — деді әкесі баласының боп-боз өңіне іші ашып, елжіреп.

Нұрлан аулаға шығып, шарбаққа қағып қойған қолжұғыштың астына басын төсеп, мойын, кеудесін жуып, сергіп, стол басына оралды.

Шешесінің айналып-толғанған тәтті сөздері мен күрең шайына бірдей тойып совхоз кеңсесіне барса директор қасында Нұрқат екеуі тосып отыр екен.

Нұрқат келген күні қарсы алғып еді, содан Нұрланның көріп отырғаны осы. Нұрқат пен Нұрлан он жылдық мектепте бірге оқып, қатар бітірген-ді, әкесі соғыста өліп, шешесіне еркелеп өскен жалғыз бала нашарлау бітіреді де, институтқа әкзам ұстай алмай, құлап қап Павлодардың зооветтехникуміне түсіп, соны бітірді де, тоғайда, Маралды жағында екі жыл істеп, өзінің туған совхозына қайта ауысқан-ды. Қазір мал дәрігерлік институтінде сырттан оқиды. Кіріп келген Нұрланды арсалактай қуана құшақтап, өзінің орнын ұсынды.

Орнынан жуырманда қозғала қоймайтын Ковалъчук те қаһарына мініп, ашу шақырғаның қай жағы, тұтігіп, ері салпиып, сәл кідірді де:

— Асық ойнаймыз ба, жоқ, бас агрономның жалақысын алғып, жұмыс істейміз бе? — деді салғанинан дәкір сөйлеп.

— Бұл не дегеніңіз? — Нұрлан түсінбей қипақтап, директордың ашу басқан жүзінен себебін тапқысы келеді.

— Аупарткомге барып есеп бер, не бітірдің әнеугіден бері?

— Егіс жерін араладым.

— Тапқаның не?

— Алтын емес, мина. Жердің бәріне мина тығып кеткен. Минадан да жаман әрозия басқан.

— Сонда сеніңше егін егуге келмей ме?

— Келмейді.

— Есің дұрыс па сенің!

— Дұрыс.

Ковалъчук иғының қиқаңдатып, мынау не дейді дегендей Нұрқатқа қарады.

— Ескі жер тозсын делік. Ал, даладан жаңадан жыртатын жер таба алмағаның ба?

— Тастан, сортаң жерлерге дәнді дақылдарды шығарып көріңіз, мен сізге алтыннан ескерткіш қояйын... Егін егу түгіл, қой бағатын жер қалмаған. Нұрқат, қой жаһылымдарын аралаган боларсың, сондай жерде семіре ме қой?

— Семіруді айтады ғой, қалай аштан қырылмай жүр десейші! — деді Нұрқат қарқылдап құліп.

— Сен екеуіңің, сондағы айтпақтарың не?

— Міне,— Нұрлан портфелін асыға ашып, түндегі Раушан екеуі жасаған жаңа жоспарды бүркіратып алдына жайды.— Бірінші бөлімшешің Айғыржал, Айман бұлағы манындағы егістік жерлер тозған, бұдан былай егуге болмайды...

Ковальчук жоспарды итеріп тастап, алақанымен столдың жиегін сарт еткізе ұстап саусағы ағарғанша қоса берді.

— Өзім билеп, өзім төстеймін дегенді қой. Ондай бала-лықтан біржола без!

Директордың бұрын мұндай дәкір мінезін байқамаған жүрттың айтуымен момын жуас адам деп топшылаған Нұрлан таңданып: «Қалжыңдап отыр ма?»— дегендей са-бырлы қалпын бұзбай жалтақ-жалтақ қарады.

— Апышмай, сіз... Қатты айттыңыз-ау. Бұл балалық емес, үлкендік, ақылдың жемісі...

— Мұндай ақылды қалтаңа салып қой, достым... Ертең-нен бастап, бригадалар бұрынғы жоспар бойынша белгілен-ген жерді жыртуға кіріссін. Мұны бүйрек деп біл! — деді Ковальчук сөзді келте тұжырып.

Нұрлан сөзге көнбейтінін сезді де, өз пікірін қорғайтын кезек туды деп ұқты.

— Мен бұл сөвхозда бас агроном бол тұрсам ол жерлер жыртылмайды!

— Не дейсін?

— Мені орнымнан алып, содан кейін жыртарсыз ол жерлерді.

— Тың игеруге қарсы шыққың келеді-ау, балақай! Сонда кім болғың келгені?

— Тек қана адал, таза коммунист болғым келеді.

— Дау-жанжалды тоқтатыңдар. Егер келісе алмасаңдар, аупартком бар, соның алдына жүгініңдер! — деді мана-дан бері үңсіз тыңдап отырған Нұрқат.

Ковальчук бұл ара сөзге жабыса кетті де, телефон құла-ғын көтеріп, Асановты телефонға шақырды.

— Ертесімен жоспарды алып бармақшы едім, соған ба-ра алатын емеспін,— деді Нұрланға түсініксіз бір шахмат жүріске сап. Асанов ар жағынан «неге?» деген болу керек, бұл себебін шұбыртып айта бастады.— Жас агрономмен ке-лісе, алмай, жанжалдасып қалдым. Бұл жігіт аудандық, об-лыстық партия үйімдары бекіткен жоспарға қарсы...— Не

дайсіз?.. Қазір.— Телефон құлағын тастай берді де, Нұрланға бұрылып:— Екеуімізді де шақырады,— деп кесек ірі денесін жеңіл көтеріп, орнынан жылдамырақ тұрды.

— Мен жүре берейін, Нұрлан. Кешкे жолығармыз! — деп Нұрқат та бірге шықты.

* * *

Бірақ, Мәлік оларды сол күні қабылдай алмады, Баянауыл ауданындағы кейбір совхоздар егіске әлі кірісе алмай, кешенде деп жатқан көрінеді деген сұық хабарды естіп, жетіп келген облыстық өндіріс басқармасының бастығы Якупов бұлардың алдын кесті.

Мәліктің алдында отыратын талдырмаш қара қызы:

— Мәкеңнің қолы бүгін босамайды, жүре беріңдер! — деді.

Нұрлан директордан бөлініп, өндіріс басқармасының бас агрономы Модест Петрович Сорокинді іздең, кеңсесінен тауып алды.

Сорокин — Баянауылда туып-өсken, әкесі бір кездे — атақты сағатшы атанған, ел ішіне техника, білім таратқан ісмердің баласы, жергілікті елдің тұрмыс-қүйін, арман-тілегін жақсы түсініп, қамқор да болып жүретін, сыйлы кісі де. Ең алғашқы Нұрланға ой салған да осы сыйлас көршісі Сорокин-ды.

«Баянауыл — қазақ жерінің жұмағы, қадірлеп, бағалай біл!.. Жер де адам сияқты күтімді қажет етеді. Жердің дәрігері — агроном. Агроном бол!» — деп он жылдықты бітіргенде ауылшаруашылық институтіне түсуге ақыл қосқан еді.

Модест Петрович өні кеткен көкшілдеу көзін шүйіріп, күмістей ақ шоқша сақалын саусағымен тараپ қойып, кеңсесінде, алыстан келген колхоз агрономымен әңгімелесіп отыр екен, Нұрланды көріп, сөзін бөліп:

— Естідім, естідім,— деді қолын қысып жатып.— Сапарың оң болсын... Мына кісіні жіберейін. Сонсоң... Сәл отыра тұр,— деді ол жымиып, қазақтың нағыз жалпақ тілінде сөйлеп.

Нұрлан терезе алдына біреу қалдырып кеткен аудандық «Екпінді» газетін қолына ап шолып шықты. «Қойға күтім керек» деген Нұрқаттың мақаласын көзі шолып, асығыс болса да жүгірте әр жолды аттап оқыды.

«Жайылым жетпейді.

...Су тапшы.

...Қора жоқ, байдың атам заманғы ашық-тесік ескі қоралары...»

Осындай негізгі ойларының астын біреу қызыл қарындашпен сыйып отырып, мақала түйініне тоқталып, оның астын көк қарындашпен сыйған.

«...Әрине, алдымен жауап беретін бөлімше бастықтары, қала берді қойшылардың өздері...»— деп кінәні қойшыларға аудара бастаған соң, газетті әрі қарай, сыйып тастан: «Пәле!» деді іштей көңлі толмай.

Осындай жеңіл де тайыз мақала жаза ма екен кісі! Кузьма Прутков айтқандай тамырына үңілудің орнына, оңай, арзан пікірге жармасқаны несі мұның?

Модест Петрович алдына келген кісіні босатып жіберген соң, Нұрлан жақын барып, өзінің ақылдасуға келгенін: биылғы көктем егісінің ауыр тиіп тұрғанын директор екеуінің жанжалын қынжыла баяндады. Тұқымды егіп, ертең ол шықпай қалса, жер һәм бүлінсе, несіне оқыды, несіне еңбек істедім деп, жалақы алады?

Сорокин балаң жігіттің өзіне қойған талабын іштей құптарап отыра, егіс жайындағы әрекетінің асығыстау, әлі де болса бір қайнауы кем екенін ескеріп, ақылын оның алдына салды.

— Тың игеруге үкімет көп қаржы жұмсады. Соны қайтару керек емес пе? — Модест Петрович арыстан басының суреті бар көнетоз трубкасын жан қалтасынан шығарып ап, тұтіннен ысталып күрең тартқан саусағымен темекіні толтыра баса салды.

— Оған кім дау айтады?

— Жерді көбірек ексең, астық болады. Количества переходит в качество. Астық алтынмен тең.— Модест Петрович орысша араластырып сөзінің нақышын келтіре сөйлейді.

— Бұл совхоздың жері шықпай қалса ше?

— Бір совхозда шығады, екінші совхозда шықпайды. Орта есеппен алғанда — өнім береді. Э, мүмкін жауын жауып, егін жаппай шығар?

— «Мұмкін-ау»— деген негайбылға сеніп, атом, ғасырында жоспар жасауға бола ма? Айғыздап жыртып, енді міне, малға жайылым да қалмаган.

— Жоғарғы жақтың беті қатты, балам, байқа! «Айға шауып мертігіп жүрме!» Көп ойланып, көп толғанып, ақыл-

мен шешкен жөн! — Терезе алдына барып, трубкасын қабына ашыға сорды.

— Сонда сіз де қоштайсыз ба! Жер ыңғайымен санаспай, жоспар үшін жырта беру керек пе?

— Жоқ. Қолдамаймын!

— Қолдамасаңыз, менің сөзімді неге сөйлемейсіз?

— Сөйлейім ретті жерінде. Айтам да... Мен де бүгін ақылға сап, бір тетік іздеп көрейін, сен де қайта ойлан!..— Нұрлан сөзін доғарды да, Сорокиннің қолын қатты қысып, раҳмет айтып, шығып жүре берді.

Кім білсін, он жеті жыл тұтқында жүріп, мұқалып қалған шалдың не тесік тауып, не ақыл беретінін. Ертеңгі күн көрсетер...

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Баянауыл — халық саны жағынан да, аймағы жағынан да қала қатарына қосылмайды, қаланың есебіне де кірмейді, бұл өңірдің қазақтары ертеден, сонау революциядан бұрын «қала» деп атаған да, сол лақап әлі күнге сақталған.

Нұрлан қазір Айжанға келе жатып, асыл тастай, жер астында көміліп жатқан бір алтын шындықты қазып, тауып алғандай.

Ол алтын шындық, туған жеріне деген махаббаты. Осындаш шынайы да таза, тұнықты мөлдір махаббаты бар екенине Нұрланның өзі де таң қалғандай. Бұрын қеудесіне қалай сыйып жүрген десейші. Элде, жақында ғана толып, кемеліне келген бе?

Баянауыл сияқты жерді кім сүймейді? Оның көркіне көз тоймайды, тарихына сусын қанбайды. Осы бір мезет кейін шегініп алыстап қараса, Нұрланды кім де болса, сөкпес еді.

Табиғаттың шебер қолымен Арқаның төсіне әкеп орнатылған жердің жұмағы, елдің көркі болған Баянауыл қолдан жасала бермейді, жасалса да оған көп күш, қисапсыз еңбек, уақыт керек.

Жақсы өзенді бұрып әкеп көз жасауға болады, ағаш егіп, орман өсіруге болады, тауды қолдан жасай аласың ба? Сабындықөл түбіндегі Найзатас пен Жасыбай көлінің маңындағы Керегетасты орнатып көрші. Шіркін, сол әдемі жұмбақ тастарды қызықтап сұлулықтың биік дәрежесіне лайықты сауық орындарына айналдыра алмай жүргеніміз жоқ па?

Халықтың мәдениетіне қосқан осы жердің үлесі де аз ба?

Қазақ әдебиетінің тарихын бастап отырған Бұхар жыраудың моласы да, үрпағы да осы жерде. Бұхар соңынан қаздай тізіліп: Сақау, Жәмшібай, Фаббас ақындардың ергені мәлім.

Ия, Баян тауының басынан талай-талай поэзия сұңқарлары үшпап па еді? Өзі ақын, өзі ән шығаратын композитор, өзі ер, өркөкірек, өршіл Жаяу Мұса, бүкіл халқының тарихын, дастан-жырын, қиса-хикаясын жатқа білген, ғұлама, өзі ақын, өзі сыншы Мәшіһүр Жүсіп, немесе, тілінен жыры сорғалаған, өлең шығарғанда теңдесі жоқ, суырып-салма ақын — Иса, ескі дүниенің тар шеңберіне сыймай, өзіне теңдік іздеген, ән-күйіне үйітып, емін-еркін аз болса да өмір сүрген, құдіретті Майра... Осылардың қайсынан болсын биік тұрған, саналы да қайратты, өткір де әділ, поэзияны терең ойға бағындырған атақты Сұлтанмахмұт осы Баянауылдағы Ақбеттің биігінен бүкіл қазақ даласына жырын таратқан жоқ па еді?

Баянауылдың екінші биік өркеші Ақбетпен тайталаса туған Қуленбет басынан бүкіл қазақ даласына Жаяу Мұсамен қатарласа Жарылғапберді, Мұстапа, Естай, Құдайберген, немесе Үлкен Балабек, Кіші Балабек, Сапарбек ән шырқап, ән салмады ма?..

Баянауылдан жалғыз ғана ақын мен әнші шыққан ба? Қаныш бастаған бір топ ғалымдарды қайда қоясың?..

Ия, Нұрлан туған жерімен мақтанады да, жақсы да көреді. Осы аядай Баянауылға бүкіл қазақ даласын, Совет елін, Россияны сыйдырып, соның бейнесін тауып, жаны сүйсінеді.

Осындай жерді қалай бұлдіріп, қалай қор қыларсың?..

Нұрлан ойының тізбегін, қасынан желдей суылдал өте шыққан велосипед мінген қара бала бөліп жіберді.

Жерден басын көтеріп жан-жағына көз салды.

Әне бір көк терезелі, қызыл шатырлы үйдің ауласында — көнетоз сарғыш шәлі жамылған қара келіншек сиыр сауа алмай әлек: бірсесе қасына келіп, қолына жармаса, бевзектей жылаған жас бөбекін уатып, бірсесе құйрығын сый-пақтатып, қозғала берген сиырына ақырып, жанталасуда... Міне бір шатыры жоқ, мұржасынан түтін будақтаған тоқал үйдің алдында шабаланған қара қаншық тіптін тап-тап беріп жүргізбейді... Басы қазандай қара бала, қолында сол-қылдақ шыбық, сабалақ жүнді ақ мысықты зыр қақтырып,

айнала қуады. Мысық тал шарбақтан бір-ақ қарғып, жер жүтқандай ғайып болады. Бала аңырып тұрып қалды да, шарбақты айнала жүгіреді.

Бір топ қытай үйрек көлден қайтқан болу керек, ми-мырт жүріспен маң-маң басып, көшени қақ жарып, Нұрлан-ның алдын кеседі. Зымырап қарсы келген машинадан да қаймықпайды.

Клуб жақтан «Жан сәулем!» деп радиоладан Бибігүл де ән шырқады, сол нәзік үн шақырғандай қолтықтасып, ентіге басып лек-лек кетіп бара жатқан жас өспірім қыздар мен балаң жігіттер...

Кеш қарай қала шетіне жинала бастаған тракторлардың гүрілі, ерсілі-қарсылы совхозда ағылған машиналардың шуы қаланы жаңғырықтырып- басына көтереді. Кейбір үйдің ауласында сынып жатқан трашпенке арба, қаусаған шана көзге ілінеді. Енді жүрт машина мен мотоцикл іздейді, арбаны қайтсін...

Айжан пәтерінің алдына келді де, Нұрлан кірер-кірмесін білмей, бір аяғын баспалдаққа салып, терезеге көз жіберді: от жоқ, үйдің іші қап-қараңғы. Тағы жолы болмады ау! Нұрлан бекер келгеніне өкініп қайтпақ боп, бұрыла бергенде, үй ішінде шам жағылып, перде де түсірілді. Эйнектен состиган қыздың көлеңкесі де түсті. Нұрлан сатымен көтеріліп үлгірмеді есік, ашылып, Айжанның өзі қарсы шықты да, жымынып әдеппен басын изеді. Үйге шақырды.

— Адасып жүрсің бе? — деді Айжан плащын іліп жатқан Нұрланға.

— Адассам, не шамы бар? Қараңғыда жасырынып күнелтетін адамды табу қызын көрінеді.

— Сіз сияқты замандастарым тапа-тал түсте үрлап әкететін болған соң жасаған сақтығым еді, айыпқа бүйірманыз.

— Кім екен ондай қыз үрлайтын, мүйіз жүрек, адуын жігіт?

— Жерлесің бе, құрбың ба... Нұрқат — мырза...

— Бөлем!

— Ендеше, сол бөлеңнен сұрақыз!

Нұрлан бұл сөздің астарлы екенін сезді де, естігісі кеп, құштар боп отырған кісідей жабыса бермей, әңгіме түйінін самарқау сұрады. Айжан да қайталата сұратып бәлсінбеді, ішіне сыймағандай әнеугі «Қарақұдық» басындағы болған оқиғаны баяндағы.

— ...Екеуіміз қалаға жаяу келдік... Молшыбай жік-жа-

пар болып жалынғанын еске алсаң — әлі күнге жиіркенесің... Тізерлең, аяғымды сүйіп, кешірім сұрап жатып алды бөлеңіз...

Қызың әсірелеп, келемеждең отыр ма деген жорамалмен Нұрлан басын шайқап сенбестік кейіп білдірді.

— Құлдіргіш, қуақылау жігіт еді, мүмкін...

— Осы күні содан қорыққанымнан кеш бата шам жағудан қалдым. Жарық көрсе-ақ, жетіп кеп отырып алады. Сөз өтпейді, ардан жүрдай. Не істейсің оған?

Айжан сөзін аяқтай бергенде, біреу есік қақты. Айжан рұқсат беріп үлгермеді, тез-тез тықылдатты да, жауап күтпей-ақ есікті итеріп жіберіп Нұрқат қарқылдаш күле кіріп Нұрланды көрген соң табалдырықтан әрі аттамай тұра қалды.

— Есебі сенің қызығың осы үйде ме еді? — Нұрланға «тай, жігітім!» дегендей қиқарлана сөйлем, бала құсап өз ернін өзі шөпілдете сорды.

Айжан орынсыз келген содыр жігітті жақтырмай, томсырая қалды. Оны аңғарған Нұрлан тиісе келген досына, кішіпейіл мінез білдіріп, түрегеп, орнын ұсынды. «Мә, сен-ақ отыр, егер хақың болса!» дегендей мысқылдай құліп, иығынан қақты.

— Кімнің қызығы қайда, кейін айырысармыз, отыр-сайыш!

— Мұрныңа қыздың ісі келді ме, қайдан жүрсің, жарқынам? — деді тағы да адудындап.

— Бөтен қыздың ісі қолма-қол жетеді екен.

— Баяғы ертегінің же зтырнағы емессің бе өзің? — Нұрқат сөтік тісін ақсита кеңк ете түсіп, біреу етегінен тартып қалғандай құлкісін кенет тоқтатты.

— Бүгінгі же зтырнақ мен-ақ болайын, Нұрқаш, егер сен менен қорқып осы үйден тұра қашсаң.

Нұрланның «кет, бұл үйден!» деп отырғанын Нұрқат түсінді. Қарсы беттей алмайтын жасық, аузынан сөзі түсетін момын ба ол, өзінің намысын қорғай білетін жігіт.

— Же зтырнақпен күреске түсетін ер жігіт, есебі мына — менмін. Шық бері, әлің жетсө! Екі жеп биге шыққың келеді-ау «Таяқым?» — деді Нұрқат бұрынғы бала күнгі мазақ атымен кекеп.

Мектепте жүргенде Нұрлан серейген, арық болған соң «Таяқ» деп ат қойған-ды, ал Нұрқаттың аты — «Домалақ-ты».

— Нұрлан: «Екі жеп биге шыққан» деген сөзін де түсінди, «Раушан мен Айжанды бірдей айналдырың келгені ме?» — дегені.

— «Домалақ», сен қалай-қалай шәлкес сейлейсің таяқ жеп жүрмө! — Бала күнгі екеуінің ит жығылыс төбелесін есіне салды Нұрлан.

Жанжал ұлғайып, шын жағаласып қала ма деген сезікпен Айжан шырылдап, ара түсті. Нұрқат қудың кейде, ішіп алса, жағаласатынын, ауыл үйдің үрлігі жата ма, таныстары сөз қылатын-ды.

— Шындарың ба, жоқ шынға бергісіз қалжыңдарың ба... Эйтеуір, жанжал керек еткендерің тысқа, қөшеге барыңдар. Жұрт көріп баға берсін,— деді Айжан сұқтанып.

Нұрқат қарқ-қарқ күліп биртиған саусағымен Нұрланды қеудеден нұқыды.

— Түу, Айжан-ай, сен, есебі, мұны білмейсің. Бала күнгі шағып тастаған жаңғағым емес пел Ылғи екі жеп биге шықпақ. О, тоба.

— Екі жеп биге шыққаны қалай? — деді Айжан бұл жолы осы сөзге мән беріп.

— Өзінен сұра!.. Мен ауыз ауыртып қайтейін, өзің де естірсің.

— Домалақ, екі кісінің ортасына бала күнгі от жағуыңды, пәле, әлі қоймапсың-ау?

Нұрлан бөлесіне өкпелеп, кетуге ықғайланды.

Айжан жібермеді.

— Әлдеқалай келген соң, дәм татып кетпейсің бе?

— Бұл дәм татқанда маган ерніңді жала дейсің бе? — Нұрқат бір жағы күлкіге жеңгізіп, арсыз мінезіне салды.

— Сіз татқансыз дәмді бұл үйден... Өзіңіз де татырғасыз «Қарақұдық» басында, сиқырлы жеңгейдің үйінде...

— Айпырмай, қайдағыны ұмытпайды екенсің сен де, Айжан... Бір кезде мир дедік қой. Қазір не?.. Дәм-тұзымыңың таусылғаны осы «кет!» дейсің бе?

Нұрқат ыржалақ, күлкіден пышақ кескендей тыйылып, долы қатынның бетіндегі сазарып, томсарып алды.

Біреумен байланысып, шатақ шығарарда Нұрқаттың долданып, өндіршектей түсетіні Нұрланға да жас шақтан таныс-ты. Нұрлан ілулі плащын қарына ілді.

— Жұр, Нұрқаш, Айжан демалсын, кешке операциясы бар көрінеді.

Кызы сөзін шам көріп, бойына ашу шақыра бастаған

Нұрқат ләм-мим демей, шүғыл бұрылып, есікті қаттырақ жауып, шыға жөнелді.

Нұрлан соңынан бірге шықпақ бол ыңғайланып еді. Айжан ым қағып жібермеді.— Кетсін!.. Отыра беріңіз!

Нұрлан бөлесіне «кет!» дегендей болды-ау. Мінезі шадыр да ұшқары жігіт, байыбына бармай не ойларын құдай білсін...

Әйтсе де, Нұрлан қыз үйінде ұзақ болмады, аржақ қабығадан Нұрқат құлағын тосып тыңдалап отырғандай көрінді де, шешіліп, әңгіме де шерте алмай, азды-кем өткен-кеткенді, Алматыдағы студент күндерін сөз қып, бір стакан шайды қасықтап ұрттаң ішіп, аз отырған соң үйді-үйіне тарады.

Бұл кездесуді Нұрлан да, Айжан да: «Сәтті болды, сырласып, түсінісп алдық!»— деп айта алмады, көңіл шіркін, мөлдір аспандағы қырандай шарықтай алмады, жер ошақтағы күзгі оттай бір тұтанып, бір сөне берді.

* * *

Нұрланның келуіне ерекше қуанған Айжан, оңаша қалып, сыр шертісіп, жүрек тамырының соғысын аңғарғысы кеп еді, Нұрқат араларына түсіп, «эттеңі» бар өкінішті кештің біріне айналды.

Ылғи осылай біреу араға килігіп, құр қалады. Айжан институтты бітірер жылы құрбылары құсан, өзіне мәңгілік жолдас іздеп, таба алмады, оған басты себеп болған талаптағамы, ой-өрісі. Кім көрінген жолдас бола алмас деп үқты. «Ти, тигеннен соң — ет үйренеді, ар жағында жақсы тұрмыс құру — өз қолыңда!» деген студенттер арасында тараған қысынға Айжан қарсы шықты. Жүрек аңсайтын жарды күтіп еді, ол — өзі келмеді, Айжан қарсы жүріп іздеймеді. Сонымен сүйкімді көркін, дәрігерлік дипломын қанжығаға байлад, Министрліктің жіберген жеріне келсе, баяғы таныс жігітінің аулы болып шықты. Бұған да Айжан өзінше жорамал жасады...

Айжан жігіт мінезінің бір қырын студент күнінде байқап қалған-ды, ер балалардың ортасында шешен де, алғыр, қыз балалардың ішінде бүйірі, ұялшақ, сөз таба алмай қызырып қысылып қалғанына Айжан өзі күә. Қызығыштай қорғаған ананың қолында қатал тәрбиеленді ме, жоқ, арлы, ұтты мол жігіт пе, әйтеуір, тышқан аңдыған мысықтай қүйрығын бұлаңдатып, бөлесі сияқты тарпа бас салмайды.

Бір көргенде әдепті-ақ!.. Осы бір көнілді бей-жай қылған дүдәмал үміт, қылдан нәзік тынымсыз күдікпен ұйықтап кеткен Айжанды ерте оятты.

Совхоз фермасының сауыншы жас келіншегі маяға шығып, сиырға шөп тастап жатып, құлап кетіп, аяғы тобығынан ісіп, баса алмай қалған. Таң атпай емханаға жетіп: «Емшекте балам бар, дәрігерді тезірек шақырт»,— деп отырып алады.

Бұрын қонақта бірер кездесіп, Айжан табақтас болған, таныс-ты, сырттан кірген бойы келіншекті көзі шалып, бөгеліп, қасына барып, сұрастырып білген соң тезірек хала-тын киді де, келіншекті кіргізіп ап, орамалмен матап, орап тастаған аяғын басып-басып көріп, қалай құлағанын сұрады.

— Өзімде де бар,— деді келіншек өкініп,— қас қарайған мезгіл-ді, маяға шығып, сиырға шөп тастап жатқанда қарсы үйдің жарқ етіп шамы жағылмасын ба, менің сорыма... Қарсымызда совхоз кеңсесі ғой... «Кім екен түнделетіп жүрген?» деп көзімді салсам: біздің жаңа келген бас агроном мен әлгі Раушан құрғыр. Екеуі кеңседен шығып, есік алдында жабысып тұр. «Не істеп тұр екен соққандар?» деп, мойнымды соза бергенде, аяғым тайып кетіп, құлағаным, құдай сақтады ғой, айырға ілініп қала жаздадым. Эйтеуір, айырдың сабы тобығыма тиді.

Айжанның қолы осы бір шақ дір ете түсіп, қайта қатайды, келіншек сезді ме кім біледі, Айжан ойнақы дауыспен:

— Раушан не ғып жүр екен?..— деді, іштегі ренішті жасырып.

— Ой-бу, Раушанды білмеуші ме ең, ауданға бір жақсы келсе бас салмай ма?

Айжан келіншектің қанағатсыз шайпау тіліне жаны тұршікті. Қаншама жеңілtek, көрсө қызар десе де Раушан, дәл келіншек айтқандай қисынсыз дүние емес, ақылды тентек — көбіне шалдуар ерке мінезі соңынан сөз ертетін. Қөрмейсің бе, Айжанның лебіз үнін басқаша түсініп, Раушанға қүйені баттастыра жаққанын...

— Біреудің үстінен ғайбат сөз айту абырой бермейді. Раушанды жақсы білеміз, тап сен айтқандай көрінгеннің мойнына асылмайды.— Айжан қабағын түйіп жеркене сөйледі.

— Ой-бу, өз көзіммен көрдім. Екеуінің жабысып тұрғанын, құдай ақы! Сенбегенің жақсы, құрбың ғой,— деді келіншек ернін бұртитып.

Келіншектің тобығын суретке түсіруге рентген кабинетке жіберді де, Айжан кезекте тосып отырғандарды қабылдауға кірісті, бірақ ойынан келіншек сөзі шықпай қойды.

Раушан Мәліктің көзіне шөп салады дегенге кім сенеді? Және кіммен — Нұрланмен!.. Нұрлан не ғып батыл бола қалды? Әлде бұрыннан сыр алысқан, өз атым ба?.. Қунәкар болма, Айжан! Сен Раушаннан гөрі қулау, айлалы қыз емессің бе, өзің білетінің қайда — Раушанның Мәлікке дегенде сый-құрметтінің бөлек екенін, оның өзін аса сақ ұстап, сөзден қашып жүретіні? Мүмкін, Нұрлан мен Раушан арасында үзілмей келе жатқан достықтың жібек жібі бар шығар? Сенің көзінді қызғаныш шелдей басып, жақыныңды көрмей қалма. Байқа! Егер ол «достық» қана болса бір сәрі жүрек түбінде жылдар бойы көмүлі жатқан шоқ бүгінде тұтанып, өртке айналған құмарлық боп жүрсө қайтесің.

Айжанның өзінде де бар: күн бұрын жүргегін неге сезідіріп қоймады Раушанға. Білмеуші ме едің? Нұрлан жайында өзі сөз қозғағаны қайда?

Егер білсе, арамдық!

Айжан бүгін қызмет артынан Раушанның үйіне барып, сыр тартып, байқастырып қайтады. Ал, егер шын болса ше?

* * *

Облыстан келген ескі «досы» Якуповпен бірге бірнеше совхоздарды аралап, Мәлік түсте, Баянауылға оралды.

Якупов аздал демалмақ болып, мейманханаға кетті де, Мәлік кеңсеге келіп, «Баянауыл» совхозының директоры мен бас агрономын шақыртып алдырды..

Жолшыбай Якупов Мәлікті көзге шүқып, совхоз жерінің дегдеріп қалғанын, енді бірер күн өткізсе — кешігеттінің қайта-қайта айтып, шүйіліп келді. Эрине, Якупов сөзінің жаны бар — жер дегдеріп қалған. Соңғы үш күнде ауа райы өзгеріп, қайта сүйтпаса, кей жерде қар аралас жаңбыр жаумаса, егістік жердің құрғап кетуі де ықтимал-ды. Дегенмен, бригадалар егісті бітіруі де керек еді, Баянауыл совхозы басшыларының олақтығынан кей бөлімшелері жерді кешірек жырта бастаған.

Жас агроном басқарып алып кете алмай жүрген сијакты-ау. Салғаннан бас агроном етіп бекер бекіттірді ме, қалай...

Раушан мен Нұрлан жайында таралған өсек те тыйылмай, өрбіп, өсе берді, «айтар, қояр» деп дұдамалданып, құ-

лағын мақтамен бітеп алса да, тыйылар емес, біреуі болмаса біреуі сөз арасында ши жүгіртіп іліп өтеді, өлде қорыққанға қос көрініп, Мәліктің өзі де сезіктене бере м...

Мәліктің кабинетіне алдымен еңгезердей жуан сары Ковалъчук, іле оның өкшесін баса іші қабысқан, сорайған, арық жігіт Нұрлан кірді. Бір кездे жұрт аяғына галош киіп, кеңсеге кіргенде шешіп, ауыз үйге тастап кетуші еді, қазірде табаны бес елі ирек-ирек трактор табан ботинкелер шыққан, кір-кір қалпымен кілемді басады.

Көрдің бе, мына екеуі әкесінің үйіне келгендей тайраңдауын!

Мәлік кір-кір ботинкелерінен көзін алмай, олардың наварын аударып бақты.

Нұрлан сезіп қап қымсынып, ірге жақта тұрған орындыққа отыра қалды. Ковалъчук алшаңдай басып, секретарьдың алдындағы жұмсақ креслоға ауыр денесін сылқ еткізіп тастап жіберді, кресло сықырлап, майысып, серіппелері төмен созылды.

Секретарь кабинетінің кең терезелері тау жақта, Баян тауының егіз өркеші — Ақбет пен Құленбет — аталған екі шың, қатар жарыса сыйғалайтын сол терезеден бүгін де ертесімен қызара көтерілген күн көзінен қашқандай, сопақ таұзын екі шыңың көлеңкесі жұбын жазbastan кабинет төрінен орын алып, бөлменің реңін келтірмей, Мәліктің ішкі өмірімен үндескендей. Қар кеткен соң сыйдиынып жалаңаш қалған тау бектеріндегі Малай орманы да сүйлап әлденеге беймазаланып, бүкіл қалаға көңілсіздік туғызып, жылды кабинетте отырған секретарьдың өзін де шым-шымдал, тұртқілеп әуре еткендей.

— Не бітіріп жүрсіңдер қосақталып? — деді секретарь қолындағы қара қаламын сиясына малғылап, алдындағы қағазға ықласты пішінде қол қойып жатып.

— Сіз шақырған жоқсыз ба? — деді аңқау директор.

— Шақырдым. Кеңінен әңгімелесуге бір реті келмей-ақ койды. Сенің жазған баяндама-хатынды оқыдым, — Мәлік директорға бұрылып алдындағы қағаздарды сырғытып тастады.

Директор бас агрономмен келісе алмай кеткен түні сол бетімен аудандық атқару комитетінің председателі Ербол Бегимовтың үйіне барған-ды. Екеуі ниеттес, қарта дос, бірінің үйіне бірі қонаққа барғыштап, араласып тұратын сыйлас көрші-ді. Отken қыста Ковалъчук бір семіз атқа акты жасап, арзан қазына бағасымен Ерекеңе соғым берген соң,

председатель қанат астына алыш, аупартком бюросында қызығыштай қорғыштап та жүретін.

Директор барып шағым жасаған соң, Ерекең: «Жаз бурова, «Өлетін бала молаға жүгіреді» демекші, көрінген болар оған бірдемел!»— деп кеңес берген-ди.

Ковальчук сол ақылмен тұні бойы баяндама-хат жазып, ертеңінде Мәліктің алдындағы хатшы қызға табыс еткен. Содан шақыртып отырғаны осы.

— Оқыдым.— Мәлік тағы да сөзін қайталады.— Кейін кеңінен отырып талқылармыз. Екеуіңің жанжалыңды обком да біледі. Тек, әуелі егісті бітіріп алайық...

Нұрлан сөз жалғасы бар екенін аңғармады ма, Мәлік сәл кідірген кезде киіп кетіп, өз ойын алға итермеледі.

— Бітіре алмаймыз! — деді жұлып алғандай.

Мәлік бір езуінен құлімсіреп, оның ұшқары сөзін жастық әуеніне сайып, жабыса түспеді. Кеңінен толғады.

Жылы жұз, жұмсақ ұнде:

— Неге дейсің? — деді сынай қарап.

— Пәле, егін еgetін жер жоқ.

— Ескірсе, тозса жер таппайсың ба, тың жерді. Баян-ауылда үш Францияның жері бар! — деді Ковальчук мырс етіп.

Мәліктің ұзақ отырса, оң аяғы үйіп сыйздай бастайтынды, соғыстағы операцияның зардабы, сондықтан да әлсін-әлсін қабырғаға арқасын сүйеп қойып, оң аяғына күш салмай аздал тыныс алдыратын. Қазірде, тұрып кетіп, екі алақанын артына төсеп қабырғаға сүйенди.

— Тасқа, сортаңға ек деп бүйрек беріңіз, егейін! — деді Нұрлан да кекесін ұнде.

— «Қаражар», «Айғыржал», «Әулиетас» маңында болдың ба? — Мәлік директор мен агрономның шәлкес сөздерін естімегендей бұ да өз ойының арнасын қуалады.

Болдым. Егуге келетінін таңдал, белгілеп кеттім. Бірақ, жалпы егіс көлемі азайды.

Мәлік ұн демеді. Аудан жерінің жыл санап, құнары азайып, егін шығымы құлдырап бара жатқанын біледі де, соған не істеудің амалын таба алмай қиналатыны өзіне анықты. Облыстан жоспар түсіреді, оны орындауға аудан міндettі. Обкомның бюросында бекіген, кім қарсы бола алады?

Жыл сайын ауданда, егіс көлемі, термометрде кетерілген синаптай, жоғары өрлеп жылжып барады, жылжып барады.

Жас агрономның қырағы көзі бір қарағанда-ақ жер құнарын байқаған. Жең сыйбанып күреске түсер кезек келген болар...

— Егіс жерінің көлемін, сен азайтпа, жігітім.— Мәліктің сезі өз ойына қайшы шықты, бірақ оны өзінен бөтен ешкім сезебеді, неге бұлай дегенін де өзінен басқа тірі пендे ұқпады.

— Не істейін, ағатай, айтыңызышы?

— Сен агрономсың, тап бір жол...

Осы бір сәт есік шалқая ашылып, баса-көктеп, айбынды екпінмен Якупов кіріп келді. Бос тұрган Мәліктің орнына отыра кетті. Мәлік директор мен агрономды таныстыруды.

— Вот как! — деді ол директорға шұқшия қадалып,— әлі күнге егіске шықпаған директор сен бе едің?

— Біз шықтық егіске! — деді Ковалъчук ауыр денесімен орашолақ қимылдан, креслодан бөксесін босата алмай бірге көтере түрегеліп.

Якупов — орта бойлы, жуантық, төртбақ қасқа бас. Тез қимылдайтын, қолма-қол шешімге үйір, дыз етпе кісі сияқты, жұдырықпен столды қойылаپ, төзімі жетпей тыпиршып:

— Асанов! — деді Мәлікке бұрылып,— осы совхоз емес пе еді дауласып жатқан?

— Осылар! — Мәлік басын изеді.

Ковалъчук осыған кінәлі сен едің ғой, арашаламайсың ба дегендей қасындағы Нұрланға қарады.

Нұрлан директордың емеурінің түсінді де жауап берді.

— Бұған кінәлі мына мен, жолдас Якупов! Жаңадан іске кірістім де, егістік жермен танысып, бір-екі күн кешігіп шықтық егіске.

— Бүгінгі екі күн, достым, ертең күзде егіс үшін екі жұмаға айналатынын білесің бе?

— Білгенде қандай?.. Осы кешіккен екі күн — биылғы егіс тағдырын шешетініне көзім жетеді.— Балаң жігіттің сөзі бұл жолы ұнамады Мәлікке.

Нұрлан ұшқары сөзіне, қызыба міnezіне сай, Якуповпен шартпа-шұрт кеп, бұлдіріп алмаса иғі еді, тартына сөйлеп, байыппен ұғындырудың орнына келте жауап қайыруын көрдің бе?

— Қалайша?— деді Якупов алға қарай ұмтыла.

— Ерте ек, кеш ек, бәрібір бұл жерден астық ала алмаймыз!

- Ой-бу, қайран албырт жастық-ай! — Мәліктің қаупі осы еді, ойын жеткізе алмады бала!
- Неге? — деді Якупов даусы өзгеріп, көз қығының ұшынан Мәлік мысқыл отын да байқап қалды.
- Жер тозған... эрозия!
- Оны осы екі күннің ішінде біле қалдың ба?
- Осы екі күннің ішінде.
- Білгіш екенсің... Бұрын өзің егін сап көрдің бе?
- Оқып жүргенде салғам.
- Э... Э,— деді ол келемеж үнде,— мына мен су ма-маны болсам да, көзімді сол егінмен ашқам. Экем, бабам, бабамның бабасы — егінші болған. Сен маган егінді қайда, қалай егуді үйретпе! — Якупов атып тұрып кек шұғамен жабылған ұзын столды шыр айналды.— Сен ше?.. Сен кім-сің? — деді ол екі қолын қалтасынан алмай, Ковальчуктың алдына келіп.
- Мен бе?.. Мен — директормын.
- Мамандығың кім?
- Мұғалім болғам — тарих пәнінен.
- Якупов сұрланып, Мәлікке бұрылды.
- Осыны директор ғып жіберіп жүрген қай ақымақ екен? — деді Якупов тарылып.— Не біледі бұл ауыл шаруашылығынан? Мынау аузынан уыз дәмі кетпеген бала, мынау аузын буған қап... Бұлар бүкіл облысты кейін қалдырады әлі.
- Нұрланның екі жанары жарқ-жүрқ етіп, сұрланып түрегелді.
- Балағаттамаңыз! Сіз үлкен адамсыз.— Нұрланның даусы дірілдеп, бір қадам алға басты.
- Нұрлан қой енді, сөз таластырмай! — Тіл тигізіп ап, ұятқа қап жүрмесем деп қауыптеніп, Мәлік тоқтам салды.
- Oho, қара-қара!.. Герой! — деді Якупов құліп.— Маган ақыл үйреткің келді ме?
- Бұрын аудандық, ауылдық жерде бір кісінің бетіне қарсы кеп көрмеген, мұндай ашы сөзді күтпеген Ислам абыржып бәсексіп, өні жүдеу тартты.
- Мен герой да емеспін. Ақыл да үйретпеймін. Туған жеріме, еліме жаным ашып, осы шындықты айтуға мәжбүр болдым, жолдас бастық. Шындықты айтты деп жазала-саныз өзіңіз біліңіз. Айғыздан жерді жыртып-жыртып, бұл-діріп тастаған, неге соны көрмейсіздер? Сол жердің өткен жылы гектарынан 2-3 центнер өнім алған. Сол жерді ысырап қып бұлдіргенше, қой бағып, ет неге жемейді халық?

Кәне, партияның қай уставында жазылған екен: қой өсіретін жерге егін ек деп?

Якупов та, Мәлік те үнсіз ойлана тыңдады. Ковалчук жымың-жымың етеді, іштей құптап отыр ма, яки: «Аз, бұл сендерге!» деп табалай ма, кім білсін...

Нұрлан құлаққа ұрган тыныштықтан өз даусын өзі естігендей, кенет сөзін аяқтамай тына қалды.

— Лекция деп білеміз де! — деді Якупов кекетіп.

— Жүректен қайнап шықкан зарым бұл! — Осы сөз бастықтың қызығына тигендей.

— Бұл жігіттің миң әуел баста қисық жаралған сияқты,— деді Якупов басын қолымен нұқып,— сөзінің ұсқыны жаман. «Зар» деуін қарашиб. Кешкө бюро шақыр да, екеуін де қызметтен босат!

Якупов директор мен бас агрономға тыжырына, сұстана қарады да Мәлікке:

— «Келесі жұмада, обком бюросында көктем егісінің барысы жайында есеп бересің!»— деп, шұғыл бұрылып, шапшаң шықты үйден.

* * *

Мәлік Якуповты машинаға мінгізіп, шығарып сәлді да, қайтып кеңсеге кірмestен, үйіне қарай бетtedі. Ішкі толқының көлеңкесі басқан шауқар қара жұзі күреңітіп маңдайына тілім-тілім ажым жиналды.

Раушанмен ақылдасу керек екен. Бұл — жігітті не оңға бастап жүр де, не сор тұртіп, құйрығына қалжуыр байлағын деп жүр.

Тұсқі тамақты әзірлеп қойып, музықа тыңдалап отырған Раушан Мәлікті қуана қарсы алды.

Тамақ үстінде жаңағы аупарткомде болған оқиғаны сөз қылды Мәлік.

Мәлік сұқтана, сынай қарап, су бетінің діріліндей болса да, бір өзгерісті Раушан мінезінен аңғарғысы келеді, таба алмайды. Біртінде жүрек те сабырлы соғып, орныға бастады.

— Өзеуреген бір қызыл көз екен, сенің әлгі однокашнигің.— Мәлік «досың», «құрбың» дегеннен гөрі осы орысша «однокашник-ты» лайық деп тауып, әдейі мән беріп айтты.

— Мен оған ескерткемін: байқа, жұлының үзілер деп. Жоғарғы жақтан бекіп келген жоспарды кім бұза алады? — Нұрланды қостай ма десе, Раушаның жақтырмай, сөккені

несі? Көңілдің небір қоңыр шағын іздейтін ұры сезік те Мәлікті оңаша тастамай, тағы да бетпақтанып, түрткілей бастады. Мәліктің көзін бояп отыр ма? Жоқ, ондай жалған сезікті таста, Мәлік. Сенің басыңа тең қылыш емес.

— Сен маган мынаны айтшы: аралаған жерлеріңе шын дәнді дақылдар егуге болмай ма?

— Екі талай.

— Екі талай дегенің...

— Дегенім: жауын болса шығуы да мүмкін дегенім. Екеуміз бір түн айтыстық, алдымен, ертең, аупартком жауап береді, арандатпа десем де, құлағына кіріп шықпайды.

Мәлік өзінің жұбайына таңырқап отыр: шындықты неғе айтпайды бұл келіншек? — Неге жалтарады?

— Раушан,— Мәлік жұмсақ та жылы үнмен атап, толқыған құлы-құлы ойларын түмшалап, білдірмеуге тырысып бақты.— Раушан, сен менің сұрағыма тура жауап берші, жердің құнары қандай?

— Нашар! — деді Раушан ұзын да әдемі саусақтарымен дастарханның бүктелген шетін түзеп, сипалап.

— Қара дауыл топырақ...

— Мәке,— Раушан сөзді бөлді.— Қайтесің Нұрланның шала теориясын... Баянауылдың жері жетеді жыртуға... Якупов ертең өзіңізді түйедей жүндейді, планды орында май бағыңыз!

Мәлік үндемеді. Жаны ашып айтЫП отырған болар, дегенмен Раушан да түсінбепті жігітті. Нұрланның ой жүйесінде, алған бағытында партияның саясатына қарсы келетін не бар? Болашаққа көз тастап, совхоз экономикасын, туған жердің қамын ойлағандықтың әрекеті бұл.

Ертең жер өнім бермесе, оған жұмсаған еңбек те, тұқым да зая кетпей ме? Үкіметке пайдалы совхоз бола ма?

Жер!.. Шіркін, жер-ананың қадірін кім біледі! Адам келеді, тұрады, өледі. Адамды адам қылған да, асыраған да, ертең өлсе баурына да алатын осы жер.

Жер қадірін анау далада, қой бағып жүрген қойшы көбірек біледі!.. Баланікі дұрыс: тың игереміз, егін саламыз деп, мал бағуға жөнді көңіл бөлмей, көлеңкеде қап келе жатқаны өтірік пе?

Кешегі қой өрістейтін жайылымды бүгін айғыздап жыртып-жыртып тастады. Енді қайда бағады?

Баланы қолдау керек?.. Қалай қолдайды? Совхоздың жоспарын қайта қарау керек пе? Якупов оған көне ме? Бююода қара, орынан ал деп кеткен жоқ па?

* * *

Раушанның бетінен сүймей, үйден шыққаны осы Мәлік-тің. Тынымсыз қиял-ойдың қамауына түсіп, үнсіз көшеде жаяу келеді.

Қазір бюроға салып: «Сембин іс басқара алмады, қызыметінен босатылсын!»— десе бәрінің де қол көтеруі хақ. Бюро мүшелері секретарьға сенеді, және де ол жігіт жақында келді ауданға, өзін әлі көрсете де алған жоқ. Қалай жақтасын?

Мәлік «кеше өзі ұсынып еді, бүгін өз қатесін өзі түзеді» демей ме жарамсақтанғандар? Ковальчук барап бір бөлімшеге, Нұрлан кетер оның соңынан, далақтап, агроном болып белімшеге. Жаңа келген директор мен агроном уай көзің жамандық көрмесін күні-түні тракторды айдат соңсоң? Соңсоң жерді жыртады кеп... Жыртады кеп... Астық жоқ! Құзде ауызды қу шөппен сұртіп, екі қолды мұрынға тығып, тағы да облысқа, өлкеге телміріп, «тұқым сұрайды...»

Кім жауапты осыған?

Мәлік өзі мойнына ала ма жауапкершілікті? Жоқ! Неге? Үш жылдай болды осы ауданда істегелі, неге білмеді жер жайын? Қын бұрын неге айтып, жоспарды соған орай неге жасатпады?

Оған облыс көнді ме: «Пәлен совхоз пәлендей жер жыртады», — деп сырттан тон пішіп, бүйрықты жібере салған жоқ па?..

Мәлік осы бір иығын басқан ауыр ойлардың шешімін таба алмай, қиналып, кабинетінің күрең дерментинмен тыстаған есігін селқос ашты.

БЕСІНШІ ТАРАУ

Қаланы қақ жарып өтетін Бұқар бұлағына төселген ағаш көпірді басып, Айжан мен Нұрлан Малай орманына қарай туралап тартты. Қала сыртындағы дөңесті асып, Баян тауының қойнауына тығылған қалың орманға барып кірді.

Қар кетіп, Малай бұлағы сылдырап, әндете тасыса да, орман іші реңсіз, таңертеңгі алтын шапақ уыстап нұрын шашпайды, тек бір көзін қысып, сыйалап, таудан түскен

көлеңкеден қашып, ағаш-ағаштың арасымен зытады. Жапырағы түсіп, жалаңаш тырбиган үйеңке, қаздиган қайың, серейген қарагай, бұқірәйген арша — бәрі де ұялып, бетін басып, «келмеші-келменің» астына алып, ызгарлы леп білдіреді.

Аяқ астына төсегені өткен жылғы көк жапырақтар, жүрсөң масаты жұмсақ кілемдей, жаңың және рахат табады.

Нұрлан орман ішіне кірісімен, бала құнгі шалдуар мінезіне сап, қолын қалқалап «ау-ау!» деп айғай салды, осы бір сәтті күтіп тұргандай, бұқіл орман қосылып, «ау», «ау!» деп бірінен соң бірі қағып ап, тау қойнын шарлап, шыңына өрмелеп, біртіндеп барып жоғалды.

Тұнық ауаны жарып өткен жаңғырық орман ішінде діріл қаққан ізін қалдырды, оны Нұрлан көзімен анық көргендей қуана жүгірді.

Айжан да Нұрлан соңынан ұмтылып еді, ол көз ұшынан ғайып болды. Айжан енді қайда баразын білмей дағдарып тұрганда, қалың тоғайды сыйылықтаған құлкіге толтырып, әлгі бір жаңғырық, құлақ түбінен зуылдалап тағы да өте шықты.

Жаңғырық дәл желке тұсынан естілгендей, артына бұрылса, тау етегінде тігілген шатыр тұр. Айжан таңданып, «ойпырмау, бұл не сиқыр!» деп тесіле қарайды. Ія, сұр березенттен шошайта тіккен жалғыз шатыр.

Қызы соған қарай аяңдады.

Баянауылға Айжан келгелі бір жыл, содан бері осы орманға ең құрмажаңда, бір келсейші!. Қыс бойы бар көргені Сабындықөлде бір рет қол шанамен мұз тепті, онда да болмай жаңа жылда алып барған Раушан мен Мәлік-ті. Одан бөтен не көрді? Үйі мен емхананың арасы, анда-санда кино, кейде — Раушаниң пәтері. Жүретін сүрлеуі де, соқпақ жолы да осы.

Қаланың айналасы — көз түижырайтын сұлулық, әдемі сурет. Неге жаңын бөлемеді Айжан?

Тым бүйіғысың-ау, дәрігер қызыым. Шешіліп, ашылып, жан-жағыңа тамашалап қарамайсың ба? Ылғи терең ойдың жар қабағы мен жағалауды ұнатасың. Медицинаның журнал-кітаптарын оқып, білім толықтыру, әрине, талапкерлік, бірақ көңіліңе де талпынтып, қанат қақтыра біл!..

Бұл не қылған шатыр? Нұрлан неге құн бұрын жалғыз кетіп қалды? Әлде, әнеугі Нұрқат «тамырдың» кебін киейін деп жүр ме бұ да? Айжан сезіктеніп, елегізіп, ілгері басқан аяғы, кейін кетіп, жақын барса, шатыр іші қуыс — үңгір

тас; арамен кесіп, бірінің үстіне бірін салған жалпақ тақтай-дай текше тастардан табиғат әсемдеп қалап берген: Айжан үңгірге бас сұғып, сыйғалауға бата алмай, секиіп тұр еді, әлгі бір жаңғырық құңгірлеп, арғы түбінен тағы естілді.

— Нұрлан! — деді Айжан үрейлене. Сәл кідірістен соң, бет-аузы сатпақ-сатпақ, дәл ібілістің бел баласы, не інісіндей, үңгірден Нұрланның басы қылтиды.

— Корқытпа, Нұрлан! — Айжан жүрегін басып, кейін шегінеді.

Кыз үрейіне сенді ме, екі айтқызбай сақылдаپ күліп, дауыстап, Нұрлан үңгірден шыға келді.

— Корықпа, меммін!

— Сенбеймін, сен — сен емессің.

— Енді кіммін?

— Сайтансың!

Айжан жақыннатпай, қолын ербеңдетіп, көзі бақыра-йып, өңі қашқандай. Есінен адасып қалғаннан сау ма?

— Айжан, меммін гой, Нұрланмын!

— Жоқ, сен алдағыш. Ібілістің өзісің, мені әдейі алдап әкелдің?

— Құдай біледі, мен Нұрланмын. Өзің маған қараши!

Нұрлан қалтасынан орамалын суырып алғып, бетіне жақ-қан саз балшығын шапшаң-шапшаң сүртіп, ыржия күліп: «Міне, қазір танисың мені!» — деп қояды.

Кыз үрейлі пішінде тағы да кейін шегінді:

— Жолама, сайтан!

Нұрлан жік-жапар жалынып, жыларман болып жақын-дай түседі...

— Ендігәрі айтқаныңды екі қылмаймын. Есіңді жина!. Көрқытам деген жоқпын. Сені күлдірейін деп едім.

Кыз тұра қашты. Нұрлан қуып берді. Кыз ағаштан-ағашқа тығылып, бұлталақтап, ұstatпады. Маңдайынан тер шығып, қызарып, ентігіп, Нұрланның сілесі құрып, жуан қарагайды қапсыра құшақтап тұрып қалды.

— ...Сипалап, шымшып көрші мені, адам екенімді аң-ғарасың! — дейді зәресі кеткен Нұрлан. Өлім емес пе ор-манға әкеп, сап-сау қызды жындандырып жіберуі!..

Кыз үріккен тайлақтай, ойқастап, қасынан өте бергенде Нұрлан шап беріп оның қолынан ұстай алғып, өзіне қарай тартқанда, Айжан сықылықтап күлмесін бе. Ақымақ болғанын білген Нұрлан өзіне-өзі күліп, отыра кетті.

Орман іші күлкіге толды. Нұрланды келемеж етіп,

ажуа қылғандай, ағаштар да бірінен соң, бірі қағып әкетіп, күле берді.

Айжан құлқісінен кенет тыйылып, Нұрланға сұқтана қарап, неге ентіккенін білгісі келді. Жас жігіттің «мен аурұмын» деуге аузы бармады, қолынан тартқылап, қалаға қарай ерте жөнелді.

Қыз тағы да өз ойына оралып бірдеме дегісі келіп еді, құлақ қоймай Баянауылда жеті бұлақ барын, оның ішінде мөлдіреген тазасы да, мұздай сұығы да осы «Малай» екенін, экесінен талай естіген әңгімесі ғой, шұбыртып айта бастады. Бірақ мидың арғы түбінде тағы бір ойдың ошағы тұтанып, қатарласа лаулап жанды. Нұрлан қызызben оңаша дидарласып, тілдесуге шорқақ, икемі жоқ, оны өзі де сезеді, талай серт етіп: «Әй осы жолы батыл болармын-ау!» деп барғанда, дәті шыдамай, мұзда конъки тепкен жігіттей тайғанап, теріс айналып кете баратын-ды. Қазір, міне, жиырма бесте, жігіт болғанына жеті жыл, егер он сегізден аспағаның өзінде. Осы жеті жыл ішінде екі-ақ қызызben танысқан. Онда да, әлі «сүйемін» деп не бір ауыз сөз айтпаған, не құшақтап бетінен сүйіп көрмеген. Жалғыз-ақ сегізінші класта жүргенде Раушанға өлең жазып, өзінің гашық екенін, өмірлік дос болуды арман ететінін білдірген-ді. Ветпе-бет кеп, көзінен көзін алмай, көз нұрларын шағылыстыра: «Жаным, сүйем сені!» деп бір айта алмай, енді келіп, Раушанға кінә қояды. Пәле, Раушандай өткір де талапкер қыздар, әдемі семья құруға ыңғайлы да құмар, тосып отыра ма, «ашық ауыз» Нұрландарды... Міне қазір қасында бұзауша еріп келе жатқан Айжанға жүрек сырын білдіре алмайды.

Айжан ұнайды Нұрланға. Алматыда алғаш танысқанда да қызың, кіші пейіл, жібектей жұмсақ мінезін қызыға құптаған. Раушан екеуі қатар тұра қап, көз алдына кезек елестейтін. Сонда тік те өткір, ерке де назды Раушанның орнын сабырлы да жұмсақ, тұрақты да қарапайым Айжан басатын. Екеуін де қадірлеп, екеуін де періште тұтып, қол жетпес арманы есебінде қарайтын. Эйтсе де Раушан орны бөлек-ті.

Баянауылда ойда жоқта кездескен Айжан, Нұрлан қиялышына тағы да қанат бітірді, көңілшек арман қайтадан елжіреп, аңсай бастады.

Әттең не керек, сырқатынан айықпай Нұрлан сырласа ала ма?..

Осы бір соңғы ой Нұрлан жүргегіне қуаныш әкелгендей. Бір ауыз жылды лебіз білдірмейді өзіне қорлық санаң келе жатқан Нұрлан осы бір дәлелге жабыса түсті.

«Әуелі сырқаттан айықпай, жүрек сырны сездіруге ар бармайды, жолда!»— деді Нұрлан іштей үйіндеп, бекініп.

Қабағы ашылмай, түнеріп келе жатқан Нұрлан жүзі құншуақтай жадырай қалғанын сезген Айжан кешегі Нұрқаттан естіген сұық сезді есіне алды.

— Сені орныңдан алатын болды ма?

— Білмеймін. Оны кім айтты?

— Нұрқат... Сен бөлем дейсің. Ол саған жат адам сияқты.

— Несін сездің?

— Нұрлан дейді, Дон-Жуан, жастай көрсө-қызыар-ды, әлі өзгермеген. Бұғын сені айналдырып, алдаса, кеше Раушанды алдап: «Жер көреміз деп машинасына міндіріп ап, отар басында түнеп келген» деп саған зәрін төкті. Мен: «Еркек басыңа лайық па осы!» десем, қарқ-қарқ құледі.

— Ақымақ! — Өзі жайында мұндай сөз естімін деп ойламаған Нұрлан шамданып, сұрланып, жұдырығын қатырақ қысты.

— Ақымақ, Нұрқат! Оқып жүргенде осылай шәкірттердің арасына сөз тасып, ши жүгіртіп, бір-біріне айдалап салатын әдеті еді.

Атасы 29—30 жылдар атақты Өсербай-Шамшит атансаған Баян өлкесінің бау кеспе ұрыларының тобында болып, жаңа үйімдасқан колхоздың малына тыныштық бермей, ақыры солдаттар Дағбаның тауынан ұстап әкеп, бес жылға соттап жіберген жерінде аурудан қайтыс болған. Баласын ел бол, балалар үйіне түсіріп, оқытып, кейін елде мұғалім болып, адал еңбек етіп, әскерге алынып соғыстан қайтпады. Шешесі де мұғалім-ді, қазір Жосалыда мектеп директоры...

— Шешесі де жақсы, ақылды кісі. Кімге тартып жүргенін. Тегі, атасына тартқан сұйық болмаса илі еді...

— Тұқым қуалайтын көрінеді фой. Бәсе...— деді Айжан да әнеугі өзін ұрлап апарып, бір түн әуре қылғаны есіне түсіп, ыза кернеп.

Нұрлан үйіне жүдеп, іштей Нұрқатқа ренжіп оралды. Мұнысы несі қыздың бетіне қарап бір ауыз сез айтпайтын Нұрланға кір жаққаны? Өсектесе де жымын білдірмей, қисынын тауып айтпай ма!.. Жеңілтектік пе, дүшпандық па?

Нұрланның жаңа ғана жазғы аспандай ашық көңілі бүзиліп бұлт басып мидың арғы түбінде пажағай жарқыладап, ашу шақыргандай...

Орманға баратын жалғыз аяқ соқпақ жол дәл Нұрлан үйінің қасынан өтетін. Баарarda тауды өрлең, басқа бір ізben барса да, қайтарда бұралаңдаған дағдылы жолға түсіп, тезірек жеткен. Есігінің алдында, ауылда қолы қарап отырмайтын Сембі шал, жонып жатқан ағашын қасына тастай беріп, бұларға айғай салды.

— Нұрлан-ау, бері қайрыла кет, шешең ауырып қалдымой,— деді әкесі, денесі қораш болса да, жуан даусымен бүкіл көшени басына көтеріп.

— Барамыз ба?

— Неге бармаймыз, ауырып қалса?

— Құр қол емессің бе?

— Дәрігерге көретін көз, тыңдайтын құлақ, кесетін қол болса жетпей ме, басқадай не құрал керек?

Сембі шал баласынан сәл биіктеу, жұмыр келген аққұба қызыға сүйсіне көз тастап, қалбалақтап, бәйек болды.

— Қарағым, талдан корзинка тоқып беріп жіберіп едім, алдың ба? — деп бұрын да Нұрлан жоқта, талай келіп емдеп жүретін дәрігеріне ықласын білдірді.

— Рахмет, әке!.. Алдым. Үлкен қызметіме жарады. Денсаулығыңыз қалай?

— Анда-санда белім шанышп қояды. Менен гөрі кемпірдің халі нашарлап түр бүгін...

Ертесімен шай ішкенде шешесі қабағын шытып, ыңқыладап отыр еді. Нұрлан ежелгі ыңқыл-сыңқылы деп мән бере қоймаған-ды. Нұрлан үйге аптыға кірді. Айжаннан бұрыннырақ ұмтылып, шал мен кемпір жататын сәкі үстінде, көнетоз көрпеге қымтانا оранып бүк түскен шешесін бас салды. Кемпірдің тілі: «Жүрегім!» деуге әрең оралады, жасы жегінен, әлсіреген кемпір жөндеп ауруын да айта алмайды. Нұрланды көмекке алып, Айжан ет кетіп, қаусаған құр сүйегі қалған арық кемпірді шешіндіріп, шалқасынан жатқызды да, жүрегін тыңдал, тамырын ұстап байқап еді, әлсірей соғады. Жалма-жан Нұрланды дедектетіп емханадан түрлі дәрі-дәрмек, қан өлшейтін аспаптар алдырды. Баянауылда үзақ жылдан бері істейтін ішкі аурулар маманы — қарт дәрігер Паевскийді де шақыртып, екеуі бірге қарады.

Жүректің ә дегеннен қатты ауырғанын есепке алғанда «инфарктіге» үқсайды, жүрек тамырларының бірі үзіліп

кеткен тәрізді дәрігерлер өзара кеңесіп, осы диагнозға тоқтады.

Тұні бойы Айжан мен Нұрлан кемпірдің басында күзеттіп шықты. Айжанға: «Бар үйіце, демал!» деп таңға жақын жалынып та қарады Нұрлан. Қөнбеді. Жалғыз тастап кетпеді, жүрек соғысының әлсірей бастағанын сезді білем, көп ұзамай, таң ата кемпір жан тәсілім қылды. Нұрлан қызылып, көп жылады, шешесінің қеудесіне басын сап, құшақтап жатып алды.

Өтерден он бес минут бұрын, қолын шошайтып баласын қасына шақырып ап, сыйырлап: «Айжан жақсы бала, айрылма, қалқам!»— деді.

Шешесін қимай, қайғыра қиналған Нұрлан, Айжанға көз қызығын тастап еді, ол, терезе алдында дәрі екпек болып шприцин дайындал жатыр екен, естімеген тәрізді.

Нұрланның дәл қазір шешесінің аузынан күтпеген сөзді. Қайран ана, о дүниеге аяқ салып бара жатса да өз басын ойлап жатқан жоқ, баласының қамын жеп, соның келешегін арман қылады.

Нұрлан анасының ажым басқан құшықтай жүзінен көвін алмай толғана қарап қалған. Үйдің ішін айнала шарлап, қыбырлап, ертеден-кеш дамыл көрмейтін ана, міне енді саябыр тапқан, жүзінен не бір қасірет-қайғысы, не бір қуаныш, шаттықтың сілемі білінбейді-ау, білінбейді. Қатал болған өмірге де, кейде ренжітіп, кейде жұбатқан адамға да риза сияқты.

Нұрлан тірі күнінде, кеше Москвадан оралғанда, анасына бірауық көңіл бөліп, бала болып еркелеп, ажымға толы терісі салбырап бос қалған қеудесін иіскелеп, мауқын неге баспады? Неге? Кім қолынан алды? Кім арасына тұсті? Келісімен шауып, Павлодар кетті, одан қайтты да тау-тасты аралап, «қызмет-қызмет» деді де тұрды, анасымен әңгімелесуге қолы тимеді. Эх, Нұрлан!..

Сембі жыламады, малдас құрган қалпы, ерні жыбырлап, аятын үнсіз оқып сазарып отыра береді.

Ертеңінде тұстен кейін қаланың ортасындағы үлкен бейітке апарып қойды. Ауыл-аймақ, туған-туысқандар «ой, әжекем деп» жылап-сықтап, ұзақ сапарға арулап шығарып салды. Төрт жігіт, ең алдында Нұрлан кілемге орап, бейіт басына дейін, иыққа сап, жаяу апарды.

Бір кездегі сырғықтай бойшаң әйел, қазір Сембіден азак қалтқы, кішірейіп кеткен, салмағы да қуыршақтай, жеп-жеңіл. Екі-ақ кісі қаңбақтай көтеріп ап, қабірге салды да,

лахат аузын күйген қызыл кірпіштермен қалай бастады.
Оп-ондай...

«Құлымның», «қараашығым», «күнім» деп айналып-толғанып отыратын анасының Нұрлан енді даусын естімейді, не енді жүзін көріп, өміріне демеу қылмайды, тіршілік бітті, дем таусылды.

Бір адамға қиянат етіп, бір ауыз ғайбат сөз айтып, не бір сабақ жібін сұрамай, іліп кетпеген біртоға момын, ең-бекпен күнін өткізген аяулы жан артына не қалдырыды? О дүниеге өзімен бірге не әкетті? Өзімен бірге түк алған жоқ, бәрі артында қалды. Қайтпас сапарға аттанып бара жатып, мүмкін, құдайға қылған тәубесі, еткен шүкіршілігі Нұрлан болар? Өмірін пида қылған ананың ақ сүтін немен ақтайды екен үлі?

Қабірінің басына ескерткіш орнатумен бе, суретін ұл-кейтіп қабыргаға ілүмен бе? Әлде, қайыршыға жұма са-йын садақа беріп шешесін есіне алумен тына ма?.. Ана баланы өзі үшін таппайды, ұрпағым қалсын, атымды шығарсын деп үміт етеді.

«Бәлениң шіркін, баласы-ай!» деп мақтанып та, сүйсініп те айтса, ана көрінде тыыш жатпай ма!

Құйындаидай дөңгелене үйитқыған осы бір егес-қияс ойды жиналған жұртқа айтқысы кеп тұрды да, шалдар жол бермей, кеү-кеуlep, молдасын тықпалай бастаған соң, ұрыссын ба, кейін шегініп, Айжанды алып, үйге қарай аяңдады.

Аспанды ақ шарбы бұлт қалқып, күн көзі сығалай қарап, жер бетінде теңбіл-теңбіл көлеңке жылжыды. Баяу жел соғады.

Осы бір қайғылы күндері қасынан кетпеген ақылды Айжанды білегінен ұстап, Нұрлан жүрек кернеген сырын шертеді.

— Біз, балалар, ата-анаға қаттымыз ба дейім, Айжан. Дәлірек айтқанда әгоистіліз. Жеке бастың қамын ойлап, үядан бір үшқан соң қайтып қайрыламыз бал! Қазақ «әкенің қәдірін балалы болғанда білерсің!»— деп тегін айтпаған екен. Кешеден бері бір уайымда жүрмін. Егерде, деймін, шешейді алдын ала дәрігерге көрсетіп емдесе, бірер жыл өмір сүруі де ықтимал еді...

— Сен жоқта, іші ауырып, емдеп, құлантаза айығып еді. Содан қайтып, ауырдым деп не ішіне, не жүрегіне шағым жасаған кісі емес-ті, кездесіп қалғанда сұрап жүрдімғой... Жасы жеткен адам, себебі неден деуге келе мел — Ай-

жан жұбату сөздер айтып, жігіттің толқыған көңілін басқысы келгендей. Бірақ, Нұрлан анасы алдында өзін кінәлі дәп есептеп, үйіне келген соң асын беріп, жұрт аяғы тарқар-тарқамас қайғырып жатып қалды.

Осы аптадағы бірінен соң бірі үстінен басқан зілдей ауырлықты жас жігіт көтере алмады ма, тұла бойы қызып, ұзақ түнге сандырақтаап, қара иттердің қамауынан шыға алмай әлек болды.

Ертеңінде, шайын ішкізбей, дірдектетіп аупарткомге тағы да шақырып әкетті.

* * *

Қолда сарала, тобылғы қамшы, Нұрқат таң атпай аудандық атқару комитетінің председателіне кіріп, сымсыз телеграф арқылы тараған қала «жаңалықтарымен» таныстырып өтті. Жақында Ерекең екеуі бір жұма қой отарларын аралап, құс атып, сапар шегіп қайтқан-ды. Содан бері Нұрқат председательге барғыштап, қажет деген шұғыл жайларды түсіндіріп, «сыр» айтып кететін. Өзін іштей председательдің «ақылшысымын» деп санайтын.

«Жақынды жақын деп білмеген бөленің аузы-мұрнын бұзу керек?» деген түйін бойынша, Нұрқат сөзді алдымен Нұрланнан бастады. «Раушанмен бір түн жоғалып кеткенін, оған Мәліктің қалай қарайтынын кім білсін, естіді ме екен өзі? Одан Айжанға қырындал, ақыры, көршілердің пыш-пышына қарағанда, шешесі баласының мінезіне риза болмай, жүргегі ауру екен, қайғыдан қайтыс болыпты-мыс»,— деген қауессепті әдемілеп, нәшине келтіре жеткізді.

Бегимов шегір көзін қадап, сағыз шайнап отырғандай шықшытын қайшылап:

— Мәліктің неге осыған сеніп, құлай кеткеніне таңым бар,— деді.

— Келіншегінен аса алмаған болар,— деген сөзді нем-құрайды тастай беріп, іле басқа әңгімеге көшіп, совхоздың егісті кешең бастағанын, бастаса да өткен жылғы қарқының жоқтығын сөз қылды.

Мұндағы тұлкі жүрісі председатель көңіліне Нұрлан жайында секем алдыру еді, сол мұратына жеткендей.

Кісі сөзін екшемейтін, аңқылдақ Ерекең оң жақ танауының үстінен біткен түймедей қара менін жұлқылап, ойлаңып отырды да, Нұрланға қайта оралып: «Раушанды қайдан білетінін, бірін-бірі жақсы көрсе, неге айрылып кеткенин» сұрап білді де, бедірейіп, үнсіз отырып қалды.

Ерекең естіген сөзін ішіне сыйдыра алмай, жайғастырып отыр ма деген түйінмен Нұрқат қалың ернін дүрдитіп, бала құстай сорғыштап отыратын әдетіне сап, ернін шопылдатып, бастық не айтар дегендей аз мұдірді де, ол үндемеген соң қоштасып кете барды.

Асанов телефон соғып: «Қолың бос болса, кіріп шық!»— дегенде председатель де Нұрқаттың сөзіне құпті боп, секретаръдың жіберген қатесін қалай түзеудің шарасын ойлаап, шерменде боп отырған-ды.

Ерекең денелі, табиғаттың мол жасаған адамының біріді, ісі де өз тұлғасына ұқсас, құлаштап сермен, аянбай қимылдан, өндіре еңбек ететін-ди. Егіс, орақ кездерінде құніттүні далада жүріп машинада үйиқтап, айдалада кез келген бригада, қоста малдас құрып отыра қап, шарайқ айранды тастан алып, тұн қатып жүре беретін, жәй-күй таңда-майтын көнтерлінің өзі.

Өскен аулы, шыққан биік тұғыры да осы Баянауыл. Осы қалада туып-өсті де, онжылдық мектебін бітіріп, алғаш қызметін де аудандық атқару комитетінің жалпы бөлімінен бастаған еді. Содан өсіп атқару комитетінің орынбасары боп істеп жүргенде екі жылдық жоғары партия мектебіне барып, бітіріп кеп, бір жыл болды, міне — председатель.

Баянауылдың итіне дейін біледі мұны. Бұрын жас шағында «Сары бала» дейтін көрші-қолаң, бүгінде «Ереке» дейді.

Ерекең де кім қай рудан, қай ауылдан бәрін біліп, жас болса да, бәрін есептеп отырады. Баянауыл төңірегін жайланаған ағайынды Сүйіндік пен Бөгендіктен тараплатын кішігірім рулар, көпшілігі Қаржас, Айдабол, Қозған бұлардың өзі де ертеден бірінен бірі қызы алып, қызы беріскең, мидай араласып, етene жақын туыс боп кеткен рулар, сүйтсе де, қиқар мінез көктүқыл шалдардың айдал салуымен Ерекеңдер де жауапты қызметке біреуді тағайындарда: «Қайдан екен, өзі?»— деп сұрап қалатыны да болады. Қазір Асановтың кабинетіне, екінші этажға көтеріліп бара жатып, Нұрқат сөзіне ерекше мән берудің себебі де осы еді. Нұрқат екеуі бір рудан: «Нұрқат алдамайды. Ойының бір жерінде жүрсін деп айтылған сөз!»— деді күбірлеп. Мана-дан, тапқан түйіні де осы.

Сорокинмен әңгімелесіп отырған Асанов алшаң басып, ереуілдеп кірген Бегимовке бетін бұрып:

— Ереке, «Баянауыл» совхозын не істейміз? — деді ол.— Кеше Якуповтың директорды да, бас агрономды да орынан босату керек деп кеткенін білесіз!..

Ербол Сорокинге қарады. Ол жерге қарады. Үшеуі де біріне бірі үн қатпай, керісken адамдай томсырайысып аз уақыт қиналып отырып қалды. Шеш енді, осы бір шиеленіскен түйінді?

Тау басынан ығысқан нөсер зуылдай жауып, қала үйлериңің шатырында билеп тұрып алды. Үй ернеуінен bezektep аққан күміс тамшы терезе алдындағы құм бетіне шашқан моншақтай бірі жылтырап, бірі жоғалып жатты. Құм иле-ген қамырдай көтеріліп, ісіне берді, ісіне берді.

Терезе алдына барып шылым тартқан Мәлік ойланып тұр еді. Сабалақ жұнді, бұралқы сары ит көшени көлденең кесіп өте бергенде, ағызып келе жатқан «ГАЗ-69» машинасы бұрылыштан қағып өтті, ит доптай ұшып түсіп, тұяқ серіппестен жатып қалды.

— Ах, бұзық! — деді Мәлік күйініп, Ербол мен Сорокин терезеге төнді.— Итті басып кетті. Немірі... Немірі... Мәлік көзін алақанымен басып, ойға түсіріп бақты:— Қап,— деді өкінішті дауыспен.— Нөль... Нөль... алты... аржагы жадымда сақталмапты.

Ербол:

— Табамыз! Сафаты, уақыты белгілі рой,— деді де, қаласынан блокнотын шығарып Мәлік айтқан цифрларды жазып алды.

— Осынша жылдамдықпен машина айдай ма қала ішінде? Бұ да тәртіпсіздіктің бір түрі.— Мәлік итке жаны ашып, алаңғасар тентек шоферларды сөгіп, негізгі мәселесіне көшे алмай, әлденені сылтау қып тұра берді.

Сафат сыртылдан жүріп жатты, уақыт зымырап өтіп жатты... Егде тартқан, ақылы толған үш еркек өздерін-өздері алдап, шиеленіскен түйінді шешүуге батылы жетпей тұрғанын әрқайсысы өзі сезеді, бірақ... Мәлік қасындағы екеуіне көз қыбын тастап, күлімсірейді.

— Ковальчук егісті аяқтасын. Анау баланы,— деді Ербол әлден уақытта көзін Мәлікten алмай:— босатып жіберсек те жоғалтарымыз шамалы. Барсын бөлімшелердің біріне.

Ерболдың мұнша неге қатал келгенін түсінбеді Мәлік. Эдette, Бюroда жастарға қамқоршы болып, осы ауылдың ақылгөй ағасы саналатын Ербол бүгін жат мінез білдірді.

Мәлік: «Сіз не айтасыз?»— дегендей Сорокинге аударды жүзін.

— Жердің тозғаны шын. Осы күнге дейін батылымыз барып, біріміз ашып айттық па, тек жоғарғы жақтан түскен бұйрықты орындауға тырыстық. Аузы күймеген бала, жастық қып, айтып салып, құрбан боп кетпесін...— Мәлік басын изеп, «дәл, дәл өзі» дегендей Модест Петровичке ым қақты.

Ербол жарыса сөйлеп, бір мұртынан құліп, мысқылдан:

— Герой қылғыңыз келді ме? — деді.

— Герой! Оған дауың болмасын! — деді Сорокин сөзін нығыздап.

— Мойның үзіп ап, обалына қаларсың?

— Алдымен, Ербол Бекенович, сен жауап бересің сол балаға. Содан кейін барып мен берем! — Сорокиннің де даусы қатая берді.

Мәлік сөздің оттай тұтана бастағанын сезіп, араға ертерек түсті.

— Баланың қамын жемейік, ол жас маман, бұл ауданнан кетсе, екінші жерден өзіне қызмет тауып алады... Ауданның көлешегін ойлайық, жолдастар! — деді қаласынан «Қазбек» папиросын алып, Сорокинге ұсынып.

— Аудан тағдырын ойласақ «Баянауыл» совхозының біраз жерін егістен босатып, тыңдайту керек был!.. Баланікі дұрыс! — деді Сорокин шылымын тұтатып жатып.

— Ертерек неге ойламадың оны? — Тағы да қиқарлана құрады Ербол.

— Ойлағанда қандай...

— Бізге неге айтпадың? Мәселе қып неге қоймадың?

— Айтқан бала жазықты боп жатқан жоқ па, мен айтсам тіптен?

— Жә, жетті, ақсақалдар! — Мәлік алақанымен столды тырсылдатты.— Онан да егістікті қалай азайтамыз? Соны ақылдасайық!

Бұл үшеуі сол күні қызмет аяғына дейін кенесіп, шешім таба алмай айрылысты.

Сорокин кеткен соң Ербол бірдеңе айтпақ бол, қипақтап тұрды да, үн-түн жоқ о да кете барды. Мәлік те соның айттар сөзін сезіп, менің тыңдағым кеп тұрған жоқ дегендей сыңай бермей, тез-тез жинала бастады.

Мәлік сезінеді, не дейін деп тұрғаның Ерболдың: «Құтылсаң қайтеді, өзінің моральдық жағы да... бұзық!»— дес-

се, Мәлікке жетіп жатыр — кімді, нені ишараттайтыны бел-белгілі. Ербол аузынан ондай сөздің айтылмағанын хош көреді Мәлік.

* * *

Шешесін жерлеген күні ертеңінде, аудандық партия комитеті шақырады деген соң, Нұрлан, ауырғанына қарамастан, жүгіріп барған.

Бұл есіктен кіргенде, Мәлік көзін жыпылықтатып қайта-қайта қарап, осы шынымен Нұрлан ба деп өз көзіне сенбей де қалған.

Жағы суалып, көзі шүңгірейіп, бетінің түктері үрнип, үқаланып қалған заттай, өнді кетіп, қуарып кірді.

Мәлік аянышты пішінмен Нұрланның қасына кеп, өзі қол берді.

Жаңа ғана темір қанаттана бастаған балапан бүркіт қой — мынау, алғыр қыранның өзі ме деп жүрсе Мәлік. Ой-бу! Өмірдің бірінші соққысына шыдай алмай өндін алдырып қойғаны қалай?

— Аナンың жолы өзгеше, білем жаныңа батқанын. Берік бол!.. Өзім кіріп шыға алмадым, ғафу ет. «Айдабол» совхозында кенет тығыз шаруа бол, соған кетіп қалдым. Раушан барған болар.

Раушаның атын атағанда Нұрлан әлденеден қысылып, қипақтап, кінәлі адамдай төмен қаралды. Кешегі қауесет — бетіне шіркеу бол, бойын тежетіп, аяқ-қолын бүріп отырғанын қарашы. Лағынет!..

Нұрланың ары таза, несіне қысылады?

— Мені орныман аласыз ба? — Нұрлан толқынға қарсы малтыды.

— Жоқ!

— Неге?.. Якупов «ал!» — деп кеткен жоқ па?

— Совхоздың жоспарын қалай орындаіссың?

— Орындалмайды биыл?..

— Қанша процент орындаіссың?

— Елу!

— Аз... Жетпіске түсір... Отыз процент кеміт!..

— Жыртатын жер шамалы. Сенбесеңіз бірге аралап шығайық.

Мәлік жауап қайырмады, әрқайсы өз ойының жібек жібін ширата тоқыда.

— Келесі жылы тағы да азайтасың ба егіс жерін?

Нұрлан жымып күлді.

— Пәле, көбейту-азайту менің қолымда ма, ағасы. Ауданың, Баянауыл ауданының жері егін егуге жарапған жер емес, малдың, қойдың жері... Ата бабамыз егін егуді білмеді, сондықтан екпеп десек, бертін келе орыс шаруалары келгенде де таңдап ойып-ойып еккен жоқ па?

— Сондағы сенің пікірің не?

— Мал өсіру керек. Жыртылған жердің біразын тыңайтып, жоңышқа ексеқ малға қажет түрлі дәнді дақылдарды таңдап ексеқ, құдай біледі-ау, ұтады, ұтады аудан!..

Мал да алтын емес пе? Осыған неге мән берілмейді? Нұрлан Мәлік бөліп кете ме дегендей, жауабын тоспастан миңдыш ар жағынан лықсып келген ойды тоқтата алмады.— Мына қалпында жер жыртыла берсе, бірер жылда ауданды құм басып, тіршілік жоғалады бұл өнірде.

Енді Мәлік ақырын ғана езу тартып күлді.— Ол халге жеткізбеспіз, тірі жанбыз ғой... Сен осы ойларыңды менің атыма записка ғып жазып әкел. Соған өз тұсымнан мен де тілегімді білдіріп, Алматыға ЦК-ға жіберейік... Жазғанда дәлелдеп, мықтап, тартынбай жаз! — деді Мәлік. Столда жатқан «Джамбул» атты қызылала шылым коробкасын өзіне қарай сырғытып.

Нұрлан сенерін де, сенбесін де білмей, ақырып қалды. Алыстағы бір совхоздың бөлімшесіне қуып жіберер деп келсе, «сенің сөзінде шындық бар. Сені қолдаймыз!» дейді. Әзілдеп отырмасын?

— Шын айтасыз ба?

Мәлік салмақты пішінде:

— Шын! — деді.

* * *

Тимофей Федорович Ковальчук радиодан Кремль куранты сағат дәл тоғызды соққанда, не бір минут кеш, не бір минут ерте келмей дер уақытында кабинетінің есігін ашып, орнына отырады.

Бұл оның бойына сіңген қасиеті — бұл тәртіпті бұған үйреткен — оқытушылық қызметі. Сибирде мектеп директоры боп істеп жүргенде — қазақ даласындағы бос жерге егін егіп, тың жерді игеру керек деген ұран тасталды да, өзі сабак берген оныншы класс түгелімен дүркіреп аттанған-ды. Бұларды Павлодарда шат-шадыман, музыкамен қарсы алып, дәріптеп Тимофей Федоровичтің суретін газетке шығарып, обкомда: «Өзі тарих пәнінің маманы, өзі коммунист, өзі ұзақ жыл директорлық қызмет атқарған,

бұдан артық совхозды кім басқарады?»— деп обкомның өзі қостап, кеу-кеуlep, бюроның қаулысымен «Баянауыл» совхозына тағайындаған-ды. Өзімен бірге келген шәкірттерінің біріне қамқор бола алмады, өзі де соған қатты өкінеді. Ковалъчуктің қызмет мәселесі шешілмей түрғанда екі-екі, үш-үштен әр совхозға бөліп жіберіп, кейіннен олар қыындыққа шыдамай, біразы Сибирьге қайтып та кеткен. Өзімен осы совхозға ере келген төрт баланың, қазірде екеуі ғана қалды.

Өмірде ауыл шаруашылығында қызмет істеп көрмеген, мамандығы басқа Ковалъчук келген бетте, орыстар айтқандай, жаңа қақпаға кіре алмай аңырып түрған қойдай тосырқап, жанаса алмай, үрікті де жүрді. Әйтеуір, тыңға келді деген дақпырт бар, жүрттың бәрі сыйласап, қисығы болса түзеп, жаманы болса жасырып, күн көрген-ді. Ал, содан бері бірер жыл өтті, кешегі Якуповтың орнынан алу туралы бүйрығы да ол алғашқы кезеңдің өткендігін дәлелдейді.

Енді сол дақпыртпен қызмет істей алмайтындығын Ковалъчуктің өзі де сезгендей. Аузынан уыз дәмі кетпеген жас бала, келді де бір күнде тыныштығын бұзып, міне, үй-қы жоқ, көрер таңды көзімен атқызып, басы мең-зең қызметке келді.

Шынында, ауыл шаруашылығының маманы болса, кеше дәлел келтіріп айттысып, өзін-өзі арашалап, жақтарап, алмай ма!

Бұл қызметтен өзі босанып кеткені мақұл еді...

Нұрлан енжар кіргенде, Ковалъчук «біткен екен шаруашыз!..» деп топшылады өзінше. Қызыл шұғамен қаптаған емен столдың үсті толған қағаздарды, мүйізі қарағайдай атырынып бара жатқан бұғы-дәуітті, түрлі түсті қарындашқа, қаламдарға толы ағаш стаканды орны-орнына қойып, жинастыра берген де жөн болар.

Ковалъчук керенау қымылмен, басын сәл ғана изеп, ернін жыбырлатып, салқын амандасты Нұрланға. «Қайдан келіп едің сен осы. Ұядынды бұздың деген сөгіс, наразылық түр көзінде. Нұрлан әлі жас қой, кісі сырын көзінен оқуға, ол директор қабағына мән бермей, өз ойын оның алдына бүрін жайды.

— Тимофей Федорович, Асанов жолдаспен келісіп келдім, совхоздың тозған жерлеріне акт жасап, тыңайтатын жердің қатарына көшіреміз. Әсіресе, анау Торайғыр көлінің маңындағы егіндік жерлер шаң-топырағы аспанға үшады.

Нұрлан шаршаган адамдай, баяу қоңыр дауыспен сейледі. Ковалъчук: «Не деп отырсың өзін?»— дегендей қағаздан басын көтеріп ап, бадырая қарайды.

— Шетінен түсіп жырта беріңдер деп бүйрық берген жоқ па, кеше? Қазір де бригада жыртып та жатыр сол жерді.— Ковалъчук ағаш стаканнан бір топ қарындашты қолына алып, домалата уқалап, қолының дірілін басқандай.

— Тоқтатыңыз!

— Не деп?

— Тозған жер... акт саламыз!

— Оған менің көзім жетпесе ше?

— Менің жасаған актым бар. Плановиктің қолында. Маған сениңде!

Ковалъчук хатшысын шақырып ап, Раушанды алдырты. Екі беті алмадай қып-қызыл, бал-бұл жайнап, киімде денемен дene қып тіккен, қысырдың тайындаи доп-домалақ жетіп келді.

Нұрлан басын изеп, амандасты да, әнеугі жасаған актыларды сұрады.

— Оны қайтесің?— деді Раушан тік сөйлеп.

— Қайткені несі? Қорсетпейсің бе директорға?

— Былға оның керегі шамалы, келесі жылға ерте!

— Не деп тұрсың, Раушан?

— Жоспарды был Нұрлаш түгіл, құдай да өзгерте алмас!

— Мәлік ше? Мәлік те өзгерте алмай ма?

— Мәлікке де жан керек.

— Бүгін, осы әлгі бір өзірде тілдестім ғой. О кісі жаңымды ібіліске сатқамын, мені ешкім аямасын,— деді...

— Ибілісі сен болғаның ба сонда?

— Мен бола алмаймын ба?

— Әуелі мұрт шықсын ерніце.

— Мұрт түгіл сақал да бар, байқамайсың ғой, Раушан?

— Ондай мұрт менде де бар,— деп Раушан қабагын түйіп, тыңдағысы келмей, есікке қарай бұрылды.

— Байқа, мұртыңды қырдыртып алып жүрмел — Нұрлан да бұл жолы Раушанға сөзін жібермеді.

* * *

Сол түні Нұрлан машинаның руліне өзі отырып, егістік бригадаларға тартып берді. Жосалыда тұратын күйеуге ти-ген апасы бар-ды, шешесінің жаназасына келгенде он алты

жасар қызын бірге ала кеп тастап кеткен-ді, әкесін сол жиен қарындасына таңсырып, өзі егіс біткенше, далада көбірек болатынын түсіндіріп, біржолата аттанды. Өмірінің осындай бұлыңғыр күндері Айжанга да бара алмай, асығыс жүріп кеткеніне өкінді.

«ГАЗ-69» алыстан жел қуған қаңбақтай домаланып, зырлап келеді. Нұрлан институтта жүргендег шоферлік курсі бітіріп, қолына қағаз алғаш-ды, қазір, сол білімі қажетіне жарап, ешкімге жалынбайды, өзі қожа, өзі айдаушы, шаңды бүркышратып барады.

Бұлыңғып, қою қараңғылықтан жарық іздеген жігіт ойы жол үстінде катушка жіптей тарқатылып, машинаның доңғалағына орала берді, орала берді.

Біреке Раушан сақылдай күліп, ажуалап, «ібілісі сенбісің?» деп ызасын келтіріп, қара жолда билеп тұрып алғанда, машинаның педалін қаттырақ басып, «бассам-ау, сайтанды!» деп, ызғытып қояды, жеткізбейді. Біреке қабағына реніш қатқан Айжан да Раушаның иығынан мөлие қарап: «Нең бар, соқтықпа!»— деп айғай салады...

Раушанды түсіне алмай-ақ қойды Нұрлан. Жақын барсаң жанын қажап қинаиды, алыстасаң еркінді алып, ынтықтыра береді. Жылан аузына тұспеске тырысқан көжектей Нұрлан әлі күнге табан тіреп, берілмей келеді.

Нұрланның бір кезде сүйгені, ғашық болғаны да рас, бірақ, одан бері Раушан да өзгерді, Нұрлан да басқа. Сүйседе: жүзіктің көзінен өткендей өзі талдырмаш, өзі нәзік, өзі сүйкімді жас келіншек, кеудесі томпиып, қарашибы мол ұлкен көзі күлім қағып, екі иығынан демін ап өзі де толқып, Нұрланды да толқытып, алдыңа кеп тұра қалғанда, несін сұрайсың... Жүрегі алқымына тығылып, дірілдеп кетеді.

Тек тұман басқан ми түбінде бір-ақ кісінің аты, түнде жағылған маяктай жылтырап, сөнбейді. Сол ат қана сол мезетте ақыл беріп, су сепкендей құмарлығын басып, жөн сілтейді. Ол — Мәліктің аты...

Құн күркіреп, жауын жауғаннан бері Баян өнірі жүнін тастап, түлеген көктемгі түліктей алуан түрлі құлпырып, көз қарибы. Әр төбенің баурындағы егістік жерлер дымқыл тартып, темекінің тұтініндей сыйзықтап буы шығып, бусанып жатқан тәрізді.

Сай-сайда жылымшылап аққан қар сұы ақырғы тамшысын, көздің жасындай сыйғып, жер тамырына үнемдеп бергенін Нұрлан көзімен көрмесе де, жанымен сезінгендей.

Жол жиегінде қылтия қалған бірлі-жарым сары қызғалдақта: «Егістің күні туды, асық, жігітім, асық!»— деп мерзімді еске түсіреді. Бүкіл өңірге көкшіл-күлгін түсті бояуды баттастырмай суреткердің қолымен үнемдеп жаққан сыршыл табиғат құбылысы Нұрлан көзіне ілінбейді-ау, ілінбейді, бар ынта-жігерін билеп алған — айғыздала жыртылған қара жер!

Көзі де, ойы да — жерде...

Тауды айналып, Торайғыр көлінің маңындағы екінші бригаданың жеріне ене бергенде қарсы алдынан қасқып, ақ шап құла құлын, құлағын қайшылап, шыға келді.

«Адасып жүрген не қылған құлын? Жабағы ма?»— деп әуелі өзіне сенбей, педальді қаттырақ басты Нұрлан.

Машина жақындағанда бергенде, құлын жалт бұрылып, жолға түсіп ап, ата жөнелді. Асау жылқыдай басы кекиіп-құйрығы шошайып жолмен шапқылай берді, машина қуып жеткен кезде, жолды жиектеп, қатарласа жарысты да отырды.

Машина қол созым жерге келгенде, Нұрлан құлын емес, таудағы құлан екенін аңғарды... Қамыс құлақ, қоян жақ, бөкен қабақ, келте құйрық, жұмсақ жал нағыз жануардың өзі. Нұрлан қызығып, қалай ұстаудың әдісін ойлады.

Атпаса, ұстата ма?.. Машинаға бастыру обал, аяйды. Шіркін, екінші адам боп арқан тастаса мойнына!.. Енді қайтып бұл арадан таба ала ма?

Дөп-дөңгелек қызыл допты қолмен қағып, көкжиекке түсіргендей, күн қызыарып, шатынап аз-кем тұрды да, біртіндең бата берді, бата берді, айнала тәңірек мұлгіп құлазыған дала қарауыта бастады.

Тұнып тұрган тау аңғарын машинаның гүрілі, құлан тұяғының тарсылығана бұзып, беймаза қылғандай, машина жақындаған сайын құлан тау қойнына қигаштап тартты. Жол мен құлан арасы алысталап, жаңағана қол созымға келіп қалған жануар алысталап, жеткізбеуге айналды.

Нұрлан да жолдан шығып, құлан соңына түсіп, қақпайлап, тау бөктеріндегі трактор даусы естілген бригадага қарай айдады.

Жылтылдаған қостың оты қызықтырды ма, әлде жаны қысылған соң ләйліп, басы ауған жағына қашты ма, пыр-пыр етіп, бұлтармастан тура отқа қарай тартты.

Балалық шақтағы бәйгеге түскен қызыл байталдың бейнесін елестетті Нұрланның көз алдына: жатаған байтал,

жер бауырлап көсіле шауып, үстіндегі ерін лықсытып, сауырына апарғанда сыйырылып түсіп те қалғаны бар.

Қазіргі құланның түсі де, шабысы да сол қызыл байталға ұқсайды, машина өкшелеп жете бергенде қамыс құлағын қайшылап, ыршып-ыршып түседі.

Құлан қай жаққа бұрылса, сол жаққа шығып, Нұрлан да алдына сап айдаған тайыншадай қосқа қуып тықты. Кешкі асқа жиналған егіншілер әуелі таңдана қарап, артынан құлан екенін сезген соң қиқулап түс-түсінан қоршамақ боп, жан-жаққа бытырап асықтай шашылды.

— Ұста! Ұста!

— Құрық сал!.. Арқан әкел!

— Бері қайыр!

— Ат! Мылтық қайда? — деген түрлі сасқалақтаған эттеген-әйі аралас ұшқары сөздер бірінен соң бірі мылтық оғындағы құлан соңынан атылып жатты, бірақ Нұрлан оның бәрін естіген жоқ, педальді қаттырақ басып, қуып жетіп, қосқа қайта қайырды. Алғашқы қарқыннан айрылған құлан бұл мезетте шоқырақтай бастады. Қостың күн батыс жағындағы шеткірек өскен жалғыз қайыңың түбінен бір жігіт жүгіре шығып, арқанын сілтеп қалғанда, құлан мойнына сарт ете түсті — жануар шыңғырып, етпеттей құлады.

Нұрлан да машинасын тастай беріп, жүгіріп барғанда, талай асауды үйреткен әkkі жігіт құланның екі құлағынан басып, түқыртып ұстап алған, құлан да екі тізерлеп, иегімен жер тіреп тартынып тұр. Көз ілеспес қимылмен енді біреуі ноқта кигізді.

— Пай! Пай! Әдемісін-ай, жүзіктің көзінен өткендей, ә?

— Қайдан қуып келесің, агроном-ау?

— Бүгін етке тояды екенбіз,— деп жігіттер дыбырласып, масайрасты да қалды.

Мойнына бұғалық түспеген тағы жануар осқырып, төрт табандап тұрып алды.

— Асырауга көнер ме екен? — Нұрлан қызығып, құланды тамашалап, жақын барып, жібектей майда жалын сипады.

— Кім үйретеді тағы жылқыны? Бауыздандар, жігіттер! — деді шалғын мұрт, төртбақ, қаралая мосқал еркек, өктемдей бүйірып.

— Бригадир айтты — заң! — деді ет жегісі кеп, аузының сұы құрып тұрған бір қуы.

— Обал болар, Қайырбек! — деді шалдау біреуі бригадирге.

Нұрлан ақымақтық жасағанын тыз етпе шалдуар мінезді өуеніне еріп, құланның обалына қалғалы тұрганын енді сезді.

Мал сойып үйренген жігіттер ай-түйге қарамай терісін басынан бір-ақ сыпрып, бұтын бұт, қолын қол ғып, борша-боршасын шығарып, құлан етін балқытып қазанға аспақ, арақты стакандап жұтып, тойғанынша жеп, бір жасамақ!

— Сойғаны несі?.. Асырайын деп әдейі қуып келсем?— Нұрлан жігіттердің бетін қайтармақ ниетпен өзеуредеп сейледі. Жігіттер ду күлді.

— Не айтып тұрсың, агроном, есің дұрыс па? О заман да бұ заман, құлын тұрганда құлан асыраған кісіні көрдің бе? Асырата ма ол саған? Тісіңді сындырысын...

— Қой, шырагым, айрылып қалмай аман тұрганда соғып алайық!— деді тағы да Қайырбек.

Нұрлан жігіттердің қолынан құланды тірідей ала алмайтынына көзі жетті. Енді қайтты?

— Олай болса, мен өзім-ақ бауыздайын. Қайраңдар пышақтарыңды! — Нұрлан қалтасынан орамалын алып, құланның жасаураған қой көзін сүртіп, жаны ашып, аяйды.

— Бері жіберші ноқтаны! — Ноқтаны өз қолына алып, басын сәл босатып, тура жүріп еді, құлан осқырып, басын кекейтіп, шегіне берді. Осы бір сәт, кез ашып-жұмғанша болған жоқ, тұргандар байқамай да қалды. Нұрлан ноқтанды құлан басынан сыпрып алды... Құлан аспанға бір-ақ қарғыды.

— Ой-бу, ұстаңдар! — Нұрлан қапы үрған боп, айғай сап, соңынан бірге жүгірді.

— Өй, саған не болған жидіп? Есіл еңбегім-ай!

— Құртты-ау, мынау шоқынды.

— Же, енді же!

— Әдейі жібергеннен сау ма осың?

Нұрлан мұртының қызығынан күліп, бригадирдің қолтығынан ап, оңаша алып шықты:

— Жеп жүрген етіңіз ғой, ақсақал, қайтесіз қапалаңып... Әуелі егісті жақсы аяқтап алайық.

Нұрлан неге келгенін түсіндірді. Откен жылғы егілген жердің бәріне бірдей тұқым егуге бола ма? Мал екеш мал да жем бермесең сүт бермейді, жер де сол сияқты, күтім көрек қылады.

Нұрлан Қайырбекті машинасына отырғызып ап, тау алқабындағы егіндік жерлерді аралады.

Машинаның фары жерді тіміскілеп, із қуған овчаркадай сумаңдал, жол бастап, шарлады да отырды.

Імыйрт тарс жабылған. Тұғасқан қою қараңғылықты бомбадай қақ жарған трактордың гүрілі түн тыныштығын бұзып, сай-сайды басына көтере бірінен соң бірі тізбектеліп, оттары жарқырап, қырат-дөңесті аяусыз тілгілеп жүр. Трактор табанының астында ыңыранып, діріл қақсан арық жер оңайлықпен берілмей, соқа тіліне шақ-шақ тиіп тарамысына ілініп төңкеріліп қалып жатты. Жал-жал болған борозда қол саласында қаз-қатар дестеленген, машинаны кесекөлденеңдей сұлап жатып алды.

Нұрлан машинаны бұрып әкеп, борозданың жиегіне фарын сөндірмей қойды да, бригадир екеуі жарық ізімен жерді аралады.

Нұрлан еңкейіп бір уыс топырақ алып, құрт құсатып сығымдал, мұрның апарып қайта-қайта иіскелейді. Дымқыл да тұшы иісі мұрнына келеді. Көз қызығын бригадирге тастап, шымшылап, сыр тарта сөйлемеді.

— Қайыр аға-ау, жер-ана деп тегін айтпаған ғой ертеде. Адамды асырайтын да, өсіретін де жер. Жер де ана сияқты, күтпесе, қадірлемесе ілмейді...

...Ана — арықтаса, қуатты тамақ ішпей, кезінде тынықпай, ертеден-кеш баланы емізе берсе, ол нәрестенің көрген күні қандай, сүт бермеген шешенің емшегінің сәні қандай?

Казіргі Баянауыл ауданындағы жердің халі тап осы суалып кеткен ананың емшегіндей. Жеті-сегіз жыл ұдайымен үзбей жыртқан жерде не құн, не шұрай қалады?

Адам күнделікті күніне мәз болып өмір сурсе, хайуаның аз-ақ алдында дер едік, бірақ, адам баласының бақыттылығы сонда — болашағы, үрпағы үшін өмір сүріп, соған еңбек ететіні анық.

Ал, егер, жерді бұлдіріп, былапыт, салақ үқыпсыз пайдаланса, үрпақ күнін немен көреді? Халық мәдениетінің сәні де, байлығы да жерге байланысты. Жері аз, жері кедей елдің — халқы да кедей... Атам заманнан бергі соғыс та, қан төгіс те — бір жер үшін болып келгенін Қайырбек аға біле ме екен? Білсе, қазақ даласын бос жатқан қаңбақ қана ойран салған құладүз, жапан деп қысық үқпасын. Бұл жердің қойнында ғасырдан ғасырға жетерлік байлық, дәulet жатыр. Тіптен қиялмен теңдес таңқаларлық байлық бар. Ең арты манағы Қайыр ағаң өзі сойып жемек болған құлан да осы даланың байлығы, сәні көркі емес ие? Оны сойып жегенде не түсті? Бір тойдық, қалды. Ал, ол құлан өсіп,

үйір-үйір болып осы таудың ішінде асыр сап жүрсе, қандай жаразты?

Жерімізді қадірлей білейік! Ойланатын кез туды, ағайын. Эр гектар жер — халық мәдениетінің, жігер-күшінің, талабының айнасы, табанының терісі. Сол бір гектар жерден халық бейнесі айқын көрінеді. Осыны ұгатын уақыт жеткен жоқ па?..

— Кеше соғыста кімнің жері деп қоргадық осы? — Нұрлан сөзін тұжырып, Қайырбекке мойнын бұрды.

— Өзімнің жерім деп!

— Ендеше біреудік сияқты неге салақ қараймыз! Неге жанымыз ашымайды.

— Табылады ғой, інішегім, меншікті көксейтін дегендे қара нардай күші барлар.

Нұрлан мен Қайырбек трактор екінші оралғанда қолдарын бұлғап, бес тракторды тоқтатып, бұл араны бітірген соң, қай жерге түсетінін ескертіп, кері аяңдады.

— Қаражардың бауырын тастаймыз ба сонда?

— Была тынықтыр. Жоңышқа ек.

— Ой-бай-ау, жоңышқаны егуге болмайды деп жатқан жоқ па?

— Жұрт айта берсін, сіз ептеп еге беріңіз. Жоңышқа жерді тыңдайтатынына дау жоқ. Алдымен жер тамырына азот керек. Азот жоқта жер байланып, тамыры өсіп, құаттанбайды, іріген-шіріген қалпы құл-топырақ бсп жата береді. Жоңышқаның азотты бойына жинап, сақтайтын қасиеті бар...

— Жоңышқа қайдан алады азотты?

— Аспаннан, ауадан, күн күркіреп, нажағай ойнағаннан кейін көктемде неге жер құлпырып шыға келеді, білесің бе?.. Соны құлпыртатын азот!..

Осы бір түн Нұрланға сын: Қайыр ағасын ұйытып, соңынан ерте ала ма, егіс тағдырын ол қолына алып, ағынан беріліп, оң көзі бола ала ма, жоқ, әлде агрономның сөзін құлағына қыстырмай, бұрынғы дағдымен салдыр-салақ істеп «айдың пәленіне жоспарды орындаңық» деп рапорт жаза ма?

Нұрлан Қайыр ағасының мінезімен де, ой өрісімен де таныс. Кеше екеуі бір колхозда өсken, ағайында, жеккіт адамдар. Нұрлан ес білгелі — Қайыр ағасы колхозда бригадир болатын, содан совхозға айналғанда да бригадирлік қызметін атқарады. Маңдайына жазған. Өміртариҳы екі-ақ жолға сыйады. Қазір жасы елуде, жеті жылдық мектепті бі-

тірді де колхозға жұмысқа енді, одан соғысқа алынып, Берлинге шейін жаяу жүріп, жеңіп қайтты, келісімен бригадир болды. Соғыста партияға алыңды. Екі ордені бар... Нұрланың Қайыр ағасы аспайды-саспайды, ерінбейді, айтқанды тағы екі қылмайды, егінді егеді, шықса орады, әлеваторға табыс етеді. Қыс болса, көктемге дайындық жасайды. Жыл сайынғы әдетке айналған жұмыс ырғағы осы.

Біреу тілін алмай, бүйрығын орындағай қойса, Қайыр ағаң іштей реніш ететін болар, бірақ кейбіреудей күйіп-пісып, қапаланып, ашу шақырғанын, совхоз маңында ешкім байқаған жоқ-ты. Насыбайын шырт-шырт түкіріп, астыңғы ернін жымырып ап, өзі дедектейді.

Бұғін Нұрлан Қайырбек ағасының «салқын» қанын қызындырып, жүргегіне от жақпақ. Жаға алды ма? Міне, соны білмей кетіп барады. Тұн ортасы ауған кезде, қайтып бара жатып, көзіне ұйқы тығылған соң Торайғыр көлінің түбіндегі Тайжан шалдың отарына тоқтады.

Қой қамаған шарбақтың алдында шоқайып «Алыпсоқ» отыр, қай кезде ұйықтайдынын кім білсін, әйтеуір, күні-түні қойды қүзететін осы тәбет. Тайжан шал әбден сеніп алған, қасқыр түгіл ұры түссе де, мызгитын смес, кемпірінің қасында қасынып жата беретін сияқты Нұрланға.

Машинадан түсіп, үйге қарай жүре бергенде «Алыпсоқ» жуан салмақты даусымен: «Шал, үйіңе кісі бара жатыр!» дегендегі арс етті де қоя қойды. Осы үнді тосып жатқандай, көйлек-дамбалшаң қоңылатаяқ Тайжан да серең етіп қарсы шықты.

Нұрлан қол беріп амандастып, өзінің қайдан келе жатқанын сөз етіп, екеуі сыртта аз-кем тұрып қалды.

Нұрланың шешсі қаза тапқалы көрмеген еді, көңіл айтты. Кешеден бері өзінің де кемпірі мұрттай ұшып, ауырып қалған көрінеді, ауданға, Раушанға хабар жіберіп, дәрігер сұратқан-ды, әлі жете алмай жатыр.

— Машина дыбысын естімей де қаппын. Көпкө дейін тосып-тосып, қатты ұйықтап кетіппін. Алыпсоқ арс еткенде ояндым,— деді Тайжан өзінің неге асыға шыққанын дәлледеп.

— Кім арқылы хабар жеткізіп едіңіз?

— Қатардағы бригаданың рациясы арқылы... Раушан үйде жоқ па...

— Келгенше сол бол жатқан да. Таң атқанша тосайық. Болмаса, мен ала кетейін жүргуге жараса.

— Жарамайды. Эйтпесе, бригададан машина алып жібермеймін бе?

Нұрлан енді үйге кірмеді, машинасын қорадан аулақтау жерге қойды да, ішіне кіріп қол-аяғын баурына тұғып үйіктады да қалды.

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Күн көтеріле аупарткомның құла «Волгасына» мініп, қасында Айжан, Раушан асығыс жетті отарға.

Машинадан түсер-түспес үйіне жүгіре кіріп, шешесін бас сап, құшақтап, көзінің жасын сығып-сығып алған Раушан Айжанға жол беріп, жалына қарайды. Шешесі қызына ым қағып, жанына отырғызып, басын изәп. «ризамын!» дегендай піғыл білдірді. Көзінде: «Жеттің бе, қалқам, енді арманым жок!» — деген ойын суда діріл қаққан көлеңкедей, дауыстап айтпай-ақ таныды Раушан. Откен түні естісімен жүгіріп Айжанға келсе, ол емханада аяғы сынған совхоз жұмыскеріне операция жасап жатыр екен, тапжылмай отырып бір сағат күтті.

Дүниеде біреуді тосқанда уақыттың өтпей қоятыны-ай!.. Бір сағат бір жылдай көрінді.

Жеңін сыйбанған, ақ халат киген Айжан операциясын аяқтап, ауызғы бөлмеге кіріп келгенде Раушан жылап жіберді.

Шешесі хал үстінде жатқан секілді. Дәл қазір Айжанды апармаса, анасын жоғалтып алатында үрейлі, бас сап жалынып-жалпайып, қолقا салды: «Түн деме, барайық! Бір жақсылық істе, баурым!» — дейді. Айжан хирург қой. Мұнда сағат сайын керек болып қалуы да мүмкін, басқа ішкі ауруларды қарайтын дәрігер неге бармайды деген құрбысының сөзіне құлақ аспады.

Екеуді Раушаның үйіне кеп шай ішіп, шыққанша таң атқан...

Айжанның саусақтары, шіркін, қандай епті, анасының іші-қарның басып-басып, өкпесі мен жүрегін тыңдал, ақыры «өкпесіне сұық тиген!» деп, пенициллин еге бастады. Жасы жеткен кәрі кемпір, жүрегі әлсіреп, дене қызының көтере алмай, аз мерзімнің ішінде жүдеп жатып қалған. Айжан әрбір үш сағатта дәрі егіп, тұс кезінде ауруының бетін бері қаіырды.

Қалжырап, шырт үйқыда жатқан Нұрлан бұлардың келгенін де, аурумен күресін де білген жоқ, тек Айжан мен Раушан Тайжаннан кімнің машинасы екенін біліп ап, сауысқандай шықылықтап машина сигналын басып қалғанда бірақ оянды.

— Oho! — деді ол бұларды көріп таңданып.

— Қашып жүрсөң де қуып жеттік қой! — деді Раушаның өзі күлмесе де көзі күліп.

— Кімге керек бола қалдым екен, соншама, мені қуатын? — Нұрлан да қалжыңға басты.

— Бағаңды білмейді екенсің ғой. Кейбір келіншектер сен дегенде ішкен асын жерге қояды деп естідім,— деді Айжан ақырынға күңкілдеп.

Айжан, тегі, осы қекесін сөзді Раушанға тигізе айтқандай. «Кейбір келіншектер» дегені — Раушан. Э, солай ма өзі...

— Ия, Нұрлан, сен өз бағыңды түсінбей жүрсің. Келіншек түгіл, қыздар да бар сенің тұлышыңа мөніреп жүрген. Ха-ха!

Айжан дым айта алмай мойнына дейін қызыарып, ернін тістелеп теріс айналды.

Ебі де, құлығы да жоқ, аңқау Нұрлан жыптықтап, сасқалақтап, қыз қолынан ұстай алды.

— Айжан, кешіре гөр...

— Нені кешірейін? Кімге кешірейін? — деді Айжан да аңғармаған пішінде, бірақ мөлтілдеген маржан жас қыздың сөзге шорқақ екенін жақсы танытты.

Айжанның Раушан сөзін көңіліне дық алғанын, оның артық кеткенін жалғыз Нұрланға емес, Раушаның өзі де сезіп, өкініп, ілгері жүріп бара жатқан қыз берін жігітті қуып жетті.

— Сен екеуің қымс етсе, оңашалана бастайды екенсіндер? — Түк болмаған адамдай Раушан сыйқ-сық құліп, сөзге шақыра сөйледі.

Айжан «ұндемел!» дегендегі қолтығындағы жігіт қолын қыса қойды. Ол — аңқау «не дейсің?» дегендегі Айжанның бетіне адырая үңіледі. Мұның берін Раушан сезіп те, түсініп те келеді.

— Нурлашка, осы арада керемет «Әулие тас» бар дейтін, соған бізді алдып барасың ба? — Раушан қасақана Айжанның қытығына тиу үшін бе, Нұрланың көзіне қадала, мөлдіреп, зіл арта қарайды.

— Бар, бар! Қорықпасаңдар, апаратын, әулие соғып кетіп, тілден айрылып жүрмесеңдер.

— Әулие ділмар, тілі ашы кісіні шалатын болар! — деді Айжан Раушан сөзінің қайырымын қайырып.

Раушан сақылдап құліп, Айжанды бас сап, құшақтап: «Мир! Мир ма?»— деп орысшалап, өзінің жеңіл мінезіне сыны тағып, әлгі бір ашы сөзінің уытын қайтарғысы келді де, Айжан құлағына сыйырлап: «Екеуміз талассақ, мына Нұрлан сияқты құзғынға тағы жем түседі!»— деп сақылдап құлді.

...Нұрлан: «Тығыз жұмысым бар!» деп қаншама қынжылып, қиналса да, Айжан: «Дәрі екпейміз бе?» деп тартынса да, Раушан еріктеріне қоймай, келесі дәрі егуге әлі үш сағат бар, сол үш сағат ішінде оралмақ боп, ықтиярсыз алдып барды.

Бұйрат-бұйрат құладұз жапан дала бейне бір тұнып тұрған теңіз де, тау етегіндегі «Әулие тас»— жағаға кеп тоқтаған жауынгер кеме. Нұрлан бала кезінде бір көрген-ді, есінде қалмаса керек-ті, дәл мұндай табиғат шеберлігін жастықпен аңғармапты да. Ісмердің қолымен қашалып жасағандай, ғасырлар бойы жауған жаңбыр, ескен жел сүргілеп жона берген.

Машинаны әкеп «Кеменің» сырт жағына қойды да, өздері жаяу барды қасына. Нұрлан саусақымен ернін басып, «тіш-тіш!» деп серіктеріне үрей тудырып, мысықша басады аяғын. Айжан үріккен киіктей, сексиіп тұрып қалды да, Раушан Нұрланға еріп, үңгір есігінің аузынан сыйғалады.

Әуелі Нұрлан сыйғалады. Үңгірдің ортасындағы қазанға үқсас суға лықылдан толған шұққыр тас ілінді қөзіне.

Үңгірдің биіктігі — кісі бойындай, тәбесі киіз үйдің шаңырағына үқсас дөңгеленіп, бүрісіп барып біткен. Еш жерінде саңылау жоқ, жарық есіктен түсетін сияқты, қазаның арғы түкпірі тастай қараңғы.

Нұрлан мысықша басып, еңкейіп есіктен кірді де, босағада дағдарып тұрып қалды: он жақ бүйірде адам мұсінің көлеңкесі пайда болды.

Пістік мұрын, жұқа ерін, имек біреу. Нұрлан кімнің көлеңкесі екенін түсінбей, жан-жағына алактап қарап, «сайтанды» іздеді. Алғашқыдай емес, көзі үйреніп, үңгірдің түкпір-түкпірі де анықтала бастады. Бірақ, «сайтанды» таба алмады. Тағы бір басып, қозғала беріп еді, көлеңкे бірге қозғалды. Бұл өзінің көлеңкесі екенін Нұрлан түсінді де

Іштей мырс-мырс күліп, кейін бұрылып, саусағын шошайтып, Раушан мен Айжанды шақырды.

Раушан бұрын жетті.

— Көрдің бе? — деді Нұрлан, иегімен көлеңкені нұсқап.

Раушан қорыққаннан алақанымен бетін баса қойды.

— Сайтанның көлеңкесі! — деді Нұрлан дірілдеп өзінө қарай жабыса берген Раушанның құлағына сыйырлап. Раушан қаша жөнеліп еді жігіт шап беріп білегінен ұстай ап, талжылтпады. Раушан кеудесіне құлап тұсті. «Қорыққаннан есінен танды ма?» — деген Нұрлан, жеп-жеңіл келіншекті көтеріп ап, кейін шегінді.

Раушанның қиярсып талықсығанын, әдеі көтерткенін Нұрлан сезбеді, үрейі қашып келіншекті әкеп, Айжанның тізесіне басын салды. Айжан Раушанның кірпігін ашып, қараышына қарады да, қиярсынып жатқанын біле қойды.

— Жігітім, секретарьдың алдында жауап бересің енді. Раушанның халі нашар! — деді Айжан ұзын кірпіктерін төңкере қағып, сыпайы сызылып.

Нұрлан сасқалақтап Раушан көйлегінің қеуде түймесін ағыта бастағанда ғана Раушан ыңыранып, есі кірген болып кірпігін жыптылықтата бастады.

— Сул.. — деді ол.

— Су тап! — деді Айжан.

Нұрлан жүгіріп барып машинаның артқы орындығынан стакан алып, үңгірге қарай қайта жүгірді. «Осылармен, құрғыр қайдан байланыстым екен?»

Ентіккен бойы үңгірдің ішіне кіріп барып, қазанға төнді. Мөп-мөлдір, көкпенбек, тұнық судың түбінде көк гаунар, аппақ маржан, қып-қызыл інжу жатқандай нелер әдемі де түрлі тұсті тастар жылт-жылт етіл, көзді тұнжыратып, ынтықтыра тұседі.

Шынымен асыл тастар ма, жоқ әлдебір саңлаудан тұсқен жарық сәулесі мег?

Ұзақ тұра алмады, стаканды батырып жіберіп, су алды да қайта шықты үңгірден. Бірақ Айжан да, Раушан да табылмады, орнында жоқ, көзден файып болды. Аң-таң, қайтерін білмей, Нұрлан алақтап түрғанда баяғы жас күніндегі естіген ақызын есіне алды.

«Әулие тастың» сүйн ішкен бір жігіт құланға айналып кетіпті-мыс. Өмір бақи үйіріне қосыла алмай, жапанда жалғыз кезген ақсақ құланды кім атып алам деп қумады? Кім үміттенбеді?

Нұрлан ішіп жіберсе, мүмкін, құланға айналар! Стакандағы көкпеңбек көк су көкшіл тәрізді, іше салса, ақсақ құлан емес, құланның өлігіне үқсар...

— Қыздар, қайдасыңдар? — Нұрлан айғай салды. Қолындағы стаканын шайқамауға тырысып, жайлап басып, машинаның қасына таман барса, Раушан мен Айжан «Газ-69»-дың артқы доңғалағы түбінде тығызып отыр.

Бұлардың әурелеп, келемеж етіп, әуре, сарсаң қылғанын енді түсінді Нұрлан.

— Мынау суды ішем де, қазір ақсақ құланға айналам. Кәне, нанбасаң ерегістірші? — Нұрлан стаканды ерніне таман апарды.

— Уланасың, кім біледі, неғылған су екенін? — деп Айжан шыр-шыр етіп, қолына жармасты, Раушан сыйылықтап құліп:

— Іше алмайсың. Ерлігің жетпейділ — деді.

— Ерегіспе, Нұрлан! — деді түсін сұтып Айжан.

— Ах, мұндай қорлықты көргенше, өлген артық! — Нұрлан қолды бір-ақ сілтеп, стаканды аузына апара бере, үстіне төңкере салды.

— Ой-бай! — деді Айжан бетін басып.

Раушан дыбыс бермей, әуелі тына қалса, артынан судың дегенге аққанын көріп, үрейлі дауыспен: — Өлді сорлы! — деді.

Осы кезде, таужақтағы қыраттан қылаң етіп, бір салт атты шыға келді. Астындағы асая шабдар байтал, машинаның қарасын көріп осқырып, үркіп, жолаушыны жақыннатпады. Басында — сұр қалпақ, үстінде — көк плащ, бидай өнді Нұрқат сипай қамшылап, тепеңдеп ілгері айдал еді, шабдар қырындап, ауыздығын қайшылап, бұра тартты.

— Асая атты тауып алғанын, әліне қарамай! — деді таңданып Айжан.

— Бұл тентек қайдан жүр? — Нұрлан «атымның сұры өзіме мәлім» дегендей сақтанғандай сыңай білдірді.

Күлкі қысып булығып тұрған Раушан әрі шыдай алмады білем, сақылдай құліп, атқа қарай алақанын шапалақтап еңкейе жүгіріп еді, асая ат жоғары атылып, бой бермесстен ала кеп қашты. Нұрқат шабдардың жалына жабысып, недәүір ауыздықты тартқылап жібермей жігер жұмсал еді, асая байтал мөңкіп-мөңкіп, лақтырып тастап шығанға бірақ шықты. Шайтан тұртқілеп, шошыта түскен ерін тепкілеп, шу қара құйрық дөңнен асты.

Қалпақтай жерге ұшып түскен Нұрқат басы зеніп, орнында сұлық жатып қалды. Шек-сілесі қатып, күлкіден домалап жатқан Раушанға қосылып Айжан да масайрай құлді.

Шошинып бөлесіне жаны ашыған Нұрлан ғана. Қасына жүгіріп барып, басын сүйеп:

— Жұлдының үзіліеннен сау ма? — Нұрлан сөз астарына мән бермей адал ниетімен үрэй білдірген-ді. Ызалы Нұрқат ажуа деп ұқты:

— Ендігі арманың сол ма еді, Дон-Жуан! — деді Нұрқат басын ұстап есекіреп.

— Не десең де аман болшы өзің!

— Әкеңді танытартмын, тұра-тұр. Осының бәрін басқарып жүрген сен фой, Дон-Жуан!

— Пәле, жындымысың өзің?.. Менің не жазығым бар? — Нұрлан ашуланарын да, кейірін де білмей сұқтана шегінді.

— Есебі, егін егіп жүрсің гой далада, ә?

Бұлардың қасына келген екі әйелді төрелікке шақырды қысылған Нұрлан.

— Пәле, мынаның есі дұрыс па, Раушан?.. Айтшы, үркіт дедім бе саған?

— Жігіт болсаң, мықты отыр ерде. Немене кіжіктеп ашу шақырасың? — деді Раушан бас сап, тілдеп.

— Әй, шолтаңдама, күйеуім секретарь екен деп... Бұғін ол секретарь да, ертең — үшіт!.. Кетті!

— Нұрқат, тілім өзімдікі деме, кесіліп қалуы оңай! — Раушан ерегеске бел байлады.

— Ол дәүір өткен, кескішім! — деді Нұрқат тілін тартпай, ә десе, мә деп.

— Сендік әлі де табылады.

— Қойыңдар, осы шекіскендерің де жетер.— Нұрлан төрелік айтып, араларына түсті. Егес-қияс сөзді өршітпеуге тырысты.

— Осымен кім сөйлесті? Өзі гой, есебі, тиіспін тұрған. Сұрашы, Нұрлан, аулақ жүргеніне ақы ала ма екен? — деді Нұрқат екі қолын бірдей ербеңдетіп. Осы бір шақ оның даусынан да, сөзінен де жеңіле бастағандықтың ізін байқап қалды Нұрлан.

— Ақы дейсің бе? — деді іліп әкетіп, тентек мінез Раушан да осы жауапты тосып тұргандай.— Білем, сенің ақшаң көп, машина сатып алам деп жүргеніңді. Кәне, қанша ақша берерсің аулақ жүреін?

— Тұу, саппас! — Нұрқат алая бір қарап, машина түрған жаққа бұрылып, Нұрланға:— Жеткіз ауданға мені! — деді бидай өңі күреңтіп, ісініп, жалпақ танауы делдиіп.— Сендердей ерігіп жүргем жок. Қалғанын тиісті жерде сөйлесерміз! — Аржағынан бір пәлесін тіреп сөйлегенін үшеуі де үқты. Бірақ, тіл қатпады, тентек Раушан да шақылдаса беруге жалақты білем, мұңайып, тебіндең жаңа шыға бастаған көкпекті жұлып ап, иіскелей берді.

Үшеуінде көңіл күйі бұзылып, машинаға сұлық отырды.

* * *

Үшеуін де құла «Волгаға» мінгізіп, ауданға қайтарып жіберді де, Нұрлан өзі «ГАЗ-69» бен егісті аралап, ауданға екі күннен соң оралды.

* * *

Таудағы оқиға бүкіл қалаға жайылып, әркімнің аузында сағыздай шайналып кете барған көрінеді. Қаңқу сөздің әдетте қоспасы көп: түрлі сақта жүгіртіп, әшекейлеп,, жұртты не құмартып, ынтық қып, немесе, жан түршіктіріп, іріңсіз бейне беріп, зәресін алып күн бұрын білдіріп қояды.

«Шешесін сылтау қып, Раушанды тауға шақыртып алдырған еken Нұрлан, соңынан Айжан қып барып, құрбысының шашын жұлып жатқан жерінде, үстінен Нұрқат шығып қап, Нұрлан екеуі төбелесіп, таяқ жепті»,— деп таратса, екінші өсек: «Нұрлан мен Нұрқат екі әйелді тауға алып кетіп сайран салған»,— деп жайған.

Осындайды кім таратқанын, қайдан еститінін, қалай ары жетіп, өңін айналдырып жіберетінін, адам баласы жаралғаннан бері ешкім білмейді де, не авторы да табылған емен, не біреуі —«мен едім осыны таратқан» деп және мойнына алмаган.

Сөз ұшқыны, әрине, Нұрқаттың өзінен тараған. Ашулы қалпымен аудандық партия комитетіне келіп, болған оқиғаны Мәліктің алдына жайып салғаны шын-ды. Ондағы максаты — Раушанды әшкерелеп, соның абырайына нұқсан келтірудің айласы болса бір сәрі ғой, бұған итермелеп жүрген өз басын қорғау. Ертең ерке тоқал көп, жұбайына, Нұрқатты септік жалғаудың түр-түріне сап, септесе, талдаса, не жаны қалмақ?

Нұрқат іштен шаламын деп байқамай бір сөзді артығырақ айтып қалды Мәлікке. Ол: «Раушан мен Нұрлан жаһында түрлі өсек тарап жүр қалада, осы екеуінің тауда кез кеп қалуының өзі тағы да бір тілге тиек емес пе?»— деген-ді, осы сөз артықтау айтылғанын Нұрқат кейін сезінді.

Көптен жүрекке байланған дерт секілді күдіктің бүгін беті жарылып, қызыл шақа жараға айналды да, Мәліктің жанын қинаған. Осы сөзі бекер де артық. Фактіні жеткізіп қана қою керек еді. Қорытындыны өзі жасасын. Ертең Мәлік тексеріп, анықтап алмаған күнде (тоқал анықтата ма?) жек көріп алмай ма?

Мәлік: «Рахмет, менің тосып жүргенім осындаі дәлелді сөз еді, жақсылық жасадың!»— дегендегі көтеріңкі үндег күліп, иығынан қағып шығарып салды да, қолын жібермей: «Адалдық керек, жігітім, адалдық!»— деді.

Нұрқат басын изеп: «Әрине, әрине!»— деп, кабинеттен масайрап шықса да, іле лаулаған көңілі су сепкендей басыла қалды. Не деді жаңа Мәлік?

Нұрқаттың адалдығына шек келтірген сөз емес пе: «Адалдық керек!» дегені? Сенбеген жиіркеніш білдірген адамның сөзі гой бұл?

Таудағы оқиғаны баяндаپ отырғанда, Мәлік бір езуінен мысқылдай күлімсіреп, сын тұрғысынан келген жоқ па еді.

«Әулие тастың ішінде Сірін бірі қуып, жасырынбақ ойнап жүр дейсің, ә?»— дегенде, дауыс ырғағы өзгеріп, кекете қайталап сұраған сықылды ма, немене?

Мәлік деген уысқа түспейтін, ауызға бір салғанда жарайлмайтын жаңғақ болып шықты.

Нұрқат, байқап бассайшы, аяғыңды!..

Нұрқатты шығарып сап, Мәлік жаяу аяқдады.

Өсек сөздің басталуы-ақ мұң, бірсыптыраға дейін тоқтамайтыны белгілі. Қайтсе тоқтайды?

Көшеге шығып: «Тоқтатыңдар!»— деп айғай сала ма? Кімнің аузына қақпақ болады? Ең ақылы — Раушан өзін өзі ұстай білуі керек емес пе? Эй, Мәлік! Осы күңкілдің қажеті қанша, ашық сырласайықшы! Кәне, айтшы, өз көңліңмен бөтен мінезін көрдің бе Раушанның?

«Кеше ауру шешесіне барды. «Барма!.. Үйде отыр!»— деп әмір ете аласың ба?

Тоқта, бір фактінің бетін ашып берші: Нұрлан қайда қалды? Егер дс екеуі күн бұрын уәделесіп, сол жерде кездеспек болса ше?

Жоқ, жоқ! Әрі тереңдетпе, шырақ!.. Күдік — қызған шоқ, үрлесең тұтанып, өрши жанады».

Раушан жуынып, таранып, қарға аунаған тұлкідей өңін жаңартып, құлпырып, тұскі тамаққа жұбайын тосып отыр екен, еркелеп Мәліктің мойнына асылды. Нұрқат әңгімесінің әсерімен толқып қайтқан Мәлік самарқау қимылмен шашын сипады.

Іштегі күдік бұлыңғыр күнгі теңіз суындай, жүрек жарына соғылып, кейін лықсиды.

— Немене, көңілсіз келдіңіз?.. Сағынбадыңыз ба мені? — деді Раушан. Әлбетте бірер күн бірге болмаса, сағынышын баса алмай еркелейтін, аймалап жаны қалмайтын Мәліктің қазіргі салқын міnezін ерсі көргендей.

— Сағынбадым.— Даусы құрғап, үні өзгеріп шыққанын Мәліктің өзі де байқамай қалды.

Раушан қолын босатып, «Не деп тұр осы!»— дегендей таңдана қарап, кейін шегінді.

— Сағынбадым, Раушан. Шыным. Өзі ақылды, өзі көрікті жарым бар деп мақтаныш етіп жүргенде жұрт аузына ілініп, әркім бір сыртыңдан қолымен көрсетіп мазақ қылса, сағынарсың ба, сағынбассың ба? — Мәлік осы сөзді сырт киімін іліп жатып, жас баламен сойлесетін үлкеннің үні тәрізді, олқы дауыспен айтты.

Раушан, әділетсіздікті жаны сүймейтін, жасынан соған көнбей үйренген, ыршып тұсті. «Шалдуар мінездің әуеніне еріп...»— деп, жуып-шайып бірдеме айттар тегі деп жорыған Мәлік Раушанды танымай қалды.

— Сақалды басыңызбен өсек тыңдағаныңыз ба?

— Іштеріңде болған жігіт айтса, не дер ең?

— Не деп? Мен атын үркітіп, жығып тастады деп пе?

— Сені мен Нұрланды атаққа таңады... Бұрын да бір сыйбыс естіп, мән бермеп едім. Кәне, Раушан, не әңгіме бұл?

— Осы күнге дейін арым таза-ды... Енді бұдан былай уәде бере алман! — деді қиқарланып Раушан.

— Бұл не деген сөзің?

— Қалай тұсінсеңіз солай тұсініңіз... Сіздің сеніміңізді ақтап, үстіме кір жуытпауга тырысып едім, оным әурешілік екен...

Бюорода өз ықпалын жүргізіп, сөзін тыңдатып, ақыл үйретіп, жүртты аузына қаратып отыратын Мәлік жұбайына

жауап қайтара алмай, аңдаусыз да дәкір сөйлеп, ұтылып қалғанын сезініп, іштей қинала өкінді. Шіркін, отыз екі тістен шыққан сөзді қайтара алса, не қағазға жазылған сөздей өшіріп тастай алса...

Ең жақсысы: дәл қәзір үндеу керек еді. Өмірде өз бетімен радио ойнатпайтын ерек, радиоқабылдағышқа ұмтылып, кез келген әуе толқынындағы музыкаға жармасты.

Адал ниетті, ән-қүйді жақсы түсінетін Раушанның көңлін ашып, жаңағы өз сөзінің уытын қайтармақ еді, сорына, ол толқында «Риголетто» операсын беріп жатыр екен.

«Сердце красавицы Склонно к измене...»

Деп қақсан қоя бергенде, өзі булығып отырған Раушан жылап үйден шыға жөнелді. Мәлік әдейі ойнатқандай қытығына дәл тиді.

* * *

Егіс аяқтала бере, облыстық партия комитеті жіберген комиссия Баянауыл ауданына келіп жетті.

Біздің заманда арыз жазғыштар көбейді — біреудің не ісі ұнамай қалса, не біреумен қатты сөзге келсе, соның үстінен түрлі — өсек, қаңқу сөзді теріп ап, жоғарғы орынға, кейде өз атымен, кейде атын қоймай қоя беріп біреудің басын әлекке сап, іштен мәз боп құліп, қанағат табатындар да табылды. Бұл — кек алудың бір түрі, жеке басқа табыну дәүірінен қалған стиль сияқты. Бір кезде қолына мылтық алып, «дуэльге» шығып атысын, немесе, малын қуып кетіп, «барымта» арқылы кегін қайтарса, «сойыл» орнына «арыз» ала жүгіретіндер әлі азайған жоқ. Әрине, мекеме басында отырып, іске «селқос, немқұрайды» қарап, жауапкершіліктен қашып, іс түйінін шешпейтін мансапқорлардың, кей жайда қиянат жасап, өз құлқынының қамын ойлад кететінін әшкерелеп жазу керек те болар, дегенмен «арыз жазу» дағдыға айналса, ол мақтанарлық мінез емес.

Міне, бүгін дәл егістің ақырғы күндері, барлық ынтағлас, жігер-күш егінге жұмсалып, қол тимей, қызылтану боп жатқанда, комиссия келіп есті шығарып бүкіл аудан назарын өзіне бұрып әкетуі келіспейді-ақ.

Нұрлан женілtek болсын мейлі, аудандық атқару комитетінің председателі Ербол айтқандай, біреудің сүттей үйіп отырған семьясын бұзған көрсе қызар, «Дон-Жуан»

болсын мейлі, Нұрқат айтқандай, тіптен білімі бар, тәжірибесі жоқ анасының сүті аузынан кетпеген бала болсын мейлі, кейбіреулер айтқандай, сонда да егісті бітіру керек емес де, не алып барады, осынша — жедел комиссия жіберетін?

Егісті Нұрлан армансыз, ойдағыдай өткізбек болып, жаңын салып еді, көрдің бе, комиссияның кесірі тиейін деп отырғанын. Тұқым себілгенде өзі басы-қасында болса бір сәрі еді, ерік бермеуге айналды.

Комиссия бастығы баяғы өзін бекітерде қарсы болған облыстық өндіріс басқармасының кадр бастығы Медетов екен. Екі аяғын бір етікке тығып, дікілдеп тілі таңдайына тақ-тақ етеді: қағазына қарайды да, тергеуші сияқты тағылған әр айыпқа жауап күтеді.

Арыз жазған адам Нұрланның аңғаруына қарағанда найзаның өткір ұшымен әуелі Мәлікті соққан, соққан да, сонсоң сапысымен дәл төбеден Нұрланды ұрган. «...Ерке әйелінің әмірімен жаңа ғана мектеп бітіріп келген, тәжірибесі жоқ балаң жігітті «Баянауыл» совхозына бас агроном етіп тағайындал, ол бүкіл ауданың қалыптасқан тыныш әмірін аз күн ішінде астан-кестеңін шығарды, бұлдірді.

Мәліктің әйелін айналдырып, күйеуі скейінің арасына от салғандықтан, ақыры қатыны үйінен кетіп отыр... екіншіден, бұл «нысапсыз» аудандық емхананың хирург қызы Айжанды «алам» деп, масқара қып, оны және таstadtы... Совхоздың биылғы егісі ойдағыдай орындалмай төрт аяғынан түгел ақсап ол қалды. Жылдағыдай егістік жердің көлемін көбейтудің орнына, нақ жартысын кемітіп, «Тың игеру» деген партия үранына қарсы шыққаны, Якуповқа да белгілі. Соңғы келгенде ол кісі: «Орнынан алу керек!» деп бүйріқ беріп еді, қатынына бағынышты сорлы секретарь тағы да жақтап сақтап қалып, ақыры, міне, өзінің семьясын бұзды, әрине, Асанов орнынан алуға қорқады, бас араздықпен тек алып отыр деген сөзден қашады...»

Нұрлан ә дегендे жаны түршігіп, өңі қашып, комиссияға «өтірік» дегеннен басқа дәлел келтіре алмады. Не айталды: егер адал ниستін арамға жорып, астарын теріс айналдырып, кінәлай берсе!

Бұрыннан ала көздел, жақтырмай жүретін Медетов енді аяр ма? Қолына түскен арызды жете тексермей, бірлі-жарым кісімен сөйлесіп, «расталды» деуден де қашпайды. Әлгі бір әзірде сондай рай білдіріп те қалды.

Кім жазды екен бұл арызды, білер ме еді шіркін? Мәліктің білуі мүмкін. Ия, халі мүшкіл Мәліктің: осы істің

ақыры соңы соқпасына кімнің көзі жетеді. Елге де, ерге де тыныш, парасатты адам көрінеді, Нұрланның бірбеткей мінезі үшін құйіп кетуі ықтимал.

Дәлдір неме, нең бар еді жерді көгертем деп әуреленіп? Жатпайсың ба Нұрқат сияқты отарлардан балауса қозының етін жеп, машинаға ақша жинап, өмірді белшесінен басып?

Иығынан сұзы кетіп, мойны салбырап өзіне-өзі ренжін келе жатқан Нұрлан тұскі тамақтан қайтқан Раушанға совхоз кеңесінің алдында кездесті.

Әнеугі отардан кейін көріп отырғаны осы. Тіптен Мәлік екеуінің арасында жанжал болып, қазірде екі бөлініп тұратынын бүгін комиссия аузынан естіп, сасып қалды. «Аптарай, Мәлікке не болған, ақылды да байсалды дейтін ерекк байыбына жетпей, қызғаныш құйігіне беріліп, сабырсыздық жасар ма?» деп кіжініп те алған сырттай Мәлікті кінәлап.

Раушан аздап жүдеген бе, қалай, сағы сынық, әйтсе де, баяғы жайдары, ақжарқын мінезіне сап Нұрланды көңілді қарсы алды.

— Құланның қасуына мергеннің атуы дей ме қазақ...— дей беріп еді Нұрлан, Раушанның аузындағы сөзін қағып алды:

— Сенің де «мергендік» қылатын күнің бар екен-ау?

— Пәле, менің сыртымнан «мерген» атағын бергенін естімеп пе ең, Раушан?

— Әдетте салдыр-салақ адамның үстінен сөз ереді. Жинақы да, ұқыпты болып, шындалап бір атпайсың ба ерестіргенде.

— Рас, жаным...— Нұрлан шын құптаپ тұрган жоқ, әрине, аузына бірінші түскен сөзді әншнейін айта салды, ойы басқа-ды. Қолын шошайтып, келіншекті өзіне қарай шақырды:— бері жүрші, мына құлыпқа кіріп сөйлесіп алайық, тағы да біреу сөз қылар қатар тұр деп?

— Сонда жүрттап жасырынатын жерің клуб болып па?

— Көпшіліктің арасы гой, оңаша емес. Екеуі клубтың ішіне кіріп, буфеттен бір шөлмек «нарзан» сатып ап, іргеде қатар-қатар жыбырлап тұрган орындықтарға отырды.

Газын атқылатып бір стакан нарзанды қағып салды да, сораптап ішкен Раушанға қарады.

— Бір өсек сөз шығып жүр, сол шын ба?

— Өсегі несі. Шын!

— Не жетпей қалды?

— Сенен қызғанады.

Нұрлан:

«Егер солай болса, шіркін!» деді де, мырс-мырс күліп алды. Нерв қой, Раушан, нерв! Тұбімізге жетіп жатқан да осы нерв.— Сәл мұдірді де сөзін жалғады.— Тұсіндірмейсің бе, арамыңда ешбір...

— Сенім жоқ жерде, айт-айтпа, себі тимейді, достым.

— Сонда не қылмақсың?

— Білмеймін... Тегі, айрылатын шығармыз.

— Қазір қайда тұрсың?

— Қатардағы ағамның үйінде.

— Пәле, жұртқа дабыра қылмауга болмады ма?

— Үйді салғанда қабырғасына құлақты бірге салатын көрінеді, оны білмеуші ме едің?— Езу тартып мысқылдағандай Раушан.

— Сен құрттың ғой мені! Комиссияға не дәлел айтайын енді?

— Оныңды өзің білесің. Әйтеуір, менен құтыла алмайтын болдың. Теренірек ойланатын кезің жетті, жігітім!

Нұрлан, құрбысының баяғы шалдуар мінезіне сайдып, жөнді мән бере қоймайды, жастықтың әдеті емес пе өз пікірін алға ала жүгіретін. Нұрлан да ақыл айта бастады.

— Мәліктен артық күйеу табам деп ойлайсың ба?..
Қой, жұртқа күлкі болма!

— Табам. Уже таптым да!

— О кім?

— Саған керегі не?

— Сынайын, артық па Мәліктен.

— Артық! Ақыл да, мінез де, көрік те біріне-бірі сай келген.

— Бұл өңірде ондай жігіт жоқ еді...

— Бар!.. Кеше тауда көрдім.

— Тауда?..— Нұрқат болмаса иғі еді? Нұрланның ерні жыбырлап, көзі күліп, мысқылдағысы келіп еді, Раушан тәбесінен жай түсірді.

— Ол — сен! Әлі күнге сөзбей тұрсың ба, жігітім? Ха-ха!..— Раушан сықылдай күліп, туфлиінің биік өкшесін сатыға қаздита қадаң, кеңсеге кіріп кетті.

Ол тұні Нұрлан тыныш үйқы көрmedі.

Комиссия жауабыңды қағазға түсіріп әкеп бер деген, соған не жауап берерін таба алмай, ойы — жан-жаққа быттырай қашып, жинақтай алмай ұзақ отырып қалды. Одан ертесіне комиссиямен бірге биыл тыңайтуға үйғарылған егіс-

тік жерлерді аралауға шықты. Аудан өз тұсынан Нұрланмен бірге Сорокинді қоса жіберді.

Екі машина — бірі аупарткомның құла «Волгасы», енді бірі — Нұрланның «ГАЗ-69-ы», бүкіл аудан қөлеміндегі егістік жердің құнарын айырмақшы боп, үш күн бойы дала кезді. Бірақ, бұл ауданның қөлемі Франция сияқты Европаның үлкен мемлекетіне парапар, оны үш күн түгіл, бір жұмада аралап шығу қыны.

Баянауыл жері — Павлодар облысының тең жартысы. Шығыс жақ — Қарқаралы, бұрынғы Май аудандарының жерімен шектесіп, Семейге жақын барса, енді солтүстікте — Екібастұз қаласы мен Ақмоланың Ерейментау ауданымен тұтасып, батыстағы шеті — Қарағанды облысына кеп тіреледі. Батыстағы шекарада тұратын «Ақшиден» шығып, Баянауылды қақ жарып Екібастұзға барам десең, үш мың километрден артық жер жүресің.

Осындай үлкен аймақты комиссия да араламақ. Араласын, көрейік. Не көрер еken? Алдымен олардың көзіне Арқаның әйгілі ардағы — басына бұл шөккен Баянауыл тауының екі биік шыңы түсер. Бірінші шың — төбесінде шұңқыр көлі бар Ақбет те, екіншісі — Құленбет. Екеуі де түйенің өркеші тәрізді көш жер тәжім етіп, алдынан шығар, одан әрі тау жықпышын араласа Баянауылдың егіз інісі — әлі де тұнық, қаймағы бұзылмаған Жаман ауланың ішін кезеді.

Бұл екі таумен сабактас, жалғас жаралған қырмызы қыздай қызара — Қызылтау мен қойны-қоншы толған сыр, тарих иесі — Қалмақ қырған тауы да қиялды үштал, жан тербейді. Осы таулардың жықпышынан, сылдырап сегіз бұлақ ағады: Айман, Қатпас, Шоқай, Мойылды, Қапар, Қөшет, Малай, Кeten бұлақтарының сұзы зәм-зәм сұындаі мәп-мәлдір көкпеңбек, ішсең сусыныңды қандырады, жусаң бетіңді жасартады. Бұрын осы бұлақтарда ел қонып, жазда — жанына сая тапқан.

Баянауыл тауын дәңгелене қоршаған әдемі үш көл тағы бар: Сабынды, Торайғыр, Жасыбай, бірінен-бірі артық, бірінен-бірі таза да мәлдір, бірінен-бірі тұнық та айдын.

Осы көлдердің маңайы — жыбырлаған тас тәбешіктер, бейне мүсіні адамға, хайуанаға, затқа үқсаған небір ғажан жұмбақ тастар кеш бата, қараңғылық түсі, бейтаныс адамның үрейін алып, жап-жағынан қамап жүргізбейді, кейде басына қалпақ киген батыр, кейде қолына мылтық үстап танк соңынан ерген қаһарман солдат та кездеседі. Тұн тұ-

гіл, күндіз де бұл таулардың қойнауын бір қадам аяқ басып жүргүре тағы болмайды — қантаган арқар-марал, аю, қасқыр, тұлқі, қоян, барыс, қабан, не қорқып жансауғалан, алақтап қашасың, не мылтық атып басыңды қорғайсың...

Осында ауданда: «егін егіп астық жинайық, тау қойнында жыртлаған жер қалдырма!» дейді жолдас Якупов. Кәне, егетін жер бар ма, айтыңызшы?

...Нұрлан ойын машинада қатар отырған облыстық өндіріс басқармасының агрономына баяндан келеді. О да үнсіз тыңдалап, жұмған аузын ашпайды. Сорокинде де үн жоқ.

Бұл — Орталық партия комитетіне жазбақ болып толғатып жүрген пікірдің желісі. Мәлік алдақашан жазып әкел деп тапсырған еді, соған қолы тимей жүр бір, екіншіден толғанып, дәлелдеп жазбаса, сүйкей салғаннан не пайда?

Көп жайды келген комиссия біле бермейді .Олар сол өздерін жіберген иесінің емеурініне қарап шешеді, егер ол бастық: «сол жерде сондай «былық» бар, жеріне жеткізе тексеріп қайт!» десе жетті, «жеріне жеткізе» деген сөзді өзінше ұғып, айылғы көбірек тағып қайтады. Анығын, ақиқатына жетуге батылы бармайды, комиссия үстінен жоғарғы орынға арызқорлар тағы жазып, ертең сілікпесін шығарады деп қаймығады.

...— Кәне, жолдас комиссия, әділдігін айтшы, сендер де ертең осы ізben кетпейсіңдер мег?

Нұрлан балалық мінезіне сап, асыра айтып отырса, кешірер. Комиссия мүшелері, бірақ балаң жігіттің көргенінен естігені көп, ойлауынан оқығаны көп, өмірді кіршікіз таза түсінетін сәби жан, кейде артық айтқан сөзі болса үнсів тыңдаған комиссия мүшесі — ақ жағалы қара костюм киген, сұлуша жігіт, кешірер...

Нұрлан комиссия мүшесінің үнсіз тыңдағанын өзінше жорып, «құлағына құйғандықтан жан қалды, әйтпегенде...» деп көңлі орнықты жүр еді, қателескен еken албырт жастық!.. Егіс аяқталысымен обкомның пленумы болып, Баянауылға келіп кеткен комиссияның қорытындысына сүйеніп, Якупов баяндағасында Асановты бір сағат сілкілеп, тілдесе керек-ті, тегі орынан алмақ та ойы болған деседі, Мәлік сөз алғып, ашина жауап қайтарып, Якуповтың өзін бірге сынағандықтан жаны қалған.

* * *

Мәлік «Волганың» артына басын сүйеп, шалқасынан сұлық жатыр, шофер де тіл қатпайды, сайрап жатқан даңғыл жолдан көзін алмай, ызғытып барады, машина жер апшысын қуырып, әрбір километрді доңғалағына арқандай орап, «Баянауыл қайдасың?» деп, аңқылдап келеді.

Мәліктің сырты бүтін болғанымен іші жарты — желсіз күнгі ұйтқыған пеш мойындай булығып, өзегін өртейді.

Неткен қатал еді өмір тезі? Әсіресе, жанын қинаған Якуповтың соңғы сөзі: «семьясын басқара алмай жүрген адам, ел басқара ма?» деді-ау, бүкіл пленумге қатынасқан коммунистердің көзінше.

Әнеугі келген комиссия анығына бармаған. Әлдекімнің ыңғайына көшіп, бәрін де қисық айнаға түсіріп ұлкейтіп алғып барған. Якуповқа керегі де сол — бұрыннан тісін қайрап жүрген еді Мәлікке, енді іздегенге сұраған, мылтық құлағын дер кезінде басты.

Мәлік бірінші қатарда отыра қалар ма, Якупов қасқытып қойып, көзін қадап тұрып айтты-ау... Мәлік шыдай алмады: «Сына, бірақ, әділ сына!.. Мениң семьяма тиіспе!»— деп айғайлап жіберді.

Зал тым-тырыс, демін ішіне тартып, тына қалған. Бұл қоюланып, найжагай жарқылдай бастаған бір мезгіл-ді.

Якупов қақпай сөздің талайына құлағы үйреншікті, бұл жолы да елең қылмады, әрі қарай тереңдетіп: «Тәжірибесі жоқ, мұрның қалай сұртуудің мәнісін білмейтін баланы қызметке алғандықтан биыл ауданда егіс көлемі кеміп, жоспарын орындаі алмады. Мұндай басшыға нендей шара қолдансақ екен?» дегенде, Мәлік тағы да ілді:

— «Бір-ақ жол бар, ол — орнынан алу!

— Керек деп тапсақ, о да болмай қалмас! — деді Якупов бір танауынан күлімсіреп.

Мәлік сөйлесем бе, жоқ па деп екі ұшты толқып отырған-ды, бұдан әрі сөйлемескे болмады.

— Таулы, тастақты, сортаң жерге егін егу — тұқымды далаға шашумен бірдей...

Президиумда отырған Якупов жарыса сөз тастап, бөле берді.

— Алғашқы жоспар жасалғанда неге қарсы болмадың?

Мәлік:— Ол кезде аудан жерінің құнарын білмедім және ерік бердіңіздер ме бізге? «Міне жоспар, орында!» деп, өмір еткен кім?

Якупов:— Секретарь болғаныңа неше жыл?

Мәлік:— Үшінші.

Якупов:— Үшінші көктемді өткізесің, ә?.. Содан бері аудан хал-жайын білмегенсің?

Мәлік:— Қатемді мойныма алам. Кеш түсіндім.

«Жарайды тұзаққа айдаған аңдай ықтыярсыз қуып тыққандықтан» ғана қатеңді мойныңа алып отырысың, білем! дегендей, Якупов қақпай сөзін доғарып, залға құлімдеп қарайды.

Мәлік ойын жалғады. Ауданда жер мәселесі — дәл қа-вір ең басты мәселеге айналғанын, мал жаятын жердің апшысы қуырыла бастағанын айта кеп:— Аудан басшыларына ерік бермесе, егін түгіл, малдан да айрыламыз! Бұл жайында Орталық партия комитетіне түсіндірме жазып, мәселе қойсақ па деген ой бар...

Якуповқа осы сөздің әсері тиіді ме, қалай, қаншама шүкшиып келсе де, Мәлікке қарсы дау айтып, әрі тереңдетпеді, басылып қалды. Әрине, пленумде сөйлеген сөздің маңызы да, салмағы да басыңқырақ, ертең орталық партия комитетінде стенографиямен танысып, біреуі болмаса біреуі: «бұл қалай?» демей ме!

Және де, қаншама, аузынан жалыны шығып, түф деген түкірігі жерге түспей тұрган өндіріс басқармаларын обком бетімен жібере бермес, ауыздықтар, Бізде жаңа үйімдас-қан мекемелерге, алғашқы кезде тізгінді қолына беріп, еркімен жіберіп алатын дағды ғой, бұл кезең де өтер.

Өйтсе де, Мәлік обкомның бірінші секретарына да сын айтпақшы. Не деп дейсің ғой? Өте жұмсақ, әден сақтап бюро мүшелерінің аузына қарай береді. Бірлесіп шешу, ақылдасу — коллегиялық іс тәртібі жақсы-ақ-ау, егер, Якупов сияқты кей бюро мүшелері сенімді ақтап, өз мақсатына пайдаланбай жүрсе. Сондықтан бірінші секретарь бюро мүшелерінің пікірін тыңдалап-тыңдалап алып, шешімін өзі айтқаны жән. Оған қарсы шыққан бюро мүшесі болса, хорга ере алмай мақам бұзған жалған дауыстай, отырысын жеке дара. Сол пленум де обком секретары Якуповтың сөзіне тоқталмады, бой сақтады ма, әлде ұшықтырмайын деді ме, кім білсін...

Мәлік ең соңғы сөзін тауып айтқанға үқсайды. Мәлік былай деді: «Біреудің арандату мақсатымен жеткізген алып-қашты сөзіне сүйеніп, коммунистің семьясы арасына от тастамау керек. Мен зайыбымнан әлі айрылғам жоқ!»

Мәлік мінбеден түсіп, орына барып отыра бергенде қасындағы секретарълар «қаттырақ айттың, әйтсе де, осылай жауап берілмесе, құны да болмас-ты сөзіңді!» деп сыйырлад, бас изесті.

Ия, Раушан Мәлік өмірінің шешілмейтін күрмелі түйініне айналды ма қалай, әйтеуір, күн сайын араларының жігі ашылып, қисынын тауып желімдеу қолынан келмей барады.

Жоқ, жоқ! Бұл — артық ой, Раушан міnezін жақсы біледі Мәлік. Қазір ол жастықтың әуенімен сынаптай толқып, көнділ күйінің сазына бөленіп, құстай түлеп жүрген болар. Ертең ақылы есіне түсер, қайтар райынан, енер қайта құшағына!..

Тек араға уақыт сала біл, Мәлік. Төзімді болып күте біл, Мәлік! Уақыт — дәрігер, көңілдің сүлеменген сырқатынан емдең жазбайтыны жоқ. Қате Мәліктің өзінен. Раушанға сенімсіздік тудырып алды, еппен, байыппен түземесе, ол — дақ, ол — жара, жүркете мәңгі қалып қоюында дау жоқ. Нұрлан мен Раушанның арасында «бірдеме» бар дегенине Мәлік сеніңкіремейді, құрғыр, «қызғаныш» деген ақылдың тілін алмай, өз бетімен мас кісідей лагатыны бар, әйтпесе үстінен түскен жоқ, не бұлінді сол күні ашынатын? Қаншама Раушан жеңілtek болса да, «арзанқол» дегенге алданып, өзін сатпайтыны мәлім.

Кім біледі, жігітім, қандай дәлел келтіре аласың, асығыстық емес пе, осы түйінің?

Кім білсін... Міне бір жұма болып қалды Раушанның ағасы үйінде жүргелі. Талай кісі салды, өзі де барды: «Үйге қайт!» деді. Мызғымайды. Егер, айрылыспақ болып, күлкің жолына түскен әйел болса, алдымен Мәліктің өзін құып шығар еді үйден...

Жоқ, Мәлік жалынып-жалпайып, өз кәдірін кетіріп қайтеді? Келіншек өзі ойлансын, жеке қалып тебіренсін, көкейіне қонғанын істесін...

Ауданға келіп, ертеңінде қызметке шығысымен, Мәлік Нұрланды шақыртып алдырды. Ары таза болса да, Раушан екеуінің арасына от салған кінәлі адамдай, қымсынып, ұялып, Нұрлан зорға барды; Мәлік жалғыз өзі отыр екен, сыр білдіреді, қолын қысып, қасынан орын беріп, облыста болған әңгіменің шет жағасын, жерге байланысты жерін ғана жеткізіп, ақылға салды. Орталық партия комите-

тіне арналған хаттың Нұрлан жазып әкелген жобасын талқылады. Есікті бекітіп алғып, екеуі ұзақ кеңесті. Секретардың алдындағы көмекші әйел келгендеге: «Баянауыл» соғызының бас агрономы отыр, келгелі бір сағаттан асты, ешкімді қабылдамайды»— деп қайтарып жатты, бірақ, өсек құлағына тиген жұрт өздерінше үйгарды. «Кінәласып жатқан болар, бейшара бала, несі бар екен... Тиши жүрмей!» деушілер де табылды.

Нұрлан мен Мәлік сол күннен бастап, қайта аралары жақындаса түсті: Мәлік өзімен бірге ертіп, бүкіл аудан жерін аралап, баға беріп, ой шағысты, бірінің үйінен бірі тамақ ішіп, ара кезек қонақта да болды.

Сырт адамдар, бейпіл ауыз қала түрғындары әртүрлі жорыды. Біреуі: «Мәлікте принцип жоқ, ез, кешегі қатынын айырған «дон-жуанды» қолтығының астына алғаны — бүкіл ерек қауымын қорлау» деп сөксө, енді бірі: «Жоқ, Мәлік құлығына құрық бойламайтын қу жігіттің өзі; Нұрланмен достасып ап, келіншегін жеке қалдырып, өзіне қайтару себебі, Мәліктің Раушансыз күні жоқ, анадай түрмен сұлу келіншектен қалай оп-оңай айырыла қалсын!» деп кекете тілдеді.

Мәлік Нұрланмен жақындасуды өзіне құп көргенде: алдымен балаң жігіттің өткірлігіне, еліне, жеріне жаны ашыған адап жүргегіне, жер жайындағы біліміне қызықты, екіншіден, Раушан екеуінің арасында қандай қарым-қатынас барын дәлірек, толығырақ білгісі кеп, бауырына әдейі тарта үстады...

Осы бір жыра-жықпыл, шым-шытырық жайды Нұрқат топшылап, жігін айыра түсінсе де, Нұрланды Мәліктің бауына тартқанына іштей ренжіп, сырттай тісін қайрап, «әй, сені ме!» деп екеуіне бірдей кіжініп, реті келді-ау деген жерде: «Әнеугі комиссияны мен шығартқамын!» деп күнкілдеп жүрді. Кім білсін, анық-танығын, бірақ Нұрекең бір жағын мақтанды етіп, бір жағы қорқып жүрсін деген ниетпен айта да салады, оған бір тын алмайды, жұрт Нұрқат сөзінің қоспасы бар екенін және біледі.

Соның бірі — Айжан. Әлі күнге соңынан қалмай, қайтсе, қыз назарын өзіне аудармақшы болып әлектеніп жүрген аусар жігіт, кеше тағы да Айжанды іздеп кеп: «Мениң бөлемнің мойнына су құйылыпты. Пленумда Мәлікке сөгіс беріпті, Нұрланды орнынан алмадың, деп...»

Алақаниң аумағындағы бірімен-бірі араласып жатқан аудандық қалада дәрігерді қонақ шақырса ішіне бірге қо-

са салу — салтқа айналды. Сөйтіп, Айжан күнара бір үйде қонақ болады. Аңдып тұргандай сол үйде, қонақта Нұрқат және жүреді. Ол үйдің иесі, не Нұрқаттың нағашысы, не туысы бол шығады, қыз көзінше жігітті асыра мақтап, біраз аспанға шырқатып алғанин соң қызыға оралып қоса мадақтап, қыз бен жігітті бір-біріне теңестіріп, жақындастып қоятынды тапты. Сол қонақтан екеуі әлбетте қатар тұрып, бір қайтады. Жолшыбай Нұрқат кейде баяғы әніне басып, жүрегін қақ жарып: «Босағаңа өзі келген ырысты аяғыңмен теппе!» деп азғырып та бағады, Айжан рай бермеген соң: «Осы менің алдымнан кесе-көлденең тұрып алған Нұрлан болар-ау» дегендей зәрін соған төгеді. Жолыққан сайын туған бөлесін бір әңгіме қылмай көңлі көншімейтін сықылды. Тура бас сап боқтамайды, жаны ашыған болып, немесе, түсінбеген сауалды пішінде Айжанға қарап, не дер еken дегендей жауап та күтеді.

Кеше есік алдында кездесіп қап: «Айжан-ау, естідің бе? — деп жерден жеті қоян тауып алғандай, анадайдан айғайлап, арсаландарап жетіп келді.— Раушандай бұзықты көргенім жоқ, кеше менің нағашымның жұбайына айтса керек, (екеуі бірге өскен құрбығой, айтқандай өзің білесің: әнеугі үйінде қонақта болатын!) соған айтқан көрінеді: Мәлікті алдау үшін, Айжанды қалқан ғып жүр Нұрлан, әйтпесе, мен күйеуімнен айрылам ба?» деп... Осыған да көнсің бе, Айжан? дегендे жақтан тартып жібере жаздады, біреулер дабырлап көшеден өтіл бара жатқан соң әдеп сақтап қалды.

Неткен бейпіл ауыз жігіт!..

Міне Айжан сол сөзге қобалжып, тағат таба алмай келді, сенерін де, сенбесін де білмей, дел-сал. Сенбейін десе, Нұрлан осы күнге шейін жүрегінің соғысын түсіндіре алмай қипақтайды, әлдекім бөгет жасап тұргандай, сене-йін, десе, Нұрқаттың мінезі — мәлім. Айжанды өзіне қара-тып алудың бұ да бір жолы ма деп топшылайды.

Раушанның өзімен сырласып, анық-танағын білуді ма-құлдалап, Айжан қызмет ақырында үйіне соқпай құрбысының пәтеріне барды. Ол көршілес тұратын ағасының үйінде еken. Әуелі Мәліктің үйіне соқса, есігі жабық, терезе пердесі түсірулі, жарық жоқ, тіршіліктен — бейхабар. Айжан жан-жағына көз жіберіп, дағдарып тұрды да, музыка тербеле ойнап, от жарқыраған көрші үйге: «Дәу де болса, осында болар-ау!» дегендей соған бет алды.

Раушан ереккеше киінген, бұтында — құм түстес тар-

сым балақ шалбар, аяғында біз өкше ақ туфли, кеудесінде ақ кофта, шашын ортасынан бір буып, құлтелеп қойған, пластинкаларды таңдал, ойнатып түр екен, құрбысын құшақтап, ырғақты құйқылжыған назды үнмен қарсы алды.

— Келгенің жақсы болар ма! Өзімді сыйдырарға жер таба алмай қиналып тұрғанда... — деді ол мұңайып, әдетінше сөзін аяқтамай.

— Өзінді-өзің қыспаққа салған әуре жансың ғой.— Айжан төргі үйдің есігін тақап жауып, салғаннан ренін сөзден бастады.

— Білем сенің сүй дерінді. Саған бейтаныс өмір, не түсінесің?

— Бәрін де түсінем... Айтайын ба, ақиқатын?

— Айт, кәне, ондай зирек болсаң!

— Көрсө қызарсың!

Раушан ашуланудың орнына сықылықтап құліп, бұрынғыдан бетер Айжанның нервісіне тигісі келді ме, бет пердесін сыптырып тастанап, ашығырақ кірісті.

— Кімге қызықтым... айта ғой?

— Нұрланға!

— Нұрланға қызықсам, жас күнгі арманым. Оның неңі ерсі?

— Э, солай ма еді өзі. Бұдан бұрын ол сырныңды маган неге айтпадың?

— Өлсем көріме бірге кіретін құпия сырым. Мұны Нұрланның өзі де білмейді. Тірі жанда естіп тұрған сенғана!

Айжан ойланып қалды. Көзіне жас іркіліп, бір қызырып, бір сұрланып, толқып тұрған Раушанның қасына кеп, белінен құшақтап бетіне үңіле құлімсірей қарады.

— Рауаш,— деді бірінші рет Мәліктің қойған атымен атап,— сенің сырныңды қапылыста біліп қалдым. Сондықтан да, сыр сақтау — менің міндетім. Оған қам жемел.. Бірақ, кінә өзіңнен емес пе?

— Ия, өзімнен.

— Ендеше, бір суыған көңіл қайта жылығанда, тап сол жас шақтағыдай қызықты болар ма екен? Осыған көзінді жеткіздің бе?

— Сондықтан да, Нұрланның тартына берем. Бірақ, неғұрлым тартынсам, соғұрлым соны іздел жүргегім аңсай береді.

— Сен менен ақыл сұрап айтқаның ба?

- Ия, не дейсің?
 — Менің ақылымды тыңдасаң — Мәліктің көңлін қалдырма, қайт үйің!..
 — Білем, неге айтып тұрғаныңды?
 — Неге? — Айжан көңіліне секем ап, елегізе қалды.
 — Жайың белгілі — қызғанып тұрсың.
 Қызды құшақтап тұрған қолын Айжан жылан шаққандай селк етіп тартып алды.
 — Ақ ниетімді қисыққа жорып, өкпелетте мені, Рауш!..

— Өкпелетем! Сен қызғаныш білдірдің!
 — Олай десең, сенің де сырыйң белгілі. Өзіңнен басқа кісіні сүймейсің! Осыңың бері жалған еркелік. Менің алдыымда көлгірсіп тұрсың!.. — Айжан сүріне-қабына тез-тез айтты да, Раушан жауабын күткендей тыныстап қалып еді, ол тіл қатпады. Екі көзінен парлап аққан мөлдір тамшы қеудесіне домалап аға берді.

Көз қығын салған Айжан абыржып, қайтерін білмеді. Тұрлі пластинкаларды аударыстыра қарап, тұрып-тұрып шығып кетті, Раушан да «қайда барасың?» деп сұрамады.

ЖЕТИНШІ ТАРАУ

Жаз айының әр күні — әрқылы, әрқайсысының өзі салған кестесі, бояуы, өз тынысы бар, біріне-бірі ұқсамайды, бірде аспан алыстап мұнарлана көгерсе, енді бірде, қол созсаң жететіндей, жап-жақын, ніл қара көк бояумен тәбеңде шатырдай дәңгеленеді. Тебірене сезінген жүрек қана зейінде сақтап қаларлық сурет.

Сол бір жаз күндерінің даладағы әні де басқаша.

Шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа, бақа-шаянға дейін өзіне бір теңдік тигендей, арқасы кеңіп, қуанғандай, сазарған сүр белдерді, сортаң тақырды, бұйрат адырды әнге бөлейді.

Егіс аяқталып, шөп, астық жинау алдындағы бір тыныс кезең туды.

Аудан егісін биыл облыс көлемінде кеш аяқтады. Егіс жерінің көлемі азайып, кеміп қалды.

Облыс басшысы алдында Мәлік беделінің бұрынғыдай емес, сында жүргенін өзі де сезгендей. Шақырып ап, орта-

лық партия комитетіне жазған Нұрлан хатының бірнеше жобасын қайта-қайта оқып, кей жеріне өзінің пікірін қосып, түзеттірді де, аудандық партия комитетінің жолдамасын қоса жіберді.

Сәті түссін, немен тынарын кім білсін. Өз тұсынан істеген қамы — бюро мүшелерін жинап алып, өз атына түскен хаттың екінші данасын оқып берді. Аудандық атқару комитетінің председателі Ерекең: «Шу көтеріп керегі не, қазір тың игеруді өзекті мәселеғінде ғып отырғанда, біздің мұнымыз қарсы шығу бол табылмай ма?» деп қиқаңдал та бақты, басқа бюро мүшелері үндемеді де, Мәлік «Аудандық партия комитетінің атына түскеннен соң өз көз қарасымызды білдірген жөн!» деп сыйайы жауап қайырып еді, ол көнбеді.

— Бізсіз-ақ өзі жібере берсін, ол — коммунист емес қолдайтын... дегенде, бюро мүшесінің біреуі:— Емес пе еді өзі? — деп олқы дауыспен сұрап қалды.

Осымен сөз бітті. Ертеңінде Мәлік Нұрланды шақырып алды:

— Партияға кірем деген ойың бар ма? — деді ол кірген бетінде. Екеуі де стол қасында түрегеп тұр.

Нұрланның қарашығы мол ойлы көзі жыптылықтай, акция үнсіз құледі. Тіптен дыбысы шықпайды.

— Пәле!.. Мені бұзылған деп, түрлі атақ тағып жүрой, Мәке-ау! Ала ма мені.

— Егер мен рекомендация берсем?

— Білмейсіз ғой мені? Ұятқа қап жүрерсіз...

— Сенің жүрегің не дер екен, содан сұрасақ қайтеді?

— Жүрегім; әрине, сізге риза болар еді. Ұятқа калдырмауға тырысар еді.... дегенмен ауыр жүкті

— Э, ауырдың үстімен жүруің саған лайық па?

— Лайық демеймін. Жауапкершілікті сезінгенім де!

— Өмірдің тартысы болмаса, қызығы жоқ. Тартынба!

— Жетпісте әкем бар, өзі — жұдырықтай ғана, бірақ, ширақ. Бір кезде белсенді болған, сөзден біреуге дес бермен. Қазір аузын біреу буып қойғандай үндемейді, оқтатекте ақыл айтқаны болмаса, еш нәрсеге араласпайды, бірақ дүниені түсінетін кісі. Мен оқыға аттанғанда: «Не үшін оқығың келеді, балам?» деді дәл жүретін күні. «Адам болғым келеді» дедім ойланбай. «Балам-ау, оқымаған мен де жер басып жүрмін. Адам емес пе екем?» деді әкем, бұл жолы оның даусынан мысқылды әлде бір қиқар үн аңғардым. Мен жаңсақ айтқанымды сезініп, ұялыңқырап қалдым.

— Егер, білім алып, елімнің қажетіне жарасам...

— Бұл жауабыңды құп алам, олай болса, бетіңен жарылғасын! — деген-ди. Содан бері арманым — еліме, тұған жеріме пайда келтіру. Егер, сіз солай деп тапсанызы...

— Жоқ, сен маған салмақ артпа! Ішкі сарайыңда үңіл, не дер екен ол?

Нұрлан сәл кідіріп:

— Сіздің маған шын сенгеніңіз бе? — деп балаша қуанып, көзін алмайды.

— Сенгенім.

«Раушан әкеуіңнің араңа тұскендей болдым, салқындық туғыздым, соны да кешіргеніңіз бе?» деген сөз тілінің ұшына кеп қалса да, Нұрлан айта алмады. Бірақ, осы бір сиррын неон отындай көз түбінен жарқырап сездіріп алды. Терезе алдына кеп, Сабындықөлге қарап, ойға шомған Мәлік жедел бұрылып:

— Құс атуға барамыз ба? — деді.

Мұндай кеңілдің кенет өзгерісін Мәліктен күтпеген-ди Нұрлан. Қуана қабылдап, өзінің құс атуға күмарлығын, соған уақыт табалмай өкінетінін, біреу сөзін бөліп жіберетіндей асыға сөз қылды. Мәлік бір кідірісте:

— Серікті дәл тапқан екем. Жүр, бүгін, көңіл көтере-йік, — деп қолтықтап ала жөнелді. Ауызғы бөлмеде тосып отырған бірлі-жарым адамды екінші секретарьға сілтеді де, хатшысына: «Бүгін кеңсеге оралмаспын!» деп ескертті де, кеңседен жедел қимылмен шықты.

Езілген сабындағы көпіріп жатқан көлдің ақ көбік сұзы, құн сәулесінен сарғыш, қызыл, көгілдір түстерге боялып, әшекей, өрнектер сыйылған жайбарақат, бейқам кезі-ди. Мәлік те, Нұрланда осы бір тамылжыған шілде намаздыгерін қызықтайды құптаң көл жағасында тұр.

«Үйректердің судан шығып, нағыз жайылатын мезгілі» деп Мәлікті біреу тұрткендей асығысты. «Мылтық жәнә жейтін тағам әкел!» деп Мәлік әлгінде шоферін үйіне жиберген еді, енді соны асыға күтуде.

Қала тұрғындарының көбінің жеке меншігінде қайығы бар, жаз болса балық аулап, серуен салып, Сабындының бетінде жүзген үйректей қыбырлап, қызметтөн кейінгі өмірін сонда өткізеді. Солардың біреуінің қайығын сұрап ап, шофер әкелген тамақ пен оқ дәріні, мылтықтарды артып, Мәлік пен Нұрлан көлдің арғы қамысты қабағына есіп барды да, дөңестеу жерге отырып, мылтықтарын оқтап сырт киімдерін шешіп, ыңғайланып алды. Қосауыз мыл-

тықты Мәлік өзі алды да, тар ауызды женіл мылтықты Нұрланға берді.

— Ал, Нұрлан, сен қамыс арасын аралап, қу бері қарай! — деп өзі кісі бойы биік, ескі қамыстың арасына жасырынды.

Нұрлан балағын түріп алып, беттен сабалаған қамысты кейін сырғытып, шалқар көлдің мөлдір сүйін тізесінен кешті. Күмп беріп сұңғіді де кетті. Құс ұмытылады, Мәлік қалды жиекте, рахаттанып, кеудесін суға төсеп шалқалап жата берді, жата берді, қайтқан күннің жалқын нұры денесіне моншақтай шашылып, бағы қиссадағы алтын бесікте жатқан Мәжнүнге үқсатты өзін.

«Тек Ләйлі ғана жетпейді-ау!» деп өзін-өзі мысқылдан, Нұрлан езу тарты. Сабындының торғын сұына денесі салқында жаны рахат тапса да, арпалысқан ой маза бермейді.

Мәлік неге шақырып әкелді? Әлде өкпе-назын айтып, сырласпақ па: Раушан екеуінің арасында қандай қатынас болғанын ашпақ па, кім білсін... Қозі жетпейді.

«Раушанды бір кезде, оқып жүрген кезімде сүйіп едім» десе Нұрлан, ол сенер ме еді? «Қазір ше?» Қазір қалай қарайсың, қолыңды жүрегіңе қойып адалын айтшы десе...

«Қазір де сүйемін, бірақ...»

«Жоқ, жоқ, жетеді, шырағым, «бірағыңың» құны бір-ақтиын, шыныңды айтқаныңа рахмет!» деп қолды бір сілтеп жүре берсе қайтеді.

«...Бірақ сіз тұрғанда, қашама сүйсем де, көзіңізге шөп сала алмаймын» деген имандай сөзіне сенбеуі де мүмкін. Қаулаған жүрт өсегі Раушан екеуінің арасын ашып, кең сарайдай үш бөлмелі боз үйі саңғырап бос тұрған жоқ па?..

Нұрлан қанша уақыт суда жатқанын аңғармай қалса керек, өзінің атын атап бүкіл айдын көлдің жазық бетін жаңғырықтырған Мәлік даусын естігенде барып, әрең сергіді.

Ағын сумен жылжып, жиектен алысталап кеткен көрінеді, жалма-жан құлаштап кейін малтыды.

Жас күнінде осы көлдің бетінде балықша жүзген Нұрлан іле Мәліктің қасына оралды.

— Үйрегің қайда қуған? — деді Мәлік күлімсіреп.

— Колхоздың құс фермасында өскен қытай үйрегін атпасақ, дала үйрегі біздің қолға түсер емес!

— Қол үйрекке жармассаң, күшің азайған екен. Әуел тамақ жеп, әлденіп алайық. Үйректердің де жайылымнан қайтар мезгілі жақын.

Шофер әкелген сумканың ішінен конъяк, пісірілген ет, пан, қияр тәрізді тағамдарды Мәлік газет үстіне салды.

Мәлік стакан түбіндегі қызыл күрең конъякты ұртап ішіп, тамақты да асықпай сабырмен жеп көңілді отырды.

Нұрлан Мәлік басынан өзінде жоқ қасиеттерді тауып, таңдана бақылап, Раушанның оған тұрмысқа неге шыққанын енді ұғынғандай. Мәліктің әрбір қимылды бипаз да сыйпайы: стаканды ұстаудан бастап, конъякты ішуіне дейін өзгеше мәнер, басқада жоқ сипат бар. Бойына біткен әдемі қасиеті, реңсіздігін білдірмей, сүйкімдірек көрсетіп, баурына икемдей тартады.

Таңдана қараған Нұрланға Мәліктің келісті барқыт даусы алыста, тау ішінде естілген үндей бірде бәсендеп, бірде қаттырақ шығады.

— Баян шіркін, жер жұмағы ғой. Қолда барды қадірлемейтін бізде әдет бар, әйтпесе, Европада қастерленіп жүрген атақты Швейцарияның Баден-Бадені де осыдан артық емес. Тек оған адам қолы қөбірек тиіп, әдеміленген ғой. Ал, Баянауылда — адам ізі түспеген, ат тұяғы баспаған тың да тағы табиғаттың шынайы жері әлі бар...

...Мәлік Қырым түбегінде, Қаратеңіз жиегінде көз тұнжырайтын талай сұлу жерлерді көрді, соның қайсысы болын адамның шебер қолынан өткен, тасы қашалған, ғұл егілген, жасандысы көп жерлер. Ал, мына ат шаптырымдағы Баянауылдың көлеңкесі аталған, егіздің сыңары есепті Жаман ауылында әлі күнге бір адам журмеген, аң-құстың ордасы болған табиғи тың, тағы жерлер бар. Бір минутке көзіңді жұмып, қиялыңа қанат қақтырып, елестетші мына бір суретті.

Тау басында жарқыраған аядай көлден төмсі түсіп, етегіндегі «Әулие тастың» ішіне кір. Үңгір ішінде жатқан қазан сияқты шұңқырдың зәмзәм суынан татып, тас қакпаны орнынан жылжытып, тас сатымен жер астына тұс. Аржағында күмбез сарайға кез болмасаң менің атымды өзге қой.

Тау қойнауындағы орманды аралашы бірер күн. Қошқар мүйіз арқар, тарғыл жұнді жолбарыс, желғабыз киік, мүйізі қарағайдай бұғы, жұзіктің көзінен өткен сүрша құлан, қара тұлкі, ақ қоян дейсің бе, өріп жүр.

Биік шыңның құзында үя салған қыран бүркіт. Қара құс, құладын, ителгі, бөктергі, тұрымтай, жағалтайлар да әйгілі қолбасшының солдатындағы бүркіт соңынан топтала үшіп жемтік іздеген.

Тауда — көек, орманда — бұлбұл сайдайды... Осындай жерді сүймей көрші күшті болсаң? Мәліктің қолында болса, Баянауыл төңірегін қоршап, аң өсіргегін орын жасар еді...

— Бұл өз алдына бір жосын дүние. Мені толқытып жүрген ауданың экономикасы, шаруашылығы. Әнеугі сезің қозғаған батыл пікірің маған атқан оқтай тиді,— деді Мәлік сезін аяқтап. Нұрлан үйіп қалса керек, сәл кідіріп, сез арасына тыныс салып, өз ойын жинастыруды.

— Жазарын жаздық, немен тынарын кім білсін. Орталық өлкеге жіберіп, өлке — обкомға табыс етіп, сізді дуралеп жүрмесе деп қорқам. Мені қойши, мені совхоз орталығынан қуса, бөлімшеге барам...— Нұрлан ақсия, өз даусы емес, басқа бір бөтен жат дауыспен құлгендей. Қолындағы қияры түсіп кетіп, ақ көйлегінің омырауын сатпақ-сатпақ қып бұлдіріп алды Неге екені белгісіз, айтарын-айтса да өз сезі өзіне өрескел көрінді.

Нұрлан қысылып, жерде төселген газет шетінен жыртып ап, қайта-қайта омырауын ысқылаپ, әріптің қара бояуын баттастырып тағы жақты. Орашолақ қымызына қапаланып, орнынан тұрып кеткісі де келді, оның есебін және таба алмады.

Мәлікте үн жоқ. Тізесінің астында езіліп ақ сүті шығып тұрған түйе жапырақты еңкейіп, сыйндырып алып, аузына салды, дәмін татып, ұнатпағандай түкіріп тастап, мұрнын тыжырды.

Мәліктің әлденеге толқып, әлденені сұрайын деп ыңғайланып отырғанын сезінген Нұрлан қысылып, маңдайынан шып-шып тер де шықты.

Тегі әлгі әзірдегі өзі болжаған сауал болар. Әне, көзінің астынан қулана қарап қояды — сынап отыр.

— Гапу етіңіз, мен көйлегімді бұлдіріп алпын. Қелге барып жуып келейін.— Нұрлан рұхсат алып, құтылдым ба, құтылмадым ба дегендей көйлегін жүре шешіп, далбаңдай жөнелді. Арт жағынан аяғын шалған Мәлік көзін сезініп, сүрінбеуге тырысып, денесін ширақ ұстаса да, қамыс арасына-кіре бере аяғы тайды, бірақ, жеңіл салмақты, оңтайлы жігіт дер кезінде бойын түзеп үлгерді. «Әй, жігітім, ер емес пе едің, сен сауалдан қашқаның қалай?» деп мидың арғы түбінен әлдекім келеке қылғандай.

Ішпейтін Нұрланға бір-екі рюмка конъяк әсерін тигізді ау, тегі, әйтпесе, қызара қымсынып бала тәрізді тұра жүгіргені қалай? Суға түсіп, салқындал, ентігін басқаннан соң ерескел екенін сезінді.

Сабындаі көпіршіп жатқан көл суына көйлегін жуып, қамысқа жайып, тағы да суға түсіп сергіп алған Нұрлан екі қолын тәбесіне қойып, шалқасынан жатқан Мәлік қасына қайта оралды.

Мәлік көзін тас жұмған, қыбыр етпейді, сұлық жатыр — не қалғып кеткен, не қиялдың жазық даласында жайдақ шауып барады... Нұрлан да үнсіз қасына сұлай кетті.

Күн дөңгеленіп кекжиекке тақалған да, тұрып алған. Әлгі бір мезетте шөгіп жатқан күміс бұлттар енді алтын бұлт іспетті бүкіл төңіректі — Баянның саялы асқар тауларына, оның бектеріндегі көк орайлы орманына, байтақ құла дүэ даласына, айдын шалқар көлдеріне, бүйрарат қырқасына, қоңыр адырына, бұлақ-жылғалардың жасыл баурайына түгелдей алтын сәулені уыстай шашып, құмарыңды арта түсіреді. Ең артық жеке дара жаралған он қабат үйдің биіктігіндегі үлкен жылтыр қара тасты бір түнде біреу ніл қара көкпен бояп кеткендей, өнді жаңарған бейтаныс.

Нұрлан етпетінен түсіп, иегінің астына қолын төсеп, кек жиектегі табиғат суретіне көзін суарса, ой-қиялы, алды-артын орап, айнала ұшқан қарлығаштай айналшақтап маңайынан шықпай қойды.

Мәлік қазір: «Нұрлан, осы сен Раушанды сүйесің бе?» — деп сұрауында сөз жоқ. Осы сәтті күтіп аңдып жатыр ол.

Пәле, бір ой адамның басына кіріп алса, шықпай қоятын әдеті-ай осы.

— Нұрлан! — деді сол кезде Мәлік.

Нұрланның жүргегі аузына тығылды. «Ау!» деген өз даусын өзі естімей де қалды. Өзінің үн қатқанына шүбәлі?

— Құладын атпасақ, бұл арада үйрек көрінбейді, Нұрлан.

— Онда, мына, «Найзатастың» баурында тұлкі бар деседі, соған қарай барсақ қайтеді?

«Найзатас» — ғасырлар бойы қар, жаңбыр, жел-дауыл ысқылап, егелеп, шыныдай жылтыратып қойған, қол тисе ілігер бүртігі жоқ, шөккен нарға іспеттес қара тас, аспаннан түскен метеорит тәрізді.

Мәлік те көптен бері осы тасты жақын көруге құмар-

ды, Нұрланға еріп, тастан көзін алмай тамашалап, қарап келеді.

— Мекенің Қағбасына ұқсайды-ау, сірә? Бір кітаптан суретін көргенім бар еді...— дейді Мәлік жақын барып қолымен жылтыр тасты сипалап, кепкесі түскенше жоғары шалқая қарап.

— Қара тастың жанында біз — піл мен үш жасар балладай екембіз ғой өзі.— Нұрлан басын шайқап, тамсанып, Мәлік сезіне емес, өз ойына жауап бергендей.

— Осындай бір тас менің тұрған жерімде Қарқаралы тауының бектерінде де бар.— Мәлік арқасын Найза тасқа сүйеп қойып, көлеңкеде отырып, шылымын қабына тартады.

...Қарқаралы — Баянауылдың егіз-сыңары, екеуін бірінен бірін көшіріп салған сурет іспеттес.

Мәліктің көрген тасы — «Найзатастан» айырмасы сәл кішірек, және бұл сықылды жалғыз жаралмаған, маңайы толған үрім-бұтақ ұсақ, өткір тастар, жақын барсаң аттап өту де қынын, табанды тіледі.

Мәлік туған жеріне көптен барған жоқ, әрине, өзгерген шығар, тас екеш тас та өзгеріп, адам қажетіне жарап жатқан заман.

Мәлік еліне бармағалы, міне, табандатқан он екі жыл. Соғыстан кейін, әскерден қайтқан беті ауылда бір-ақ апта-дай болып, Теміртау жүріп кеткен-ді. Сонда өзін оқытқан, тәрбиелеген немере ағасы бар-ды, құрыш құятын заводтың директоры еді, қайтыс болды. Сол кісінің баласы, Мәліктің немере інісі Қайыр Әлжанов әкесінің орнында директор. Сонда барып, бір айға жуық демалды, жібермейді, тіптен... Сол жолы Теміртауда қалалық партия комитетіне нұсқау-шылық қызметіне орналасты да, бір жылдан соң жоғары партия мектебіне оқуға барып түсті...

— ...Демалыста Теміртау барсам ба дейім. Қайыр сондағы бір инженер қызға үйленем деп, үйлене алмай қалған ба, құлағыма тигені бар, анығын білмеймін, өзі хат жазбайды.— Мәлік сөзін аяқтап ұлгермеді, жақын жерден ұлыған қасқырдың даусы естілді.

— Қасқыр! — деді елегізіп Мәлік, аузындағы сөзін тастав беріп. Екеуі тына қалды. «Найзатастың» сол жағында шілікті өзек бар-ды, бөрінің біріне-бірі жауап беріп, ұлыған даусы сол жақтан қайталана берді. Бұлар еппен басып, тізерлеп, жардың үстіңгі қабағына көтеріліп, етпет-теп, жіті қараса, төменде — өзек түбіндегі шілік арасында

бір ұя бөлтіріктің «көкпар» тартысы болып жатыр екен. Ұяластар бір қойды алқақотан қоршап алған, бірінен соң бірі алма-кезек бас салады. Жан ұшырган, есі кеткен сорлы қойдың екі көзі шарасынан шығып, алақатап, дір-дір етіп, шыр көбелек айналады жануар. Екі аяғына тұмсығын төсеп тышқан аулаған мысықтай, құйрығын бұлаңдатып кезек күтіп, бұқпантайлап жатқан сүр бөлтірікті көрмейтін сияқты, бейшара даалақтан қашып, енді құтылдым ба дегенде, тағы бір балаң жыртқыш өре түрегеп, алдын кеседі; аузы қанға тиіп, дәндеген бөлтірік терісі салбырап, қаны саулап жүрген қоңыр қойдың қоң етін құлшына тартқыладап, үлесін алып, кезекті басқа біреуіне береді. Бұлардан көзін алмай, майданның екі жағында, шоқынп арлан мен қаншығы отыр. Бөлтіріктерін баулып, әрқайсысына баға беріп, сын таққандай, кейде қаншығы шыдай алмай қыңсылап, жер тырналады.

— Көрдің бе?

— Көрдім. Сүмдық екен. Қойды талап өлтіреді-ау. Атсақ қайтеді? — Нұрлан Мәлікке жалына қарайды.

— Сабыр ет, қайтер екен! — дейді Мәлік ұяластардың шабуылына таңданып.

Арлан бұлардың сыйрының құлағын тігіп, еле-гізіп, тұмсығын көтеріп ұли қап, тұна қояды. Бұл ұлығаны бөлтіріктерге әмір секілді, осы бір шақ ашына үмтүләді. Қебінен артығырақ айбат шегіп, қой етінен қанын көбірек сорғалатып, дәмін татқан, ересек, сүрша бөлтірік жанаса беріп қойдың шабын жарып жіберді.

Нұрлан шыдай алмай мылтығының құлағын басып қалды. Іле шатқал ішін екінші атқан оқтың даусы қатар жаңғырықтырды. Алдымен қойдың шабын жарған сүрша бөлтірік қалпақтай сққа үшты, көз ашып жұмғанша, шоқынп әмір беріп отырган арлан бөрі, тыраң етіп ол құлады, құйрығын ішіне тығып ала зытқан қаншық жақындау қалың шіліктің арасына тығылды, қалған бөлтіріктер тым-тырақай зыта қашты. Есі шықкан қой олардың соңынан бірге жүгірді.

Мәлік қос ауыздың екінші оғымен тағы бір бөлтірікті атып түсірді.

Нұрлан жардан секіріп түсіп, соңдарынан қуып берді. Жүгіріп бара жатып, мылтығын оқтап, шілік арасына кіре бере аяқ астынан бас сап жүре ме дегендей, аспанға қарай тағы бір атты.

Мәлік те шатқалдың биік қабағынан асыға түсіп, қара-

сы өшіп көрінбей кеткен Нұрланды іздеді. Балаң жігіт, бай-қаусызыда зақым бол жүрсе...

Көктемде қар сұы молырақ ағып, жаз да құлпырып, қырдың қызыл гүлдері өсетін өзектің ішіне биыл шілік, тобылғы, миуа, шеңгел қалың өскен екен, қасқыр түгіл, Нұрланның өзі де дәл үстінен шыққанша көрінбеді. Дірдір етіп, көзі алайып, қансырап жатқан қоңыр қойдың қасында басын сүйеп Нұрлан отыр, жаны ашыған адамның кейпі, мұңайып, Мәлікке бұрылып:

— Арам өлеңді-ау! — дейді.

Мәлік қалтасынан бәкісін суырып ап, қолына ұстата берді.

— Мықтылығың осыған байланысты болса, мә!

Өмірде қой бауыздамаған Нұрлан қысылып: «Мені қыстамаңыз, ағатай!» дегендей жаутаң-жаутаң қарайды.

Нұрланның тәжіриbesі жоқ, бірақ талабы бар, өмір табалдырығын жаңа ғана аттап, белбеуін бекем буынған сенімі бар жас шақ екенін аңғарды да, Мәлік миығынан күліп, «жамандыққа бармайды-ау, сірә! » деген байлам жасады.

— Қой сойғанда әкемнің қасында болып, сирағын ұсташаным бар, бірақ өзім бауыздамаған едім...

— Осы тырнақалдың болсын... Мен аяғын ұстайын.

Нұрлан қолы дірілдеп, бәкінің жүзіне қарап батылы жетпей азырақ отырып қалды.

— Арам өлсін дейсің бе, неге бауыздамайсың?

Қанын ішіне сұрлана тартқан Нұрлан сол қолымен қойдың басын ұстады да, оң қолымен жұтқыншақ тұсынан тістеніп ап орып-орып жіберді. Бәкіні үшінші тартқанда қолы дірілдеп қатая берді.

Үш қасқыр, бір қойды сүйрелеп, жардың жиегіне шығарды да, бөрілер қайтып оралмасын дегендей екі жерден от жағып, көл жиегіне кеп, қайыққа мінді олар.

Імьырт жабылып, қалада әлектр шамы жағылып, алыстан ашық аспандағы жұлдыздай жарқырап, тыныштық үйқы шақырған кез-ді.

* * *

Нұрланның әкесі Сембі шал қосағынан айрылғаннан бері өлімнің есік алдында аңдып жүргенін сезгендей қоярда-қоймай, баласына бір арба емен ағаш тауып алдырып, киіз үйдің сүйегін жона бастады. Күш-қуаты азайса да

ежелгі еппен үйреншікті тәсілін қолданып, уық, керегеге ла-
йықты деген ағаштарды долбарлай жонып, суга салып жібі-
тіп, ііп, кептіре бастады.

Нұрлан: «Әке, әуре боп қайтесіз, киіз үй жасау оңайға
түспейді» деп азғырып көріп еді, құлағына да ілмеді.

«Өмір бақи ел үшін, жұрт үшін істедім, енді бір үйді
сен үшін — өзім үшін істейін де, жас болса келді, ертең өзі-
ме жасаған белгім болсын, балам!» деп қинала айтқан соң-
қайтып бұл жайында баласы сез қозғамады, тек қажет дे-
ген зат-сайманын тауып беруге тырысты. Әкесі де баласы-
ның Москвадан келе сала, толқынды бір асау арнаға түсіп
кетіп, содан шыға алмай малтып жүргенін біреу айтпаса да
түсінеді, кейде дәрігөр қыздың реніш атқан қабағынан,
кейде, ұлының апыл-ғұпты тамақ ішісімен кеңсеге асығыс
жүгіргенінен көп сырды түйеді де, аңғарады.

Біледі шал, баласының неге мұнша қыспақта жүргенін.
Албырт жастық — бұтаны айналып кетудің орнына таба-
нының қанын сорғалатып тұра жалаңаяқ басады. Сембі,
бұл жайында, керек десе, көршілермен де әңгіме қылмайды.
Аузына берік: бала — үкіметтікі, іс — халықтікі, өзі білер
не қылса да.

Баяғы отызыншы жылдарда колхоз жаңа құрылып, ел
ішінде әбігершілік туып, бірі — атқа мініп, тауға қашып,
енді бірі — қазақ арбасын шиқылдатып Павлодар көшке-
ні әлі есінде. Сонда қолы ісмер, атақты үйші Сембі туған
аулында қалып қойып, колхоз құрысқан. Әй, жүректе құса
боп жатқан талай сыр бар-ау, қайтесін, тыңдаушысы жоқ,
сонда осы Нұрлан тәрізді өзі де күні-түні шапқылап, бір-
есе егіс басында, біресе, ауылда соқа-сайманды ремонттап,
бәрін өз қолынан өткізген-ді.

Дегенмен...

Бір кезде өзі де осы баласында жанын сап, беріле іс-
тегені қайда. Содан не тапты ақыры? Жан жолдасын өлімге
қиды, ұсына өрт қойып, құлін көкке ұшырды. Осы бір, еш-
кімге аузынан шығып көрмеген құпия сырын, кеше Нұрла-
нына баянда, ақыл салды.

«Қарағым балам! — деді Сембі.— Сенің мұсініңе сүйсі-
нем, ісіңе қызығам. Сыртыңдан тілеуізді тілеп, түн өрінде
үйқы көрмей, кірпік қақпай шығатын жайым бар. Кешегі
өзім басқан шалыс қадамымды, саған бастырмасын, дұрыс
жолға сілтесін деп тілеймін. Мен де бір жылдар өзің си-
яқты жас та тілді едім, жүзің бар, бетің бар демедім, қа-
ра қылды қақ жарған әділ болам деп, шындықты, үйыған

уыздай тілгіледім де отырдым. Бет қараттырмадым, көпшілік «жоқ!» десе, мен жалғыз қалып: «бар!» деп жүрдім.

Күндердің бір күнінде... Біздің «Қызыл таң» колхозының бастығы Экішев Молдажан дейтін досым болды, ертең партия мүшесі азамат соғысына қатынасып, жараланған, адал, парасатты азамат еді, соны аудан, артта қалған біздің колхозға жіберді. Келе, ескі қазақ арба сияқты шиқылдаپ бұралаңдал жүре алмай қалған шаруаны қолға алып, бірер жылда тірашпенкедей жүргізіп дызылдатты да қойды.

Менімен жасынан дос, замандас едік, баурына тартып, оң қолы қып үстады. Әрқашан да адам өз арының алдында есеп беріп отырмаса, дандайсып, кекіп кете ме дейім. Біреулердің айтағына еріп, колхозда үш күнге созылған үлкен жиналыш болып, сонда шешіле сөйлемесім бар ма!

— Ал, Сембі сөйлейді, енді көкенді танытады! — деді арт жақтан біреулер; сол сөз қамшы боп тиіп, тісті Молдажанға баспайын ба кеп... Қөзің жамандық көрмесін, сыйап бердім бастықты: «Ананы істемедің, мынаны істемедің» деп үйдей-үйдей кінәні үстіне үйе бердім, үйе бердім.

Үш күн өткен соң, бір түнде Молдажанды тұтқындалап алды да кетті. Енді екі күн өтпей, дедектетіп мені де алып барды: «Жиналышта мынадай айып тағыпсың, рас па?» деді. Біреу сөзбе-сөз жеткізген, «айтпадым!» дей алмадым. Сонымен менің сыным досымға айып болып тағылып, зыянкес бол шыға келді. Мені қуә тартты...

Осы оқиғадан кейін, менің ішкі қылдарым үзіліп кеткендей қансырап, сүлеленген ауруға үшірадым. Жиналышқа бармасқа ант бердім, тіліме кісен салдым, кісіге сенуден қалдым... «Сен де, қарагым, байқа, тым беттен ала берме, опа бермейтін көрінеді гой». Нұрлан басын шайқап, ойлаңып қалды...

Әке балаға сын. Сембінің неден үтылғанын баласы да білсін. Нұрлан Сембіден, әрине, көп біледі, көзі де ашық, әйтсе де, әкесінің қанаты неден қүйді оны білмей бала қанша қияға қанат сермесе де қона алмауы да ықтимал.

Бірақ, Нұрланның әкесіне бір мінезі ұнамайды:— бой дақ. Үйленетін ойы жоқ тәрізді, шет жағасын сөз ғып, орағыта бастасаң-ақ болғаны, басқа сөзге айналдырып, бұрып әкетеді... Айтпақ ойынды емеуріннен тани ма, қалай...

Айжан ақылды да салмақты қыз сияқты, кей біреудей ұшып-қонып жүрген көбелекке де ұқсамайды, кеше марқұм

шешесі де: «Шіркін осыған үйленгей еді» деп арман да еткен.

Шал бір жері шанышса Айжанға жұғіреді. Ол ерінбей емдең, көзін шырадай жандырып, жасартып үйіне қайтарады. Жылы сөзі мен қолының жұмсақтығы пар жаралған бір жан.

Көршілер сөзіне қарағанда Нұрлан Тайжанның қызына қыжықтап ұятқа батса керек-ті. Секретарьдан Нұрланға кетіп қалса ол, егерәки, баланың ақылсыз болғаны. Тайжанның қызы жасынан жеңілtek, шешесіне тартқан сыйылдақ, өзіне абырой бермеген кімді жарылғар дейсі...

Шал аудандық партия комитетінің секретары Асановты қөрген, біледі, бір-екі рет клубта депутат сайлағанда сөйлегені де бар, сөз саптасы, ой құрамы бөлек жігіт. Міне, осы ауданда істегелі екі-үш жыл болып қалды, «жаманшылық қөрдім» деп қарғаған піндені, Сембінің өз басының кездестірмегені хақ.

Сембінің әкелік хақы — бүтін-ертең Нұрланмен ашығырақ сөйлесіп, ақыл беруі...

Кеш бата көлден соққан самалға денесін салқындатып, Сембі жеңіл-желлі киініп, есік алдында отыр. Бүгін шапашотын қайрап, дайындал қоюы керек еді, ертеңгі күнге таудан сырғып түскен ымырт қараңғылығы лезде әр үйдің аулаларын аралап аяқ астында кілемдей жайылып жатып алды. Шалдың кешке көзі қоруші ме еді? Ұықты июден бұрын оны шауып, түп жағын қырнап, шаңырақ жақ басын жұмырлап нобайын жасап алмаса, тікелей жону көп күшке түседі.

Қасында екі кісі бар, шарбақ алдына Нұрлан кеп тоқтады. Сембі баласын даусынан таныды, бәрін естіп отыр:

— Қазір жібер, машинаға сап алып келсін. Қасқыр болғанда да — арланы,— деді Нұрлан.

— Олжаңды маған байлайды екенсің ғой,— деді бейтанаис ерекк даусы.

— Ал, бүгін біздей қойшыларға еңбек сіңірген кісі шамалы болар. Тынығайық! — деді таныстау қоңыр даусыс.

— Мәке, үйге кірмейсіз бе?.. Дәм татып кетіңіз.— Нұрлан жабысып, соңғысына өтініш етті.

«Мәкесі» рахмет айтып өз бетімен кете барды.

Нұрлан жанында қалған кісімен өзара әңгімелесті:

— Асановқа қайдан кез болдың?— деді бейтанаис даусыс.

— Екеуміз аңға шықтық... Сен әңгімені қой, тезірек жібер машинаңды, ең болмаса, қасқыр тартып кеткен қойдың еті асханаға түссін...

Сембі шал баласының Асановпен бірге аңға барғанын, қасқыр атып алғанын сөз жүйесінен аңғарып, өзінен-өзі пұшайман болады. Баласы Асановтың көзіне шөп салады, ал, ол — өш алудың орнына достасып, қатар жүреді. Осы бір жағдай шалдың миына кіріп те шықпайды. Не қылған заман, не қылған достар? Егер-әки мүмкін өсек болар?..

Баласы қасына жақын келгенде ғана ауыр ойдан басын көтерді.

— Аға, көңіл күйіңіз қалай? Ауырганның қай жағысыз? — Нұрлан анадай жерде жатқан ағаш жәшікті сүйретіп әкеп, соған отырды.

— Денем қызып, салқындал стырмын. Жаңбыр жауатын түрі бар.

— Жаусын. Егін күйіп барады...

— Өзің қайдан келесің, балам?

— Құс атам деп, қасқыр атып қайттық... Бір кереметі: қасқырдың арланы совхоздың бір қойын тірідей әкеп, бөлтіріктеріне қалай талатқанын көрдік... Қалай тірідей алыш келді десенізші қойды?

— Не жетектеп, не арқасына салып ап жүре береді... Қасындағың кім? — Сембі жүрегін кернеп, ойын бөлген сауалға оралды.

— Асанов — аупарткомның секретары ғой.

— Асанов? — Шал даусы — таңырқаған, сенбеген адамның даусы. Мұны баласы сезді де, ойын әрі соза ма деп үміт етіп, аз мұдіріп еді, шал тіл қата қоймады.

— Бірдеме айтайын деп пе едіңіз, аға?

— Жоқ, әшейін... — Шал күрсініп, кішкентай қол жәшігінің ішінде жатқан шапашотын алыш, тырнағымен жүзінің өткірлігін тексерді. — Шырағым, жастық деген осы шапашоттың жүзіндегі өткір, бірақ қайрамаса тез мұқалады. Оны қайрайтын ақыл, балам. Мен ақылым тасып жатқаннан сөйлесейін деп отырғам жоқ, әкелік борышым саған айту...

— Айт, айт, әке!.. Тыңдаймын ғой.

Шал бір тыныстап, ойын жалғады.

— Сен осы ақылышқа жүгірттің бе Айжан жайында? Марқұм шешеңе ұнаған бала еді... Оқу бітірдің. Енді қашаңғы жалғыз жүре бересің.

Нұрлан әкесіне не деп жауап берерін білмей дағдарды. Бұл — әкенің артқан қолқасы, шешесінің табыс еткен өсіеті. Кәне орында май қара!.. Әкесін жастай сыйладап өскен, бір ауыз сөзіне тік тұрып, қалт еткізбей орында п үйренген Нұрлан іштей қобалжып, басын изей берді. Әкесі «мақұлдан» отыр ма деп үкты ма, кім білсін, о да қайтып әрі тереңдетпеді, тегі жетер жеріне сөзім жетті-ау»— деген піфылда сияқты.

Шалдың бет құбылысы алғашқыдай емес, жадырап, қабагы ашылып, ұлына мұсіркей көз тастап қояды.

Нұрлан енді қысыла бастады. Кейде орынсыз айтылған сөз, сыйымсыз қимыл адамды ұятқа қалдыратыны мәлім, Нұрлан шал сөзінің ыргағына бас изеймін деп, өзі тұзаққа түсті.

Жиен қарындасты тамақ бергенде де, үнсіз ішіп, қайта-қайта әкесінің ұсынысын мысқалдап, таразыға салады.

Айжан — парасатты, инабатты қыз. Мұсін-пішіні, түр-әлпеті кімнен кем? Бір жігітке жар боларлық. Асыра айтқанда, бір семьяның қазығы да тірегі боларлық қыз. Әттең... Әттең Айжан Раушан тәрізді Нұрлан жүргегіне неге әмір етпейді екен?

Раушанды көрсе, Нұрлан жүргегі соғып, буыны босап, аяғын нық баса алмайды. Неге?

Әттең... Мұның да өзінің әттеңі бар — екеуінің арасы қазылған ор, одан Нұрлан секіре алмайды. Қарадан қарап жүріп Мәліктен қысылып, қандай сөлемек мінез білдірді көл басында.

Жә, осы да сөз болып па!.. Әуелі Айжан ауру адамғатие ме деп неге сұрамайсың, өке? Ертең уәде байласып қойып, той жасарға келгенде, сырқат екенін біліп, айнып қап, жұрт алдында масқара боп жүрсе, тірі өлім емес пе!.. Дәрігерлер өз семьясының саулығына қатаң да жауапты қарайтынын әкесі біле ме?..

«Газик» — өр демей, жар демей ағызып келеді, Сабындықөлді айналатын асфальт жол таусылып, тау сыртын белбеудей орап, егіске тұра тартатын тастақ жолға түсімен, емін-еркін, тізгінің қоя берген аттай, зырлата берді, зырлата берді. Аспандагы құс жолы сияқты Фардан түсken сопақ жарықтан көктемде машина көп жүріп, езіп жіберген ойқы-шойқы жолдың кейбір бұдыры да көзге ілінбейді. Оны есепке алған Нұрлан да жоқ. Кейін қараай шегіне қашқан қараңғылық машинаға бір жеткізбейді, оған қосылған есер жел ысқырып, жол кеседі.

Аспанды түгелдей бұлт басқан, түнсіріп, үрейді күшейте түседі.

Нұрлан ойы да асау аттай аспанға қарғып, тулас әурелеп келеді. Қөрдің бе, мен үрлық қылған күні ай жарық болғанын? Бұл агроном болған жылы өрт екеш өрттіңде тақымдауын...

Секербай дөңінің үстіне шыға бергенде-ақ жалмауыздай даланы жалап тып-типыл қылған өрттің жалпақ қызыл тілі анадайдан аспанға атады. Нұрланның топшылауына қарағанда, бұл өрт екінші бригаданың жанында «Қаражарда», биыл тыңайтуға беріліп, жонышқа еккен жерлердің маңы, жас жонышқа тап бұлай лаулап жаңбас еді, сол жақтағы құргақ көделер-ау, сірә... Әлде, сол өнірдегі ерте піскен қара бидай өртеніп масқара болмаса игі еді?

Машина жақындаған сайын түтіннің іісі мұрынға келіп, өрт жалыны толқыған теңіздей шапшып беттептейді. Нұрлан жолдан шығып, бригада қасына бет бұрды.

Кайырбектің аспазшы бол істейтін жұбайынан басқа тірі жан қоста қалмаған, түгелдей тайлы-таяғымен өрт сөндіруге аттанған. Аспазшы:

— Тұс ауа, күн жарқырап, Қаражарға наизағай түсken, өрт содан кетті! — деді.

— Бидай өртенгеннен сау ма?

— Нанның іісі шықпаса, әзірге аман болар.

— Өрт қосқа қарай беттепті... Әзір болғайсың! — Нұрлан машинасын шұғыл бұрып, өртке қарай ызғытты. Жарты шақырымдай жерге жайылған қалың өрт қанатын жаяжалақтап, сыңсып тұрған қара бидайдың бірінен-біріне аттай түсіп басын шалып жатыр екен, өрт сөндірушілердің есі ауысқан сияқты, қолдарына камзол-пешпенті, қаз-қатар тұрып ап, отты сабалап, ырс-ырс етеді, біріне-бірі қарамайды да, үн де жоқ. Оған көне қоятын мылқау жау ма, тілін қып-қызыл ғып жалақтатып құргақ қара бидайға сытырлап жанып жылжи берді. Өрттің арғы жақ қанатынан бері қарай желкілдеген бидайды жанышқылап, езіп, жерді қопарып, тілгілей жүріп келеді бір трактор, жыртылған бораздадан өрт әрі аса алмай жалақтап топырақты қауып, жалл етіп өшіп жатты. Тракторшы өрт сөндіріп жатқан қанатқа жақындай берді. Осы бір сәт, жалпақ тұтас өрттің орта шенінен жіп-жіңішке тілімдей қызыл от жыландай ілгері атылып, озып шықты да трактордың алдын кесті.

«Дәл санаалы жаудай үмтүлүүн-ай!» деді күбірлең таңданған Нұрлан көзін алмай. Трактордың рулюінде отырған

кісінің кім екенін анықтай алмаған Нұрлан дөңгелекке жа-
бысқан оттан қашып тракторды кілт бүрғанда бет әлпе-
тінен Қайырбек екенін аңғарды.

Қайырбек тілін жалаңдатып, алдын ораған қызыл жа-
лыннан құтыла алмады. Дәл тілінің ұшынан трактордың
шынжыр табанымен кесіп өтті. От ұшып, май құйған бакка
тиді. Заматта қызыл жалын қоршап ап, май сіңген темір
түтіні будақтап, сыйырлап, жана бастады.

— Өртенді-ау, Қайырбек!

— Жоқ, ой-бай!

— Секір, секір! — Тұрғандардың құлындағы даусы құ-
раққа шығып, қүйіне айғай салады. Нұрлан да машинасын
тастай беріп, тракторға қарай жүгірді. Жанып жатқан трак-
тор кабинасынан жалынға оранған Қайырбек секіріп түсіп
етпептей бір құлап, жанұшырып, қайта тұрып, жонға қарай
зыта қашты.

— Таста үстіңдегіні!

— Қашпа! Тоқта! — деп жігіттер соңынан дүркірей қу-
ды. Төтеден қосылып, алдын кескен Нұрлан өртенген
адамды ұстай ала ма, аяғын тоса қойды. Қайырбек қалпақ-
тай ұшты, Нұрлан көз ілеспес шапшаңдықпен пенижагін
шешіп ап, Қайырбектің басына жаба салып, үстіне бірге құ-
лады. Кеуде жағын ала жалындаған от тұншығып сөнгені-
мен, жанған балақ сөне қоймады. Енді Нұрлан кеудесімен
тыптырлап жатқан Қайырбектің аяғын құшып, денесімен
отты тұншықтырмақ болды. Бірақ, қарамай сіңген шалбар
жуырда сөнбей, Нұрланың сырт көйлегі бірге қүйді...

Қайырбектің көйлегі жалба-жұлба қара-құрым күлге
айналған кезде, мойын, иықта қүйген алақандай-алақандай
қап-қара қүйік, балтыр, тізеде сау жер қалмаған, өзінде ес
жоқ, сұлық жатыр.

Нұрлан білегін ұсталп, тамырдың соғысын санайды: «Ті-
рі!..» деген сөзді ерні жыбырлап, дыбыссыз айтқанымен
бәрі де түсінгендей.

Аудан жақтан машинаның гүрілі естілді.

Нұрлан орнынан тұрып егінге қынжыла көз тастайды.
Трактор өртенген жердің маңы қайтадан долдана жанып,
өршіп барады.

— Жүгіріңдер! Өшіріңдер! — деді Нұрлан бұйырып қа-
сында сілейіп, аңырайып, қарап қалған адамдарға.

Бұлар жүгіріп барғанша, қасында өрт сөндіретін ко-
манданың машинасы бар, совхоз директоры да жетті....

* * *

Қайырбекті көрпеге орап, машинаға салып ап, Нұрлан бір сағатта аудан ортадығына, емханаға жеткізді. Сол түні кезекті құзетін өткізіп отырған жас ішкі аурудың дәрігері іле хирургті — Айжанды шақыртып алдырды. Алқам-салқам, бет-аузы күйе, өң жоқ, сөл жоқ емхана алдында теңселіп жүрген Нұрланды көріп, Айжан шошып кетті.

— Не болды? — деді сасқаннан. Алдында шақыра барған санитарка: «Өрт болып, бригадир қүйіп қалған» деген-ді, бірақ оған Нұрланның қатынасы бар деп ойламаған Айжан, әрине, жігіттің сиқына таңырқап, дәлізге сүйреп алып барды да, жағының астын, мойнын, ашық жүрген кеудесін саусағымен тұртқілеп зерде сала қарады.

— Қүйіп қапсың ғой, агроном жолдас! — деді күйзелген дауыспен.

— Пәле, солай ма екен, өзі?.. Мойным ашып жатыр еді, бәс... — Нұрлан қолымен бет-аузын сипалай бастап еді, Айжан қолын ұстай алды.

— Тиме, кір жүқтыврасың!

Айжан кабинетіне асыға кіріп, ақ халатын киер-кимес, қайта шықты да санитаркаларға: «Мына екі кісіні операция жасайтын кабинетке алып келіңдер!» деп бүйрық берді де, өзі қаздаңдай басып, дәліздің күн жақ түпкіріндегі ақ сырмен боялған есікті асты.

Жеңіл-желпі хирургиялық ауруларга шақталған осы бір төрт бұрышты, жарық кабинетті, емхананың бас дәрігерімен айтысып, дауласып жүріп, Мәліктің көмегімен жеңіп алған. Бас дәрігердің: «Үлкен операция жасайтын кабинетің бар, сол жетпей ме?» дегеніне, «Кір түскен, іріндең ауруларды да сол таза кабинетке апарамыз ба?» деп қарысып көнбекен-ді, енді, міне, іске асты.

Қайырбектің алқымы, кеудесі толған қүйік — сұы шығып, құлдіреп қалған да, балтыр-саннның қара еттері қапқара, терідей тырысып, жалбырап, кей жері ырсиып, қызыл шақа майы шығып тұр. Қайырбектің есі бірде кіріп, бірде сандырақтап, «аттан сап!», айқайлап та қояды. Денесінің қызуын өлшетіп еді, жогарылап отыз тоғыз градусқа жеткен.

Бригадир халі ауыр екенін сезінген Айжан іштей: «Ай, неғайбыл-ау!» деп қынжылса да, сырын бермей, есік жақтағы бұрышта басы салбырап төмен қарап жүдеп отырған

Нұрланның қасына барып, күлімдеп, саусағымен иегінен көтерді.

— Жігітім!.. Көтер басыңды!

Үйрім ойға батып кеткен Нұрлан, Айжан қолынан тартып алғандай, сергіп, күлімсіреп, бойын ширақ ұстап, алдымен Қайырбектің халін сұрады. Адам өлім аузында тұрса да, дәрігерлер үмітін үзе ме. Айжан «жақсы, жазылады!» деп жұбатты да, Нұрланның да емделуін талап етіп, азғырып бақты. Ауруға бойсұнбайтын батыл жастық әуенимен ол әуелі безілдеп, емханадан ат-тонын ала қашты. Кім білсін, нендей себебі барын, әйтеуір, Айжан емханаға жатып емделуге әрең қөндірді. Бола ма үйге қоя беруге? Кім күтеді оны? Ертең, мән бермей жас жігіт жүре береді, күйік қажалып, асқынып, ауруы үдеп кетсе қайтеді?

Қайырбек пен Нұрланды оңаша палатаға салып үйіне қайтпастан ұзақ түнге Айжан қүресіп шықты. Әрбір үш сағатта Қайырбекке пенициллин ектіріп, әлсін-әлсін жүргегін тыңдалап, жігерін де, білімін де жұмсал бақты. Таң алдында көз шырымын алып, ұйықтап кеткен екен, құзеттегі сестра келіп, оятып жіберді. Қайырбектің қанының давленесі төмен түсіп, шөлі қанбай қиналып жатқанын ескертті. Айжанның қорыққаны да осы: Біртіндеп жүрегі әлсіреп, есі кірмей, өліп кетуі де ықтимал!..

Халатын асыға киіп, жүре түймелеп айжан палатаға барса, Нұрлан басын көрнесімен бүркеп ап, теріс қарап, бүрісіп үйықтап қалған да, өңі қашып, сұрланған Қайырбек кезерген ернін қайта-қайта жалап, ыңыранып жатыр. Айжан қалтасынан стетоскопын суырып алып, науқастың жүрегін тыңдады. Талмаусырай соққан жүрек көп жайды аңғартады. «Тездет, дәрігер көмегінді, өйтпегендеге, кеш қаласың!» деп жазылған дыбысты да естиді жүректен.

Өлім мен өмір — білек сыйбанысып, жекпе-жек айқасқан қысылшаң, тар кезең — дәрігерге де, Қайырбекке де сын. Кім жеңеді? Аузын арандай ашқан ажалдан құтыла ала ма Қайырбек? Қалай құтылады? Қайырбектің организміне демеудің жолы қан құю. Басқадай ем кешеден бері жасалып та жатыр, оның көмегі белгілі ғой...

Осы ойдың толғағымен Айжан кабинетіне оралып, қолын жуды. Ұйқысын ашып, бір стакан қою шай ішер мәді, шіркін!..

Терезе түбінен дабырлаған еркектердің даусы үдей шұлап кетпей тұрып алды. Бірінің сөзін бірі тыңдамай, жамырай сөйлеген кісілердің жеке-жеке сөздерінен «дәрігерді

шақырып жібер!» деген өзіне арналған сөзді ғана ұқты Айжан.

Сүйткенше, тыстан санитарка да кіріп, есік алдында созвхоздың бір топ жұмысшылары келіп, күтіп тұрғанын баян етті.

Айжан қолын орамалға сүрте-мұрте, «не боп қалды?» деген үреймен тезірек шықса, бастығы — орталық совхоздың директоры, бір топ адам ентелей, дәрігерді күтіп тұр екен, Айжанды көріп, шуды тоқтатып, тына қалды.

Тай шабысты дызылдақ біреуі, Қайырбектің халін білгелі келгендерін, не жасы үлкен ақсақалын тоспай, не жолы үлкен директорына қарамай, жүрттан бұрын сайдады.

Ковальчук қасында тұрған Нұрқатты Айжан бәрінен бұрын байқады. Қызара бертіп, әлденені сөйлеп, қолын сілтеп тастап, сөз арасында «хе-хе» деп қиқылдан күліп қойып, өз алдында бір тәбе дәрігерді көріп қап, о да тына қалды.

Айжан Қайырбектің ауырлап жатқанын, оған қан құй-маса болмайтынын түсіндірді де, «досы үшін жанын қиятын кім бар? Кім қанын береді?» деді. Айжанды сүйсіндірген — бірі іркілмеді. «Мен берем! Мен берем!» деген дауыс жан-жақтан қардай жауды.

Жаңағы ризашылық білдірген жігіттердің ішінен бетінен майы тамған он шақтысын таңдал алып—«бірі болмаса, бірінің группасы дәл келер!» деген мақсатпен лабораторияға жіберді.

Айжан бұрылып, емханага кіре бергенде, манадан үндермен тұрған Нұрқат дауыстап атын атап, тоқтатып алды да, өзі жақын барып, бөлесінің халін сұрады. Қөзі күлімдей, ыржыып, әлденені ишара етіп, Айжанның нервісіне түрткілеп, ыза қылғысы келеді.

Айжан жігіт сырына қанық. Не үн қаттай құтылады, не дау айтып құтылады. Әсіресе, тілі шыққаны соңғы кездे:

— Ауру таба алмай жүр еді бөле, сенде емделуге жақсы тапқан ақыл. Хе-хе.

— Біреудің ойын болжауға қайдан шеберсің осы?

— Алаканда ғой, замандас.

— Пай-пай! Сенің алаканыңа сыйып ол, не қылған нашар жігіт?

— Біздің күшті жаңа білдің бе?

— О, мен білгелі қашан. Сонау Қарақұдық басында-ақ сезгем.

«Қарақұдықтың» аты аталғанда-ақ Нұрқат мүйізінен ұрылған өгіздей, басын шайқап, кете барды. Бұл жолы бұлардың айтысына құлақ сап тұрган жігіттер, бұрын ол хикаяны естіген бе, ду күліп, Нұрқаттың шамына тағы тиді...

* * *

Нұрлан сырқаттанып емханаға тұсken күні Раушан келіп, Нұрланға кіруге Айжаннан рұқсат алды. Екі беті наратай қызыарып, әдемі жұқа танауы делдиіп, ерке мінезбен наздана, жүрек тебірентіп, сиқырлы құміс даусымен әндете келді.

Құрбысының сүйкімді екенін Айжан бұрыннан білсе де, бүгін мұлде басқаша қырымен көрініп, Айжан өзі де еріксіз қызықты, қаншама бір мін тапқысы кеп, сынап, жіті қараса да не нәзік те келісті денесінен, не сүйкімді бет-әлпеттінен жараспай олақ тұрган ешиәрсе таба алмады. Айжан киіктің асығында сұттайлы құрбысына қызығып қана қоймайды, қызғанады да, қабағы дір етіп, әлдене бір мінезін жаратпағандай, халатты киер-кимес, шұғыл бұрылып, кабинеттен шықты. Палатаға өзі бастап алып барды.

Раушан қысқа адыммен дік-дік басып, Нұрлан қасына асыға барды да буынсыз кісідей сылқ етіп, отыра кетіп, бетіне қынжыла төніп қолымен маңдайын сипады.

— Байқамайсың ба, әлде тастай алмай жүрген жаңың бар ма еді... Қайта құдай сақтаған! Не бетіңді күйдіріп, қорғып кетсе кімнен көрер ең... Әлгі геройдың өзі қайда? — деп ұзын кірпіктерін талмаусырата қағып, қасында мысықтай аңдыған Айжанға еркелей бетін бұрды.

Айжан жауабын тыңдаған да жоқ Раушан, өзінің естігендегі қорқып қалғанын, сасқаннан: «Неге жібердіңіз?» деп директорға жаңсақ сөз айтып қап ұялғанын, олардың Раушанды келемеж қылғанын Нұрланға заматта айтып та үлгерді. Көзін алмай, сүйсіне құмарта қараған жас жігітте үнсіз, о да осы бір шақ қасында Айжан барын ұмытқандай.

Айжан да толқып, шығып кетті де, емханаға келе қалған Мәлікті бұлардың үстіне кіргізіп жіберді.

Мәлік Раушанды көріп, табалдырықтан аттай бере сәл мүдірді де, іле, ширақ, жинақы жүріспен қастарына барды. Өзара әлденені әңгіме қып, көбіне көзбен сөйлесіп, көз арқылы біріне-бірі қуат жіберіп, арбасқан екеудің арасына кеп түсті Мәлік. Нұрлан жастықтан басын көтеріп ап, қы-

сыла қызыарып, қолын созды. Раушан да кішілік ылтифат-пен түрегеліп, орнын ұсынды.

Мәлік: «Жата бер! Жата бер!» деп Нұрланның қолын қысып, Раушанның иығынан басып, орнына қайта отырғызды. Айжан Мәлікке тағы бір орындық әкелді де, үшеудін жеке қалдырып, өзі шығып кетті.

— Қалай, батырым, тәуірмісің? Ия, саған жол босын...— Мәлік сәл езу тартып жымыып, Нұрланға бір жағы мысқылдай сөз ұшығын тигізе сөйлемеді.

— Аңғал батыр алдындағы орды көре ме? — деді Раушан әзіл отын бірге тұтатып.

— Рас айтасың, Раушан, бұл өзі баяғы қалмақпен соғысып Тау асуында найзасына сүйеніп өліп кеткен Жасыбай батырдың інісі екенін ақтады бұл жолы... Жаңа Ковалъчук айтады Нұрлан болмаса, Қайырбек жанып кетпек екен.

Нұрлан ырсия күлді. Әлгі бір әзірде өзіндік беті бар салмақты Нұрлан Мәлікті көрген соң жеңілтектеніп қалғанына Раушан таң қалды. Сонда секретарь деген лауазымның мысы жеңгені ме?

— Мен ерсі не істеппін? Кім де болса, менің орнымда, осылай борышын ақтар еді.

— Ерсі істеді деп кім айтады. Ерлік дейді жұрт. Біздікі: байқау керек деген тілек.— Раушанның бұл сөзі: «ерлік жасаған жалғыз Қайырбек емес — көзі жаудырап жатқан жас жігіт те бар, жадыңызға сақтаңыз, жолдас секретарь, күнде ерлік тұа бермейді» дегені. Бұл ойды Мәлік те тустанді.

— Естідім, естідім... Қайырбек тірі қалса, ерлігім іске асты де.

Раушан қоштасып кетуге ыңғайланды. Мәлік те бірге тұрып, Нұрланның қолын қысып, «тезірек жазылуыңа тілекестепіз» деп Раушан соңынан ере шықты да, дәлізде әйелін құып жетіп, қолтығынан ұстай алды.

Мәлік пен Раушанның Баянауыл қаласының көшесінде көптен бері қатарласып келе жатқаны осы. Мүмкін, не кей үйдің терезелерінен, не аулада тұрып шарбақтан, не ашық қақпадан сығалап: «Бәрекелді, татуласыпты ғой... Бәсе, жалғыздық құдайға ғана жарасқан!..» деп ернін сылп еткізіп ризашылығын білдірген әжелер, немесе, сыртынан ернін шығарып, келемеж қылған өсекші келіншектер де табылар, дегенмен, екеуі де іркілмей, көшени қақ жарып,

кез келген таныстарға салмақтана бас изеп, әңгіме жібін сабактай берді.

Бүгінгі қоңыр кеште Раушанның да көңіл күйі асау тайдай алып та қашпайды, ырғаққа түскен жорғадай және жайлыш емес, әйтсе де, Мәлік сөзін зерде сала төзіммен тыңдайды. Аз күнгі жалғыздық көңілді орта түсіріп, тасытпай, басып тастаған сияқты ма, қалай...

— ...Сүйтсе де, үйіңе оралатын мезгіл жеткен жоқ па, Раушан?

— Кімге оралам?

— Кім?.. Қандай ауыр сөз! Сонда біржола мені ұмытқаның, ба?

— Жүрек соқпаса, қалай көндірем?

— Жүрек еркелеп те соқпай ма? Ақыл қайда?

— Егер тіптен, ақыргы сөзің болса, бұл үйде сен қал.

Мен кетейін.

— Неге?

— Біздің заманда үйден еркек кетпей ме?.. Еркектің мүмкіндігі бар өзіне тұрмыс құрып алуына!

— Мен тұрмыс құра алмайды деп жаныңыз ашиды екен фой?

— Келеді, әрине, қолыңдан. Бірақ жолың ауыр сенің.

Екеуі бірін-бірі аңдып, қажап, ойларын келте қайырып, жұмбақ айтысқандай. Раушан екі қолын артына ұстап, ридикюлін бұлаңдатып, билей бастады. Мәлік көзінің астымен тұртқілей қарағ: «Шынымен алыстап кеткені ме?» деп үрейленіп, Раушан сөзіне шек келтіргісі келгендей.

Асау биені үйреткендей тәк-тәкпен, Мәлік Раушанды үйінің қасына алып келді.

— Кір үйіңе... Мә, кілт! — Мәлік есіктің ашиқ тұрғанын сезсе де қалтасынан кілтті алып, Раушаның қолына тыққыштап еді, ол кейін итермеледі; үнсіз басын шайқап, бұрылып жүре бергенде, Мәлік шап беріп Раушанды жерден көтеріп-ап, екі аяғын безектетіп, тулағанына да қарамастан, аяғымен есікті теуіп жіберіп, үйге алып кірді. Табалдырықтан аттасымен еңкейіп, ернімен ернін ізден, құмарлана сағына сүйді. Көзінен, шашынан, алқымынан қатты-қатты сүйді. «Сөулем!»— деп аймалап, бір ай бойғы ۋارықкан күйінішін, тарықкан сағынышын, құмартқан көңлін баса алмай, үйқысыз тұндерде тілі үшіна оралып, жадында сакталып қалған жалынды сөздерді қайталап айтып, мауқын баса алмай толқыды.

Аздан соң есін жинаған Раушан:

- Мәке,— деді даусы дірілдеп, қолын жүрегіне ба-
сып.— Мен адал екендігіме сенгенің бе?
- Сенгенім!
- Нұрлан әйтты ма?.. Әдейі соны білу үшін дос бол-
ған екенсіз гой?
- Жоқ, бір ауыз сұрасам, бұйырмасын. Бірақ...
- Не «бірағы» бар?
- Бірақ, ол — сенің теңің емес. Ол жас, сенің көздің
одан төз сүиди. Саған еркіне көндіріп, уысында ұстайтын
мінезі қатты, мықты ерек керек.
- Сіз ше? Өзіңізді қалай санайсыз?
- Менің мінезім жұмсақ, қатты ер болсам, сені шол-
жыңдатып, бетіңмен жіберем бе?
- Онда кінәлі өзіңіз гой?
- Мен өзім! Сенен келген қандай ауыршылық болсын
мойныммен көтеріп алды.
- Егер, мен ертең басқа біреумен қашып кетсем?
- Кетпейсің ешқайда. Айға кетсең де қуып барам со-
ңыңдан.
- Мәлік құшақтап тағы да сүйді келіншегін.

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Шабдар байтал құтырынып, машина көрінсө осқырып,
кейін шегінетінін қойып, мінуге үйреніп қалды. Анау жо-
лы отарда қыздардың көзінше лақтырып тастап қашып
кеткеннен соң, ызалы Нұрқат, алыстағы «Қарасор» ма-
ңындағы жылқыдағы үйіріне барған байталды ұстаташып
әкеп, күні-түні шапқылап, ақ көбігін ағызып, жұнін жығып,
жуасытып алған-ды. Содан бері, шабдар шәлкес мінезін
тастап, моп-момақан, жуас атқа айналды.

Нұрқат атқа мініп, шекірейіп жүруді таңсық көреді,
отарларды машинамен аралаудың орнына атына мініп ап,
асықпай қона-түстеніп, бір қойышының үйінен лақ жеғе,
енді бірінен марқа қозының балауса етін қомағайланған асап,
конъякті құмарта жұтып, қызара бөртіп қоңыр да баяу
дауысымен ән сап, желе жортып, отарларды араляй береді.

Екінші отарға келгенше, қопаң-қопаң етіп, іші сабаша
пісіліп, түк жемеген, түк ішпеген адамдай жып-жылма-
ғай боп ашығып келеді де, қолды салады табаққа...

Қазір Нұрқат бұрынғыдан да толды, бірақ қарны қам-
пиып, ырқ-ырқ еткен семіз емес, бұлшық еттері бұлтиып,

қатайып, шымырланып, өз қадірін білетін өз бағасын жақсы түсінетін адамдай маңғаздана шіреніп, ыңырана, еріне сөйлейді. Өз денесіне лайықтап тіктірген киімі мұсініне ақау түсірмей, қайта, томпая бастаған қарнын жасырып білдірмейді. Аяғында хром етік, бұтында бұрынғыдай қалтасын деддите тіккен галифе шалбар, үстінде күнге күймейтін, желге тозбайтын сұр чесуча көйлек, басында қамыс қалпақ. Ердің артына бөктерген ала қоржында: «Әкемнен қалған» дейді, сақал-мұртын қыратын ұстара, жауын болса, киетін су өтпес плащ. Совхоздан машина сұрап алмай жүруінде тағы бір жасырын сыр бар, оны Нұрқаттан басқа тірі пенде білмейді,— жеке меншік машина сатып алғысы кеп, ақша жинап жүр. Сол құрғыр, кей күні түсіне де еніп, мазасын алады. Ерекең: «Ендігі келген бірінші машина сенікі!» деп дәмелендіріп қойды, аузы ісіп жүрмес...

Міне, қазір, желе-жортып-екінші бригаданың маңындағы қой отарына барады. Шабылған шөп те, жайлау оты да кешегі өртте, тып-тыйныл күйіп кеткен, енді қойдың өрісі жоқ, сонау «Керегетас» маңындағы басқа бір совхоздың жеріне қарай ауысып көшкен-ді, соны көріп қайтпақ.

Бірақ, көңіл құрғыр, бей-жай, күндеғідей қоңыр үнмен ыңылданап ән сала алмайды, көзі алдында — жеке палатада сұлап жатқан Нұрлан, қасында — қолын сипап, жаудыраң қарап жігіттің әр сөзін қалт қылмай аңдып отырған Айжан...

Нұрқат, кейде, әйел халқын онша түсіне алмайды — сол Нұрланның несі артық Нұрқаттан? Түрі ме, жігітшілігі ме, білімі ме, дәүлет-күйі ме, несі артық, апыр-ау? Қай жағынан болсын Нұрекең өзінің артықтығын әрқашан да сезінеді, тек, Сембин жолдас, қулау, суайт, айласын алдап асырады. Кеше бір жігіт айтып еді — «Сен сотқар болсаң, ол — суайт» деп... Сорлы Мәлікті мұрнын тескен ботадай жетектеп, басын айналдырып алған біржола. Ұшқалақ Раушанды бірсыныра «пайдаланып-пайдаланып», өзіне қайтып берді де, енді Айжанга оралды. Нұрқаттың сүйетінін біле тұра, арасына түсіп жүргенін көрмейсің бе, осыны да туыс, бөле дейді — туф... Әй, бір реті келе ме, жоқ па — есеп айырысатын...

Нұрқат жеңгесінің ақылына ден қояды. Ол кісі — өзі әйел, әйел сырын жақсы біледі, ғой, бір сөзінде: «Төре жігіт — «мен сүйемін деп» ешқашан да қыз бірінші айтпайды, және шамасы келсе, менсінбейтін пиғыл сездіреді, оған

алданып қалма, Айжанды көз қырыңнан шығарып, көңлінді білдіре бер — мақсатыңа бір жетесің!» деген-ді.

Сол сөз тәсілге айналып, Нұрқат Айжанның басқан қадамын аңдып, Нұрланмен кездестірмеудің қылышасын ойлап тапқан. Айжан Нұрланмен сөйлесіп тұrsa, қасына барып, ыржандап, Нұрланды тәлкек қылып, қыздың көзінше абырайын да түсіруге тырысады. Олар қонаққа барса, бұз да шақырмай жетіп барып, Нұрланмен иін тірестіре, қатарласа отырып, Айжанды өзіне баурап иемденіп алуға дейін әрекет қылады. Сыпайы, биязы жігіт болғысы келген Нұрлан жұрт көзінше міnez білдіре алмайды да, оны Нұрқат жақсы біледі. Беттен ала, зэр шаша сөйлеп, адұындалп, бір адамға кезек бермейді. Сүйтсе де, қыз Нұрланға қарай береді, о тоба!

Айжан үйіне бөтен біреу кірмесін деген ниетпен, қоярда қоймай Сорокин овчаркасының күшігін сұрап алып, жастай асырап алу себебі де осы да, қазірдің өзінде — үй маңынан бейсауат кісі жүргізбеуі бір сәрі, Айжанның өзінде орынсыз жүргізбейді — дыбыс береді.

Әй, Нұрланның кеудесіне бір міндіріп, «Үндемеске» езгілесте... қайтып, Айжанның маңынан жүрмestей болар еді.

«Керегетастың» түбінен Тайжан отарын таба алмай, әрі аспақ боп, ілгерілей бергенде қарсы алдынан қара жолмен дедектеп келе жатқан жолаушы шалды көзі шалды. Қолында таяқ, арқасында қоржынша, баяғының дуанасы сияқты, етек-балағын түріп алған, жүрісі — аттың бөкен желісіне бергісіз. Бет-аузы — қатпар-қатпар, көсе, көнетоз сенсөң бөркін шалқайта киген, сыйырая қарап, ат басын тартқандай кенет тоқтады.

— Сәлем бердік, ақсақал! — Нұрқат үзенгіні шірей созып, тобылғы сапты сарала қамшымен ерінің имек қасын ұрғылады.

— Әлік сәлем алдық, балам. Қай жақтан жүрсің?

— Аудан орталығынан келем, ата! Өзіңіз қайда барасыз?

— Мен де Жасыбай маңындағы демалыс үйлеріне барып қайтпақпын.

— Баяғының дуанасына ұқсайсыз. Есебі бәлгер емессіз бе, ата? — Нұрқат қылжақ қылды.

— Ептең бал ашатыным да бар еді, шырагым,— деді шал қуланып.

— Бәс... Тегін кісі таз бола ма дегендей... бал ашып бересіз бе?

— Берем, ақы берсең.

— Ақысына, ессбі, не аласың?

— Өзің сияқты оқыған дәү азаматтар қалтамды ақшаға толтырып жіберуші еді... Қолың ашық жомартсың ба, яки, жібімес сараңсың ба, таниын, кәне?

— Өкпелетпеспін.

Нұрқат атынан түсіп, еріне қаңтарып, шылбырының бір ұшын белбеуіне байлаپ, жол жиегінде малдағы құрып отырған шалдың қасына жақын барды.

Шал иығына артқан алаша қоржыншасын ашты да, қолын сұғып жіберіп, бірдеңе іздеп жатыр екен, Нұрқат көзі топ газет пен хатты шалды.

— Мынау не қылған хат, ақсақал? Почта тасып жүргеннің қай жағысың?.. — Элдене есіне түсіп кеткендей шалдың қолын ұстай алды Нұрқат. — Сіз осы атақты, шапқан атқа жеткізбейтін Қосанжүйрік емессіз бе, соғыс жылдары Павлодардан Баянға хат таситын?

— Соның інісімін. Мен де жүйрікпін. Қазір «Екібастұз» демалыс үйіне почта тасымын. Атым жүрмей қалған соң өзім жаяу тартып бердім.

Нұрқат басын шайқай, үңіле, таңырқай қарады.

— Әй, со кісінің өзі боларсыз, тегі...

— Кәне, бал ашайын ба, балам? — Кішкене дорбадағы құмалағын алақанына салып, күбірлеп, үшкіріп алдындағы төрт бұрышты ақ орамалға шашып жіберді шал.

— Есебі нешеге кеп өлем?

Шал «пісміллә» деп құмалақты сұқ қолымен, біркелкі маржандай ақ тастандарды түрткілеп, ерні жыбырлай күбірлеп отырды да:

— Шыны керек пе, балам, өтірігі керек пе? — деді.

Нұрқат басын кекейтіп қарқылдаш күлді.

— Ақсақал-ау, өтірік айту кімге керек?

— Кей кісі, балам, қатал шындықтан, жайлы өтірікті артық көреді. Қалай едің, дәтің шыдай ма, шындық естуге?

— Біліп айтсаңыз...

— Білмейді десен, өзің аш! — деп шал құмалағын жинай бастады. Нұрқат шалдың қолына жармасты.

— Кешіріңіз. Шек келтірген сөз емес бұл! Анығын айтсаңыз құба-құп дегенім рой.

— Жарайды.— Шал құмалағына қайта төніп, жеке тас-

тарды «сөйле!» дегендей түрткілеп, күбірлеп: сен елуден аспайсың, онда да — ат теуіп өлтіреді, балам!

— Тек! — Нұрқат сескеніп, басын көтеріп алды.— Өзімен кетсін ондай өлім.

— Енді қайтейін, балам, құмалақ солай десе...

Нұрқат ойланып қалды.

— Онда атқа мінуді қою керек десеңізші?

— Өзің білесің... Тағы неңе ашайын?

— Бір қызыға ғашықпын. Соған үйленем бе екен?

Шалдың іштегі мысқыл қуатының әсері ме, екі жанары жарқырап, езуі дір-дір етеді. Құмалағын тағы да шашып жіберіп, үзілді.

— Аққұба, үзын бойлы, мұрнының ұшы көтеріңкі қыз...

— Дәл өзі, ағатай. Қалай таптыңыз?

— Міне бір тасқа суреті түсіп тұр.

— Қайсы, ағатай?.. Мен көре алам ба?

— Көресің, егер балгер болсаң.

— Мені үйретесіз бе, бір ат берейін?

— Бұған балам үйренбейді. Іштей туа біткен қасиет.

— Ал, қыз не? Сүйе ме? Алам ба?..

— Қыз сені сүйеді.

— Нұрқат ыржыя күліп, есінен ауысқан адамдай аңырайып қалды да, іле шалға қайта ентеледі.

— Шын ба?

— Шын. Жалғыз-ақ, ол қызды айналдырып жүрген тағы бір жігіт бар, тегі, сол қағып кетпесін, абыла, балам.

Нұрқат атып тұрды орнынан.

— Сізге ден қойдым енді.— Қойын қалтасына қолын сұрып жіберіп он сомдық ақшаны сұрып алды.— Ақсақал, мынау сізге тартар сыйлығым.

— Сыйлығым? Өй, сыйлығыңың ішін...— Шал ал боқта.— Тұқымы жарымаған неме! Осыны да ақша деп ұялмай тартасың ба?

Нұрқат та ежірейе тұсті:— Уай, шалым-ау, кісі тонаушы ма ең? Осыдан артық не керек саған?

— Айттым ғой, атаң да жарымай жүріп, ұрыларға қосылып, жат жерде өліп еді.

— Өй, шал, сен мені танушы ма едің?

— Сен сияқты ақымақты үзілде кім танымайды?

— Қап, мына қу бас, атама шейін балағаттап... Қолыңда өлейін.— Нұрқат үмтыта бергенде, шал атып тұрып зытты. Нұрқат атына мініп, қуганша «Керегетастың» арасына сіңді де кетті. Даңақтап, бірақ жер шауып барып,

жан-жағына алақтай қарап, іздең еді, ізін таба алмай, адасып қалды. Қолдан орнатқандай жыбырлаған тас орманың ішінен жаяу кісі түгіл, атты адам да табылатын емес... Қап! Бүкіл елге жаяды-ау осындай сараң деп. Естідің бе жаңағы сұмның ашы тілін...

* * *

Тайжан отарын алыстағы бір құншілік жайлалауға айдал әкетсе керек-ті, желдіртіп отырганиң өзінде, Нұрқат тұс ауа «Тасбұлақ» атанған бұрынғы Айдабол байларының жайлалауына зорға жетті.

Үлкен шананың үстіне тіккен «киіз үйді» трактормен сүйретіп, шөбі тапталып сарғайған сайдың үстіне қөшіріп, әкеп тастаған екен, кешкі ерінің қайтуына қам жасап, құб жеңдеп жүрген қара кемпір бір тостаған айран беріп, ауыл аймақтың амандығын сұрады.

Сусап, аузы кебірсіп келген Нұрқат бір тостаған айранды қағып салды да, екіншісін сұрап ішіп, қалтасынан орамалын алып бұрқ еткен маңдай терін сұртіп, содан соң тіл қатты:

— Раушан мен Мәлік қайта қосылған, естіген боларсыздар?

— Жоқ, ой-бай. Сүйіншінді алмайсың ба, балам. Көп болды ғой, Раушанжанның қатынаспағанына. Экесі де қынжылып жүр еді. Бәрекелді, жақсы хабар экелдің-ау, шырағым.— Қатып қалған кішкентай қара кемпір бәйек болды да қалды.

Кемпірдің дауыс нашы, кей сөзді созыңқырап, шолжаңдай айтатыны, дene бітімі — қызынан аумайтындығын енді аңғарды, «қызы шешесіне тартқан екен-ау!» деді іштей ойын түйіп, көзін алмай Нұрқат.

— Олардың тіптен айрылатын реті де жоқ қой, шеше. Соңғы көзде арзанқол сұмдар табылып жүрген жоқ па, ерлізайыптының ортасына түсетін,— деп әлдекімді нысанана алып, көздей сөйледі.

— Эй, бұзылған заман-ай!.. Не түседі екен сонда?— деді кемпір ернін сылп еткізіп, тамсанып.

— Атын білгіңіз келсе, айтайын, апа? Адал тағамыңызды жеп, дастарқаныңды тілгілеп кететін, Тайжан ағайдаңың ықыласы түскен Нұрлан деген ерке жігіт бар. Сол!.. Бәрін бұлдіріп жүрген!

— Нұрлан? Әлгі Сембінің Нұрланы ма?

- Араларын ашқан сол көрінеді.
- Қарағым-ау, ол жастай бірге өскен ағалы-қарын-даст сияқты еді, ондайға бармас, жаңсақ сөз болар?
- Отарға келгіштеп жүргенін Мәлік естіп қойса керек.
- Ондай арам тілегі болса дәм атсын. Бұл үйдің қарасын көрсетпесіліз бұдан былай,— деді кемпір тостағанын жуып жатып. Нұрқат екі бүктеген қамшысымен етігін сабалап, тысқа шықты.
- Шеше!.. Сонау көз ұшында қарайған өрістегі қой болар?

— Көзім көрмейді, балам. Қараңдаса сол біздің отар да. Бұл жақта бізден басқа тірі пендे жоқ,— деді есіктен сығалап кемпір.

Нұрқат шабдарына бір жамбаспен қисая отырып, сол өріске қарай тартып берді. Нұрлан туралы айтарын айтса да, кейін опық жеп, өзін-өзі қынжыла секті.

— Ертең ол кемпір — қызына, қызы — Мәлікке айтып, сөз сатылап, ақыры иесін тапса қайтпек? Сонда Мәлік: «Әнеуқұнгі араз гып, арамызды ашып кеткен осы еді-ау, есіме жаңа түсті, бұл айуан тағы да ши жүгіртті ме?» деп жағадан алса не іstemек Нұрқат?

Еркек басымен біреудің үстінен ғайбат сөз айтудың өзі... Ия, бұл да женілтектік!

Бірақ, шыны осылай емес пе, оны біле тұра Нұрқат қалай жасырады? Мәлік Раушанға сенбей жүріп, «сендім» десе — онысын өзі біледі, оған Нұрқатжан кінәлі ме?

Тайжан қой жаюдың тәсілін біледі, түстен кейін сортаңға, тақырға жаяды, жусан жегізеді. Бүгінде қырат етегіндегі ойдым-оидым ақ тақырға қойын жайып, өзі төбенің басында қошқарлар сүзісін тамашалап, жантайып жатыр. Қасындағы «Алыпсоғы» да шоқыып, «қайсы жеңер?» дегендей телміріп қалыпты.

Байталдың аяғын шідерлеп, ауыздығын алышп, отқа жіберді де, Нұрқат аяңдап Тайжанның жанына барды.

Кеселді шал, басын да көтермейді, баяғы Шорманның зынданындаш шіреніп ««Өріт, соқ-соқ!»» деп күңкілдеуін көрдің бе, мал дәрігері келіп тұр деп именбейді.

Ашуы кернеп, терісіне сыймаған Нұрқат «Сәлем ағасы!»— деді тарғыл дауыспен.

«Ә, аманбысың!» дей салды шал, басын да бүрмaston, көзін қошқарлардан алмай. Мүйізі қарағайдай екі қошқар сарт-сұрт соғысып, бүкіл айналаны жаңғырықтырығандай. Ақсары бас қошқардың мүйізі басын шошайтып ыс-ыс етіп

ніріліп жатқан жылан сияқты да, тайыншадай шымқай қара қошқардың мүйізі білектей жуан да, айшыққа үқсас, имек. Екеуінің де құйрығы тірсегін соғады, салбырап түсіп кеткен «Еділбай» тұқымының, Баянауыл аймағында тірі қалған соңғы өкілдері де. Нұрқат осы совхоздың отарларын аралап жүріп, мұндай таза тұқымды қошқарларды көргені жоқ, бірі — жүндес жатаған, аяқтары жуан келсе, енді бірінің жүні тақырлау, биік бойлы.

Нұрқат осы өңірде қыста қар теуіп, шөп шауып жейтін, жазда ыстыққа шыдамды, көндікбай, бұрынғы қазақ даласында өсіп-өнген Еділбай тұқымдас қойды өсіруді қолдайтын-ды, дәл қазір мына қошқарды көрген соң ашуы тарқап, олардың соғысына құлімсірей қарап, тамашалап тұр.

Бұрын осы отарларға қатынасып жүргенде нені көрген десеңші?..

Ақсарыбас қошқардың денесін жеңілірек екен, кейінірек шегініп-шегініп барып, алыстан атылады. Салмағының аздығын екпінмен толтыратында. Қара қошқар самарқау да зілді, көп шегінбейді, қаншама ақсарыбас алыстан атыла соқса да мыйзғымайды.

— Ағасы-ау, мүйіздері сынбай ма? — Нұрқат шыдай алмай бірінші үн қатты.

Тайжан сол жантайып жатқан қалпы, миығынан құліп, қолындағы бұтақты таяғымен жерді бір нұқып:

— Уамай!.. Сайысқа бірінші тұсуі дейсің бе... Абыржымай қарасайшы немен бітерін,— деді такаппар шал. Шегініспі, араларын недәуір алшақтатып алып біріне-бірі қарсы жүгіріседі де, жақындау қалғанда, секіріп кеп ұрғанда, мүйіздері сынып кете жаздайды, сыйырлап, тұнық әуеде, ағаш сындырғандай естіледі. Ежелгі алма кезек түсіп жүрген қас батырдай тізерлесіп, жатып ап сүзіседі, ыңырсып айбат шегіседі.

Ақсары бас қошқар қара қошқардан ширақтау, кейде бұрынырақ тұрып, жылдамырақ кейін шегінеді де, орнынан тұрғызбай маңдай тұстан періп жібереді, қара қошқар оң жағына қарай қисая құлап, іле қайта тұрады. Есін жидырмай үсті-үстіне төпелейтін боксер тәрізді ақсары бас қошқар кейін шегініп ұлгертпей, ежірейіп кеп тағы бір соққанда қара қошқардың маңдайынан қан бұрқ етті.

— Алда, құдай-ай, қылдау, мына соққан! — деп шал орнынан түрегелді. Шалдың ащы даусынан сескенді ме, эл-

де бас ауырып, мәңгіл қалды ма, ақсары бас қошқар шұғыл бұрылып, қойға қарай беттеді. Жаны ашыған Алыпсоқ, мәңгіл тұрып қалған қара қошқардың маңдайын тілімен жалады.

— Айтып ем ғой, мүйізін сыйндырады деп... — Нұрқат қабағын түйіп, шытынап, қара қошқардың қасына барды.

Тайжан өз кінесін мойындағандай, томсырайып ләммим дей алмай, қаба сақалын шенгелдей ұстап, Нұрқатты жатсынып, қаша бастаған қошқарды «Қошақаным, қошақаным!» деп тоқтатып ұстап алды.

Қошқардың маңдайына үціле қарап, сүйегі аман екенін білген соң, Алыпсоқты тағы да шақырып ап, қошқар жарасын жалатып-жалатып, қанын тыйып, құйрыққа бір сап қоя берді.

— Осы иттің сілекейінен артық ем жоқ бұған, ертең-ақ бітіп кетеді,— деп шал жымындарап, аяғына оралған тәбеттің құлақ түбін сипалап, балаша еркелетті.

— Бірақ, ағасы, сіз бұл концертті доғармасаңыз, есебі, екеуіміз араздасамыз! — Нұрқат даусын қатайтып, әмір бере айтқанын шал жақтырмады.

— Қошқарлар соғысы, балам, байырғы заманнан келе жатқан дәстүр, қойшының жалғыз ермегін қимайсың ба? Тек сені көрген соң есер ақсары бас екіленіп кеткені, әйтпегенде, күндегі сайысы.

Нұрқат шалдың сөзіне тигізіп, Нұрлан екеуінің тартысына ұқсатып тұр деп ұқты.

— Есебі, ағасы, қойға алдымен мына мен жауап беремін. Түсінікті ме?

— Эй, жауап берсең, онда өзің бақ!

Нұрқат адырая бетіне қарады.

— Кисық сейлеудің керегі не, ағасы. Әркімнің істейтін ісі бар... Жүріңіз қойды аралайық. Қотыр қойлар бар ма? Мына қатарғы отарда қотыр түсіпті.

— Уамай. Бізде қотыр қой жоқ!

Жусанның басын шалып, күрт-күрт шайнап жүрген қойдың әрқайсын Тайжанға бір ұстатьып, жұнінің арасын ашып-ашып қарап, құйрығын көтеріп салмақтап, белінен басып-басып қояды.

— Қой әлі арық.

— Осыған да тәубе де, шырағым. Жаятын жерім жоқ, қалай семірсін. Жылдағы жайылым анада бір жола өртенип кетті. Енді, міне, қу тақырға айдалап келдім.

— Жер ыңғайын менен жақсы білесіз ғой. Дегенмен ақылдаспайсыз ба? — Нұрқат ақылдаса сөйлескен кісіше, даусын жылдытты.

— Уамай, қалай ақылдасам — менің телефоным бар ма, шырағым? Өздерің қатынаспасаңдар, қойды тастап қайда барам? — Тайжан балуан денесінің салмағын таяғына артып, сүйеніп тұр. Мойнының күре тамыры білеуленіп, алақандай қызыл қалы бұрынғыдан да бетер күреңіте түскендей.

— Келдік қой, міне. Тоса тұрмайсыз ба, ағасы. Жалғыз сіздің отар дейсіз бе — бір күн көзіңен таса қылсаң опонай өле қалады қойлары. Қалай өлөтінін? — Қатардағы отарда, шілденің ыстық күнінде топырлад өліп жатқан қойлар Нұрқаттың көз алдынан кетпейді.

— Қарағым-ау, оның себебі бар.

— Себеп сол — күтім жоқ.— Нұрқат өзі жауап берді. Тайжан басын шайқады.

— Баяғыда шілдеде қой неге қырылмады?

— Баяғысы қайсы?

— Баяғысы: осы Баянауыл төңірегінде Айдаболдың Темірболатына 20 мың қой біткен. Құліктің Молдабайында, Қанжығалының Қуленінде, Қаржастың Атығайында, Қозғаның Қабылышында 10-15 мыңнан қой болған, солардың қойы шілдеде де өлмеген?

— Қойшылар жақсы баққан.

— Пішту! — деді Тайжан ернін салпитып әйелдерше,— олардың қойының шет жағасын мен өзім де баққам. Дәл қазіргідей күтімді баяғының қойының түсіне де кірмеген, уамай! Дәрі-дәрмек, ем дегенді кім білген? Құрттаған малға қара май жағып оп-онай жазып ала қоятын... Осы күнгінің қойы Шорманның тұқымында, жеке база сал, астына шөп төсе, қастерле, күт... Жатқан бір төре. Баяғыда қой бауыры сап-сарала боп, қиға қыстап шығатын.

— Есебі, не демексің сонда, ағасы?

— Ағасының айтпағы,— деді шал кекетіп,— қой басқа болған.

— Ә, не дейді, ағасы? Ха-ха!.. Біле ме ағасы, бұл сіз өсіріп жүрген қой герман тұқымы екенін? — Нұрқат қарқылдаپ күле сөйледі.

Тайжан сұқтана қарап тұрды да:

— Герман болмақ тұрсын, америкадан әкелсен де, сол қойдың бәрін, мына тілік құйрықтың біріне алмас едім.

— Бұл, ағасы, себеп емес. Кінәні өзімізден, қой бағудан іздейік. Қалай десең де, ағасы-ау, байлар қойды жақсы білген, баға білген. Бір қойы өлсе, өзің сияқты қойшының, есебі, жонынан таспа алып отырған.

Бұл сөз Тайжанның да шамына тигендей.

— Сонда байдың қойын бакқан кім екен? Оттауын!..

Я, жонымнан таспа алғың келе ме? Мә, ал, шешінейін?

— Эттең, хұқым жоқ!

— Ақымақ!.. Шатып түрғанын жаман неменің! — Тайжан ашуға басты.— Ол кезде, тілімен орақ орып, қолынан түк келмейтін лақпалар аз болған, сен сияқты дәрігерлер қой түгіл иттің де маңынан жүре алмаған. «Күтім керек!.. Күтімнің жамандығынан» деп шенеуін мұның,— деді Тайжан Нұрқаттың даусын салып кекетіп.— Қойды аштан қыр дейсің бе? Жоқ, егінге түсірейін бе, ең арты алақанның аумағында жайылатын жер қалмады. Эне, айғыздап-айғыздап таstadtыңдар есіл жерді. Енді кеп: «күтім жоқ!» деп аузыңды толтырасың!..— Шал бастырмалатып тілдей берген соң, Нұрқат сөзін бөліп, қатарласа жауап қайырды.

— Жерге мен жауап бермеймін. Қосегеңізді көгертіп жүрген Сембінің баласынан сұраңыз! — Нұрқаттың да тілі шаяндай, шақкан жерінен қан шығарады.

— О не деген сөзің, дәрігерім?.. Менің екі туып, бір қалғаным ба, Нұрлан? Кім ол қосегемді көгертетін?

Нұрқат мысқылдай құліп:

— Раушаннан сұрашы, ағасы!

Тайжан Раушанның атын атағанда ықтиярсыз жарылды — қаңқу сөз бұған да жеткен секілді.

— Ой, шіренген шартың неме? Сенен келген пәлені көтеріп-ақ алдым! — деп күп-күрең болып, тұтыққан Тайжан таяғын ала үмтүлды. Нұрқат тұра қашты.— Кет, көзіме көрінбей!.. Енді осы маңға жолап көрші.— Жете алмайтынын білген шал таяғын лақтырды:— Оңбаган өсекшіл!

Атына мініп ап, шалға айғай салды:

— Маған ренжіме, ағасы. Қозаң жетер кімнің кім екенине.— Атын борбайға бір салып шаба жөнелді де, іле тоқтап, атының басын қайта бұрды.

— Отарды бұл өңірде қалдыруға болмайды, ағасы. Бірінші бригаданың жеріне көшіріңіз! Бұл — менің бүйірүғым!

— Бүйірүғыңды қағазға жазып, трактормен жіберерсің, мырза! — деді шал кекетіп, беліне таяғын қыстырып, Нұрқатқа жонын көрсетіп, кері аяңдал.

Нұрқат жолшыбай тағы бір отарға соқты: сарп болған сек қойларды қотаннан бөлдіріп өз алдына жеке үстап, күтпесе, отарды қырып кетпей ме! Тезірек пункт аштырмаса, ертең Нұрқаттың өзін айыптаіды: «Не қарадың, көзің қайдада?» деп... Қой жайылымының күн санап көндей құрысып, кішірейіп келе жатқаның есепке алмай тағы болмайды. Әй, жазда қой аштан қырыла ма, жусан жесе де. Кінә күтімде. Шал өзін ақтап, кінәні жайылымға, шөпке аударғысы келеді, оған кім сенеді?

Тісін қайрап жүрген секретарь ертең дәрігерді құрбан қып облыс алдында өзін арашалап алады. Тегі, Нұрқат алдын ала қимылдамаса, қауіп төнген сияқты.

Баянауылға түнде оралды Нұрқат. Қара барқыт түнге оранған тау бөктеріндегі ақ қала күндізгі айғай-шудан тыныс тапқандай. Тек клуб жақтан зарлай шыққан гармониың жалғыз үні ракетадай аспанға қадала ұшып, жоқ болады.

Нұрқат тастақ көшени жаңғырықтырып, қабаған иттерді ашындыра шулатып совхоздың ат қорасына келіп, ұзақ күнгі жүрістен мұлдем болдырған шабдарын атшыға тапсырды да, өзі жаяу аяңдап үйіне барды.

Шынжырда байлаулы жатқан Үндемес таныды білем, қыңсылап, қүйріғын бұлаңдатып түрегелді. Нұрқат итінің құлақ түбін қасып, алақанымен алқымынан қағып, мүсіркенеді. Үн қатып, көzlін білдіреді.

«Сақып жеңгей салақ еді, ұмытып кетіп, аштан қатырды ма, құдай білсін. Итаяғы да көрінбейді... Қалай, қүзетіңді дүрыс атқардың ба? Кім келді, кім кетті мен жоқта?.. Мына қызға кім келді? Ә, үндемейсің, айтқың келмей ме?.. Ух, мылқау!»— Нұрқат дабырлап сөйлеп, Үндемеске кейіп, риза болмай тұрды да, аяды ма, қағазға орап алған бір шағым қантты қалтасынан алып иттің аузына тықты.

«Жақсы қүзет, қалыңдығымның терезесінен біреу түсіп кетпесін!» Айжан терезесі ашық еken, егер оянса естісін дегендей Нұрқат әдейі қаттырақ дауыстап айтты да, төрт саты жоғары басып, өз үйінің есігін Айжан жаққа құлақ тіге, асықпай ашты.

Ердің артқы қасында байлаған қоржыншасын қалдырып кеткен еken, есіне үйге кіргенде түсті.

...Қап, ішінде дәрі-дәрмегі, блокноты бар еді, біреудің қолына түсіп жүре ме?

Ат үстіндегі ұзақ күнгі жүріс, әбден шаршатқан Нұрқат, кереуетке басы тиісімен қор етіп ұйықтап қалды.

Ертеңінде есікті біреу қойғылап дамылсыз ұрып шырт үйқыдан әрәп ояты.

— Бұ қім, әй, таң атпай үй қыдырган? — Нұрқат трусишес өсік ашты.

— Директор шақырып жатыр! — деді кеңсенің үй сыйнышы әйелі.— Қатты үйықтайды екенсіз, апыр-ай!

— Мендей ұзақ күнге ат үстінде селкілдесең, көрер ем, қалай үйшітаганыңды...

Нұрқат керіліп, есінеп, киімін кие бастады.— Не бол қалды? Әрберден соң өзім де бармаймын ба?

Кеңсеге жеткенше күбірлеп, өзімен-өзі ұрсысып, Ковалъчукті, досын сөгіп барды. Қыт етсе, кісі жүгіртеді, төзімі жетіп, тоспай ма? «Мен директормын» деп басқаның уақытымен санауды білмейді...

Кеңсенің алдында — сап-сары, алпамсадай Тимофеј Федорович пен жіп-жіңішке, інәп-нәзік қуыршақ сияқты Раушан тұр. Раушан бұрынғыдан да гөрі бойшаң да, жіңішкек, әлде шеге өкшелі көк туфли киіп, көк бүрмелі юбка қылдай қып белін қысып тұрғандықтан бойы ұзарып көріне ме... Келіншектің — өнді суық, салғаннан түйілді Нұрқатқа.

— Осыны да мал дәрігері, маман, білімі бар дейді-ау, көрмейсің бе, бізге қол беріп амандаспайды, отардағы қойшыларға не істемейді бұл? — деді директорға қастарына келіп басын изеген Нұрқатты иегімен нұсқап.

— Қолды беруге тұратын адамға береді де! — Нұрқат та тебе бастады шапқа тұрткен аттай.

— Кім тұрмайды, мына директор ма, жоқ мен бе?.. Семірейін деген екенсің-ау, тегі, сөз саптауыңа қарағанда? — Раушаның даусы, қаттырақ шығып еді, Ковалъчук баяғы байыпты қалпын бұзбай араға түсті. Сөзді әрі өршіткісі келмеді.

— Сабыр-сабыр, Раушан Тайжановна! — деп білегінен бір қысып: «маған жібер» дегендей Нұрқатқа бұрды бетін.

Аузынан сөзі сараң шығатын директор шешен бол кеткен бе, Нұрқатқа «жас жігіт қандай болу керек» деген тақырыпқа жарты сағат насиҳат айтып, әбден зеріктірді.

Жас жігіт!.. Өзінің қызығарлықтай білімі бар — ортан қолдай мал дәрігері. Керекуде, теңдесі жоқ қыз сықылды облыстық сұлу қалада тәрбие алған, кешегі студент, бұл сипайы, бұл өдепті болмағанда кім болмақ! Еліце оралдың — қараңғылықтың шам шырағы сен емессің бе? Мы-

на қалпында кімге үлгі болып, кімге ақыл берे аласың, егерде өзіңен үлкен адамға таңертең кездескенде сәлем беруге ерінсөң? Жарайды, Раушан құрбың шығар бірге оқыған, бірақ, Европада әйелді елемеу деген надандықтың қай түрі?..

— Біз Азиямыз ғой! — Нұрқат әдейі жанына тиे қарқылдан жалған күлді.

— Азиятсың! — деді Ковалъчук даусын өзгертпей, қате айтқан шәкірттің сөзін түзеген мұғалім құсан.

Терісіне сыймай әрең тұрған Нұрқат едірейіп досына тап берді.

— Не дейсіз?

— Қызыбасың! — деді Раушан айғайлап.— Құлагың көрең емес пе еді?

— Құп. Тек осы сөзді тиісті жерінде, есебі, мойындай білсөңдер болды.— Нұрқат бұрылып жүре бермек боп ыңғайланды да директордың шақыртқаны есіне түсіп, оған:— Мені осы сөзді айтуға шақыртып па едің?

Жұрт жиналып қалған соң тыста тұрып сөйлесуді лайық көрмеген директор оны шақырып кабинетіне алып барды. Басындағы кепкесін үш тармақ киімлігіштің бір тармағына жүре кидіріп, емен столдың ар жағына өтіп, жайланған отырды. «Енді осы отырғаннан кешке дейін қозғалмайды, сабазың!» Нұрқат іштей мысқылдан көз қызығын тастаған, әдетінше шолпылдатып ернін сорды.

Раушан бұрын кірсе де жабық тұрған терезені ашып, бәрінен соң отырды.

— Кеше екінші бригаданың жетінші отарына бардың ба?— директор алдындағы жасыл шыны лық толған әртүрлі жуан қарындаштарды қолына алып уқалай бастады. Біреумен шындаған тұс айырысып сөйлесерде қарындашқа жармасатын әдеті. Мықты бол, Нұрқат!..

— Бардым.

— Тайжанға көш дедің бе?

— Дедім!

— Қайда көшетінін неге айтпадың?

— Э, шағым жасай қойған екен ғой. Секретарь күйеуін, қара, арқа тұтуын!

Раушан кішкентай алақанымен столды салып қалды.

— Тиіспе беталды!.. Жазықсыз біреуді күйдірмей! Откен түні сол өңірден Сорокин оралды, айтып келген сол. Жолшыбай әкейдің отарына соққан екен: «Мал дәрігері бұл өңірден көш деп бүйрек берді. Қайда көшерімді білмеймін,

соны белгілеп, тағы да трактор жіберіңдер!» десе керек. Бұл — шағым жасағандық па?.. Не қылған адамсың өзін, біреуге тиіспесең көңілің көншімейді?

— Жетеді! — Нұрқат енді Раушанның насихатын естүге келген жоқ.— Менің көш дегенім: қой жайып жүрген жері — тақыр да сортаң... Мүмкін директордың өзі айтар қайда жаятынын?— Көзі құлімсіреп, ажua еткендей Нұрқат. Оны Раушан да сезгендей ызасы кеп, шыдамсызданған келіншек, Ковалъчуктің аузынан сөзін жұлып алды:— Ақылы бар адам, күн бұрын жерін белгілеп, соңсоң көшірер болар. Бұйрықты беріп ап, сұрама директордан — «қайда көшірем... Ерегістірсең — сенің көш деп бұйрық беруге хақың да жоқ. Емінді біл!..

— Сіз не дейсіз, директор жолдас?— Даусы дірілден шықса да, өзін өзі тежей берді Нұрқат.

— Малға алдымен, әрине, сіз жауап бересіз, дәрігер жолдас!

— Сіз жауап бермейтін боларсыз, есебі?

— Берем. Бірақ, менің ең бірінші міндеттім — егінді жинап алу!..

— Немене, халық тек нан жей ме? Ет дегенде көмеке-йің қылық-қылық етеді. Сол етті совхоз бермегендеге, аме-рикадан сатып алар дейсің бе?

— Өлтірмей, мал басын сақтау, мал дәрігеріне, күтім-ге байланысты! — деді бір бүйірден Раушан.

Манағы іштей түйген сақтық ой алдынан шықты. Бұл — бастамасы тәйірі... Соққы бер Нұрқат!

Нұрқат атып тұрды:

— Қой демейсіз бе мына келіншекке! Осында дирек-тор кім, сіз бе, жоқ, секретарьдың жұбайы ма?— Өзі қызыл бет Нұрқат қара күреңденіп, өндіршектей түсті.

Директор «сіз сөйлеменің!» дегендей Раушанға ым қақты. О да «менің де хақым бар ғой, дау айтуда, плановик емеспін бе? Жарайды, дәл қазір кедергі болмайын!» дегендей шығып кетті.

Нұрқат пен Ковалъчук оңаша қалды.

— Ерін билеген соң жұрттың бәрін билемек. Кімге дә-рі ол? Көне алмаспыш, Тескентау айдатып жіберсе де!.. Ти-мофей жолдас, директор болсаң орныңда қопаңдамай, жал-тақтамай, әркімнің жетегіне ермей, мықты бол!..

Жуырда ашулаған қоймайтын Ковалъчук қабағын түйіп:

— Демогог — деді бір уыс қарындашты жасыл шыны-ға тастай беріп, орнынан тұрып.

— Ә, не дейсіз?

— Сол — демогогсің деймін.

— Есебі...

Нұрқат жуан да қысқа аяғымен жерді ойып жіберетіндей шірене басып, есікті қаттырақ жапты.

Үйіне кеп, газга шай қайнатып ішті де, ұзақ күнге тапжылмастан арыз жазды.

Озін қорғаудың жақсы әдісі — күн бұрын шабуыл жасау деген қағиданы берік ұстамаса, ұтуы кәдік.

Ковальчук, әрине, Раушанның сөзін екі қылмайды. Раушан әкесінің жыртысын жыртады. Сонда екі ортада күйтін — Нұрқат. Малдың шығыны деген күн сайын болып жатқан жоқ па! Нұрқаттың мойнына арта сап, өздері судан құп-құрғақ бол шыға келмек.

Ия, алдын ала қамтып, айыпты солардың мойнына артқан жөн. Шынында да совхоз директоры кінәлі емей кім кінәлі. Жайылымға жер қалдырмай жыртқызыған да сол. Кешегі өртке де кінәлі Нұрлан екеуі. Совхозда мал бағалайтын кісі шамалы, бәрінің ынталсы — астықта.

Осы тұста — Нұрланмен де есеп айырысып, екі жеп биге шығатын кезең, әрине.

* * *

Нұрлан емханада бір айдай жатып қалды. Мұнша жатады деп өзі түгіл, дәрігер де ойлаған жоқ-ты. Кеудесінің күйген жарасынан ірің ағып, бітпей, қоңынан алақанның аумағындай тері сылып ап кеудесіне жамауға тұра келді. Осы операция үстінде Нұрлан Айжанды тағы бір қырынан танығандай, қолы епті, жүргегі батыл жақсы дәрігер екенін анықтады.

Күнде ертеліктегі обходта бір кездесіп, хал-ақуал сұрасса, кешке жақын Айжан қасына арнайы келіп, ұзақ отырып, әңгіме шертіседі.

Сондағы әңгіме желісі қала жаңалықтары, әсіресе, Нұрқат құрбысының тұрпайы міnezі, көбіне оның иті — «Үндемесі» сөзге арқау, тілге тиек болп, екеуі көздерінен жас аққанша тұншыға күліп, мәз болады.

Үндемес иесіне тартып, күн санап сотқарланып, үй маңайынан не бір бейсуат адам, не бір бұралқы ит жүргізбей шынжырын салдырлатып, тұра бас салатынды әдетке айналдырды. Кейде тіптен Айжанның өзі де қорқады, үн-

демей бас сала ма деп, қаймығып дыбыс беріп, не бір шағым қантпен алдап кіреді.

— Бұ да, Айжашка, мені сіздің үйге келтірмеудің бір айласы!

— Оны мен де солай деп ұқтым.

Екеуі сықылықтап құледі, жігіт қыздың қолын байқаусызда ұстап қалып, не жүргегін сылтауғып, тамырын сынатып, беймаза боп жатқаны. Бұрын қыздың қолын қыспақ түгіл, бірауыз сөз айтуға ұялатын Нұрлан енді, Айжанды бір кеш көрмесе көнді жабығып, дәлізде қаздаңдай басқан қыздың аяқ дыбысына құлақ салатын да болды. Бірақ, Айжан қасына отыра бергенде-ақ, ұзақ күнгі талай оқталған сөзінен жаңылып, дәрігерлік мысы жеңе ме, кім білсін, қайдарғы бір кәкір-шүкірді әңгімеден әлсіз, тиіп кетсе үзілестіндей өрмек тоқып, әуре боп жатқаны. Сөйтіп күнде уақыт өтеді. Дәрігер кетеді. Нұрлан тағы да қиял-арманымен жалғыз қалады.

Нұрланның іші пысты. Өз еркімен жүріп тұра алмайды, әр қадамы аңдулы, көрінген сестра қожа — бүйірып, мазасын алады.

Айжанға: «Үйге жібер, емге келіп тұрайын» деп жалынып та көрді, жібермейді: «Ертерек, бір жұма жат, әйтпесе, киім қажап, жараң қайта ашылады-мыс». Еститіні осы.

Кешкі іңірде, ауылда әйелдер мал жайлайды, еркектер жұмыстан қайтып, есік алдында ағаш бұтайды, балалар кешкі қайтқан малды қарсы алғып, жайласып, іле киініп клубқа, сарнаған музыкаға қарай жүгіретін кез-ді.

Жаңа ғана емханада халатын шешіп, гүлді ақ кейлегінің етегі бұраңдап, қаз-қаз басып үйіне қайтқан Айжан соңынан бірге еріп кете алмағанына күйініп отырған Нұрлан әкесінің даусын естіген сықылды. Терезе алдына барып құлағын салса, шынында әкесі!

— Нұрлаш, егерәки үйге қайтсаң қайтеді? — деді баласының жабыққан кейпін ұнатпаған шал.

— Қайдан жүрсіз, аға? — Нұрлан терезеден асылып, бала құсан, әкесінің мойнынан құшақтап, ажым басқан, сақалды бетіне бетін тақады. Сортаң жердің іісіне ұқсас ежелгі бір еңбек адамына лайықты әкесінің үйреншікті іісіне бала күннен құмар-ды, қайта-қайта иіскелеп, мауқын басқысы келді.

Ойланбай аузына түскен сөзді баласының айта салғанына әкесі де, Нұрланның өзі де түсінді. Эйтпегенде, екі күннің бірінде терезенің түбіне келіп, кешке жақын әңгі-

мелесіп, шер тарқатып кететін шалға «қайдан жүрсің» дег мे?

— Балам, мен киімінді әкеп берейін. Шың! Осы емхананы сұбханым сүймейді,— деді тағы да ұлының басына ишип.

Әй, қайран, әке-ай!.. Дардай жігітті, қасынан қалмай, ағаш жонысатын баяғы жеті жасар баласы дей ме екен? Жарайды, осы шалдың бір тілегі болсын, Нұрлан қазір қашады емханадан. Мейлі, азар болса, Айжан ұрсар да қояр. Әбден зерігіп, іші пысып, әуре болған жоқ па...

— Алып келіңіз, аға!

Әкесі томпаң-томпаң етіп, үйіне қарай зытты.

Бір жақсылық істегендей әкесіне көңлі толып, палатасына Нұрлан қайта оралды. Тіс жуғышын, сабын, ұстара-сын газетке орап, дайындаپ қойды да, мысықша басып, Қайырбек жатқан палатаға барды.

Бір ай шамасы өліммен алысқан ер жігіт, бұрын толық, етженді сияқты-ды, қазір, құр сүйегі қалған, көрпесінің әстында құшықтай қос жанарыған жылтырайды. Өмірге деген аңсаған тілегі, шынайы құмарлығы терең шыңыраудан батырмай сүйреп алып шықты. Ауруды жеңді, беті міне бері қарады.

— Қайыр аға, мен қазір үйге кетем.— Нұрлан еңкейіп құлағына сыйырлады.

— Сені жазып шыгарды ма?

— Жоқ, өзім... Қаштым.

— Ой, тентек! — Қайырбек жымиып басын шайқады.— Мен де қашам ендеше!

— Пәле! Сізге болмайды. Мен келіп тұрайын, сіз жа-тыңыз. Әбден айыққанша, жарай ма?

Қайырбек қаншама сыр бермей, жайдары жүзбен рұқ-сат етсе де, жалғызырап елегізіп қалғанын Нұрлан сезінді — күнде кешке таман оқыған қызық романның желісін, көрген фильмінің оқиғасын айтып, есі түгіл, түсіне де кірмейтін бейтаныс өмірмен кім таныстырады енді?

— Сау бол, Қайыр аға!

Нұрлан палатасына қайта оралса, дедек қаққан шал киімін әкеліп, терезе алдында қалтиып тұр. Нұрлан апыл-құпыл асығыс киініп, көз ілеспес қимылмен терезеден се-кіріп түсті. Ең арты өзінің киімін де сағынған сияқты: жеп-жеңіл, оңтайлы-ақ, емхананың халатындаі олпы-сол-пы боп, шұбатылып тұрған жоқ.

Әкесі мен баласы қылмыс жасаған адамдай, қысыла,

қорғана, көше-көшениң қараңғылау қапталымен ентіге басып, үйіне жетті.

— Уh, жеттім-ау, аға! — Нұрланның қысылғаны соншама, маңдай терін алақанымен сыйырды.

— Неге сасқалақтадың, балам?

Әкесі баласының неге абыржып, үрейленгеніне шынында түсінбеді. Айжан кез кеп қала ма деп қауіптенді Нұрлан, кешке жақын дем алып, ауа жұтып жүретіні де болатын, оны әкесі қайдан білсін.

Үйге кірмей, әкесі мен баласы аулада тұрып қалды. Бірекі тұп қайың мен үйеңке орнатқан еді өткен жылы Сембі, сол осы көктемде тамырын терең жіберіп бұтақтары кере құлаш жан-жағына жайыла өскен. «Емханадан аман-есен шыққан соң балам отырсын!» — деп сол үйеңкенің түбіне арнағы орындық жасап қойған.

Сембі баласын үйеңкенің түбіне алып барды. Әкесінің қолы бір дамыл таппайтын, жона береді, шаба береді, өмірінің мәні де, сәні де осы — ағаш шабу, қол өнері, ісмерлік.

— Аға, киіз үйіңіз қайда? — Бір жағы Айжаннан ұялып, «балалық болды ма!» деп өкініп, толқи бастаған Нұрлан өзін-өзі алдаң, көндін аулау мақсатымен сұрай сап еді, әкесі қуанып, қалбақтап сарайға қарай томпаңдады.

— Жүр, жүр бері!.. Қөрсетейін.

Сарайдың ішіне кірмей, есікті ашып, сырттан жарық түсіріп, жаңадан жонып, кептіріп қойған уықтарды көктеп, кептіріп керіп тастаған керегелерді қөрсетті шал.

— Міне, шаңырақтан басқасының бәрі дайын. Бірер күнде керегелерді де бітірем көктеп...

— Жаңа шаңырақ, есікі кереге, о қалай, аға?

— Кереге дегеніміз — егерәки ол әкеңнің, шешеңнің, кешегі өзінің өскен үйің делік, ал, шаңырақ, ол — сенің өзің қолыңмен орнатқан жайың. Бұл соның мағынасы.

Нұрлан сөзден жеңіліп қап, ағаш түбіндегі орындыққа қайта оралды. Сембі шал бала күнінде әкесінен керегешаңырақ жасап, уық иіп үйренгенін, ісмерлік те — әкеден балаға қалған мұра екенін, бір кезде Нұрланды да осы ісмерлік жолын қудырып, баулығысы келгенін мұңайып, қинала тағы да еске түсірді. Эркім өз өнерін қастерлеп, қадір тұтатыны ежелден белгілі.

Сембі шалға — үй жасау өнердің озығы. Тек баласының он бес жыл оқыған білімі алдында ғана тоқтайды, әйтпегенде, ұрпақтан-ұрпақ қуып келе жатқан өнердің Нұрланға

келгенде үзіліп қалуы — кешірілмес күнә тәрізді. Көзі тірі кезінде, құдай немере де бермеді...

Нұрлан әкесіне сүйсіне қарайды, бала құндегідей еркелеп арқасына мініп, атшулап, ойнар ма еді, шіркін.

Қазақ атаңың: «Атаның қоңлі балада, баланың қоңлі далада» дегені тауып айтылған екен ғой, осы қүнге дейін Нұрлан әкесінің қамын жеп, жаны ашып, балалық жылы сезім білдірмеген бе өзі... Оқуда жүргенде телефон соқса: «аға, ақша-ақша керек!» деген бір ауыз сөзді, сонау Баян-ауылға қайта-қайта қақсан зорға жеткізетін-ді, каникулда да дайын тاماқ пен көп үйқының шырмауында болып, елбелектеген әкесінің: «Нұрлашым, Нұрлашым!» деген еркелеткен сөзіне мән бермейтін... Бүгін міне, сағынғандығынан емханадан үрлап әкетті. Сонда да, әке қадіріне әлі жете түсінбей, самарқау отырған жоқ па!

Бала — әке-шешеге, әдette, әгоистеу, өз көкейін, құлқынын алдымен ойлап, алдымен соның қамын жемей ме!

Нұрлан осы бір шақ құшақтап әкесін сүйсе де ешкімге ерсі көрінбес еді, бірақ, соған буынының қатқандығын, өсіп кеткендігін дәлел ғып, шегіншектеп отырған жоқ па, қайтерсің...

* * *

Нұрланның емханадан қашып кеткенін ертеңінде бүкіл совхоз, аудан орталығы естіп, әзілқой жігіттер: «Айжан-ның тегеуірініне шыдамай қашқан ғой, ол сорлы» деп бұрмалап анекdotқа айналдыrsa, кейін іштей: «Зарығып жата ала ма, дені сай адам, тышқанның көзіндей жара үшін, тәйір!» деп жақтап та сөз қылғандар табылды.

Айжан емхананың табалдырығынан аттай бергенде-ақ, санитарка қақсан қоя берді: «Сембин түнде жоқ боп кетіп, есіміз қалмай іздел жүрсек, үйінде отыр».

Айжан сенерін де, сенбесін де білмей, палатаны ашса, шынында жинаулы койкасы ғана саңғырап тұр.

Өлім-ай, Нұрқат мазақ қылады-ау енді! Енді қайтты Айжан?.. Жоқ, бұл басынғандық, Айжанды сыйламағандық!

Айжан сыр шашпай-ақ жабулы қазан жабулы үн-түн жоқ қоя салудың орнына, ашы үстінде телефон құлағына ұмтылды. Совхоз директорына сөзінің зәрін төге жеткізді.

Мұнданай жеңілтектікті Нұрланнан күтпеген Ковальчук үнсіз тыңдалап алды да: «Шара қолданайық, керек болса, қайтадан құшпен апарып салайық!» деп шынрай білдірген-

ді, оны Айжан ашу үстінде теріс, сықақ, мазақ теңдес ұқты. Телефон құлағын тастай берді. Бұлар телефонмен сөйлесіп жатқанда директор қасында Раушан бар-ды.

Раушан құлағына тиғен сөз жата ма, заматта бүкіл кеңсеге таралып жігіттердің әзіл-мазагына айналып, масатта на күлген құндесі Айжаннан өшін бір алды.

— Қыздан жігіт қашты деген не сүмдүк? Мұндай жаңаңың біздің өлкеде ғана болмақ! — деп сауысқандай сықылықтаған Раушан Айжанның ежелгі «доссымағы» Нұрқатқа жеткізді сол сағатында. Жеткізгенде түрлендіре, түрлі сақта жүгірте жеткізді. Өзін-өзі ұстап тұра алмады, іштей Айжанға тарлық жасап, Нұрланды қызғанып жүрген келіншек, өзінің Нұрқат тобына қалай қосыла қалғанын сезбей де қалды.

Тіптен Раушан Мәліктен басын айырып ап, Нұрланға тилем десе, Айжан қарсы болар ма еді? Таңдаған қызының жігіт алады, сүйгеніне қыз тиеді, кімнің оған шегі бар? Бірақ, Раушан басын босата алмады, Мәліктен кете алмады, Нұрлан да кейін шегіншектеп ашық тілек білдірmedі,— бұл арада Раушанның өкпелейтін де жөні қайсы Айжанға. Ұялсайшы, Раушан!

Раушан кеңседен ерте шығып, жолшыбай, Сембі шалдың үйіне соқты.

Нұрлан тап-түйнақтайды киінген, стол басында қағаз жазып отыр екен, Раушанды қөріп, орнынан жедел түрдү. Қарсы жүріп, қолын ұстап жібермей:

— Роза...— дей бергенде, Раушан сөзін бөліп:

— Раушан!.. Мениң атым ежелден Раушан. Мен саған Айжан емеспін Аня дегізетін,—деді. Нұрлан «Аня» атаған емес-ті, қайдан тауып алғанын. Нұрлан мырс-мырс күліп, қолтығынан алып, стол қасындағы қызғылт жұмсақ креслоға отырғызды.

— Қалай...— дей бергенде, Раушан тағы да Нұрланды бөліп:

— Не қалайы бар? — деді.— О заман да бұл заман қыздан қашқан жігітті Баянда көрдік деп бүкіл қала шулайды.

Бота көзі күлім қағады. Нұрлан сұстанып түс бермеді.

— Ондай сөздің керегі не, Раушан? Өзім сұранып шықтым.

— «Сұранып?...» Совхоз директорына «қашып кетті» деп таң атпай телефон соққан Айжан емей мен шығармын?

— Пәле!.. Не дейді, қашқаны несі?

— Өзінен сұра! Бүкіл аудан басы мазақтап жатыр сені.
Нұрлан ерте шыққан гүлдей, бір ауыз сүйк сөзге ұнжырғасы түсіп, томсырайып, жүдеп қалды.

— Пәле... О не қылғаны Айжанның...

— Айжанның тегеуріні қатты екен деп күледі жүрт.
Ха-ха!

Раушанның нервісіне тиіп, Айжанды жер-көкке сыйдырмай мақтады Нұрлан. Дәрігерлік өнері, жақсы сағатшының ісмерлігіндегі, адам денесінің тоқтап қалған бар мүшесін жүргізеді, ол Нұрлан мен Раушанның қолынан келе берे ме?

— Мұрныңды тесіп бота қып алған ғой біржола. Кеше ол сені директорға жамандайды. Бұғін сен оны мақтайсың. Түсініксіз дүние.

— Ол рас, көп жайды түсінбейсің Раушан.

Мұндай сөзді Нұрланнан күтпеген Раушан таңырқап әзіл ме дегендей, денесімен бұрылды оған.

— Ақылды екеніңде көзім жеткен еді. Түсіндірерсің әлде? — Раушан тәлекек қыла бастады.

— Түсіндірер едім, егер...

— Егер жұбайым болсаң, солай ғой, айта алмай тұрғаның?

— Айтайын дегенім: «Егер мені тыңдасаң» демек едім.

— Жалтарма!.. Білем, сол сөзді айтуға батылың жетпей менен бір емес, екі рет айрылып қалғаныңды. Өтірік деші?

Нұрланға бұл сөз өте ауыр тиді,— іштей беті қабыршақтанып, жазылып келе жатқан жараның бетін қайта тырнағандай.

Біздан туған әсердің ықпалы ма, Нұрлан кілт өзгерді.

— Сен мені ғашық деп жүр ме едің?

— Емеспін деші?.. Тура қара көзіме! — Нұрлан күліп жіберді.

— Саған ғашық болсам неге айтпаймын: «сүйем, өмірлік дос болайық!» деп... ә?

Нұрлан осы сөзді айтарын айтты да, терезе алдында тұрып, тау бөктерінде құстың ұясындағы қарайған ағаш үйлердің шатырына, тоқал үйлердің мұржасына көз жібергенімен, бірін көрген жоқ, өзінің ішкі сарайына үціліп, таңырқап тұр — жылдар бойы айта алмай, қымқырып жүрген сөзін байқаусызда ызамен қажеті жоқ кезде, оп-оңай айта салды. Өмірдің келемежі осы ғой... Раушан да Нұрлан сырын түсіне қап, ойнақы, жан қытықтайтын дауыспен:

— Әлі де кеш емес, жігітім,— деді.

— Мәліктей жары бар әйел мақтаныш етуі керек. Мәлік — менен артық.

— Кім артық, маған кім ұнайды, оны өзім білем! — Раушан бетін-бетіне тақап, ыстық демімен Нұрланның жаңын өртеп: — Құшақта!.. Сүй мені! — деді.

Нұрлан кейін шегініп, басын шайқады.

— Сүй! — Нұрлан кейін шегінген сайын Раушан ентелей түседі. Әмір бере бастайды.— Секретарьдан қорқасың ба?

— Сыйлаймын. Достықты жоғары бағалаймын! — Дірдір еткен Нұрлан теріс айналып, ернін тістеледі.

— Эх, несчастный сухарь! — орысшылап, жиіркене көз тастады да, Раушан жігітті жалғыз қалдырып, шығып кетті.

Бала күнінен қатар өскен, ерке Раушан емес пе, нені айтам, неге жанын қинаймын десе де еркі бар. Раушанға өкпесі жүрмейді Нұрланның. Тұлымы салбырап, қызыл камзолының өңіріне қаз-қатар қадаған күмісін сылдыратып, Нұрлан соңынан қалмай, «кет!» десе болмай, көшеде жатқан қабат-қабат тастандарың арасынан селтие шыққан бірлі-жарым ал қызыл тау ғұлін бірге жұлысқан жоқ па!.. Есі кіре қол ұстасып, мектепке бірге барғаны қайда?.. Кейінгі жылдары, жазда Тайжан жайлайға алып кеткенде Раушанның күзге оқуға оралуын сағына, асыға күткенін қалай ұмытар?

Бала күнгі достықтан артық не шынайы, не адал сәзім бар?

Әйтсе де, Раушан әрқашанда Нұрланға қатал да, әділетсіз. Нұрланның сүйетінін біліп, еріккенде, жабыққанда іздел кеп ажуалап, әуре қылады, өжет жанның сайқы-мазағына ұқсас.

Раушан мінезі мен Айжанды салыстырса — шынайы, балауса махаббатты, өзіне деген ұқыптылықты, берілген сақтықты Айжаннан ғана таппай ма Нұрлан? Нұрланның талай оғаш мінезін кешіріп, аса айрықша ықлас білдірген сол Айжанды кеше өкпелетіп те алды. Неткен шешілмес, шиеленіскең түйін?

Нұрлан емханада жатқан кездे, өзімен институтта бірге оқыған серік достарынан хат кеп, үйіліп қалған екен, бүгін жұмысқа шығар алдында соларға жауап қайырып, почтаға салып жіберді де, қайтарда Айжанға соқты. Почтадан қайтқанда Айжанның үйі — дәл жолы.

Шарбақтың есігін ашып, жайбараптат кіре бергенде, әнеугі «Найзатас» түбіндегі өзінің қасқыр сияқты, көкшіл-сұр овчарка үдіреп түрегеп алдын кесті.

Көк шарбақ та, сұр итте — бұл көшедегі жаңалық. Айжаннан шет жағасын естіп еді, өз көзімен көрді. Нұрқат Айжанды мықтап қоршап алғаны білініп тұр.

— Үндемес, менмін ғой бұл! Кесе-көлденең тұратыныңды білгенде, қалтама қант сап келетін едім Айжан құсан! — Алая қараған овчаркадан жасқанып не ілгері өте алмай, не кейін кетудің ретін таба алмай дел-сал болған Нұрлан Айжан терезесіне көз жіберді, тірліктен ешбір хабар таба алмады.

Пәле, Айжан біржола ат құйрығын кескеннің қай жағы? Нұрлан үйінің қасына жақындағы бергенде, кеңсенің үй сипыратын әйеліне тап болды.

— Нұрлашкан! — Анаңайдан айғайладап шапыраш көз алқам-салқам әйел: «Бұғін кешкі беске парткомге келсін!» деді.

Нұрлан неге шақырғанын айтпаса да аңғарады: партияға өтпек боп, арыз бергелі, міне, бір ай, ол екі ортада ауырып, емханаға түсіп қалған соң қарамай, кейінге қалдырған-ды.

Алдында биік асу тұрганын сезінген Нұрлан қобалжи бастады. Ертең біреу партия тарихынан сұрақ беріп қалса, соған жауап қайыра ала ма? Дайын ба? Өткен жылы аспирантурага түсерде ленинизмнен экзамен беріп, «бес» алғаны қайда? Несіне жүрексінеді?

Нұрлан үйіне барған соң әтажеркадағы қаз-қатар тізілген кітаптарының ішінен көк тысы бар, қалың кітапты іздейп, тауып алды да, беттерін ашып, оқымай отыра берді.

Аулада ағаш жонып отырған қораш шалдың бір әңгімесі есіне түсіп, кітаптың — әр жол арасынан жанданып үн қатып тұрып алды. ...Қылышынан қан тамған Колчак әскерінің тас-талқаны шығып, Арқаның құба жоны арқылы Қарқаралы — Абрали — Аяқезді басып, Қытай шекара-сына тым-тырақай қашып жатқан мезгіл-ді. Соның бір бөлегі ел ішін ойрандалап, еркегін атып, әйелін зорлап, жол аузындағы Қарқаралыға тап болып, кілец уездің басшы коммунист азаматтарын қырып кеткен.

Баянаулының бірінші коммунисті Сембі шалдың туысы Асқар Сыздықов қол жинап, алдынан қарсы аттанады. Бұлар ақтың қарулы әскерін Даңба тауында қуып жетіп айқасып, екі жақ үш күн соғысады.

Мылтықты ату түгіл, қалай ұстайтынын білмейтін қазақтың жалшы-малайының, дихан кедейінің ұлдары ерен қайрат көрсетеді. Сонда астындағы «Ақселеу» атанған ақбоз атқа оқ тиіп, Асқар жаяу қап, Сембінің артына мінгеседі.

Атының басын бұрып ап, Сембі «Қайдасың, елім!» деп тартып береді.

— Ең болмаса, сені аман жеткізейін елге! — дейді ол, ондағы адад тілегі: жігіттер қырылса да, бірінші коммунист аман қалсын деу.

— Бұр, атыңдың басын! — дейді Асқар әмір етіп.

— Неге, ей? — дейді Сембі таңданып,— шын-ақ өлгің келгені ме?

— Ленин құрган жаңа дүние үшін өлудің өзі — мақтаниш. Оны білесің бе? Ленин — мына жаңа өмірге деген менің адад ниетім, ақ жүргегім, ата-бабам көксеген жақсылығым,— депті Асқар. Осы бір оқиғаны, соғыс жылдары қызын-қысталанаңда есіне түсіріп, бала-шаға, қатын-қалашқа үлгі есебінде қайта-қайта жыр қып айттып: «Біз не көрмездік, біз бастан не кешпелдік!» деп шал өзін де, жүртты да қайрап қоятын-ды.

Ленин мен Нұрланның алғаш кездесуі әкесінің осы сөзінен басталған, ол жылдары Нұрлан — алты жасқа келген бала-ды, содан жетіге толып, мектептің есігін ашқанда бүйра шаш, кере қарыс маңдайы бар, томпиган сүйкімді үш жасар баланың суретін класта ілулі түрғанда көрді.

— Бұл кім? — дегенде, мұғалімі:

— Ленин! Бұл — Лениннің бала күнгі суреті,— деп жарты сағат оқу бастаудың орнына Ленинмен таныстырыған. Сол жеті жасар баланың мұғалім аузынан естіген сөзі міне жиырма бес жастағы қыршын жас жігіттің әлі есінде, ұмытпайды. Әсіресе мұғалім:— Ленин кім? — деп балаларға қарап түрді да, үш рет қайталап:— Ленин сенің, сенің, сенің де...— деді әрқайсының қеудесінен түртпі:— өміріңнің мәні, жүргінің қаны, дүние көретін көзің!..

Нұрлан кітапты қайта орнына салды да аулаға шығып, әкесінің қасына барды.

— Мені партияға алатын болды, аға! — Иіп қатырған уықтың басын кішкентай шапашотпен ұштап жатқан әкесінің қолынан Нұрлан көзін алмайды; кескен дөңбекті астына қойып алған, мұсіні тұғырға қонған қаршыгадай, тағы да нық отыр, қол сілтесіне көз ілеспейді, тық-тық шауып, жаң-

қасы жапалақтап жауған қысты күнгі ақ қардай жан-жағына ұшып жатыр.

— Э! — деді шал мызғымастан.— Осы әлі түскен жоқ па ең, балам?

— Жоқ, аға, мен жас емеспін бе?

— Қайдагы жас, балам, сенің кезінде біздің Асқарлар партияға түсіп, бүкіл думанды билеген, жаңа үкімет орнатқан. Жиырма бестегі жігіт, ширек ғасыр өмір сүреді. Ол — жас па? Жас емес, жас емес! — Атом ғасырында адам да тез «пісетін», кәмелет жасқа тез толатын көрінеді ғой. Телевидение, радио, кино — баланың сана-сезімін толықтыруға көремет әсер ететіні анық. Жартылай оны, Нұрлан өз басынан да кешкен.

Қазір, міне, жиырма беске шығады, әкесі айтқандай жаста емес, (әкесіне әлі жалаң бүт Нұраш-ты) ой сезімі, ақылсанасы қалыптасқан өмір бағасына түсінген адаммен парапар, тең түседі.

— Дұрыс, аға, мен жас емеспін. Алдында сіз болғансоң еркелей беремін де, семья көшін өзім бастасам, мүмкін, басқаша қымылдап, басқаша сөйлеуім...

Шал шауып отырған шапашотын тоқтата қойды.

— Мені арқа тұтып, маған сенгенің бе, балам?

— Экенің арқасында не көрдім мен...

— Қазір саған пана болам ба? Егерәки, мен қараңғы болмай, қызметкер қатарында жүрсем бір сәрі...

— Сіз қазір де маған ақылыңызben панасыз.

— Оныңа рахмет, балам.— Сембінің танауы дедиіп, бет-аузы жыбырлап, қуақы әзілге бейімделгендей рең білдірді. Үні де ширақ,— Шын ба осы сөзің? — деді тесіле қарап.

— О не дегеніңіз, аға? — Нұрлан сасыңқырап қалды.

— Дегенмен сол, егерәки, менің тілімді алсаң, осы жүртпен шақылдаса берген қадір бермейді, балам, анада бір сырымды айтқам. Аузы күйген үрлеп ішеді, абайла!.. Партияға енем деп отырсың, бұрынғыдан бетер тілінді ұштап жүресің, бе, қайдам...

— Сіз маған сынама, айттыспа-тартыспа дейсіз ғой?

— Осы қалада сен жайында түрлі саққа жүгіртіп, қаңқу сөз тараған сияқты. Мешкей деген жақсы атақ емес!

Нұрлан үндемеді. Әкесі бір емес, осымен екі қабат тілек артады. Бір жылдары аузы күйген әкесі, кесе толы Нұрланың ыстық ойын үрлеп отыр. Басқысы келгендей.

— Мені әкем деп сыйласаң, балам, жүртпен айттыспа.

Тек жүрген, тоқ жүреді. Ең арты бөлең екеш бөлең де өкпелі сияқты.

Нұрлан желдің қай жақтан соққанын енді түсінді,— Нұрқат бөлесі еken ғой, әкесіне салмақ сап жүрген.

Әкесі қыла өтінеді, бұрын мұндаі салмақ сап, тілек білдірген емен еді. Қайтсе еken? Әкесін тағы өкпелетіп, жалғыз қап жүре ме, құдай білсін.

Бюроға кетіп бара жатқанда Сембі «...Сүйтсе де, жолың болсын, балам!» деген-ді. Әкесінің сол тілегі қабыл болды — қаншама «қолда өскен бала ғой» деп сылап-сипап, ақыл-тілек те білдірген жоқ, қыын-қыын сұрақтар қойып бір сағат талқылап, бақайшағына шейін шағып, терлетіп ап, ақыры бірауыздан «кандидаттықса алынсын!» деді. «Үн» деп Нұрлан бюродан шыққан соң демін бір-ақ алды. Энеугі өрттегі ерлігі де есепке кірді, егер оны «ерлік» деп санаған күнде?

Ерлік — Қайырбек ағайдікі, Нұрлан себін тигізді, оны атауға да тұрмайды...

Осы кештегі Нұрлан қуанышын судай сепкен Ковалъчуктің жеткізген хабары. Совхоз директоры да бюро мүшесі ғой, жүрттап кейін алып қап, есік алдында тұрып өзара құңқіл әңгімелеге көшті.

Тамылжыған тынық кеш көк буалдыр сағымға оранып, қала үстіне төніп тұр. Аспандағы бірлі-жарым ерте туған жүлдіздар да қол созым жерде — жап-жақын. Әшейінде таудан есетін самал да ішін тартып тына қалған.

Не Ақбет таудан, не Сабындықөлден не бір леп, не бір ызың сезілмейді. Нұрлан ақ торғын көйлегінің жаға түймесін дегбірсіздене ағытып, кеудесін ашып, демін тереңірек алып, таза ауаны қомағайланған жұтады. Ковалъчук бұрын Нұрланды менсінбей, жаратпай жүретін-ді, энеугі өрттен соң жұмсал, иіліп қалған көрінеді, аяй ма, жоқ, Нұрлан ададығына көзі жеткен бе? Әдетінше «г»-ны украиның «h»-сына айналдыра сөйлеп, өзінің құрбысындағы, ашық әңгімелеседі. О, ғажап-ай!

— Нұрқат Саденов жазған арызды тексеруге Өлкеден комиссия келді ауданға, естідің бе? — деді директор көлге қарай баратын үй арасының соқпақ жолына түсіп.

— Нұрқаттың ба? — Нұрлан сенбеген адамдай қайта сұрады.— Не жайында?

— Арызды Асановтың үстінен жазған деседі. Негізгі фактілерін біздің совхоз өмірінен жинаған!

— Кім айтты сізге?

— Менің өзімді шақырды гой. Мал жайынан біраз мәлімет-деректер алды... Энеугі өртті де сұрады.

— Ол комиссия қайда?

— Асановты өртіп ап аудан аралап кеткен. Бүгін оралмақ.

— Нұрқат жазды дегенге сенбейміш. Мінезінің аусарлығы болар, бірақ Мәліктің үстінен материал жинағы деуге, ей-еї...— ойын аяқтамай қапаланған Сембин басын шайқайды.

— Ләйім, солай-ақ болсын... Досқа сену — жақсы қасиет.

— Бірімізге біріміз сенбесек — қалай өмір сұруғе болады, Тимофей Федорович? — Нұрлан Ковалъчукке қадала қарап, мысқылдай айтып түр ма дегендей, ой астарын тапқысы келеді.

Ковалъчук үндемеді. Екеуі қияр, картоп еккен бақ-бақтың арасымен бірінің соңынан бірі ерген қаздай, маң-маң басып көл басына барды да, сандық тастың үстіне отырды.

— Кеше мен егінді аралап қайттым,— деді Ковалъчук салқындағысы кеп, сырт көйлегін шешіп.— Суға түспейсің бе?

Нұрлан кеудесін ашып, ақ марла жапсырып қойған жараларын нұсқады.

— Түскім кеп-ақ отырмын, эттең... Егін қалай екен?

— Откен жылағыдай.

— Откен жылды мен болған жоқпын фой.

— Гектарына 4-5 центнерден алғамыз, содан біле бер...

Тағы бір жаңалық облыстан Якупов звондады. Ол: «Орақ-қа қашан түсесіңдер?» деп тағы да шүйілді. Жерде пісер, дестелеп ора бастаңдар деген бүйрек берсе керек... Соны талап етеді. Ертең егінді көріп бастасақ па екен? — Нұрлан жауап қайырып үлгермеді, Ковалъчук жалаңаш, трусишең суға қойып кетті. Балтамен шаба салған долбар, дөрекі дененің бұлтиған бұлшық еттері көгере-сарғайып кекшіл торғын суды оранып, көзден гайып болды, тек Ковалъчуктің қылтиған басы ғана қарайады.

Тимофей Федорович болбыр, іркілдек денесіне қарамастан, теңіз жиегінде өскен болу керек, жеңіл жүзіп, көлдің ортасына дейін барып қайтты.

— Қара теңіздің шалшық сұзы тәрізді Шибашта өскем. Қазір жүзуге қарайып қалғам ба...— деді Нұрлан ойын сезгендей, судан шығып.

— Пәле... Әлі де үйрекше сұңғисіз.

— Картада ойнайсың ба? — деді Ковалъчук денесін сор-
дырып, Нұрланның қасына отырып..

— Картада?

— Преферанс!.. Біз бірнеше адам, ішімізде Ерекең бар,
оқта-текте кездесіп те қаламыз. Анда-санда сенің Нұрқат
досың да қосылып қалады... Адамды түсіну қын-ау! Со-
ның жазды дегеніне... — Тимофей Федорович басын шай-
қай берді.

— Мен карта ойнап көрген пенде емеспін.

— Преферанс білмеуің сенің басыңа кемістік, жігітім!
Мәдениетті ойын ғой...

Ковалъчук бұрын түйік, қытымыр, ойын-кулкі білмей-
тін, басқан қадамын аңдитын сақ адам ба деп шамалаушы
еді, құр алақан емес, езу тартары да бар ғой, жаным-ау...
Директордың алдында жүртпен араласпайтын, өмірді да-
ра сүретін өзі болып шықты. Пәле!..

— Үйретейін, егер ықылас білдірсөң,— деп Ковалъчук,
неге екені белгісіз, жабысып қоймайды.

Нұрлан түрлі себеп тауып зорға құтылды. Бірақ, дирек-
тордың астыңғы қалың ерні салбырап, түнеріп, баяғы Нұр-
ланның өзі білетін түйік, қытымыр мінезіне қайта көшкен-
дей, қалага енісімен өз бетімен кете барды да, он шақты қа-
дам жүрген соң қайта бұрылып, дауыстал:

— Бюроға шақырып қалуы мүмкін. Дайындал! — деді.

Директорды бүгін түсінбейді, Нұрлан. Отырған орны-
нан мызғымайтын, бос сөз сөйлемейтін, басқан қадамын са-
найтын, бұрын мұғалім болып, өзін-өзі бақылай ұстап,
үйреніп қалған сақ Ковалъчук, азғана уақыт ішінде бет пер-
десін ашып қап, қайта жаба қойды. Мұның да құліп, жады-
райтын мезгілі болады екен-ау? Неге құштар болып, Нұр-
ланға жабыса қалды,— бұз да жұмбақ!

Не, Мәліктің ыңғайына көшіп, тіл табыспақ та, не біл-
дірмей жүріп ор қазбақ... Ізінен адастырмақ!.. Жоқ-жоқ,
Ковалъчук қарапайым, адад адам, айыбы — түйік, адымы
тар, бір тоға, қаңқу сөзге де жоқ, айттыс-тартысқа да бар-
майды, қашып жүретіннің өзі... Кейде Нұрланның өзінде
де бар, білгішсіп, шақылдан, айтқанға көнбейтіні және шын.

Адам кінәні әзінен іздегені жөн бе дейім...

ТОҒЫЗЫНЫШЫ ТАРАУ

Аудандық партия комитетінің бюросы ертеңінде сағат он бірде басталды.

Нұрлан Ковальчуктен айрылышымен үйіне кеп, жиен қарындасының пісірген пельменін жеп, әлденіп алды да, өзі емханада жатқан кезде совхоз өмірінде болған жаңалықпен танысып, қанша пішен шабылды, егінді жайлаган арам шөпті дәрімен уландырды ма, солардың ақбарын қарап, ойын жүйеге сап, тап-түйнақтай ғып, салмақтап, ертесімен буорога барған.

Екі этажды ақ тас үйдің алды толған байлаулы ат, машина, қыбырлаған кісі. Кейбіреуі болмаса, көшпілігін таныған да жоқ, Нұрлан сәлем беріп қастарынан өте шықты. Қолбей салынған күрең сырлы ағаш баспалдақпен асығыс көтерілем деп қолында машинаға басылған қағазы бар, бұрала басып кетіп бара жатқан сидаң, қара келіншекті байқаусызыда, иығымен қағып кетіп, қулата жаздады. Келіншек те: «Есуас па мынау?» дегендегі адырая қарап, Нұрлан екенін таныды білем, жымнып бір жақ шетке қарай тықсырылып, жол берді. Нұрлан басын изеп: «Гапу етіңіз!» деді. Тоқтамастан кабинетке кіріп барды.

Асығатын да жөні бар екен, буоро басталып қойған. Өлкеден келген комиссия бастығы — шашы аппақ құмістей, көзінің айналасын шырмаған өрмек іспеттес ажым басқан, егде тартқан, аққұба еркек, қорғасындағы ауыр сөздермен ұрғылап тұр екен.

Ептем, есікті білдірмей ашып, босаға жақтағы бос орындыққа отыра қалды Нұрлан.

Секретарьдың кең, жарық бөлмесі лық толы адам; буоро мүшелерінен басқа, Нұрлан көзіне ілінген өзі танитын совхоз директорлары, кейбір бөлімшелердің бастықтары бар. Бәрінің де өңі қуарып, жүдеп, комиссия бастығының сөзін қынжыла тыңдағандай.

Комиссияға талу — тәр жақтан орын қамтыған Нұрқат қанатын қосмадап, тоят тілеген қаршығадай, елеңдеп отыр екен, кіріп келген Нұрланды жақтырмай, қабағын шытып, бетін тәр жаққа бұра қойды.

— Аудан көлеміндегі бүкіл совхоздарды, мал өсіретін фермаларды аралап, асығыс танысқаның өзінде ұлken ойға қалдық.

Егіс көлемі көбеюдің орнына жер шаңы аспанға шығып жылдан-жылға азайып барады. Мал саны — көктемде ту-

ған тұлектер қосылып, әжептәуір ауыз толтыралық санға жетсе, қыстың ақ бораны соққанда, тең жартысын қырып ап, «ой-бу, құдай-ай!» деп санды соғып, зар қағады. Кей совхоздар өкіметке пайда берудің орнына жыл сайын қарыздар бол келеді. Өкімет берген техниканың құнын ақтау ойына да кіріп-шықпайды.

Бізде ше? Бізде шаруаға әлі де немікүрайды, енжар қарау басым. Бастықтар айғай салса да, естімеген болып, жүре беретіндер аз ба? Осы енжарлық, селқостық бүгін осы ауданды олқылыққа ұшыратты. Саденовтың өлкелік партия комитетіне жазған хаты — айдалада жалғыз қалған адамның бақырған айғайы, шыңғырған ойбайы.

Біз солай түсіндік! Осы отыргандардың бірсыптырасы Саденовты арыз жазғаны үшін іштей сөгіп, жек көріп те отыруы хақ. Ал, өзінің ар намысына қарамай, биік нысандан көзделген адамға бұл жаны ашығандық...

Саденов істеп жүрген Баянауыл совхозын алайық...

Комиссия бастығы сөзін одан әрі тереңдеткен сайын Нұрқаттың түсі жадырап: «Бәсе, қолдасаң — осылай ашық қолда. Мына отырган көртартпаларға қыр көрсет! Эйтпесе жеп қояр ертең» дегендей, қозгалып, тамағын кенеп қояды.

Жастай бірге өскен бөлесінің ой дүниесінің қатпар-қатпарын ақтарып, болжап отырган Нұрлан, біресе көзімен оқатып, біресе кірпідей жиырылып, сұстанып, ұнатпағанын Нұрқатқа жеткізгісі келеді.

Нұрлан комиссия бастығының сөзін өзінше түсінеді.

«...Ең арты жаздың өзінде, Баянауыл совхозында қой өлім жатады. Неден? Қойшылар мал дәрігерінің кеңесін құлаққа да ілмейді, өз бетімен баяғы қазақ аулының кезіндеғі тәсілмен жаяды.

Мысалы: жетінші отардың аға қойшысы Тайжан Шақабаев күйеу балам аудандық партия комитетінің секретары, қызыым совхоздың экономисі деп соларды арқа тұтып, бағынбай, ақыры, отарда биыл қой басы кеміп қалған.

Қыс айында шөп жетпей, тау-тауға тебіндептеннің салдарынан архар-меринос түқымдас қойлардың бірсыптырасы суықтан ұшып өлген. Жаңда малға шөп дайындау деген аудан басшыларының көкейіне кіріп шықпаған...

Биыл жаз, энеугі өртке байланысты қой өрістейтін жаһылым азайды. Ол бәріңде белгілі. Ал, жетінші отардың аға

қойшысы Шақабаев мал дәрігерінің ақылын алмай, тақырға, сортаңға апарып жайған.

Сортаң жерді терекшірек қазбаса,— сұзы аңы, мал ішуге жарамайды, о да әліп-би. Ақыры не болды сонда? Су жетпей, малды тағы да алысқа айдал, арықтатып алған, қазір жілігі татымайды деседі...» Саденов хатының кей беттерін тұтас оқып берді де, аудан басшыларына көшті. Комиссия бастығы Мәліктің жеке басына тағылған айыптарды оқымай аттап өтті де, өз сөзі ғып түстеп: «Семья бұзатын, оқу бітіріп келген менменсіген «дон жуандар» да бар. Олар көкірегін қағып, жүгендің кете ме, жоқ тыю саласыңдар ма, әлде өлкенің араласуын құтесіңдер ме?»

Мәлік сұп-сұр боп, төмен қарады, кімді, нені ишарап отырганын о да, Нұрлан да үқты.

Комиссия бастығы әдеп сақтаған болып, хат ішіндегі аудан басшыларына тағылған кінәнің үштен бірін ғана ортаға салды. Одан кейін, іле, сөз алған комиссияның мүшесі — Медетов, бұрын да талай ауданға келіп тісін қайрап жүргенді, соңғы кезде Якуповқа ұнап қалған екен, өлке құрған комиссияға мүше қылып, облыс атынан соны жіберген.

Құжірейген таңқы мұрын, бүйра шаш жігіт бет-әлпетінен не айтарын күн бұрын сездіре, тікір ешкінде. Нұрлан мұның аяусыз қатал болатынына күмәні қалмады. Сол болжамы теріске кетпеді. Ол жарты сағат аудан өмірін қаралап, бір жылы сөз, жарқын теңеу таба алмай сөйлеп-сөйлеп, ақыры, ол: қойшылардан бастап шетінен сотқа беріп, жауапқа тартуды, совхоз басшыларын орнынан алып, қууды, аудан басшылығын обкомға тапсыруды талап етті...

— Мен өз басым, осы ауданға, биыл екінші рет келдім. Бірінде жерін тексерсек, қазір мал басының өсуін тексереміз, бірінен бірі сорақы, қирап жатқан бір дүние! Қашанғы төзөміз? Кәне солай демеші? — деп күжілдеп сөзін Нұрланға арнағандай, соған бетін бұрды.

«Пәле, осыны да сөз деп айтады, бұл шіріген ауыз!» деді Нұрлан іштей қарсыласып.

Бұдан кейін сөз алғандардың көпшілігі сол Медетовтың ыңғайына көшіңкіреп, аудан басшылығын түйреп кетуді өздеріне міндет көрді. Ербол Бегимов те тұлқі жүрісті адамғой, астарлы сөз таstadtы. Қарсыласып, «барды — бар», «жоқты — жоқ» деп айтудың орнына «біреуді» (онысын Мәлік — Нұрлан біліп отыр) сипай қамшылап, жоғарғы жақтан келген комиссияның сыйайына бұрылды.

Бюро мүшелерінің еңсесі түсіп, қабағы жабылып, өңдері бұзыла бастады. Үміт еткен Ерекең де, ауданды қорғаудың орнына жалтақтап, өз қара басын ойлауы, кімге болса да үнамады.

Комиссия Нұрқатты жақтауы да мүмкін, себеп: ол айыптаушы, және бірнеше фактілері шын да болар, бірақ, қарсы дау айтып, дәлел келтірсе, сендірсе басқаша қортынды жасауы сөзсіз гой.

Бюроға қатынасып, отырған кейбір совхоз директорлары біріне-бірі қарап, дағдарып қалғанға ұқсайды. Нұрланның құлағына жаңа біреу сыйырлады: «Комиссия бастығының айтқан кінараты, жалғыз ғана Баянауыл совхозына келген жоқ, бәрімізге де бірдей ауру гой!»— деп еді, қасындағы естіл қалғандай басын изеді.

Иә, сонда мал басының кемуі тек Нұрқат көрсеткен дәлелдерге ғана байланысты ма екен? Пәле!..

Нұрланның ойын Сорокин бөліп жіберді. Трубкасын аузынан алыш, маңыздана турегеліп, көзін комиссия бастығына қадады.

— Осы баланың... (ғапу ет, Нұрқат, сен маған қарағанда баласың!) Иә, осы баланың келтірген дәлелінің бір тармағын қолдаймын. Ол қайсы дейсің гой? Ол — қой жайылатын жер азайды деген тармақ.

Көктемде Нұрлан Сембин «жер-жер» деп қақсан еді, біріміз оған назар аудардық па? Қолдадық па? Қайта ауыздан қағып, үнін өшірдік... Аудан жері, комиссия өздерің көрдіңдер, не бол жатыр? Топырақ борап, дауылға айналып, далада көзге түрткісіз қара түнек соғады. Қой түгіл бас қайғы.

— Сіз ақын өмессіз бе жолдас...— деп атын ұмытып қалған комиссия бастығы Мәлікке қарап еді, ол түқырайып, алдындағы қағазға бірдеме жазып жатып, көңіл бөле қоймады, терезе алдында камзолын шешіп, қысқа жеңді шұбар ала көйлекпен отырған Нұрқат:

— Сорокин,— деді.

— Иә, Сорокин жолдас, ақын болам деп бола алмай қалғансыз ба, тегі...— деді кекетіп.

— Мен сіздің өткір сөзіңізді, жолдас бастық, үйықтап қап, ұрының соңынан далага мылтық атқан есеп шалға ұқсатам,— деді Модест Петрович күлімсіреп комиссия бастығына көзін қадап. Біреулер мырс етіп күліп те жіберді. Модест Петрович сөзін аяқтады:— Бұрын Россияның жер өлшеушілері, жер мамандары келіп осы Баянаулының тау-

лы-қыратын ерсілі-қарсылы қезіп шығып, көзімен көріп, қолымен ұстап: егін егуге жарамайды, кей жері ғана болмаса, онда да бір жылдан кейін ауыстырып, тыңайтып отыруды бірінші шарт қылған. Ал, біз солармен санастық па? Жоқ, әрине. Олар ақымақ емес-ті, жерді жақсы білетін-ді... Енді сол жерге біз егін егіп... күтпей, ақырында қой жайылатын жерден айрылдық.

«Молодец!»— деді Нұрлан іштей ойының үстінен түскен Сорокинге риза болып. Бірақ...

Сорокиннен кейін бір-екі совхоз директоры сөз алып, аудан басшыларын дәлдеп көздемесе де орағыта тигізіп, әрқылы сөз таstadtы. Кейін жер құнарының азайып бара жатқанын батыл айтпаса да, сылап-сипап, сабау қамшылап ете шықты.

Директорлар сөзіне қанағаттанбай тыптырыши бастаған Нұрлан Мәліккө қарады.

Беу-беу. Сөз деген атқан оқ, нысана — Мәлік, құллісі де алдымен соны көздегендей. Бір қызырып, бір қуарып сол қолының салалы саусақтарын стол үстінде секірте тарсылатып, сазарып үнсіз тыңдайды. Анда-санда алдындағы тілдей қағазға әлденені түртіп қояды..

Мәлік жарқ етіп, неге шешілмейді, кейбір ескегі жоқ, жел қалай соқса, соған ауып, жұзушілерге неге сыңай білдірмейді? Тегі, олар: «Мәліктің шаруасы бітті, ертең комиссияның қорытындысымен орнынан алады» деп сәуегейлік құрып отырғаны, қипақтаган пішінінен-ақ сезеді Нұрлан!

Кеше Ковалъчук: «Асанов ашулы көрінеді, тегі біздің совхозды құрбандаққа шалып жібермесін» деп сөз арасында ескерткен-ді, әлде, сол бағытпен бюро басқарып, ақыры сөзінде кінәні совхозға аудара салмақ па?

Жоқ, Мәлік ондай есепке бармайды, өзінің арын жоғары ұстайтын қазақ.

Нұрлан шыдай алмады, оң жағында, бір кісіден соң отырған Ковалъчукті қолымен түртіп «сөйлемейсіз бе?» деп иек қақты. Берекесі кетіп өңі қашқан, терлеп-тепшіген директор, тіптен, маған «сөз беріңіз» деп сұраған да жоқ, кезекті сөйлеуші сөзін аяқтай бергенде, абажадай болып түрегелді. Ковалъчук баптанып, ақырын сөйлейтін-ді, ыңыранып, табан астында тіл үшінша орала алмаған ойға бір жағынан қапаланып (себебі: тез-тез бастырмалата сөйлеудің өзі әсер етпей ме мұндайда?), енді бір жағынан ауыл ша-

руашылығына байланысты қажет сөздерді арғы ми түбінен аударыстыра іздең, элек болды.

Бұрын мектепте кітаптың жаттама сөздерін оқып, үйреніп қалған директор қолма-қол ойын игере алмай, Нұрқат арызының әр тармагына жауап берем деп, сөзін шашыратып алды.

— Совхозға келгеніме екі жыл,— деді сөз ақырында ол.— Бұрынғы мал өсіруге икемделген колхоз шаруашылығын бірыңғай егінге лайықтау қыныға түсті. Сондықтан да мал шаруасына назар аударылмай, шығынға ұшырап қалған рас...

Директордың сөзіне көңілі толмай, әбден ыза болған Нұрлан «пәле!» деді олқы дауыспен. Мәлік басын жұлып ап, дыбыс шыққан жаққа үцілді. Кейбіреулер бұрылып, таңдана көз тастады Нұрланға.

Ковалъчук сөзінің ақырын күткен Нұрқат қопаңдап қолын көтерді. Айтатының арызында жазған жоқ па — бұған не қылған сөз? Нұрқат елеурей, жұлқына сөйлемеді. Қошқардың тұмсығы тәріздес томпақ танау, жалпақ бет дембелше жігіт тастан қашап жасағандай, шымыр, дәл қазір осы бюорода отырған кісілердің бәрі жабылса да, бой беретін смес, өз күшіне сенімі мол аяғын нық басады. Мәліктің өзінен бастап кекетіп, бетің бар, жүзің бар демей, шаптыға сөйлемеді.

Нұрқат бөрікпен ұрып алатын жерде көрінбейді. Аяқ аlyсы бөлек...

...Мәлік — жұмсақ адам, бірақ біздің өмірде қатал да бір беткей, айтқанынан қайтпайтын қарулы кісі ғана шаруа басқарады. Біздің аудандағы өндіріс оркестрін дирижердай бір таяқшаға бағындырып тұратын басшы керек... Мәлік ағай өкпелемес, әрине, бұл иленіп жатқан ертеңгі күн көретін терінің пүшпагы той. Осы тұргыдан қарағанда бір есептен (неге бір есептен, ешкім түсінбеді) аудандық Советтің бастығы Ерекең іскер де қарулы...

Бөлениң осы бір сөзі Нұрланды ойға қалдырды. Нені ишаралап түр жігітің? Әлде, құтыртып шашбауын көтеріп жүрген Ерекеңнің өзі ме?

«Біріне-бірін атыстырып, біреуді біреуге айдал сап, екі ортада төре би болғысы келетін ақсақалдар әлі күнге аз емес, достым!» деп Мәлік бір сөзінде әлдененің шет жағасын шығарып қойған еді, сол осы Ерекең жайында айтылды ма екен?

Нұрқат бөгде ойлардың өрістеуіне жол бермей, жұрт ынтасын бірыңғай өзіне аударып алды. Мал басын, әсіресе, қой түлігінің ауыр халін толғана әңгімелеп, комиссия мүшелерімен қатар, бюро мүшелерін де үйітып, өзіне қарата алғаны кейінің қас-қабағынан, тамақ кенесінен, ымыжымынан белгілі бола бастады.

— Сорлы қой қыс болса сақылдаған қаңтардың аязын да тау бектерін өрмелеп, аяғымен қарды теуіп шөп іздейді, жазды күні тақыр мен сортанды кезіп, не жайылым, не су таба алмай, онда сенделеді? Жазығы не осынша қорлайтын? Ол бишара бізге етін де, жүнін де береді, ішем деген адамға сүті де тегін.

Қастерлей күтіп, өсіріп, қарынды қампита ет пен май жеудің орнына аш кісі ұрысқақ дегендей, бірімізді біріміз мүйіздеп ертеден кеш айтысамыз да жатамыз. Ата-баба-мыздың дәстүрлі кәсібі — мал бағу болса, соның қалай батынын әлі білмейміз! — деп сөзін аяқтады.

Нұрлан сөз сұрады. Жан-жагында тұнеріп, қатуланып отырған адамдарға көз тоқтатып сүзіп өтіп, өзіне деген бір жылды пейіл аңғарып, күш алғысы келіп еді, Нұрқат құллісін өзіне қаратып алған ба, бірі ым қағып, рай білдірер емес.

— Нұрқат бір мектепте, бір класта он жыл бірге оқыған досым, қазақ айтқандай: «Тайдай тебісіп, құлышын шұрқырасып» өскен бөлем, сырын да, сынын да жақсы білуші едім, бүгін түсіне алмай таң қалып отырмын осыған.

Стол үстіне саусағын билетіп, иервісін шамасы келгенше тізгіндеп сабырлылық жасап отырған Мәлік басын кенет көтеріп ап, Нұрланға көзін тікті.

Нұрлан сөз арасы іркіліп қалғанда Нұрқатқа тұра қарап еді, ол езуін керіп, астыңғы ернін шолпылдатып сорып, «ей, тиіспе маған, сорлы!» деп кекеткен тәрізді.

— Адам мінезін түсінудің өзі — қытай тілінің иероглифін түсінуден қын ба деп қалам кейде өз басым. Бір адамның түр-әлпеті екінші адамға қаншалықты үқсас болмаса, мінез-құлқы да соншалықты бөлек, алуан түрлі. Мен психологиядан лекция оқымаймын, ғапу етіңіздер, жол-жөнекей айтқан сөз ғой, жүйесін тауып жатқан. Бұл арада айтпағым да, ұғындырмағым да бір-ақ жай: Нұрқат жасында да ұшқалақтау еді, өсе келе сол мінезінен айрылмаған көрінеді, қайта, мінезінің сол бір қырын әрі тереңдете түсіндей.

— Эй, менің мінезімде нең бар, өзінді түзеп ал, Дон-Жуан! — деп Нұрқат қызара айғайлап жіберді.

— Сен сөйлегенде, жұмған аузымды ашпай, бойсұна тыңдадық қой, изволь, сен де тыңдап бақ!.. — Нұрлан дереу жауап қайырып, бөленің үнін өшірді де, сөзін жалғады. — Комиссияның кейбір мүшелері беделін сала қолдап, айдалада айғай салған зарлы дауыс деп қолпаштаса да, ертең Нұрқат осы елде қадірі жоқ сұңғыланың бірі атанып, бәрі теріс қарамаса, мұрнымды кесіп берейін. «Себеп» дейсіз фой? Себебі: оның жоғарғы орынға арыз жазғандығынан емес, арызды неге жазуға болмайды? Болады. Бірақ, халыққа пайда тигізетін мәселенің маңында ғана дау-жанжалға ашық бару керек!

— Мұның кетеріп отырғаны: ел қамын сіламайтын принципсіз мәселе деп ойлайсың ба? — деді бір бүйірден қыстырыла Медетов.

— Солай деймін де, соны қазір дәлелдеп бергім де келеді.

— Құп! — деді Нұрқат ыржыып, сетік тісін ақситып.

— Сізді де тыңдадық! — деп комиссия бастығы о да бір қозғалып ентелей түсті.

— Аудан басшыларына тағатын Нұрқаттың негізгі айыбы: «Мал шаруашылығы күйзеліске ұшырады, мал басы кеміп қалды»— сол фой?

— Ұзын сонары солай! — деді тағы да Медетов.

— Жақсы солай-ақ болсын. Сонда соған кім жауапты? Оған мына аупарткомның секретары Мәлік Асанов та, совхоз директоры Ковалъчук те, есік алдында «ертеңгі күнім не болар екен» деп осы бюроға кіре алмай, дағдарып тосып жүрген қойшылар да жауапты емес, менімше, жауап бермейді де.

— Сонда мен болармын жауап беретін, э? — Нұрқаттың күре тамыры білеудей бол ісініп шыға келді.

— Қазір айтам, сабыр ет!.. Тек сөзімді бөлме! Ауданың мұнданай халге ұшырауына біздің қолдан бүгінгі таңда келмейтін түрлі жағдай бар. Әуелі соны талдап алып, күнәні сонаң кейін артайық!

Партия тыңды игеру керек деген ұран таstadtы. Бар күш-қуатты жұмсал, бүкіл техника-қаражатты төкті. Қазақтың ғасыр бойы тұнып жатқан байтақ даласын жыртып таstadtы.

Жақында Тың өлкесі жер қыртысын түсірген картасын қарап отырсам: құнарлы, шұрайлы — астық шығатын жер-

лер Ақмола, Қостанай, Қөкшетау, Павлодар облыстарында біртегіс емес екен, әр қылыш. Мысалы Павлодар облысының тәң жартысын алғып жатқан Баянауыл, Қөкшетау маңындағы Бурабай, Қызылту немесе Ақмоланың Ереймені, Қостанайдың Аманкелдісі астық егетін аудандар емес, жер қыртысы — көделі дала, тақыр, сортаң — табиғат мал үшін, мал бағу үшін жаратқандай. Жаңа қымбатты Илья Сергеевич айтты ғой, революциядан бұрынғы орыс галымдары ақымақ болмаған, осы жерлерді талай кезіп, талай зерттеп, егінге лайық деп таппаған жерлерді қағазға түсіріп, сыйып кеткен. Осы сияқты аудандарда мал өсірудің орнына, жапа-тармағай егін ектік, күтпедік, ақырында жердің тамырын үзіп ап, шаң-тозаңға айналдырық, қазір жел тұрса, қара дауыл соғады. Малдың жайылымы азайды. Осының салдарынан малдың басы шығынға ұшырады.

Тыңның пайдасы аз ба еді? Бос жатқан жерді пайдаланып, бірнеше жылдың ішінде мол астыққа ие бол, халықты қарық қылдық — колхоздың, жеке шаруаның экономикасын көтердік. Кеше жүдеп жүрген колхозшылар бүгін — үй жиһазының, киім-кешегінің түзелуін былай қойғанда, біразының мінгені — мотоцикл, «Волга», «Москвич» тәрізді машина. Қарынның тойғанын айтпағанда... (Қарны тоймаса, машина ала ма!)

Сонда кейбір өлке, облысты басқарып отырған басшы азаматтар өз өлкесінің, облысының экономикасын білмейді, мамандармен ақылдасу о да жоқ; әйтеуір жоспар жасалды, қалайда соны артығымен орындауга тырысты. Кей мамандар да дер кезінде басшыларға барып, түсіндіріп, «былай етсек, қайтер еді?» деудің орнына, бастық не айтса, соның ыңғайына көшті. Жерді таңдал бермейді. Уралап жаппай жыртысқа түсті. Түйе жайылатын сортаңға, ермен, алабота шықпайтын тақырға дейін жыртылды!..—Нұрлан қолын созып, алдағы біреуге «су әперіп жіберіңізші!» деп, мөлдіреген бір стакан суды қағып сап, сөзін әрі жалғады.

Отырғандардың бірінде үн жоқ; «Әй, мынау не деп тұр?» дегендегі бірін бірі шынтағымен түртіп сыбырлап жатқандарды да Нұрлан аңгарып қалды.

— Жолдас Нұрқат, біздің аудандағы мал басының олқылығы, ең біріншіден, осы жерге байланысты. Не Мәліктің, не Ковалъчуктің әлі келмейді бұған. Шынын айтайын: аудандық партия комитеті бұл мәселені ЦК-ның алдына қойды. Назар аударар деген уміт бар.

Сен, Нұрқат, іс түзеудің оңай да теріс жолын таңдал алған сияқтысың. Аудан басшыларының бірін дәріптеп, бірінің шашпауын көтергенде саған түсетіні не? Бәрібір сен одан өспейсің? — Жұрт ду құлді. Мәлік те жымып, қарындаштың түбімен столды тақылдатып, тыныштыққа шақырды.

— Білем кімді жақтап тұрғаныңды,— деді Нұрқат кеңірдектеп.

— Шешенсіп артығырақ сөйлеп жалықтырып алдым ба деп, әдейі құлдіру үшін айтқаным ғой, әйтпесе, Нұрқашан неге өспесін, өседі! Мен осы тұста Саденов жолдастың өзін айыптар едім. Жоғары жаққа арыз бергенде солар қойын бағып береді деп ойлай ма екен?

Қой шығыны — жерге, жайылымға, жемге, күтімге байланысты деуің жартылай дұрыс. Бірақ, күміс теңгенің әдетте екінші жағы бар емес пе, соны көрмей жүрсің. Оған кейінірек тоқтармын, алдымен осы қойға жауап беретіннің бірі — мал дәрігері. Сен, Саденов, совхоз малының иесі, яғни, бас дәрігерісің. Не істедің, малды күтіп, мал басын аман сақтап қалуға? «Директор ананы істемеді, мынаны істемеді!» деп жағасына жармаса бересің, әділдік пе сол? Кім сенің қолындан алды істеймін десең? «Ковалъчук рұхсат бермеді» деп аудандық партия комитетінің алдына мәселе қойдың ба? Қойды ма, жолдас Асанов? Жоқ, әрине.

Қойдың түрлі ауруына жауап беретін мал дәрігері. Дәрі-дәрмек қолында, неге емдемедің? Жайлау өртеніп кеткен екен, кезінде жаңа жер тауып көшіруге неге себінді тигізбедің?.. Тайжан ақсақалға бүйрек бересің де, отарын қайда көшіруді айтпайсың. Артынан әмірімді екі қылды деп айып тағасың. Қойды сортаңға жайып, бір мезгіл жусан жегізсе, «ашықтырдың» деп байбалам саласың. Бірыңғай ет пен нан жей берсөң, ішің қорытар ма еді? Сен де қышқыл, аңы тағамдар араластырып жемейсің бе?

Тайжан сықылды шалдар көзін қоймен ашып, қой ішінде өледі. Мал сүйген еңбекқор қазақтың дағдыры осы. Бұл шалдар қойды қалай жаюды қайтсе де сенен артық біледі.

Тайжан сияқты қойшы қарттарды кінәлап сottатып жібер, сонда қойды сен өзің бағарсың, ә? Әлде олардың орнына жас шопандарың дайын тұр ма? Нешеуін олардың үгіттеп, оқудан алып қалдың?..

Кеше, Ковалъчук жолдас комиссиядан қорқып, өзіне сөз келтірмес үшін: «күн бұрын совхоздың партия комите-

тінде қарап, кей коммунистерді жазалап алмақ та болды. Әйтеуір, бюро мүшелері оған көне қойған жоқ. Директордың өз басын қорғау, ақтау жолы маған ұнамайды.— Нұрлан тағы да бір тыныстап, су ішті.

— Айналып-үйірліп келгенде, кінәлі қып, құрбандыққа шалмағы — отарға барса қой сойып беріп, жаңы қалмай құрметтейтін, күтетін қойшылар... Ей, ұялмайсың ба, әкеңдегі кісінің сақалына жармасуға?

Нұрқат атып тұрып, қолын сілтеп, күжіндең айғай салды.— Не өзі бұл — мені талқылау ма?

Нұрланның кей сөзіне басын изеп, мақұлдаған кейіп білдіріп отырған Мәлік жанжал шыға бастаған соң, әдеп сақтап, тәртіпке шақырды.

— Сөзім созылып кетсе кешіріңдер! Тағы бір жайға тоқтап өтпекпін: ол — қойды қалай бағу, қалай өсіру керек деген ой қайсымызды болсын толқытады. Ғасырлар бойы Баянауыл төңірегіндегі ел — қой жайып, қой өсіріп, күнін кәріп келген. Бұл аймақтағы атақты байларына 20 мыңдан қой біткен, соны ол қыс болса тауға тебіндегі, жаз болса жайлалауға айдалап, не шілденің ыстығында, не қаңтардың аязында бір лақ шығын қылмаған жылдар болған деседі. Осы күнге шейін әкеміз жырғып айтады. Бізде қазір техника бар, трактор, вертолет, самолет, түрлі қар қүрейтін машиналар ұшан-теңіз. Бізге жұт апат емес сияқты, бірақ қыста сүйкә шыдамай қой бір қырылса, шөптің аздығынан екі қырылады. Қой тау беткейінде жайылып, тебіндегі алмайды: жұні тақыр, тұяғы жұқа. Отken жылы бұл ауданда болғамын жоқ. Ковальчук жолдастың айтуына қараганда «астық жоспарын орындаімыз» деп, бүкіл совхоздар арпа, бүршақ сыйылды дәнді дақылдарды үкіметке тапсырып жіберіп, өздерінің малы қыста аш қалған. Осылай орындаған жоспар кімге керек?

Арзан атаққа құмарлық әлі де денені улаған арақтай ақсатып, басты тауға да, жарға да соқтырып жүр. Қоятын мезгіл жеткен жоқ па осы?

— Не істеу керек?

Кейбіреулер Австралияның қой бағу әдісін қолдануды мақұлдайды. Оған өз басым қосылмайым. Әр елдің — ауа райы, климаты, жер қыртысы — әрқиылды. Соған қарай икемделмесе, бөтен елдің іс тәсілін түгендей көшіріп алу — жақсылыққа апармайтынына шегім бар.

Баянауыл — мал өсіретін аудан. Қалай ек, олай ек, тау-

лы, қырат, адырлы жерде бидай шықпайды. Сондықтан астықты ауданның санатынан түгелдей шығарып, бүкіл техниканы алуан түрлі шаруа жүйесін, қой өсіруге лайықтау қырағылық, келешекті ойлау дер едім.

Нұрқат айтқан «сорлы қойды» қыс айларының ашық та жылы күндерінде тау беткейінде, адырларды тебіндеп, жайып, сұық, аяз күндерінде кең, жарық қорада жемге көміп қойса... Баяғыдай шөпті айырмен тастамай, механикаландырып, алдындағы астауға жем өзінен өзі түсіп жатса, екінші жақтағы астауды тұмсығымен түртіп қалғанда сұы сырылдап ағып жатса...

Жазды күні көктемде, күзде қойды арнаулы жайлauларда бақса, мысалы, күздік жайлauудың көктемнен айырмасы болмай ма, қазақ бұрын өрт салып, қауды өртеп, жердің бетін құлпыртып, көк барқыт кілемге айналдырган. Сондағы мақсат — қойды көкке жаю.

Қазір ойлап отырсаң: малдың организміне қажет витаминдерді сол көк арқылы берген екен.

Ал күзде ше? Күзде: шөбі сарғайып қуарып кеткен жайлauға қумай, қсіды бұлақ маңындағы көк орайға жайса... Мысал үшін ғана айтам: бұл ғылми жолмен зерттеліп, дәлелденген пікір смес, болжau ғана.

Қойды қалай, қайда жаюдың өз әдісі бар. Тайжан қартпен бір кеңескенімде, ертесімен көк орайда бақсаң, тұс ауа сортаңды, жусанды жерге бағу орамды деген-ди. Көрдіңіз бе, қойға қандай шөп пайдалы, соны есептеп отыр қария!

Қойшылардың көбінің қолын байлайтын жай — қойды өрістеп әкете алмайды — су жоқ өрісте. Бұрынғы байлардың құдығы құлаң қалған да, жаңадан артезиян құдықтарын совхоз аз қазған, және де қойдың жайылған жеріне тізбектеп қазып үлгере де алмаған.

Қойшылар су жетпегендіктен көл маңынан ұзай алмай арқандалған аттай, шыр айналып, бір орынды қайта тақырлап жайыла береді.

Су таситын машина бірінің артынан бірі тізбектеліп қай жерде қой жайылып жүрсе, сонда апарып суаратын болса...

Сөзімді тұжырғанда айтарым: Саденов жолдас, арыз жазуга бекер асыққансың. Осы жиналған кісілерді әуресарсаңға салдың, әне, егіннің алды пісті, ораққа жұмыла аттанатын мезгіл. Енді сөзге уақыт қалған жоқ. Өзіңдегүре соққанда саган не түседі? Тыйыл, Нұрқат, мұндай же-

нілtek мінезден, халықты, келешекті ойлайық! Осы тілек-тің бәрінің орындалуы да ғажап емес. Жаюға бағуға қол болса де.

Мен әлгінде сөзімде: «Күміс теңгенің екі жағы бар» деген деп, сол екінші жағы — осы Баянауылда бағып жүрген қойдың тұқымы. Баяғы қазақтың «Еділбай» қойының тұқымы — салпаң құйрық, жұндес қой біржола құрыды. Қазір «Баянауыл» совхоздарының қойлары — арқар-меринос, будан, бұлар — не сұзыққа, не ыстыққа төзе алмайды.

Еділбай Арқаның сұзығында қарды теуіп, шеп тауып жейтін, ыстығында ырс-ырс етіп, жайылып жүре беретін. Қайталап айтам: қазақ байларының қой өсірудегі күші бүгінгі совхоз күшімен пара-пар, тең түспейді. Кемшінді. Бірақ, олардың қойы басқа-ды.

Сен, Нұрқат, мал дәрігері, қойдың шығынға ұшырауының бір себебін осыдан ізде!..

Нұрлан сөзін бітіріп, отыра бергенде, терісіне сыймай булыққан Нұрқат тағы да ұшып тұрды.

— Білем, неге сұзырылып түрғанын бөлемнің. Сөз беріңіз, шек-қарның ақтарайын!

— Жетер, Саденов, сөйледің де, арыз да жаздың, не сөз қалды енді сенен? — деді әшейінде үндемейтін Ковальчук бір бүйірден үн қосып.

Мәлік Өлкелік комиссия бастығы құлағына бірдемені сыйбырлап, екеуі түсініскендей бас изесті де, жүртқа қарап:

— Мәселе осымен бітті! — деді.

Жүрт әуелі аң-таң, қайтерін білмей, аңырып орнынан тұрмай отыра берді. Әдетте, арыз бойынша қаулы алып, біреуді партиядан шығарып, біреуді сотқа беріп, тас-талқан қып жататыны бәріне де мәлім, сол қағидамен өз құлақтарына өздері сенбей, тағы да биороның жалғасын күткендей.

— Мәселе осымен аяқталды! — деп Мәлік орнынан көтерілгенде ғана «уф!» деп дем алғандай өре түрегеліп таласа-тармаса дуылдастып шықты қабинеттен.

Есік алдында бір топ совхоз директоры Нұрланды қоршап ап, кезек-кезек құшақтап баурына қысып, бетінен сүйді. «Уай, рахмет саған! Жаңа бір леп сездік қой, сенің сөзің!» деп, шуылдаپ, тік көтеріп ап, аспанға лақтырды.

Кешігіңкіреп артын ала сары портфелін сүйретіп шыққан Нұрқат Нұрланға алай бір қарап, томпаңдап, бұрыш айналды.

Көзі шалып қалған жастау директор соңынан:

— Үшіт, үшіт! — деп ысқырып та жіберді.

Нұрқат артына бұрылып қарай алмады, мүйістен арқасы ғана жалт етті.

ОНЫНШЫ ТАРАУ

Бюородағы тартыс әрқилы соқпақ, сыңар аяқ тар сүрлеу жолмен тараса да сол күні бүкіл қала тұрғындарына түгелдей жетті, «әй, пәле жігіт екен!» деп айызы қанып, Нұрланды қолпаштап, кейін Нұрқатты сөгіп: «Заты жаман ғой, шіркіннің, кеше атасы ұрыларға еріп еді, соған тартқан да!» — деп қынжыла ренжиді. Алақанның аумағындай кіші-гірім қазақ қаласының тұрғындары, бірінің-бірі жеті атасына дейін біледі. Кімнің қалай өсіп, ел азamatы болғанын сырттай қуанып: «Біздің пәлленнен» деп тілегін тілеп отыратыны тағы аян. Әсіресе, шалдар екі бөлениң сиыспай, айтысып қалғанын естіп жерге қарады. «Не жетпейді бұл екеуіне, құдай-ау... Ел көзіне масқара болғанша айдалада бірінің мұрнын бірі бұзбай ма?» деп те өкінді...

Нұрқаттың шадыр мінезін пайдаланып, әркімге айдан салған достары, әрине, дәлдеп атқан мылтығы атылмай қалғанына уайымдап, іштен тынған.

28 жылға шейін ескі ауылдың қаймағы бұзылмай тұрған кезде, Баянауыл ру жігінің, ру тартысының ордасы болатын-ды. Сол төңіректегі ұсақ-түйек рулар: бірінен бірі қыз алып, қыз берісіп, қаны араласқан жекжат, ағайын болсада, ру басы — ақсақалдардың атыстырыумен болыстыққа таласып, бітпейтін қиян-кескі дау-жанжалмен өмірі өтетін. Одан кейінгі жылдарда аға мұрасына ие болғандай аудан маңынан ұзай алмай қалған жастардың взі де бірімен бірі айттысып, тобықтан қағып түсіріп тастайтын қызметінен.

Бүгінгі Нұрқат дауының өзі сол «ағадан қалған мұра» сықылды Мәлікке. Бюородағы сөзінде Нұрқат: секретарь болуға жараплық іскер де алғыр деп Ерекеңді тегін мақтамаған болар?

Ербол ағасы айдан сап жүр ме Нұрқатты, жоқ әлде, бауырына тартып жылы сөз айтқанға мұсіркеп, өз бетімен лағып жүр ме, ол арасы Мәлікке белгісіз. Ербол осы төңіректің жігіті — қыры көп, құлығы мол, сироң білмейтін аттай жалт бұрылып тастап кетуі ықтимал.

Ербол Нұрқат сөзіне мән бермеген, елемеген адам тәрізді, бұрынғыдай: «Мәке, Мәке!» деп жылп-жылп етеді, бі-

реудің ішіне кіріп шықпайсың, нені дайындал тұрғанын білу қынын кейде.

Осындай тышын алған болжам түйінін Мәлік кеше Айжанға айтып сырласқан-ды...

Софыстан қалған қолдагы жарасы шаншып, сыйздан, жатқызбаған соң ауруханаға барып Айжанды көріп, уақыт табылып екеуі оңаша қалған. Сондағы әңгіменің бір тарауы — Нұрланның бюородағы сөзі бол, онда да шет жағасын құлағы шалған Айжан Мәліктің аузынан естігісі кеп, тұртпектеп сұрақ қойып, еріксіз сөзге шақырган. Әңгіменің екінші тарауы — Раушан болған. Раушанның құрбысы емес пе Айжан, Мәлік те сондықтан жақын тартып, сырттай жылы ниет білдіріп, үйіне келгенде, шама-шарқынша ықылас бөліп, әзілдесіп талай кешті бірге өткізген-ди. Сол дағдымен Мәлік бүгін де, көптен бергі жүргегіндегі нәзік сырдың шет жағасын сетінетті.

— Раушан қалай? Көптен көре алмай жүрмін. Кешке жақын барайын десем, қол тимейді, күнде ойда жоқта бір операция жасауға тура келеді.— Айжан Мәлік қолының жарасын көріп болған соң қолын жуып, жатып сөз бастады.

— Раушан құрбың ғой, менен гөрі мінезін өзің жақсы түсінерсің — бала сияқты, шалдуар, ерке. Сәл нәрседен кілт етіп бұзыла қалады... Бірер ай сөйлеспей де жүрдік, қазір тағы неліктен екенін кім білсін, Ақбеттің басындағы бұлттай құбылып, түнеріп жүр,— деп Мәлік күлді.

— Кінәлі өзіңіз — тым ерке!

— Еркелік жастыққа тән. Еріне назданса несі сөкет? Бірақ...— Мәлік аржағын айтпай кідіріп, сөзін тілінің ұшына сақтап қалды. Айжан елеғізе күтті сөз ақырын.— Раушанды еркелік билеп жүрген жсқ, көңлі тақат таппайды. Неге? Түсінбеймін, түсінуден қалдым. Талай сұрадым: бір-бірімізге қызығымыз кетсе, бөлек тұрайық, айрылайық дедім.

«Ғашық ол, білмеуші ме едіңіз?»— дей жаздады да Айжан, лапылдаған ұшқыр көңліне тоқтау салды. Мәлік өзі де біледі. Бұл сыр тартқан сөзі де, жүректің ескі жарасын тырнағанда не табады? Айжан байыпты мінезіне көшіп, сабырлы үнде ақыл салды.

...Мәлік пен Раушан үйленгелі — үш жыл. Содан бері бойына бала бітпесе, жас қеліншектің ойлаганы жән. Айжанның өз басы ссыған өте мән береді. Раушан бөпелі болса, еркелігін қалдырып, мұрнын тескен тайлақтай том-

паңдар еді бәлем нәрестенің алдында. Ал, көрдің бе, ту келіншек күніне қырық құбылып, бой бермейді.

Мәлік те қатал ұстамаған, жақсы көрген соң еркелетіп, бетінен қақпай, жүгенсіз жіберген. Айжанның аңы сезіне Мәлік өкпелеудің орнына, жымиятды — түсінеді өз қатесін. «Айт, жаным, қаттырақ айт, маган со керек, қатын жанды немеге!» дегендей, қоңырқай, шауқар бетіне іштегі мысқылдың көлеңкесі түскендей. Мәлік — түйік, сезге сараң. Әдетте, аз сөйлеп, көп мағына ұғындыратын адам. Айжан ойының алтын түйінін сезіп алса керек, дәл кетерде: «Рахмет, ақшаға сатып ала алмайтын кеңес бердің. Раушанның көңіл күйіне енді түсіндім!» деді.

Айжанның көңлін жыртпады ма, шыны осы ма, құдай білсін...

Айжан Мәлікті шығарып сап, операция жасаған ауруларды аралап, бірін жылы сезбен алдандырып, енді біріне — дәрі-дәрмек бергізіп, қайта оралса, дәлізде Нұрлан түр. Шүңіректеу қой көзі құлім қағып, қырат мұрнының желбелезегі дір-дір етеді. Кеше палатада жатқанда өңі құп-қу еді, аз күннің арасында қоңырқай тартып, бетінің секпілі көбейіп, анықтала түскен. Әнеугі емханадан қашып кеткен-нен бері көргені ссы.

— Қылша мойным — талша!.. Жаздым-жаңылдым.— Нұрлан даусы ойнақы да ашық.

— Сөйлеспеймін сенімен!— Айжан даусы өкпелі де қатал.

— Бір жолға кеш! — Нұрлан даусы бұл жолы жалышты.

Айжанда үн жоқ.

— Менде бөтен ой болған емес. Тек, үйімді сағынып, өкемді қимадым.— Нұрлан даусы қоңыр да бәсең.

— Сен бала емессің, дырдай жігітсің.— Айжан даусы өлі де қатаң, әйткенмен, жарықшақ сезілгендей.

— Бала мінез... Құдай солай жаратқансын амалың не! — Нұрлан даусынан әзіл ырғағы естіледі. Үміті қайта тұтанғандай.

— Айт бер! — Айжан даусы ашына бастады.

— Честное пионерское.

— Бұл аз!

— Сайтан боп кетейін, егер соны тілесен?

Теріс қарап тұрған Айжан бұрылып, қолын ұсынды.

— Қызыметің әлі біткен жоқ па?

— Шыға бер, қазір...

Халатын шешіп, тысқа шыққан Айжан, машинаның қасында тосып тұрған Нұрланға таман аяғын сескене басып, бейне үркек киіктей ойқастады.

Нұрлан машинаның есігін ашып, әлі тосып тұр. Іштей Айжанның қадамын санаиды: бес... он... жиырма! Что же, сенімің кеткен екен. Кінелі өзің. Енді төзіп бақ!

— Экей жіберді. Қонаққа шақырады.

Айжан басын шайқады.

— О кісі шақырса, барам. Бірақ сенің көзіңде сенбей тұрмын.

Нұрлан күліп жіберді.

— Алдасам тағы көрерсің, мінші өзің!

Айжан мінер-мінбес, Нұрлан машинаның педалін басып қап, ызығытып ала жөнелді. Көшеде кетіп бара жатқан бірлі-жағым адамның үрейін ұшырып, жолдан тайдырып, иттерді соңынан шулата ертіп, Айжан тіл қатқанша болған жоқ, қала шетіне жетіп те үлгерді.

— Қайда әкеттің, жігітім? — Жіргітте үн жоқ, рульдің үстіне еңкейіп жатып алған, күлімдеп, асфальт жолдың апшысын қуырып, зырлап келеді. Айжан көлді шыр айналып, «Найзатасқа» тартқанда, энеугі Нұрқат құсан, бұ да «жеңгесінің» үйіне қонақ қыла ма деп, көңіліне секем алды.

Нұрлан — адал, ақ пейіл жан, ондай атына таңба, жағына дақ түсіретін ерсі өрескел мінезді бойына қасиет тұтпайтын жігіт дейтіні қайда оңашада Айжан? Әй, тәйрі, қанша мақтағаныңмен, Айжан-ау, махаббат сазына нәзік түсінетін сыршыл жігіт бола алмады бұл!

Осы бір сөз артық айтылған жоқ па, байқасайшы! Не болды саған сеншама түңіліп? Нанбасаң, қарашы, жігіт бетіне — ақұбы жүзі күреңітіп танауы дірілдеп, етженді ерні жыбырлап, бірдеме дегісі келгендей ме, қалай...

Айжанның көнді қалған. Оның бір ауыз сөзін күткеніне, міне екі жыл — Алматыда дәмелендіріп, емексітіп жүрді де, ақыры, жоғалды да кетті. Жатақханаға келіп, тілдей қағаз тастап кеткен, ішінде бір-ақ ауыз сөзі бар: «Кешір, мен жолықтыра алмадым, Москваға аспирантураға жүріп барам, әдісірімді білдіріп хат жазармын» деген. Хат жазу ма, шу қара қүйрек, көзден ғайып болды. Міне, бір жылдан асты — жалғыз, әкесі мен шешесі Ертіс жиегінде алтыншы ауылда тұрады — екеуі де мұғалім; қастарына алып, тұңғышын қызықтағысы да келетін болар, әттең қолдарына тұспеді ғой.

Айжан жүргегінің Нұрлан дегенде қалай соғатынын, шіркін, ол «сөзбес» аңғарса. Кім еді осы анада: «Махабат — әуелі адамға қанат бітіріп, аспанға, қияға шарықтастып, қыран қатарына жеткізсе, сонан соң күш қосып, балуан қылады, қолына қайла ұстап, жеті қабат тоң қазса да шаршамайтын болады» деген?

Нұрланның өзі айтқаны қайда? Мұндай сөзді жанында біреу тұрғанда айтуға батылы жетеді, қызбен оңашада қалса тілі күрмеледі — «жер», «малдан» келеді сөз саптауы. Жан тербетер ыстық сөзді бүгін айттар әлде?..

Машина «қара құдыққа» жетпей сүрлеу жолға түсіп, жонға қарай зырлады. Айнала мұлгіп кеткен, лезде ажарын жоғалтып, түнере қалды.

Жел басылып, жан-жануар айғай-шуын, жәндік сыйбырын азайтып, дала тыныстаған мезгіл-ді, ымырт қараңғылығы Айжан жүргегіне үрей, сезік тудырғандай Нұрланға әлсін-әлсін көз қызығын тастап қояды. Ол тіл қатпайды.

Айжан ыңылдап ән салды. Бірдеме деудің кезегі енді кеп еді жымылып, машинаны ызғыта түсті. О, кеше! Қайда апарады? Алып қашып бара жатқанның қай жағы?

Жолдың екі жағын бірдей ақтара тінтіп, тазыдай тіміс-кілеген машина фары желкілдеп, пісіп тұрған бидайға түскенде, Айжанның жүргегі орнықса да бір есептен жігітке көzlі толмай, зор үміті акталмағандай, машина шынысына бетін тақап, іркілген көз жасын көрсетпеуге тырысты. Эй, Айка, мұның не соңша ызаланып. Білмейсің бе, кейде жігіт рай бермей, қулық-тәсілге көшетінін: қыздың өзі мойнына асылғанын күтеді. Пішту! Аз шыдасаң Нұрлаштан, машинасын тоқтатады қазір. Екеуі түседі. Бірін-бірі балаша қуып сыйқылықтап, тұнгі тымық ауаны жаңғырықтырып, егін ішінде киіктей ойран салады. Нұрлан, ақыры, қуып жетіп, белінен қатты қысып, ернінен құшырлана сүйеді. Сосын: «Айка, мен саған ғашықпын. Сенсіз өмір маған қараңғы. Кел, той жасайық, бүкіл Баянды шақырып!» демей ме?

Айжанның жүргегі лұпілдеп, бойын қуаныш кернейді. Нұрлан шын айтқан жоқ па екен? Мүмкін, әлде естімей отырған болар жел қағып. Айжан ақыры бетін бұрып, құлағын тігеді. Мелшиген Нұрланда үн жоқ, ернін жымқырып, тістеніп алған. Көзін жол жиегіндегі бидайға қадап зырлатып келеді.

— Тоқтат, машинаңды! — Айжан рульдегі Нұрлан қолына жармасты.

— Айка, немене, басың айналды ма?

Машина кілт тоқтады. Айжан есікті жылдамырақ ашып, атын түсті де егін арасымен, бет алдына жүре берді.

Соңынан Нұрлан да ерді. Белуардан келетін қызыл бидай, сабағы майысып, желкілдеп, аяққа оралып жүргізбейді. Агроном әрбір жерден бір бидайдың басын сындырып ап, аршып, дәнін аузына салады да, тістеп-тістеп тамсанып түкіріп тастайды.

Айжан егіннің орта шеніне дейін барды. Торғын ауаны қеудесін кере жұтып, серігіп, ай сәулесіне бетін тесейді. Әлгі бір әзірдегі көңіл түйткілі кейін серпіліп, оның орнын үміт басқандай. Аяғына оралған қызыл бидай «бізді де жұлып ала кет!» дегендегі көйлегінің етегін сабалайды.

Бидайды жапыра басып, соңынан қуып жеткен Нұрлан аузында тістеген бидай дәні, сөз таба алмаған іспетте:

— Мынау піскен бидай емес пе, Айка! — дейді. Айжан пісті ме, піспеді ме бидайға назар аударып келе жатқан жоқ, тек қана сусындал, тербеліп тұрған егіннің алаулаған бейнесін сүйсіне тамашалайды.

Нұрлан қыз қолынан ұстай беріп еді, ол тартынып қалды.

— Айка, сен маған әлі өкпелісің бе? — деді Нұрлан қыз мінезінің неге өзгергенін түсінбей. Айжан тағы да үн қатпады.

— Айка...— Нұрлан қипақтап, тілінің ұшындағы сөзді айта алмай әлек, оны қыз да сезгендей.

Екеуі машинадан алысырақ жүріп барды. Шоғырланып қарайған газикті осы бір сәт түн қараңғылығы жұтып қойғандай, көзден ғайып болды. Әрқайсы өз ойының жібін есіп, екеуі қайта оралды машина қасына. Нұрлан көмейінде гі сөзін неге айтпайды деп таңданады Айжан. Неткен кешең өскен балаң да баяу жігіт бұл? Әшейінде тілімен қосмосқа ұшады, сырт пішініне қарасаң — сақа жігіт, қимыл-әрекеті балаға үқсайды...

Машина жаңында Нұрлан тағы бір оқталғандай:

«Айтсайшы енді, жарқыным!» Айжан асықса да, Нұрлан асығар емес, ұялмастан бөтен әңгімелеге көшіп, қыздың кеңілін біржола қалдырыды.

— Қайталық, мен ауруханаға керек бол қалуым мүмкін...

Қалаға жеткенше Нұрлан да, Айжан да қайтып бірінебірі тіл қатпады.

Неткен олақ, ой-бу!..

* * *

Ковалъчук бұрынғыдай емес. Нұрланға ықыласын да, көз қарасын да өзгертті: алғашқы кездे тәжірибесі аз шақар да сөзуар бүгінгі жастың бірі ме деп, бойын аулағырақ ұстап, сенбейтін-ді, енді басына төнген пәледен екі рет аман алып қалған соң, ықтиярсыз санасты. Бірақ та, тыштығын бұзған жас жігітке, әлі де, қауіптене қарайды. Эр нәрсенің шегі бар — бір күні шектен шығып, орға жыға ма деп те сескенеді. Мұлдем беріліп те кетпей, тізгінді қолына ұстата да салмай, ретіне қарай шым-шымдаپ қана қарым-қатынас жасайды. Ерекеңнің де ықпалы бар — әмпай-жәмпай деген атақтан қашып, соңғы кезде жеке дара жүруді көбірек ұнатады. Кім біледі, комиссияның не деп баратынын... «бірін-бірі жақтап, ауыз жаласып алған топ» дей ме? Ковалъчук құлағын түруде. Якуповтан бір дыбыс білінсе «ләппай!» деп тік тұруға дайын. «Бізді тыңдамайды» деп жазықсыз күйдіріп, қуып жіберсе, жер ортасы көктебеде жалақысыз, бала-шағасы бар, қалай күн көреді. Якупов екі рет оқталды құмақшы болып, үшіншіде аямайды...

Бүгін Нұрлан кеп: «Бірінші бригаданың егіні пісіп қапты, бір-екі күнде бастасақ қайтеді, орақты» дегенде, тартпақы мінезіне сап, тура жауап бермеді. «Екінші бригаданың егіні не халде? Өз көзіңмен көріп қайт, соңсоң біржола шешейік!» деді. Мұның аржағында өзі ғана білетін бір сыр бар: кеше аудандық атқару комитетінің председателі Ербол Бегимов Тимофеј Федоровичтің үйінде қонақта отырып: «Егін тек дестелеп орылсын, комбайнмен тікелей ору тоқталсын!» деген Якуповтан нұсқау түсті!» деп бір сөзінде ескертіп те қойған. Сол сөз жадында қалған. Соны анықтап алмай тікелей орып тағы бір пәлеге ұшырап қалса, сүмдыш емес пе?

Нұрланды екінші бригаданың егінін көруге жіберді де, Ковалъчук өзі Раушанды шақырып алды.

Мәлік айтқан жоқ па, биыл егінді бірыңғай дестелеп ору керек деген, нұсқау бар дей ме? — Аржағын айтпай Раушаның өзіне салды салмақты.

— Якупов осыдан екі күн бұрын телефон соғып: «Егінди қашан орасындар? Дестелеп ору әдісін кеңірек пайдаланыңдар!» деп сұрап жатқан. Өзімен кеңеспейсіз бе? Нұрлан не дейді екен?

— Ол өткен түні бірінші бригаданың жерін көрген екен, пісті, ору керек деп келді.

— Піскен-піспегенің қайдан білген тұнде? — Раушан жымия күледі (неге күледі?).

— Агроном емес пе?... Әлде болжауы ғана ма?

— Барыпты кеше, дәрігер қыздан қолы қалай босап, егінге назар аударған?

— Бірге барған ба?

— Таңтертең старға бара жатып Нұрқат көрген... Өзініз неге бармайсыз егін басына, шүбәлі болмау үшін?

Бұл сөзді Ковальчук табылған ақыл деп санады да, машинасын шақырып алғып, әуелі аудандық партия комитетіне барды. Мәлік үгітшілермен мәжіліс өткізіп жатқан соң, екінші секретаръға кіріп, нақ өзіне керек дерегін ашып шықты.

Ол: «Жақында Якупов қол қойған нұсқау кеп түсті: егінді дестелеп ору әдісін қеңінен колдану керек, бірде-бір даң жерде, не қарастында қалмасын. Егер, қалса, совхоз директоры басымен жауап береді!» деді.

Осы сөзді мықтап ұстаған Ковальчук ағызған бойы «Қара құдық» барып, бірінші бригаданың егінін өз көзімен көріп қайтып, сол күні бригадир мен комбайннерлер мәжілісін шақырды.

* * *

Директор бас агрономсыз мәжіліс шақырды деп ойлай қойған жоқ-ты, құдай берген газикпен, екінші бригаданың, егінін аралап өтіп, жолда «Жалғызата» түбіндегі Тайжан шалдың отарына соқты. Нұрлан Тайжан қарияны әкесінің досы деп қана сыйламайды, жақсы көреді, дүние қадіріне түсінген дана шал — көргені көп, аңшылық әңгімесін қызықтырып нәшіне келтіріп айтады.

Күн бұлыңғыр еді, жаңбыр сіркелеп жауып басылған. Тұтіндей будақтаған қара бұлт, Ақбет таудың шыңынан Қалмаққырғанға қарай ауысып, етегі түріле бастаған.

Машинаны «Жалғызатаның» тұсына келгенде тоқтатып, жайылып жүрген қойға қарай аяқдады Нұрлан.

Тайжан шал қойын намаздыгер салқынымен өрістетіп жіберіп, оның соңынан Алыпсоғын және қоя беріп, өзі «Жалғызатаға» арқасын сүйеп, күн сәулесіне бетін төсеп, күншуақтап отыр екен. Нұрлан жақында келгенше, қыбыр еткен жоқ. «Жалғызатаға» мұңын шаққандай ерні жыбырыжыбыр етеді. «Әдейі қарысып, елегісі келмейді, қиқар шал!» — деді Нұрлан да күбірлеп, күлімсірей басын шайқап.

Нұрланның шалдуар мінезі ұстап, кісі бойындай адам мүсінді қара қошқыл тастың сыртын орап, үнсіз тұра берді.

— Эй, бұл қайсың, кел бері, мен се兹бейді дейсің бе? Қария сол отырған қалпын бұзбай, таяғымен жерді осқылаپ қойды.

Шалдың көзі көрмей қалғаннан сау ма? Нұрлан ішкі үрепті сездірмей, ашық үнмен сәлем берді.

— Элік сәлем, балам. Нұрланбысың?

— Ия, неге көзіңді жұмып отырсыз?

— Бетімді күн сәулесіне қаратып, ем жасап отырмын... Құлме, балам. Бұл ата-бабадан үрпаққа тараған ем. Өткен қыста бетімді аязға алдырып қойып едім, сол домбыққан жерім жақында қыши бастады. Әкеміз айтатын, марқұм денеңдегі қышыған жерді күнге қарытсаң дерек басылады деп...

— Дегенмен, Айжанға бір барып, көрініп қайтқаныңыз жөн ғой...

— Бардым ғой, анада аупарткомде төбелес болатын күні... Уамай, балам, саған мың да бір рахмет. Естідім, бәрін естідім. Раушан да, Мәлік те саған риза. Нағашы затың жақсы еді, соған тартқан екенсің.

Нұрлан қымсына құледі:

— Мен соншама не істеппін, аға?

— Сен, балам, білген адамға, көптен бері жұрт аузына ілінбей жүрген сөзді тауып айтқасың.

— Ол қандай сөз еді? — Нұрлан ол сөздің не екенін таба алмаған адамдай шын мәнінде таңдана сұрады.

— Біріншіден, әділеттік, дүниеде ең биік не дегенде, әділ ханның әділеті деген екен ертеде. Екіншісінің аты — батылдық, балам! Көзге көлгірсімей шынын айту — ерлік, балам. Кей жігіттер, өзің сияқты, біреудің беделіне, біреудің дәреже бабына жалтақтай қарап, көкірегінде сайрап тұрған сөзін күмілжіп айта алмай жүр ғой. Уамай!

Нұрлан ойланып қалды.

Қой бағып жапан дүзде жалғыз жүрсе де кімнің кім екенін біліп, сын тағуы қарияның — көрегендігі. Рас, рас, ондай екі жұзді жағымпаз, арын саудаға салушы құрбылары аз ба? Кеше Алматыда оқып жүргенде талайына кездескен-ди. Әр мекемеде, әр совхозда, әр ауданда бар емес пе, жасырып керегі не...

— Сөз жүйесі оралып қалған соң ғана айттым, қартайған адам — ұмытшақ келеді, шырағым, кейін есіме түсеме, түспей ме... — Тайжан күрек сақалын қолымен салалап

тарап, тұксиген жақ, қабағын жиыра ішкі сарайына үңіледі. Бұтақты таяғын бір жақ тізенің астына басып алған — біреу ала қашатында. — Осы біз арқа сүйеп отырған «тастың» тарихын естідің бе, балам? Жоқ... Ендеше тыңда! Баяғы заманда, тегі, Асан қайғымен тұстас бір «Тура-Жанар» дейтін кісі болған деседі. Бала құнінен бастап жұртпен сиыспай төбелесіп, тартысып өседі. Бетің бар, жұзің бар демейді, тұрасын айтып қарайды да отырады. Әуелгі кезде шыдап жүрсе де, кейіннен құрбылары бойын аулақца сап, мешкей деген жақсы атақ па, маңына жуымай қаша бастайды. Ол келсе болды ойын бұзылады, балалар жақ-жақ бол төбелесіп кететінді шығарады.

Жанар өсіп жігіт болады. Ел аралап, той-думан, ойын-сауықтан қалмай, жұртпен қатар жүреді. Аздаң соң ел іші Жанар барған жерде жанжал, қиян-ке斯基 даудамай, егес-қияс туатынын әбден түсінеді де, ол келе жатса, есігін бекітіп, кілттеп алады. Енді Жанар елге сыймайды. Ақыры, бүкіл ел болып, соңынан тас атып, қаңғытып жібереді.

Арқасында дорба, қолында таяқ. Жанар ел қыдырады, баспаған тауы, жұзбеген көлі қалмайды, не бір шаһардан, не бір ауылдан өзіне мекендейтін аядай жер таба алмай қаңғырып қор болады. Екі адам кез боп қалса, төбелестіріп кетеді. Өзі де жадап-жүдеп, арып-ашып, қартаяды, не қыларын білмей, мұңайып, құндердің құнінде айдалада келе жатса, алдынан сақалы белуарына түскен, аппақ бір қария кездесе кетеді.

— Қарағым, кімсің? — дейді ақсақал.

— Турашыл-Жанармын. Елге сыймай жүрген елгезек, жексүрінің өзімін. Құдайдан өлім сұрап келемін,— дейді қапалы Жанар.

— Ей, пақырым-ай! Сен екесің ғой Турашыл-Жанар. Естуім бар еді... Ал, сонда не істедің жазығың не, балам?

— Жазығым: тұрасын айтам. Екі адам сөйлесіп отырса, біріне-бірі «әке-көке» деп сылап-сипап отырып, қойнындағы қанжарын кезейді. Мен оған шыдамаймын да тұрасын айтып, беттеріне басам. Үш адам кездессе, екеуі бірігіп, үшіншін келемеж қылады. Мен жалғыз қалғанына болысам. Төрт адам бас қосса, екі ұдай боп, тартысып береді. Мен килігіп, билік айтам. Бес адам жинала қалса, бірін-бірі тұртпектеп, құн көре алмайды. Мен келем де әділетінен көшем. Міне, қылмысым осы! Енді сол үшін үй жоқ,

күй жоқ, жалғыз соқа басым, қаңғырып айдалада қалдым,— дейді Жанар көзіне жас алып.

— Неге өйдейсің, пақырым, сен ұрпақсыз қалған жоқсың. Сенің әр сөзің, әр айтқан әділ өкімің жұрт арасына алдақашан таралып кеткен. Енді оны ешбір пенде баласы жоя алмайды. Ол себілген ұрық, атадан балаға қалған мирас. Сен ертең өлсөң — бейітің айдалада қағылған қазықтай адам пернесін алған тас боп қатып қалады. Оның басына түнеген ұрпақтарың сен сияқты турашыл боп, жолыңды қуады, — деп ақсақал жоқ болған екен... Біраздан кейін Турашыл-Жанар жүре-жүре осы «Керегетастың» баурында қайтыс болған. Осы «Жалғызата» атанып айдалаға қазықтай қағылған жалғыз тас сол Турашыл-Жанардың бейіті деседі ел аңызы.

Нұрлан тағы да сыпайы күліп:

Алдақашан айтпайсыз ба, аға, келіп түнектін.

— Жасыңда Сембі түнеткен де болар. Шалды білем, өз ақылы өзіне жетеді.

— Пәле, мені әкей түнетсе, сорладым де. Елден қуып, тентіретіп жіберсін дейсіз бе? — Нұрлан даусының әзілін шал сөзбегендей.

— Корықпа, балам, шындық жеңеді. Әділдік озады. Халқың үшін тентіреп кетсең — арманың жоқ. Турашыл болу — әркімнің қолынан келе бермейді, есінде болсын! — деп шал орнынан тұрды. Бұл кезде қой ұзап кетіп еді, сөзін ол кенет доғарып, ырғала басып, соңынан аяңдады.

Нұрлан: машинамен қойға жеткізіп салайын деп еді, Тайжан көнбеді, таяғын беліне қыстырып, бөркін көзінә түсіре киіп, жүре берді.

Тайжанның соңынан қызыға қарап, сәл тұрып қалды Нұрлан, айдалада қой бағып жүрген қойшы не деп кетті? Нені меңзейді? Апыр-ай, ә?.. Бұл дүниеден тегін безген шал емес, мұның алпамсадай кең кеудесі толған сыр мен мұң, қиял мен арман, тілек пен ой шығар, қарап ма еді, шіркін, ең болмаса сығалап? Еркін далада, жападан жалғыз жүргенде зергердің оюындағы миға тоқыған нақыл ойлардың бірі ғой, тегі, сенниң ішінен таңдаң ап «мә, саған тартқаным!» деп жарқ еткізіп, уыстай шашып кете барғаны ма, әлде?

Нұрлан машинасына мініп, ағызып келеді. Тайжан шал өміріне жаңадан бір өрнек салғандай, қызыға түседі. Бүгін тіптен тау-таста, орман-ағашта, бетегелі құладауз далада

жаңа бір ашық бояумен нақышталғандай құлпыра түскенін көрдің бе, Нұрланға! Бірақ, бұл шалқыған көңіл әнін салып, ұзақ масаттана алмады. Су сепкендей басылды. Бір дөңнен аса бергенде, желе жортып, шабдарын сипай қамшылап, қарсы алдынан Нұрқат кездесе кетті.

Бұйралау дудар қара шашын шаң басқан, шайырланған түйенің жүніндегі баттасып, дағарадай боп, басына сыймайды. Жел қаққан қошқар тұмсығы бұрыннан бетер дедиіп танауы дір-дір етеді. Атының басын тартып, машина тоқтамай өтіп кетер дегендей кес-кестеп, жол үстінде тұрып алды.

Нұрлан да аты үркөр дегендей, алысырақ тоқтатып, машинадан тұсті. Әнеугі аупарткомдегі мәжілістен кейін көргені ссы: екеуі бірінің үйіне бірі бармайды, өш! Ерні қисайып, көзі шатынап, ашу кернеген адам секілді.

— Сенің менде не әкеңнің құны бар? — деді даусы қалтырап ежірейіп. Нұрқат атып тұсті де, атын ердің қасына қаңтара салды.

Нұрлан ақырайып, аузына сөз түспей тұрып қалды.

— Пәле, не дейсің, ей?

— Сенің ізден жүргенің бәле, оны білем... Бір емес, екі емес, соңыма түсіп ап, қоймайсың ғой, күшіктей тақымдан... Қоясың ба, жоқ па — жүресің бе өз жайыңа? — Нұрқат шап беріп жағадан алып, өзіне қарай сілкілеп тартып, бетіне бетін тақады. Нұрлан жағадан алмай екі қолын салбыратып бос ұстап тұр.

— Қисық жасасаң — турасын айтпай отыра алмаймын. Кешір, достым, ол менің өмірдегі табынатын тәңірім.— Нұрлан сөзін салмақтап, дауыс ырғағын өзгерте сөйлейді.

— Турашылын, бұл неменің! Сен жағымпазсың, Мәліктің былғын жасырып, өзінді ақтағың келеді. Үйге кәк еткен мысықсың сен!

— Айдала деме, Нұрқат, тілінді тартып сөйле! Ауылдаң тәрбиесіз әйеліндегі салғыласып, арынды айрандай төкпе!

— Сен бе арға жүгініп тұрған? Қарабет!..— Нұрқат тағы да жұлқылай тартып, төмен қарай тұқырайта бастады.

— Балағат сөз неге керек? Кел, кінәласайық — кім оң, кім сол? — Жағасын ұстап босатпай тұрған Нұрқаттың екі қолынан Нұрлан да мықтап ұстап қозғалтпады.

— Кәне, кінәлас!..— деп Нұрқат жағасын босатып, омыраулап, кіжіне сөйледі.

Нұрлан байсалды мінезбен көгалдың үстіне отырды да, құлімдеп:

— Отыр! — деді қасынан орын нұсқап.

— Сендей менің астында машинам жоқ. Құн кешкіріп барады. Кетем... Өзің менің алдымға шығасың ба, жоқ па, бұдан былай ссыныңды айтшы?

— О не деген сөзің? Сенің алдыңдан шығатын кім едің сен, қайда барып едің? — Нұрлан сөзге көнбейтінін сезген соң тәлкеқ қылды.

— Қылжақтама!.. Айжанда нең бар, соны айтшы әуелі?

— Нең бары қалай? Алыс-берісім жоқ. Доспыз.

— Айжанда жұмысың болмасын. Вообще бұдан былай ол үйдің маңынан жүруші болма, білдің бе? Іғымнан жүрме. Аулақ кет, егер жан керек болса, саған.

— Қорқытасың ғой өзің?

— Қорқытам!

— Егер Айжан мені таңдаса ше?

— Таңдатпаймын сені.

— Сенің қолыңда ма ол?

— Саған алаңдамаса, әлдеқашан семья құрып отырған болар едім, сенің кесірің.

— Кінәнді маған артпа!.. Кыз сүйгенін таңдайды — ерік өзінде!

— Сонда, «мені таңдады!» демекшісің, ғой, ә?.. Уамай, шірік неме!.. Мә, саған таңдайды! — Нұрқат қолын шығарып, Нұрланның мұрнына тақады. Нұрлан шыдай алмай қолын қаттырақ қақты.

— Әй, кімнің қолын қағасың?.. Сенің-ақ ызаң етті ғой осы! — Нұрқат дірілдең қамшымен Нұрланды бас-көз демей тартыши-тартып жіберді.

Нұрлан қолымен басын қалқалап, көзін қорғап, әуелі қарсы айбат шеге алмады. Дембелше, төртбақ Нұрқат екілене боқтап қағылездеу, ұзын, сопақ Нұрланды лезде жәуекемдеп алам деген оймен қамшысын тағы да көтере ұмтылғанда, ол иек тұстан боксерлер әдісімен періп жіберді. Нұрқат серең етіп, етпетінен құлап тұсті. Жалма-жан Нұрлан үстіне қона түсіп, тұрғызбай, есекіреп қалған Нұрқаттың екі қолын кейін қайтарып, белбеуін ағытып жіберіп, мықтап байладап, қамшысын қолынан тартып алды да, көйлегін түріп қойып, жұмсақ жерінен дүре соқты.

— Қоясың ба, есерсоқ!.. Бала құнгі жеген таяғың есіңде қалмаған екен? Әлде ет жеп, семірген соң әлім жетеді

деп ойладың ба! — Нұрлан дүре салған сайын дауыстап сөйлеп қояды.

— Болды енді! — деді Нұрқат астында жатып айғайлап.

— Қоясың ба, ендігәрі? Қолыңды көтересің бе маған?

— Түс енді. Жетті!

— Сен бұйырасың ба маған?

— ...

— Жалын!

— Мені кіслікten шығарма, білдің бе? Аяғы насырға шабады,— деді даусы қалтырап, жыламсырап Нұрқат.

— Жарайды, ит те болсаң бөлемсің той. Бір жолга кешірдім. Бірақ, есінде жүрсін: мені қоқанлоқымен ықтатын аlam деп әуре болма!

Колын шешті. Нұрқат күбжеңдеп үстін қағып, Нұрланға тұра қарай алмайды.

— Мә, қамшың!.. Ұстай біл қамшыны, ақымақ! — Нұрлан лақтырып жіберді де, кете барды. Біраз жер барып, артына бұрылды да, сілейіп тұрып қалған Нұрқаттың қасына қайта оралды:

— Жарайды, ел білмей-ақ қойсын! Мә, қолым! — Нұрлан оның қатты түйілген жұдырығын қысып, сұрланған, реңсіз жүзіне аянышпен қарады. Нұрлан бұрын да, мектепте оқып жүргенде де талай айтысқан сыр мінез бөлесі — қияңқы ақылға көнбейтін қыңыр-ды, содан білім алыш, ысылса да әлі арылмаған...

Жол жиегіндегі көде арасында отырған торғайлар машина дөңгелегінің астына аз-ақ түспей, пырылдап ұшып жатты. Есі кетіп жолға түсіп ап тоңқалаңдай қашқан қос аяқта жалт бұрылып, құтылып бақты. Бұрталанда, жолдан шығып үлгере алмай, кесертке де дөңгелекпен езіліп, қала берді...

Нұрланның екі беті шиедей қып-қызыл, өзіне-өзі іштей наразы, өшін газиктен алыш, шаңды бұрқыратып, зырлап барады.

Айдалада екі оқыған азаматтың тіл табыса алмай төбелесуі — қынжылуға тұратын қылық. Бір көңілге бір демеу, әйтеуір, ешкім көрген жоқ.

Естісе — өлім той, өлім!..

ОҢ БІРІНШІ ТАРАУ

Табиғаттың шалдуар, құбылмалы мінезіне, кейде түсінү қыны. Егінді пісіреді де, жинауға ерік бермейді. Құнітұні себелеп құйған ақжауын бір жұма, ерекістірсең бір айға созылып, ақыры қалың жаңбырға айналып, қысқа соғады. Соңғы екі-үш жылғы Арқадағы осы бір ауа райының құбылысы жіңі қайталап жүргенін Нұрлан еске алыш, әлсін-әлсін түп-тұнық көгілдір аспан әлеміне үрейлене қарайды.

Егін орағы басталғалы бүгін, міне, бір жұма. Әлі де он бес қүндей мерзім бар — осы мерзім ішінде егінді орып, астықты қалай да тапсыруы керек. Егер, үлгіре алмаса жауынға іліккені.

Қазір Арқаның жері — көк тұтін, қара дауыл майданың ортасы.

Баянауыл сияқты кіші-гірім қалаларда кәрі-құртаң, ба-ла-шағаға шейін, тайлы-таяғымен қырман басында. Кейбір кеңселерді есігіне қара құлышп салып, жауып та тастаған. Кеше ертесімен шаруасы болышп, аудандық комсомол комитетінің кеңсесіне барса, құлышпташ қойған: «Бізді іздеген адам аудандағы совхоздардан сүзе іздесін!» деп әзілқой біреуі қағаз жазып, есігіне қыстырып кеткен.

Комсомол комитеті түгіл ауандық партия комитетінің өзінен де кісі кездестіру ілу-қағыл. Мәлік құніне бір рет соқса соғар, әйтпесе, оның өзі де совхоздарда, қырман басында түнеп қап жүр.

Дәл керек кезінде техника да, кісі де жетіспей қор қылады. Кеше мек бүгін Павлодар мен Баянауыл ортасындағы асфальтті даңғыл жолдың үсті — сыңсыған машиналар, артқаны — егін оратын жатка, заводтан жаңа шыққан комбайндар. Лек-легімен келіп, совхоз-совхоздарға таралыш жатыр, аудан орталығы — жиын, қара топыр.

Машинамен бірге адамдар да келе бастады ағыл-тегіл. Қазақ университетінің бір факультетін теп-тегіс Баянауыл совхозының бірінші бригадасына әкеп жұмысқа салды.

Еңбек қарқыны құн санап қыза бастады. Жұманың ақырғы құндері жоспардың орындалу проценті шарықтап қызу өлшейтін термометрдегі сынаптай жоғары жылжыды.

Бүкіл әуе толқынында билеп-төстеп алғандай, «миллиард пүт... астық!» деген екі ауыз сөз, бұл арасындағы нажағайға соқтығып шақыр-шұқыр етіп, құлақтан кетпей тұрып алады.

Бүкіл газет беттерін шұп-шұбар қылған осы екі ауыз

сөз халық тілегі сияқты, күн сайын қайталанып, естен шық-пай-ақ қойды. Осы екі ауыз сөз Нұрланның түсіне енді: екі беті қып-қызыл, ақ селеу мұрты бар жуантық, тапал жігіт, кес-кестеп, машинаның доңғалағына да жармасы...

Міне, қазір газикпен бірге Нұрланның ұшқыр қиялы қатар жарысып, оңашада, түсіне кірген қызыл жігіті елестеп, жымиятынды шығарды: «Бишара болғаның ғой, бидай жігітке айналып, етегіне жармасып, кейін қарай тартқылад жатса!» дейді.

Нұрланның бүгінгі беті — екінші бригада. Әнеугі өрт-тен аман қалған «Торайғыр көлінің» түбіндегі жазықта тұ-тас жатқан жалпақ егін бар-ды, бүгін соған бір колонна комбайн оруға жіберген. Бастан-аяқ соның қасында болып, мақсаты — ұқыпты жинату астықты. Биыл егін көлемі азайғанмен шығымы жақсы.

Жолдың екі жағы толған машина: бірі Баянауылдағы элеваторға астық тасыса, енді бірі, астық төгіп қайтып келеді, шұбатылған шынжырдай бірінің артынан бірі тізбектелген, таусылар емес, ұшы-қырыры жоқ дамылсыз бір жүріс.

Жол үсті түнек, тозаңдан дөңгелектің алдындағы не шалшық су, не ұра — жол шұбарлығы көрінбейді. Ғүріл-шу даңғазағып, алқапты жаңғырықтырады.

Нұрлан машинасын жолдан шығарып ап, жалғыз сүрлеумен бүйірлей тартты.

Откен кеште Нұрлан ауруханаға барып, Қайырбектің денсаулығын біліп еді. Тәуір екен, енді бірер жұмада біржола жазылып шықпақ, налиды — дәл осында қауырт кезде, ауру болып, төсекте жатқанына. Тек бір ғана көңілде демеуі бар, ол — Қайыр ағаңың ұлken баласы, орнында қалған сол; бұрын да қолының икемі бар, техника тіліне әуес бала-ды, кім біледі, әке арманын ақтай ала ма? Биыл екінші бригаданың ораққа дайындығы шамалы. Қайырбек емханаға ертерек түсіп қалды, кімнің жаны ашиды дейсің ремонтқа? Осы әңгіменің шет жағасын Қайыр ағаң сездіріп, «өзің бас-көз бол!» дегендей Нұрланға иек қағыста қылған.

Алыс жатқан бригада еді. Оның үстіне бригадирі жас, Қайыр ағаңдай тіс қаққан әккі болса бір сәрі, кім біледі, тындармай жүре ме жүрт оны.

Бүгін комбайн колоннасын Сағидың өзі бастамақ. Нұрлан сағатына қарады — күндізгі екі. Уәде осы екіде. Кешік-

ті Нұрлан. Жалпақ егін даласына комбайн шалғысы түскен кез қазір.

Ағызып газик қырат үстіне шыға келді. Жайқалған астық теңізінде жиырмaga тарта комбайн дәл соғыс кемесіндей, бірінің соңынан бірі тізбектеліп кетіп барады. Қырағы көз Нұрлан желкілдеген қызыл бидайды қырқып бара жатқан комбайн шалғысын шаш алатын ұстараға теңейді. Шалғы кіртілдете тураса, комбайнның жыбырлаған темір саусақтары умаждап бункерге салып, езгілеп, масағын кейін лақтырып, қызыл дәнін түйе мойын шұмекте жинап, машинаға саулата құяды.

Еңкейген күннің қызыл шұғыласына бөленген комбайнның сырты да қып-қызыл өртеніп бара жатқанға ұқсайды.

Нұрлан машинадан түсіп, жаяу қыр басында қарап тұр. Желке жақтағы таудан соққан қызыл жел де құлақ түбінен ызыңдап мазаны алады. Жердегі комбайндар сияқты тізбектеле ұшқан бір топ тырна егінді қайта-қайта айналып, әлден соң көкжиекпен тұтасқан алқаптың ең шетіне қонды. Атар ма еді, шіркін!.. Қап, мылтық неге алып шықпаған? Әй, олақ Нұрлан-ай, осылай ыңғай құр қаласың да жүресің! Жарайды, қазбалама, онан да анау комбайнға қара, Әне, әне!..

Төбесіне қызыл жалау байлаған артқы комбайн, осы бір сэтте, өктемедеп алға шыға берді. Көп ұзамай, жорғалай-жортып алдыңғы сапқа да жетті.

— Саги! — Нұрлан қуанғаннан еліге айғай салды. Қызыл жалау Сагидың комбайннына байланбақ-ты, мынау сол,— бригадир алға озып шыққан.

Нұрлан қастарына барды. Алдында келе жатқан жалаулы комбайншы Нұрланды көріп тоқтады да, бұрылып артындағыларға: «өте беріңдер!» деп үнсіз қол сілтеп әмір берді. Аумаған әкесі — ыргала басқан жүрісі, бет бейнесі де әкесіне тартқан, тек қана сақалы жоқ, өнді жас. Осыдан жиырма бес жыл бұрынғы Қайырбек дерлік.

— Орақ өнімді болсын! — Нұрлан Сагидың қолын қаттырақ сілки қысты.

— Бірге болсын... Әкейді көрдің бе?

— Көрдім, сәлем айтты, «алға шықсын!» — деді.

— Қалай мына орысымыз? — деді Саги шөмелей-шөмелей боп үйіліп жатқан масақты меңзеп.

— Жүйрік екенсің, соны анғардым.

— Қыр үстіне шыға келгеніңді көріп қап, әдейі басып оздым.

— Бәс... Нә қылған жүрдек комбайн десем. Маған көрсеткен қырың екен ғой.— Нұрлан жымып езу тартыл еді, Сағи дауыстап, масаттана құлді. Қалтасынан шылымын алып, Нұрланға ұсынды, ол басын шайқап, алмады.

— Кәне, қашан бітіресің осы жерді? — Нұрлан құлқіден тыныстаған Сағи жауабын сыйнай, дегбірсіздене күткендей.

— Жауын жаумаса, бұл жерді ертең кешке дейін бітіріп, бүрсігүні «Қызыл шілік» маңына көшем... Осылай, дестелемей тікелей шаба береміз бе?

Нұрлан «жауын» дегенде елегізіп, тағы да аспанға қарап, Ақбеттің өркеш-өркеш шыңына ілініп қалған қойдың түбіт жүніндей, алашабыр бұлтқа көз жіберді — аздан соң тау қойнындағы үңгірден шыққандай жаңбырдың қара бұлты сыздықтай көтеріліп, тау шыңына сәлдедей оралатыны мәлім.

— Піскен бидайды дестелеп орсаң, несі қалады?

— Директор тікелей ормасаң басынды алам деді. Оны қайтем?

— О кісі жалпы нұсқауды айтады да. Егін шала піссе, не, әлі жетілуіне бір жұмадай уақыт керек болса, сондаға на дестелеп орган мақұл.

— Кім білсін, келіп тағы ауыр салмағын сап, тәмен тұқыртып жүрмесе.

— Жас болсаң да мойның жуан ғой, көтерерсің оның салмағын.— Бірінің сөзіне бірі мәз, екеуі түсініскең адамдай үнсіз бас изесіп айрылысты.

Нұрлан артына бұрылды да, айғай салды:

— Сағи!.. Ертең бітірсөң, бәйге берем! Бәйге! — Сағи қолымен құлағын қалқалап:

— Не?.. Не дейсің? — Ол ести алмады, Нұрлан қайталаамады, сөзі үystап шашқан топырақтай жан-жаққа тарады да кетті.

Сағи да Нұрланның құрбысы. Бұл да, сол өзі оқыған Баянауылдың онжылдық мектебін бес-алты жыл кейін бітірген көрінеді. Жақында бір әңгімелескенінде: «Нұреке, ску қайда қашар дейсің! Әке-шешейге көмектесіп, тұрмыс түзеп алмасақ, балалар көп, үй іші жүдеу» деген-ді. Әкениң таяғын ұстап, ауылда белді азамат болатын, келешекте, осы Сағи. Биылғы орақта сәті түссе, әкесін іздетпес...

Нұрлан қырман басына оралды. Қырман басы — құмырсқаның илеуіндей қыбырлаған жан, толған машина, бірі келіп — бірі кетіп, гүрілдеп, сөз айтып, түсініп болмайды.

Қаптаған жап-жас студенттер — кеуде жағы жалаңаш қүнге құйғен, қап-қара. Қаз-қатар тұра қап бұлшық еттерін бұлтылдатып машинаға бірі бидай артып, әлеваторға жіберіп, қайсы бірі — аулақтау жерде, бидай ұшырып, тазалап жатыр.

Таудай үйіліп жатқан қызыл бидайдың қасына келген Нұрлан бір уыс дәнді алақанына сап, салмақтап, тісіне сал жарып, дәмін алды.

— Агроном, немене, бидай кеппеп пе? — деді жас адамның даусы. Басын көтеріп алса, қоңқаш мұрын, көзілдірікті ұзын тұра студент, ыржия қарайды.

— Жаю керек әлі де... Бүгін қанша колонна кетті екен әлеваторға?

— Кетіп жатыр бүйірганы,— деді қыңырлана көзілдірікті.

— Санамайсың ба?

— Санап, немнің әлегі.

— Қалай-қалай сейлейсің өзің?

— Ұнамаса, тыңдама, агроном! — деді соңғы сөзді даусын кере кекей айтып.

Нұрлан оны басынан аяғына дейін жиіркене шолып, қолды сілтеп «саған кеткен есіл уақыт!»— дегендегі жүре берді.

Сол күні кеш екінші бригаданың қосында жаңағы студентпен Нұрлан тағы кездесті. Березент шатырдың алдында отты маздата жағып бір топ қыз бен балаң жігіттер шуылдасып, әзіл мен күлкіні де маздата жағып, думандатып отыр екен.

— Орта толсын! — Нұрлан ойнақы да ашық дауыспен көңілді амандасты. Аузындағы күлкісін жартылай жұтып, тына қалған топ, жалт қарады.

— Кемдігі сенімен толсын, агроном! — деді манағы көзілдірік.

— Біздің қожамыз де!.. Оттырыңыз! — Жастау сопақ бет аққұбаша балаң жігіт сырғып орын берді.

— Бас агроном дегенде сақалы белуарына түскен шал ма десем,— деді сықылықтай бір қыз.

— Фашық бол қалма! — деді біреуі көрші қызының құлағына сыйырладап. Нұрлан естісе де, естімеген болып, орталарына отырды. Құрғақ қурай тал, шыбық қарагайдың бұтақтары сыйыр-сыйыр етіп, лаулап жанып, алқа қотан

отырған қыз берін жігіттердің беттеріне алтыннан жарапғандай нұрлы да сүйкімді сәуле түсірген.

От — есті адам сияқты, біресе қызыл тілін жақын отырған қызға көрсетіп, мазақтаса, енді бірде алтын қолын ілгері созып, біреуінің аяғын сипағысы келгендей. Немесе садақ ұстаған баладай сырт-сырт етіп, шық атып, әрқайсысын бір селк еткізді. Кей студент шыдай алмай ұшып тұрып, үстін қағып шошыған кейіп білдіреді. Отқа қарай берсең, лаулап жанған қызыл жалын ішінен әлдекім тіріліп, айғай сала ма деп дәметесің-де. Мың бұралып, мың құбылып жалын өршіп барып, бәсекси бастап, құрғақ отын салғанда тағы қайта лаулайды.

— Агроном, ақын емессің бе, өлең шығаратын адамдай аузың құбірлайді ғой? — деді көзілдірікті, тағы бір құрғақ бұтақты отқа тастан.

— Жұрттың бәрін өзіңдей көресің-ау? — деді қасындағы құлегеш жалпақ бет сары қыз.

— Ақындығы бар ма, еді? — Нұрлан көзілдірікке көз қиығын тастанды.

— Ақын, ақын!.. Оқышы бір өлеңінді! — деп шулап жіберді сары қыздың құрбылары.

— Осы сендер қай факультетте оқисындар? Тіл-әдебиет емес пе еді? — Нұрлан қоғамдық білімнің студенттері екенін кейінірек аңғарған-ды.

— Журналиспіз... Енді бір жылдан кейін қолымызға қалам ұстал, ел қыдырамыз.— Көзілдірік екіленіп, басын шалқайтып, танауын көтере қарап:— Оқын ба, бас... агроном? — деді.

— Оқы! — дедилген қара танауына мыскылдай қарады Нұрлан.

— Тәйір, агроном поэзияны түсінуші ме еді?

— Оқысайшы, сонсоң айтайын түсінем бе, жоқ па! — Нұрлан: «Не қуәкері бар екен осының?» дегендей енді құштар болды.

...Өзімді өзім сүйемін, бұл жалғанда.
Сүйе алмасаң құл бол кет, сен жалдан да!..
Бар дүние менікі. Мен меңгерем,
Сарқытма болсын ие құр қалғандар! —
Өмір менің астында табанымның,
Теңі бар ма, шіркін-ау, талабымның.
Ере алмасаң құнделеме, жалын, сорлы.
Битін ал да сығып же талағымның! —

дегенде, бірлі-жарым қыздар. «Ах!..» деп бетін басып, шашылған бұршақтай, жан-жаққа бытырай қашты, балаң жігіттер шуылдаپ, қол шапалақтады.

— Міне нағыз ақын деп осының айт!

— Гениально!

— Теңдесі жоқ ақын осы болады ертең?

— Мына қыздарды жын шалды ма, ей? — деп көзілдірік серейе түрегелді.

— «Талақ, бит» деген сөзді ерсі көрген де! — Нұрланың өзіне де ерсі. — Басқа сөз табуға болмайды ма ақын?

— Қазақ тілін білмейтін топастар! — деді де Нұрланға: — Бәсе, айттым ғой, агроном, поэзия... Слишком аулақ дүниелер,— тағы да құбылып, қабағын түйіп, ақын-жігіт қалтасынан шылымын шығарды.

— Менмені күшті такаппар ақын ғой, сіз көңіліңізге алмаңыз! — деді жалпақ бет сары қызы Нұрланға сыйырлад.

— Пәле... Маған ұнамаганы ақиқат, жаным! Тым өркөкірек, дандайсыған есер поэзия! — Нұрлан ақынға естірте қасақана айтты.

Ақын біреу бүйірден ине сұғып алғандай селт етіп, бар денесімен Нұрланға шұғыл бұрылды.

— Наннан басқа неге түсінесің, агроном? — Езуін керіп мысқылдай шүйірліді.

— Нан дейсің бе?.. Пәле!.. Ата-бабамыз нанды құраннан да жоғары бағалаған. Сенің өзің нанды кекетіп атайдың ғой? Көрер ем, нан жемесен, инеліктей бұралып, поэзияны да ұмытар едің, сорлым!.. Нұрлан сиша қызбай, етек-жеңін кеңірек үстай сөйледі.

Өзара құңқілін тоқтатып, студенттер құлақтарын тіге қалды.

— Жалғыз нан керек ємес, достым. Адам көрегі — жақсы поэзия, музыка... Біз соған ашпыз. Баяғы, байырғы заманың өзінде де қазақ халқы батырлар жырын шығарған...

— Мұның бәрі мың рет айтылған жаттама сөздер. Лекция. Пресфессорлардың бірінен-бірінің көшіріп алатын қисындары. Мына, мен саған нан тауып берем. Ертелі-кеш күнім машинада, далада өтеді. Менің өз миымнан туған қиял әлемім, ой дүнием бар. Сонымен сен, ақын, санаса-сың ба?

— Жаңағы менң өлеңім, сол санасқаннан туған өршіл, құдіретті ойдың түйіні еместігіне көзің жете ме?

— Талғамым да, тілегім де тап сенің ссы поэзияңды, пәле, құптамайды. Бұл поэзиядан сенің өз тұлғаңды көрін қана отырмын. Менменшіл, өзінен басқаны жақтырмайтын, тыраш, өмірді және білмейтін, бірақ білем дейтін көкірек басым, есерлеу жас жігіттің тұлғасы. Ал, маған қандай адамның тұлғасы көрек?

— Ие. Бәсе, қандай? — деді арт жақтан біреу сөз қосып.

— Тсс, — деп екінші біреу зекіп тастады.

— Өмірге де, еңбекке де, білімге де — қомағай, ашқарақ, ширақ, ісі мен ойы тең түсетін жас жігіттің тұлғасы.— Нұрланның жүзінде де от сәүле шашып, қызара бөртіп, қызу сөйлеген адамға ұқсайды.

— Талғамыңа болайын. Бұл, досым, серость, сен әлі ауылдағы тұрпайы өмірдің ықпалынан шыға алмаған көрінесің. Сен — жер қожасы. Сен — ел ұлысың. Сенің талғамың соған қарай икемделу, заңды да. Соған мен айттайын ба, кім ұнайды: ссқаны, тракторды жырлаған ақындар!

— Пәле!..

От сөнді. Қып-қызыл шсқтың қызуы шыдатпай кейісі әрірек сырғып, от басынан қаша бастады. Біртіндеп сөнін бара жатқан шоқ табынан көзін алмай, Нұрлан ойын жалгады.

— Сенің поэзияң — лезде сенің, лезде қызуынан айырлатын осы шоққа ұқсайды. Бізге, маған — қызуы таусылмайтын, ылғи қыздырып тұратын электр отындаі мәңгі поэзия керек, шырақ... Жаңа айттым есій, менң арманым — еңбекке де, білімге де құштар, қомағай ұл, керек десең, сен айтқан соқаны да, трактерды да жаратады. Себеп: трактордың гүрілінде өмір бар, күрес бар! Күрес — ол бақыт, табылмайтын бақыт, шырақ! «Өмір мениң астында табанымның» деген шалқыма, көпірме сөзben менің жанымды қыздыра алмайсың... Талантты деп сені тағы күнде мейін. Кімге дәрі — талағыңың бір сығудан қалмайтын ұсақ биті?

Студенттер қол шапалақтап, ду күлді. Қыздар шықылықтап, бірін-бірі тұрткілеп, ақыннан ала алмай жүрген өші бардай мазақ қылды. Ақын көзілдірігін жұлыш ап, серейе түрегеліп, сратаға шықты да бәтінкесінің табанымен шоқты басып:

— Өртпін отпен ойнаған! Байқа, құлқын тамақ!.. Жорғалап, күн көретіндер, қанат бітіп ұша алмайды!..— Соңғы

сөзді ақын жыр құсатып, әндегіп айтты. Студенттер тағы шуылдан, қошаметтеді.

— Браво!

— Ақын сөз таппай ма!

— Данышпан-ау, итің?

— Ақынным, сенің дөлебеңді қоздырып, шоқ бастырып жүрген мына достарыңың арзан бағасы. Алданып қалма!.. Сен әлі данышпан емессің, ең қинаса аспандағы қыранды еліктең күйкентай ғанаңың.

— Енді айтысты дөғарыңдар. Шынында бізде көзге мақтайдын сыншылар аз емес,— деді жалпақ бет сары қызы билік айтып. Бұл қыздың құрбылары арасында беделі биік болар ма, бәрі қосылып, кеү-кеуlep ақынға сөз бермеді.

— Ой, ағай-ай,— деді тағы бір қызы.— Бізде бүгін бір сын айтып, мақтап, ертең екінші сын айтып боктайдын ардан жұда сыншылар аз емес, кейде, тіптен, өзіміздің студенттер түгіл, газет бетінен де кездесетін үйреншікті сұйықтық қой бұл...

— Құдайға шүкір, ондай агрономдар арасында әлі жсөк.

— Тамақ әкелді! Тұрыңдар! — деген дауыс қоңыр ала көлеңкеде мұлгіп тұрған кешкі ауаны жаңғырықтырыды.

— Ақынным, қош, егін жинап алған соң бір тұнді тағы да поэзияға бөлерміз,— деп Нұрлан оның қолын қысты.

Ақын бір қолын жоғары көтеріп, соңынан сәлем жолдап, тамақ әкелген көшпелі «кухняға» қарны ашқан болу керек, о да жылдамырақ аяңдады.

* * *

«Карақұдық» басына жеткенше Нұрлан ойы не Саги-дың маңында өрістеп, не ақын жігіттің сөзіне үңіліп, іркіліп қалтарыста қалып қойғаны болса, соны өзінің алдына тартып, алпарысып барды. Болашақ кездесуді — пікірін жинақтап, орамды ғып айтса... Бұл жолы ақын-жігіт кенеттен тиісті, көп жайда ұтылып қалды ма, кім біледі.

Өмірдің тезінен күшті де ауыр бұл жалғанда не бар дейсің? Жолшыбай шұбалған машиналар, қара жолда төгілген бидай, әлгі бір әзірдегі мұнар басқан буалдыр қиялдан түк қалдырмады, поэзияға мас болған Нұрланды сілкілен, аяғынан тік тұрғызып, есін жинатты. «Бір дәнді — бір мысқал алтын екенін біле ме екен, есерсоқ шофер?»— деді күбірлей, өзіне-өзі. Ұстап алса айдалаға астық шашып ба-ра жатқанда!

Бір қырдан аса бере, алыстап кетіп бара жатқан машинаның оты көзге ілінді. Іңдердегі қою қара көлеңкені атқан оқтай зымырай тескен қызыл ноқат жеткізер емес. Нұрлан педальді қаттырақ басып, қуып берді. Дәуде болса бидайды төгіп-шашип, рәсуга ғып бара жатқан осы шофер.

Жақындаған береге: «Тоқта! тоқта!» деп сигнал берді. Шофер сған елең де қылған жоқ, ұра демей, тас демей ағызып бара жатқан машина, бір шұңқырға ышқына соғылғанда, маржан бидай жан-жаққа судай шашырады.

Нұрлан басын изеп, алдына шықты да кесе көлденең деп, жол бермей тұрып алды. Машина тап қасына кеп, бір елі тимей, оқыс тоқтады.

Машинадан атып шыққан шофер жұдырығын түйіп, айғайлап тұра жүгірді.

— Өлгің келді ме, сорлы?

Нұрлан да машинадан түсіп, еңгезердей бұжыр қараның бетіне үнсіз үңілді.

— Не істеп келе жатқаныңды сезесің бе өзің? — деді сабырлы пішінде. Нұрланның салмақты кейпі оған да әсер етті ме, алғашқы қарқыннан айрылып, босаңсып:

— Не істеппін? — деді.

— Бүкіл қара жолға шашып бидайды, әлеваторға неңді апарасың?

— Кімсің сен, мені тексеретін? — деді ол едіреїп.

— Совхоздың бас агрономымын. Сен қайдан келдің?

— Мен көктен түстім! — Шофер бұрылып жүре берді.

— Тоқта, жігітім, сен қыңырланба! Мына қалпыңмен бүкіл халық еңбегін ысырап қыласың, істемей-ақ қой.

— Мұрныңның суын сұртіп ал, маған ақыл үйреткенше! Не істейсің маған? Жұмыстан қумақсың ба?.. Көрерміз кімді кім қуғанын! — деп ол шаптыға сөйлем машинаға отырды да, кейін шегініп, бұрып алып жүріп кетті. Нұрлан машина номерін жазып алды. Осы күнге шейін бір адам — сен жассың, ақыл үйретпе деп кемсінген емес-ті.

Жиырма бестегі жігіт — жастық қыла ма? Осындаілармен астықты жинап ал?! Қайдан келді екен өзі?

«Қарақұдық» басында да түн аспанын қақ жарған мотор гүрілі, ен даладағы жалпақ егінге түскен тракторлар оты түнді күндізге айналдыраған, айнала құмістей жап-жарық. Белуардан келетін, басы жұдырықтай ақ бидайды дестелеп орып, сұлатып жатыр.

Апырай, мұнысы несі? Нұрлан өз көзіне сенерін де, сенбесін де білмейді. Тікелей комбайномен ору керек дегені қайда?

Шеткі трактористі тоқтатып алғып, сұрап еді: «Бригадирдің әмірі» деді де, тоқтамай әрі қарай ора берді. Бригадирді қос алдынан тауып алды, ол: «Ертесімен директор келіп, бұйрық беріп кеткен-ді. Қайсыңды тыңдайын...» деп қынжыла жауап қайырды. Шыны сол. Не кінә тағасың буларға?

Сол ашулы бетімен қалаға келді. Шарбақтың алдына әкеп машинасын қойды да аулаға кіріп, сыртқа орнатқан қол жуғышқа жуынып, салқындаң тұр еді, баласының келгенін естіп, тықыршып жата алмаған әкесі шықты үйден.

Әшейінде сөзге де үйірлігі жоқ шал. buquerque күндері, кемпірі қайтыс болғаннан бері жұмған аузын ашпайды, әдайілеп біреу кеп тіл қатпаса, өзі іздеп әңгіме де тыңдамайды, бұралқы сөзді керек те қылмайды, ертелі-кеш ермек ететіні — уық қашайды. Баласына шаңырақ қөтергісі кеп, соған асығады. Осыған мән беріп, бар жігерін жұмсаса, Нұрлан еңбек сүйгіш қарияның уақыт өткізуі, ермегі деп түсінеді.

Міне әкесі мен баласы есік алдында үнсіз отыр — бірін-бірі тілсіз ұғады. Қазірде баласы іштей: «Әке киіз үйдің шаңырағын қашан қөтересің?» десе, әкесі де оған: «Билік сенде, айт, балам, қашан қөтергің келеді, сол күні мен де дайынмын!» дейді. Бұл ақиқат. Нұрлан талай сұрағанда, солай жауап қайырған. Нанбасаң, Нұрлан, сұрап көрші!..

«Ойбай-ау, әкетай-ау, үйленуге менің мұршам бар ма? Көрмейсің бе, сіңбіруге қолым тимейді».

«Көріп жүрмін. Сондықтан да тынышыңды алғым келмейді, әйтпесе, оңай дейсің бе, қартайғанда немере сүймеу!»

Осылай іштей қақтығысып алған кезде, шал дауысталап:

— Егінің қалай, балам? — деді.

— Егіннің шығымы жаман емес, уақытында жинап ала алсақ. Биыл жауын қалай болар екен, жылдағыдай киіп кетіп...

— Жақында жауын басталады,— деді аздап көріп-келі бар шал.

— Арқаңыз құрысталап отыр ма, әке? — Нұрлан күлді.

— Білеміз ғой.— Шал келте қайырды, қалай білетінін айтқан жоқ.

— Мүмкін мені қорқытып отырған шығарсыз?

— Сені қорқытқанда маған не түсер дейсің. Қапыда қалма!

Бұл тұні Нұрлан дөңбекшіп, қайта-қайта оянып, күнде-гідей түяқ серіпестен қатты ұйықтай алмады. Ояна келсе — әкесі болжаған нөсері көз алдына тұра қалады. Ертеңінде осы әкесімен екеуінің арасындағы соз директордың кабинетінде аяқталды.

— Тимофеи Федорович, бірінші бригадаға дестелеп оруға бұйрық беріп пе едіңіз?

— Ия. Берген.

— Қалай бердіңіз. Теп-тегіс піскен егін... Ертең жаңбыр жауса, шіріп кетпей ме?

— Якуповтың бұйрығын бұзуға басым екеу емес, осында келем дейді. Энеугіден қатал тиер бұл жолы.

— Якуповтікі — нұсқау. Дәлдеп Қарақұдыққа арнамаған болар...

Ковалъчук қабағын түйді.

— Тікелей ор, дестелеп ор, әйтеуір жинап алсақ болмай ма?

— Дестелеп ору — екі жұмыс. Пісіп тұрған егінді тікелей шабу — үкіметке астықты жоғалтпай беру деген сез.

— Піспегені болса, жерде жатып пісе түсер, қайтесін, дауласып,— деді Ковалъчук баяу үнмен келісімге шақырып.

— Ертең жаңбыр болса, шіріп кетпей ме?

— Болмайды жаңбыр.

— Болады.

— Оны қайдан білдің?.. Ауа райының ақбарына қарағанда белгісіз ғой әлі.

— Табиғат тілін — кейде көп жасаған қариялар жақсы біледі. Солардың сөзіне құлақ асқан жөн. Олардың өзінің есебі бар.

— Бәлгерге сенеміз бе сонда?

— Пәле... Мен дестелеп оруды тоқтатам, Тимофеи Федорович, дау-жанжалын көтеріп алдым,— Нұрлан жанында жатқан кепкесін умаждай қолына алып, тұруға ыңғайланды. Ковалъчук қап-қара боп, тұнеріп, салмақты денесін қозғағанда астындағы орындығы сықырлап, сыннып кете жаздады.

— Жоқ, оған рұқсат берे алмаймын. Егер де тыңдамасаң, бұйрық беріп орныңнан алам.

— Тағы айтысқа кеткеніміз ғой?— Нұрлан Ковалъчук-тің оң жағындағы телефонға ұмтылды.

— Даите Асанова! — дегенде, Ковальчук телефонды қолымен баса қойды.

— Асанов керек болса, кабинетіне барып сөйлес!

— Айтқаныңыздан қайтпайсыз ғой?

— Жоқ!

Нұрлан Асановты іздеп еді, кабинетінен таба алмады. Қатышысы: «Аудан аралап кеткен. Содан оралған жоқ!» деді.

Нұрлан атқару комитетінің председателі Ербол Бегимовке кірді. Бір жағынан ел ағасы, қала берсе, бір жердің адамы болғандықтан сөзіме құлақ қояр, үйыр, түсінер деп, үміт етіп кіріп еді. Ербол денесіне қарай мінезі де кесек боп, салғаннан шықшытын шайнай сөйлемпет бетін қайтарып тастанды.

— Осы сен-ақ дау-дамайсыз жүрмейді екенсің. Дестелеп ор деген нұсқау бары рас. Саған обязательно қарсы шығу керек пе? Қисық істесе, алдымен директор жауап береді!

Нұрлан Ерболдың жалпақ ақсары жүзіне тесіреіле «түсінбей отырмын» дегендей қарады.

— Пәле Мәселе жауап беруде ме еken!.. Не деп отырсыз, Ереке?.. Үкіметке бидайды көбірек тапсыру керек болса, соның қамы емес пе, ойбай-ау!

Ербол мырс етті.

— Қызыл сөзге салынба, балаңан!.. Жалғыз сен дейсің бе қам жеп жүрген... Сол тікелей орам деген бидайың теп-тегіс біркелкі піспеген де болар-ау... Мә қолым — соның ішінен көгі табылатынына? — Оң жақ танауындағы түймедей меңін жұлқылап, шегір көзін қадап отыр Нұрланга.

— Бірлі-жарым табылуы да мүмкін.

— Енді не шатасып отырғаның?

— Бірлі-жарым, ол — элеваторда да піседі. Сөз бол па?.. Жауын болса, қайтеміз. Екі ортада далада шірімей ме?

— Кім ол қаусетті таратып жүрген, жауын болады деп? Міне, Өлкелік ауа райы станциясының ақбары!

— Ой-бай-ау, бүкіл өлкे көлеміне шамалап айтылған ақпар емес пе! Ақмола мен Баянауыл арасы 600 километр. Бұ жақта жауын болса, о жақта құрғақ болуы ықтимал.

— Білмеймін, өздерің шешіңдер! — деді де: «Сенімен жұмыс бітті» дегендей, тұқырайып алдында жатқан қағазға үңілді.

Нұрлан кетпеді, сіресіп отырып алды. Ербол қағазын анда-санда бір аударыстырады да, көз қызығын Нұрланға тастап, «әлі мұндағой, мына соққан!» деп тыржың етіп, басын түкірайта түседі.

Мынау бір қадалған жерінен қан алатын кене ғой. Неге кетпейді бұл? Мелшиуін қарашы, «сөз бетті!» десең де мізбакпайды. Әкесі де бір кездे жұрттың бетін тырнаған пәле деуши еді ақсақалдар...

— Эй, сен неге кетпей отырсың? — Ербол шыдай алмады.

Мәселемді шеше алмадым, не деп кетем?

— Бузотер! — Ербол орысшылап, көзін алартып, столының жәшігінен бір папканы суырып ап, оның алдына лақтырып таstadtы.— Мә, оқы!

Папканың ішінен типографияда басылған егінді бөлек-теп орудың нұсқауы шықты. Нұрлан асықпай ұзақ оқыды. Біреулер келіп, кетіп те жатты, телефон да шылдырап, Ербол сөйлесіп жатты бірақ құлақ қойған жоқ, беріле, зерде сала оқыды. Әбден болған соң басын көтеріп, Ерболға күлімсіреп қарады: «Сен жеңілдің!» дегендей сыңай білдіре ме, қалай өзі?

— Я, оқыдың ба?

— Оқыдым.

— Не тоқыдың?

— Бізге тікелей оруға болады екен.

— Оны қай тұсынан тауып оқыдың?

— Міне! — Ол, нұсқауға төніп, бір-екі жолды дауыстап оқыды:— «Егін жаппай піскен жерде тікелей ору керек, қалайды...

— Сол-сол, «қалайдасын» оқышы?

— Қалай да жауын-шашынға іліктірмеу керек...

— Жауын-шашын жоқ, шүкірлік! Неге асығасың?

Нұрлан орнынан тұрды.

— Мені әдейі түсінбейсіз ғой деймін.

Ербол қиналдып, жүдеп Нұрланға жаны ашып, басын шайқады: не, бұл айтқанын іstemей қоймайтын, іске берілген фанатик, не есуас. Екінің бірі. Ербол ағынан жарылды.

— Отыр, Нұрлаш!.. Сен ішіңен: «Ербол ағам кертартпа, консерватор!» деп ағаш атқа мінгізіп тұрған боларсың. Бірақ, қателесесің бұл жолы, інішегім. Сенен бірнеше көйлек бұрын тоздырыдық, өмірдің ашы-тұшы дәмін таттық. Орыстар айтқандай «что к чему» құдайға шүкір білеміз. Ал осы өз нысанаңдан ғана қарап, «менше» болса екен дейсің. Сен

тар ойлама, биік те кең тұрғыдан қара. Якуповтың нұсқауы бар: дестелеп қана орылсын деген. Қазір сондай мода шықкан жоқ па!.. Оның тілін алмай гөр. Біздің ауданға бұрыннан тісін қайрап жүрген адам, ертең жетіп кеп, тексерсе, күлімізді көкке ұшырмай ма? Директор ол бүйрықты білеңді. Оған мен айтқам, сондықтан ол міз бақпайды. Сен жаңа өсіп келе жатқан жассың, ертең орныңнан алып, қуып жіберсе, бір бөлімшеге барып, наныңды тауып жейсің...

— Сіз ше? — деді Нұрлан ежіреіп.

Ербол Нұрланның түрін көріп, іштей қатты өкінді.

«Түү, манадан осыған сөзді қор қылып... Мынау, сөзге иімейтін есуас қой».

— Мен нан тауып жей алмаймын. Енді түсіндің бе?

— Түсінбедім: неге нан тауып жей алмайсыз...

— Сендей дипломым жоқ қалтамда.

— Құрып кеткенде қой бағу қолыңыздан келед...

Ербол шықшытын шайнап, жұдышығын түйе бастады. Мынау өзі қелемеждең отырғаниның қай жағы? Ит терісін басына қантап қуып шықса өзін.

— Маған қой бақтырғың келді ме?

Нұрлан сасып, ұялыңқырап қалды.

— Жоқ-жоқ. Гапу етіңіз. Ереке, ол — сіз ойлағандай, астар беріп айтпап едім. Егер Якупов сізге қызмет бермей қойса, күн көріс табылар деген аңқаудың сөзі фой...

Ербол ойланып қалды, аңқаулықпен айтуы да мүмкін...

— Жарайды, бос сөзді қояйық. Менің Асановқа баратын жұмыссым бар, жігітім. Осымен әңгіме тоқталсын. Ерекіспей, директормен тіл табысып істей берсейші.

Нұрлан тағы бірдеме деп ақтала беріп еді, Ербол басып тастанады. Нұрлан басын изеп, қоштасып шығып кетті. Ербол інішегінің бұл келісіне риза болған жоқ. «Халқым», «елім» деп тумай жатып, қайраткер боп кеуде қағатын өр көкіректердің бірі ме? Әлде энеугі Якуповтың тегеуріне шыдамай қайтсем егінді көбірек берем деп жүрген дәлдір неме ме?

Дегенмен пісіп тұрған бидайды неге тікелей ормайды? Жаңа Ербол қыр көрсетіп, тізгін алып кете ме деп әдей қоштамады інішегін. Оның сөзінің жаны бар, шынында ойланған жөн болар-ау осы...

Көшеге шығып сағатына қараса, бір боп қалған екен. Мәлік ауданға оралса да, тұскі асқа үйіне келген болар деген үмітпен, соның пәтеріне қарай аяңдады.

Ерекеңнің сыңайына қарағанда Нұрланды ол жақтырмайды білем. Әнеугі комиссиядан кейін, әсіресе бұл кісі күрт өзгерді. Кез келген жерде, бұрын: «Хал қалай, бала?» деуши еді, енді сұлық бас изеп, сыйданып өте шығады. Ауыл арасындағы қауесет: «Ерекең мен Нұрқат — рулас, бір атадан» дейтін, тегі, сол қанға тартпаса қары сынсын, Нұрқатқа қарсы келдің деп ызалы да. Жаңа да көпке шеін түс бермей, артынан жібіп, ақтарылғаны әлгі қызметтен шығып, қсій баға алам ба дейді. Пәле!..

Мәлік үйінің алдында қаңтарылған құла жорғадай қасқиған құла «Волганы» көрген соң-ақ көңлі орнықты. Мәліктің аудан орталығына оралғанына жарты-ақ сағат болған-ды, жуынып, киімін ауыстырып, жаңа ғана Раушан екеуі тاماқ ішешін деп отырып жатқан. Есікті тықылдатып кіріп келген Нұрланды екеуі де қуана қарсы алды. Кішіпейіл, сырпайы Мәлік ауыз үйден орындық әкеп көптен көрмеген сырлас адамдай, жай-жапсарын қадала сұрады.

Қуана қарсы алған Раушан, әлдене жақпай қалып қабағын көріп, қырындаپ, сұстана берді. Оның құбылмалы мінезіне үйренген Нұрлан мән бермей, келген ісін баяндағы. Совхоз директорымен екеуінің арасындағы даудың неге апарып соғатыны белгілі — ертең жауын басталса, бидай жерде шіриді. Сөзге араласпай, шай үстінде тұрып кетіп, магнитофонды жүргізіп, қоңыр дауыспен солғын нәзік музыканы елти тыңдап, соған еліктеп, әндептіп, өз бетімен отырған Раушан Ковалъчуктің аты аталғанда-ақ әңгімеге араласты. Ашық жақтады.

Тіл жеткізе алмайтын сырды адам жүзінен ұғуға болмай ма кейде. Нұрлан дәл қазір Мәліктің жүзінен бір жаңып, бір сенген әлектр шамындаі, талай сұрақтың ізін тауып, Раушанмен айтысрудан, қаншама бас тартса да ықтиярға қсімады.

— ...Пәле... Сонда Ковалъчук теріс бастаса да, көне бер дейсің бе?

— Ковалъчукті қол жаулық қыла алмайсың. Бір емес, екі емес — арыз айтып жүгіре бересің. Директордың аты — директор, сның бүйрекін сен де, мен де орындауға міндеттіміз.— Раушан біреу сөзін киіп кете ме дегендегі тығыла, асыға айтты. Нұрлан үнсіз төмен қарал, кәрден шыны аяқтың сыртындағы сары ала жапырақ гүлге көзін тіккенімен мидың арғы түбіндегі талас-тартыс басқа-ды.

Раушан бүгін тым қызыр да тентек. Қандай шыбын

шағып, беймаза қылды екен? Бірақ, «арыз айтып жүгіре бересің» деген сөзі Нұрланның өңменінен өткендей.

— Мен коммунистің! Егер аудандық партия комитетіне кеп мұңымды шақсам, ақылдассам, оның ерсілігі не?

— Қашаннан бері комунист бола қалдың? — деді Раушан кекетіп, дауыс ырғағын өзгертип.

— Тұғаннан бері! — Нұрлан Раушан сөзінің астарына түсінді, «кеше ғана партияға өтіп, бүгін ауыз толтыруың үят емес пе?» — дегені бұл.

— Менімше, сен Раушан, Ковалъчукті кейде жоғары бағалайсың. Сондыктан да қорғаштайтын боларсың, түсінем. Дегенмен, тап қазір Нұрлан сөзінің жаны бар — ертең жаңбыр жауса, өзі азғантай егіннен біржола айрылмайсың ба? — деді Мәлік жұмсақ та қоңыр барқыт дауысымен Раушанның асас мінезін сылап-сипай.

Раушан қабағын шытып, шолжындалпап:

— Нұрланды сіз де жақтайсыз ғой, — деді де, екеуіне де тұра қарап: — Егерде Ковалъчуктің басына күн туса, мен ара түсем. Осы естерінде болсын!

Мәлік иырын қысып, таңырқап Раушанның кішірек жұқа танауының әдемі дірілінен көз алмайды.

— Күн тумасын басына, қайтеміз жамандық тілеп. — Мәліктің осы сөзін Нұрлан да қостады.

— Күн туса, алдымен мен өзім ара түсем. — Әңгіме осымен біttі... Ас ішісімен Мәлік Нұрланды машинасына отырғызып ап, аупарткомге алып барды.

...Бір түйір дән далада қалмасын деген сөздің зор мағынасы бар. Баянауыл сияқты таулы-тастақты жерде егін шықса, оның қақ жартысын ысырап қып, не машина жолшыбай жолға шашса, не жауын шірітіп жинай алмай қар астында қалса, күненің күнәсі емес пе? Бұл бидайдың шығуына қанша адам құш жұмсады, мандаі терін сорғалатып, табанды тоздырып, алақанды құс қып, машинаның улы газын жұтып салған егіні, жер анатың қан тамырын идіріп, бойындағы нәрінен көрек алып, өсіп шыққан бидайы жиналмай қалса, ұрыспақ түгіл, обкомның қуып жіберуі орынды да әділ.

Мәлік пен Нұрлан сөзінің байламы осы болды да секретарь агрономға: «Егерде, егін біркелкі піссе, дестелеп орудың қажеті шамалы, тоқтат!» — деп келісім берді.

— Ал, егер, ертең Ковалъчук Ислам ағайға арыз айтса ше?..

— ...Арыз айтады деп, бидайдан айрылуға бола ма? —

деді сөзін аяқтап Мәлік.— Сен мамансың, өзің шеш!.. Бұкіл аудан жерінің тұтқасын қолына ұстаган Сорокин бар, егер, ол сені қостаса, акты салындар!

Мәліктің ақылына еріп, Нұрлан аудандық агрономды іздеді.

Модест Петрович Сорокиннің жасы алпысқа кеп қалсада, күш-қуатын жоймаған, өмірде ұстаган бағыт-жолынан қайтпаған әділ де тұрақты адам екеніне Нұрланның көзі талай жеткен-ди.

Жақында әйел қайтыс болып, қайғылы жүрсе де, басқаның тағдырын бір минут есінен шығармайды. Нұрлан емханада жатқанда қайта-қайта келіп, көңлін сұрап, сыртынан қамқорлық жасап жүретін кең пейіл жан. Ол Нұрланға көптен мәлім.

Қорлық, бейнетті көп көрген адамның жүрегі беріш-беріш боп қатып, түк сөзбей ме деп топшыласа Нұрлан, бұл кісінікі жұмсақ, аяғыш. Сорокин біреудің әділсіздігін, қиянатын көріп тұрып, араспай, өз жайына кеткен емес-ті. Ерні дірілдеп, көзіне жасы мөлтілдеп, ара түсіп, тілдей бастайды.

Әне бір күндері Қайырбек хал үстінде жатқанда Модест Петрович Нұрланның палатасына келіп, мұңайып: «Аяулы адам еді, өліп кетсе, өкініш-ақ!» деп тоқтады да ақталып, лагерьден келген жылды осы совхозда, екінші бөлімшеде агроном-ды, сонда дәмдес-сырлас болғанын, талай жақсылық істегенін әңгіме қылышп, сол арада кез болған Ербол Бегимовке: «Қайырбектің ерлігі атаусыз қалмасын, орден берілуі талап етілсін» деп ойын білдірген; Ерекең де белгілі тартбақы мінезіне сап: «көрелік!» деген де көңліне шамалып, айқасқа түскені әлі есінде.

Трубкасын сорғылап, сақалын шоштитып, бір топ адамның ортасында тұрған Сорокинді кеңсенің алдынан тапты. Басында киіз ақ қалпақ, үстінде жүқта қара плащ, аяғында етік, нағыз күні-түні далада кезетін мамандардың киімі, женіл де орайлы.

Нұрланды көріп қап, назар аударып, тонтан сыйылыштып шығып, сөзді өзі бастады.

— Жақсы келдің, сені іздемек те едім,— деді де, тарқамай иіріліп тұрғандардың кейбіріне «ертең кел!», енді біреулеріне «пәленге, түгенге бар!» деп босатып жіберіп, Нұрланды қолтықтап апарып үюлі жатқан ағаштың үстіне отырды.

— Бегимовтен шыққан бетім... Сен өткен түні шоферді ұрып па едің?

Нұрлан мырс етіп күлді де, кенет тына қалды. Кешегі қаһарын тігіп кеткен шофер есіне түсті.

— Ұргам жоқ, ұрысқам.

Нұрлан оқиғаның қалай болғанын бастан-аяқ баяндаады.

— Ендеше, Бегимовтың осыдан ұлken шу көтермек ойы бар. Мен: «Байқаңыз, жала болар, біз билетін Нұрлан соудыр емес, қыз міnez сыпайы гой... дегенімде «шөп басы желсіз қымылдар ма, бірдемесі бар да!» деп бой бермеді...

— Пәле... Сонда, анау ұрды деп жазып па?

— Сөйткен де...

— Сөз бе екен осы да. Оның күесі жоқ, етіне түскен таңбасы жоқ. Дәлелдеу қыын, Модест Петрович. Менің келгенім бұл жайында емес-ті. Егін! Егінді қалай шығынсыз жинап алу — менің табынар тәнірім осы.

Ковальчук екеуінің арасындағы тартысты, соған орай Ерекенде, Мәлікте болғанын, Нұрлан түгелдей жеткізді.

— Жүріңіз менімен Модест Петрович. Қорейік. Егерде бидай пісіп тұрса дестелеп оруды тоқтатыңыз. Сіз — аудан көлеміндегі жер тәнірісіз.

— Егер піспесе ше?

— Онда маған сөгіс беріңіз, орнынан алыңыз,— қылаша мойным — талша!

Екеуі сол күні Қарақұдық басындағы егінді аралады. Қаз-қатар тізілген комбайндар желкілдеп пісіп тұрған ақбидайды шетінен қирата турап сұлатып тастаған. Жалжал боп үйіліп жатқан дестелер арасында қаузынан шығып, маржандай шашылып қалған есіл бидай!

Нұрлан десте арасында көз жасындай мөлдіреп жатқан бидай дәнін көргендеге жылап жібере жаздады.

— Міне, көрдіңіз бе? — Сорокиннің қарынан қаттырақ ұстап, бір қолымен дестені нұсқады. Бұл бұл ма, ертең жауын болса, шіруіне күмән бар ма!

Сорокин үндеғен жоқ, бірақ оның тұксиген қабағынан, жыбырлаған танауынан іштегі бір толқынның құбылысын сезді Нұрлан.

Бригадирді шақырып алды.

— Тоқтат оруды! — деді Модест Петрович қатал үнде.

— Неге? — деді таңырқаған бригадир.

— Тікелей оруға көш!

— Директордың әмірін алмай, тоқтата алмаймын. Кеше тапсырып кеткен ешкімді тыңдама деп...

Нұрлан Сорокинге қарады.

— Естідіңіз ғой?

— Жүр, бөлімшеден телефон соғайық.

Машинаға мініп, Қарақұдықтағы бөлімше бастығының кеңесіне барды екеуі. Бұрынғы колхоз орталығы болған үлкен ағаш үйдің алды жұмыс уақыты болса да, толған адам: бірі — ақша алып, енді бірі — ертеңгі жұмысына наряд күткен совхоз жұмысшылары, бірін-бірі іліп-қағып әзілдесіп, әзілі таусылса, ерегіспі, жаңбырдай жауған қызыл сөз, дабыр.

Сорокин мен Нұрлан кісілер арасынан сыйылыш өтіп, ұзынша дәліздің түбіндегі есікті ашып бөлімше бастығының кабинетіне кірді.

Бастық жоқ екен, үй жинап жүрген әйел бұл екеуіне адырая қарады — «бұлдірдіңдер ғой, жаңа ғана сыйырып қойған еденді!» дегендей бетінде кіжініс бар.

— Гапу ет, щеше, біз совхоз орталығына звондал ала-йық! — Нұрлан иіліп, кешірім сұрады.

Сорокин телефон құлағын жұлып ап, Ковальчукті шақырды.

— Мен Сорокинмін!.. Қарақұдықтан сөйлем тұрмын. Дестелеп оруды... (Ар жағынан сөз салтауын түсінген Ковальчук сөйлетпей саңқылдан алдын орап, сайрап жатты. Нұрланға да естіліп тұр. Облыстың нұсқауы бар, басым екеу емес, бұза алмаймын!.. Жалғыз Қарақұдықтағы бригада емес басқа да бригадалар да тікелей орып, былықтырып жатса керек. Модест Петрович, сен білгіш баланың ісін бақылауға алмасаң, бірге жауап бересің ертең.— Тимофей Федорович! — деді тарғыл дауыспен Сорокин.— Болдың ба?.. Болсаң, піскен егінді дестелеп орудың қажеті шамалы. Тез бүйрық бер де, тоқтат! Эйтпесе, акты салам!.. (Ковальчук тағы ұзақ сөйлем кетіп еді, Сорокин сөзін бөлді). Көнбейсің бе?.. Актыны бүгін аупарткомге түсірем!.. Ренжіме маған.

Сорокин мен Нұрлан акты жасап, қол қойды да Мәліктің қолына табыс етті. Бұл — сол күні кешінде болған-ды, ертеңінде, таң алдында Ақбеттің шыңына сұр түбіт шәлідей оралған жаңбыр бұлт себелеп, түске дейін жауды. Сембі де, оның болжауымен тырбаңдаш шама-шарқынша әрекет жасаған Нұрлан да, тілін таңдайына тоқылдатып басын шайқады. Әттеген-ай!.. Бірнеше күнгі шабылған егін бастырылмай судың астында қалды...

...Нұрлан асығып-үсігіп, бір кесе шайды ішер-ішпес, аудандық партия комитетінің бірінші секретарына келсе, Мәліктің алдындағы екі адамға көзі тұсті: Сорокин трубкасын құмартса сорғылап терезеден көзін алмай түрегеп тұр да, Ковалчуктің өңі қашқан, бозарған, салы суға кетіп жабырқап ол отыр. Не боп қалғанын сұрамай-ақ түсінді — өткен түнгі жауын этеш құсап қоразданып жүрген директорды суға малып алып сүмірейтіп тастаған сықылды.

* * *

Қазір Айжан мен Раушанның арасы қайта жақындасты: бір-біріне сыйлас құрбыдай телефон соғып, ауыл-аймақтың арасындағы өсек-әңгімені талқылап, кеші боста киноға барғыштай, қайтарда Раушанның үйіне кеп, шай ішіп, жаттар алдында музыка ойнатып, билеп бағыдай көңіл көтереді.

Раушанның құбылмалы мінезіне үйренген Айжан өзі иіліп, баурына тарта бастады. Әуелгі кезде, бұрынғы дагдымен тыжырынып, менсінбегенін ашық сездірген Раушан аздан соң құрбысының жылды сезіне, жағымды дауысына бойсұнып, емханаға келіп емделетін де болды.

«Бөле тауып, тыр жалаңаш тырбаңдатып, алақаныңа салып, иіскелеп, мұсіркесең, шіркін...» деген Айжан әзілінен кейін, аналық сезімі оянды ма, бір ғажабы, күрт өзгерді. Емге де ықласты болып, Айжан маңынан иесін таныған күшіктей, шықпай қойды.

Бұгін де Раушан кеңседе отырып, Айжанға телефон соқты:

— Ажашка, мен бұгін кімді көрдің деші? Нұрланды!.. Біздің үйге кеп, менімен төбелесіп кетті... Ужасно!.. Түсінбеймін мен соған! — деп онсыз да Айжаның жүргегі Нұрланға десе өзгеше соғатының біледі, сенбейді бәрібір, сөйтіссе де сотқар ғып көрсеткісі келеді? Мейлі, Айжан білетін Нұрлан — биязы, сыпайы, әділ, турашыл, батыл... Өлде көңлін қалдыру үшін Раушан әдейі мінез білдіре ме... Нұрланның Раушаннан біржола көңлі қалып, алыстай бастағаны Айжанға мәлім. Бірақ Айжаның өз үміті жақындаудың орнына қараңғыда жылтыраған оттай, алыстай бере ме, қалай. Орыстар айтқандай: «Күшпен ұнай аласың ба?» Ондай көңлі жоқ болса, әнеуқұні машинасына мінгізіп ап неге айдалаға алып қашты? Айтам деп талай оқталды ғой...

Батылы жетпегені ме? Жұрт: «Алғыр да бетті жігіт!» дейді ғой? Айжан түсінбейді.

Жаңа ғана обход жасап келіп, қолына «аурулардың тарихын ала берген кезде, сестра есіктен басын сұғып «Сізді телефонға шақырады» деді.

Нұрқат екен:

— Айжан, «Үндеместі» көрдің бе? — деді даусы қалтырап.

— Жігітім, итіңе күзетші ғып тағайындал па ең? Неге сұрайсың менен?

— Есебі, көзіңе түскен жоқ па дегенім ғой... Ағыттылып қашты ма, жоқ, біреу ұрлады ма? — қынжыла айтады, үні — қайтерін білмей, дағдарған адамдай. Сүйтті де, тағы да дауыс ырғағы өзгеріп:— Сен үйінді жауып кетіп пе ең, ашық жатыр ғой?

— Оны қайдан көріп тұрсың?

— Терезеден асылып, көріп тұрмын. Тез жеткейсің, тегі, біреу сенің үйіңе түскен сыйқылды.

Шын айтып тұр ма, әлде тағы бір құрған қақпаны ма? Айжан түсінбейді, халатын шешті де, үйіне барды.

Шынында, үйінің есігі — ашық, құлпы салынбаған. «Бірдемесі жоғалып кетсе, пәлеге қалармын» дегендей, Нұрқатта баспалдақта: әрі кетерілмей, есік аузында тосып тұр екен, Айжанды көріп жымылып, «саламат па!» — деп қолын ұсына, қарсы жүгірді.

— Сенің есігінді көргенде зәрем тас төбеме шықты. Үндемес болса ашқыза ма, алып соқпай ма! — Енді көтеріліп үйге кіре бергенде, аржағынан арс етіп, Үндемес өре түрептелді. Қаннен-қаперсіз бейқам келе жатқан Айжан дір етіп, кейін шегініп, өкшелес кірген Нұрқаттың құшағына құлады. Ол сыйқылықтан күліп:

— Үндемес, ақымақ, кімге үретініңді білмейсің-ау! Алжығасың ба? — деп Айжанды қаттырақ құшақтап, жібермейді. Айжан бұлқынып оның темір құрсаудай құшағынан босанам ба деп талпынып көріп еді, әлі жетпеді. Нұрқат сирек те жалпақ тістерін ақсита ыржиып:

— Енді босатпаймын! — деді.

— Босатасың.

— Өзің ғой, құлаған.

— Құштар бол өліп тұрғаным, соншама!

— Зато мен құштармын... Қазір не істесем де, есебі, еркімдесің.

— Кім берген саған ол ерікті? Шаңырағыңа қара!

— Қарасам... — Нұрқат қыз қолын денесіне қапсыра қысып, босатпай ернімен ернін іздеді. Айжан басын бұлталақтатып, басын шалқайта берді. Жігіттің бойы қыздан сәл тапалдау еді, мойны жетпей, оның алқымына сүлікше қадалды.

Осы кезде манадан бері көзін алмай, бақылап тұрған Үндемес әлдебір жаман ниетті сезді ме, жоқ, жігіт мінезінің ерсі екендігіне ұялды ма, жалма-жан иесінің арқа тұсынан артылып, алдыңғы екі аяғын оның екі иығына салып: «қоя бер, ақымаш!» дегендей желкесін жалады. Жып-жылы сілекейлі иттің тілі мойнына тиген соң тітіркеніп, селк етіп, ойнақшып шыға келген де, жігіт Үндеместің салмағымен бір-екі қадам ілгері аттады да, орындыққа соқтып құлап түсті.

Енді қыз құлқіден аузын жыя алмады.

— Жігіт-сымак...

Құлап жатса да сыр алдырмайтын Нұрқат арсыздыққа салып, тағы да қызға ұмтылып, алыскан болып құшақтай бастады. Ерсі көрген Үндемес екеш Үндемес те ырылдап иесінің балағынан жұлқылап, кейін тартты.

— Кет, Үндемес,— деп ақырып еді, ит бұрынғыдан бетер ырылдап, күжірейе түскең соң, қорықты ма, Нұрекең қызды құшағынан босатты да, итінің қарғысынан ұстап, сүйрелеп, тысқа шығарып жіберді де, іле қайта оралды.

— Үндемес қалай кірген бұл үйге? — деді Нұрқат қарқылдан ашулы қыздың ыңғайын көрген соң сөз алмастырып.

— Оны сізден сұрайық, қу жігітім.— Айжан комод үстінде ұмыт қалдырып кеткен есігінің кілтін көрді де қолындағы сумкасын білдірмей үстіне тастай берді. (Жігіт кінәлі болмай шықты-ау?)— Кәне айтыңыз, бұл нешінші дұзақ... менің аяғыма құрылған? Мұндай сөз түгіл бетіне ұрып жатса ыңқ етпейтін Нұрқат елеген де жоқ, масаттана құліп:

— Нашар аңшы болғаным да тегі, осы құнгे дейін дұзағыма қызыл тұлқіні түсіре алмасам! — деді.

— Нашар екеніңізді жаңа біліп пе едіңіз?

— Қайдам, құрғыр бойына сеніп құр қалған түйе болдық па...

— Қоятын уақыт жеткен жоқ па? Тұлқі болса бір сәрі, сартышқан аулап та көрмегенсіз!

— Қызыл тұлқі қан сонарда әлдекімнің қанжығасына байланар екен, есебі? — Кімді ишаралап тұрғанын Айжан да сезді.

— Эдемі бір аңшы бар: сымбатты да ақылды, шешен де батыл... Соның атуын күтіп жүрсе керек.

— Білем, ол мергенді, сұлу Айжан... Беймерген ол! Ата алмайды. Кеше шоферді ұрып, ісі сотқа түскен!

Басқа біреуді айтып тұр ма дегендай Айжан үңіле қарады оның жүзіне.

— Ондай қылықты сізден күтүге болмас па еді?

— Түсінікті — жаның аштын болар, есебі. Дегенмен, сабыр ет, еркесі.— Мырс-мырс күліп, ұркек маралдай секип тұрған қызды ала көзімен бір атып, есікке бара бергенде соңынан Айжан айғай салды.

— Пожалуйста, Үндеместі мықтап байлаңыз. Беймаза қылмаңыз!

— Қарындаст-ау, үйді жақсылап құлыпташ жүрер болар, үй иесі өзі кеткенде.

— Құлыпты ашып беріп, үйге кіргізетін қулар да табылатын сияқты, есебі! — деді кекетіп, Нұрқаттың жиі қолданатын сезін бетіне басып.

— Комод үстінде жатқан үйдің қілтін сумкамен жаппас болар. Жігітте де көз бар,— деп күлімсіреп шығып жүре берді Нұрқат. Қыз ұсталғанын енді білді. Сасқаннан отыра кетті...

Тұсқі тәмағын жеп, ауқаттанып, ауруханаға бармак болп, тысқа, шықса, Нұрқат әлі аулада жүр,— аяғында қонышы тар хром етік, кереге көз сұр галифе, үстінде ақ жибек қөйлек, басында қамыстан тоқылған шляпа, қолында сарала қамшы, Үндеместі үйретіп жүр. Айжан біраз қарап тұрды да сықылдап күліп, айғай салды.

— Мистер Твистер!

Ыза болудың орнына Нұрқат Үндеместі жетектеп, ыржалаңдап қасына келді. Осы Нұрқаттың нерві — сіріден жасалған тарамыс па, әйтеуір, бір жанына тие алмай қойды.

— Қой бағудың орнына ит бағасың ба деймін осы!

— Қойды қойшы бағады. Ауруларды да бағатын дәрігер емес қой, Айжашка, санитаркалар. Бізде де қойшы бар, дәрігер бар. Әлде мені коллега қылғың келмей ме?.. Кей сұрқияның сезіне еріп, мені мақтауға аузың бармайды... Көрермін біраз күнде — кім прав болғанын! — деді Нұрқат Айжан соңынан әлдекімді қорқытып.

Айжан өзінің ентелеп, асығыс келе жатқанын сезбейтін де сияқты. Іші күйік, машинаның от алған аккумуляторы тәрізді, қыздырып, аяқты жеделдете бастыратындей. Қалайда бүгін Нұрланды көргені мақұл.

Шоферді үрды деген пәлені қайdan тауып алғанын!

Айжан Нұрланның үйіне келсе, аулада шашылған жонқа, үюлі ағаш, балапандарын ертіп сумаң қаққан тауықтар... бүкшеңдеп жүрген жұдырықтай шымыр қара шал.

Шалды емдегендіктен бе, әлде ұнатқан ба, әйтеуір Айжанды көрсе құлімсіреп, жадырап, қалбақтап жік-жапар болады да қалады. Қазір де жаны қалмай, бетіне жіті қарайды.

— Қарағым, сағың сынық, әлденеге ренжігеннің қай жағысың?

— Жәй әшейін, ата, көшеге шығып демалып жүр едім, сіздің үйдің қасынан өтіп бара жатқан соң амандық біле-йін деп кіргенім гой.

— Рақмет, балам. Алда жарылғасын. Нұрлан жоқ үйде. Әлгі бір әзірде егіс басына кеткен. Жаңбыр жауып, естепін алып жатқан жоқ па? Өзі де арып бітті — күні-түні дамыл жоқ, құданың әмірі. Жүрттың беріне солай беймаза екенін, әлде, біздің балаға елден ала бөтен келген бір дерт пе?

Айжан сыйыла құліп:

— Дерт емес қой, ата! Қазір ең ауыр уақыт — астықты осы кезде орып, жинап алмаса, жауын-шашын басталды, оның арты қарға айналуы мүмкін... — деді де, сөзді басқа арнаға аударып жіберді.— Үйіңіз бітті ме, ата?

— Бірер жұмалық іс қалды.

— Ол үйді қайтесіз, ата? Сатасыз ба?

— Жоқ, балам, сатып неме жетпей барады. Өмірбақи жүрт үшін еңбек еттім, енді қартайғанда өзіме деп, балама арнап істеген үйім еді... Артымда қалатын. Ертең сендер көл жиегіне тігіп, бір күн демалсаңдар да еңбегімнің ақталғаны емес пе?

«Сендер» деген сөзді шал әдейі қосып отыр. Оны да Айжан сөзеді. Айжанды сырттай иемденіп жүретіні мәлім.

— Киізді қайдан аласыз?.. Шаңқан боз киіз, оюлыши, әшекейлі белбаулар керек, сәні бар ма онсыз киіз үйдің?

— Эй, қарағым-ай, әуелі үйдің сүйегі жасалсын де, қалғанын табуга болады біртіндеп... Қарлығаш та тұмсығымен тасқылап өзіне ұя соғады, со құрлы жоқпыз ба? — Кешкі ала көлеңкеде шалдың шүңіректеу, аясы кең өткір көзі про-жектордың сәулесіндей жарқырап Айжанға қадалып тұрып алды.

Айжан қымсынып, шалмен қоштасып кетпек боп ыңғай-ланып еді, шал жібермеді.

Оңаша қолыма бір түссе деп көптен арман ететін шал.
Кез келді енді. Қимылда. Не айтпақ едің.

— Қарағым Айжан, Сембінің жұдырықтай мұсініне
қарап, менсінбей жүрме! — Шал орағытып алыстан бастаны.

...Бұл Сембі өмірде не көрмеді? Үйші ісмердің қасында
еріп жүретін, ананы әкел, мынаны әкел қол баласы-ды.
Өсе келе, өзі де қолына шапашот ұстап уық иді, кереге көк-
теді, шаңырақ жонды. Бала болып асық атып, алты бақан
теуіп, бір күн емін-еркін ойнағаны жоқ.

Бойының тапалдығы да қорлықты көрсетті-ау!.. Көк
ауыз жігіттердің ортасына түссе-ақ болды — тәлекек ететін:
«Кішкентай ғана тостаған, өзімді көтеріп тастаған. Кел, кү-
ресейік!» деп, алып кеп соғатын. Төбелесуге дәрмен жоқ, іш
зығырдай қайнайды. Қөзіңе жасың мөлтілден кете барасың
жөніңе. Сонда, әкеңнің қасынан бетер тыныш та жайлыш
орын таппайсың да томпаңдал, қасында серік боласың.

Енді ісмер атанып, өз алдына отау тіккенде он алтын-
шы жыл келіп, байлар өз балаларының орнына мазақ ет-
кендей Сембіні жіберді соғысқа. Оқоп қазды. Қүрекке әлі
келмей, тاماқ тасыды.

Бірақ, құдай бар ғой, бұл дүниенің кегін о дүниеге жі-
бермейді, балам. Совет үкіметі орнаған соң баяғы өзін ма-
зақ ететін бай балаларынан өшін алмасын ба кеп...

Белсенді болды. Шешініп сөйлеп, шешен екенін өзі де
сонда білді. Бет қаратпады. Улы тіл, сұсты Сембі, кейде,
менікі дұрыс деп жиналыстарда жалғыз да қалып жүрді...

Сүйткен орақ тілді, жez көмей Сембінің бір кездे мық-
тап аузы қүйді де. Оның тарихын Нұрлан біледі, бір ай-
тар өзі Айжанға. Тек Сембі содан бері белсенділікті тас-
тады.

Айжан сабырлы, ақылды бала көрінеді де тұрады. Бая-
ғы заман болса, ләм демей құда түсер де еді. Қазір, бала-
лардың өздері шешеді.

Айтар ақылы: Нұрлан да әкесіне тартқан жеңіл ме деп
қалады кейде. Ер жігітті өкіндіретін де, абыройын кетіре-
тін де — жеңілтектік.

Айжан іспеттес жақсы жолдас кездесіп, етегінен тар-
тып отырмаса, ұшып кетуі де мүмкін ғой.

— ...Қарағым, әзілің жарасса, атаңмен ойна деген, әзіл-
деймін. Кім өз баласын жек көреді. Әке балаға сын. Мұқи-
ят бол дегенім.— Сембі бір қызарып, бір бозарып, тол-
ки тыңдаған Айжанға сын көзімен қарап қояды.

Ия, қызы не десін? Жігіт өзі шешіліп, бет ашпаған соң...

Сол балада тағы бір сыр бар секілді. Анау бір кезде: «Қарағым, немере сүйдірмейсің бе жұрт қатарлы?» дегенде «Кішкене денсаулықты күшеттіп алайын, аға!» деп күлгенді. Сол сөзіне, сол сәтінде Сембі мән бермеген еді, қазір есіне түсіп отыр — сыңайына қарағанда сырқат бар ма, қалай...

Осы ойын шал Айжанның да алдына тартты. Айжан да шал сөзіне таң қалған кейіп білдірді. Бір ай бойы емханада жатқанда сырқаты барын сездірмеді ғой. Айжан ойланып-ойланып, Нұрланның рентгентке түсуден бас тартқанын есіне алды...

Әлде, Айжанға батыл сөз айта алмауына сол себеп пе екен?

О Н ЕКІНШІ ТАРАУ

Орақ бітер-бітпес аспан әлемін тұтасып алған қарасүр бұлт күні-түні шүмектеп құя берді, құя берді. «Аспан жарықтықтың түбі тесіліп кеткен бе?» дейтін осындайдағы әженің сөзін бүгін де егін басындағы совхоз директоры мен агроном да таңырқап айтты.

Толас таппай жауған жаңбыр, үшінші күн дегенде көк жиектегі бұлттың етегі түрліп аз саябырлап, кешке қарай қайтадан үдеді. Астықты жинап әлеваторға тапсыру қыынға айналды. Келген студенттерді түгелімен қырман басында бидай кептіруге салды. Су болса да комбайндармен тікелей орып, қырман басындағы қолдан орнатқан тақтай, кенеп қалқандардың астына текті. Аздап дегдісімен машинаға артып, бетін брезентпен жауып, әлеваторға тасыды да, сонда кептірілді. Қиімдерінен күні-түні дірдектеп су ақса да қабақ шытқан бір дихан жоқ, ертелі-кеш құмырсқадай қыбырлап, не комбайн, не қырман басында болды. Бидайдың бір дәнін алушың өзі күшке түсті.

Был егін жауын болса да нашар, ала-құла шықты, кейбір өсімтал тұқымды ақ бидай шашылған жерде белуардан келді де, енді бір жерде басы ғана қалтиып, сол қалпында сеніп қатып қалды. Жер ананың сүті жетіспей, рахиг болған бөбектей тырбиып өсті... Сүйтсе де, Нұрлан есептеп келіп, уақытында жинап алса был үкіметке недәуір астық тапсыратынына көзі жеткендей.

Нұрлан да, Ковальчук те бұл күндері машинадан түспеді. Баянауыл совхозы аудан көлемінде астық жинауда был алда. Нұрлан қамқорлығына алған екінші бригада астығын

алдымен орын бітірді. Ендігі қалған — «Қарақұдық» басы. Біресе директордың әмірімен дестелеп орын, біресе тікелей оруға көшіп, кешенсіп қап, жауынға ілінді. Әйтсе де енді бір екі-үш күнде оның өзін орын та, жинап та мұлде бітіретіндей.

Жоғары жақтан күн сайын телефон соғып ақбар сұрап Мәліктің екі аяғын бір етікке тығады. Мәлік Ковалъчукті, қала берді Нұрланды қысады. Күнде бюро. Күнде айғайшы.

Нұрлан күні-түні «Қарақұдық» басында, бидайдың эр дәнін санаپ, астықты аяқтай берген шамада, облыстық өндірістік басқармасы Якупов Ислам қасында — Мәлік бастаған бір топ кісі бөлімше қеңсесіне сау ете түсті.

Үстінде су өтпейтін қара плащ, төртбақ, шымыр Якупов, ентелей басып, екпінде кірді. Тез қимыл, шұғыл жүрістің адамы екенін Нұрлан алғашқы келгенде-ақ сезеген. Қазір де орындыққа отырмай, стол артында сұстанып тұрып қалтасынан шылым шығарды. Соңынан ергендерде үн жоқ, әр қимылын аңдып, бүйрық күтіп тұрғандай. Тек жалғыз ғана Мәлік Нұрланның қасына келіп, қол беріп, бәсеке де қсңыр үймен амандық білісті.

— Мынау агроном осында ма еді әлі? — деді Якупов көзін Нұрланға қадап сұстанып. Қөктемдегі сапарында: «орынан ал» деп кеткен-ді, сол бүйрығы есіне түсіп: «Осы күнге шейін неге қумай жүрсіңдер?» дегені бұл Якуповтың.

Бастық болған адамның сұқтана, ішкі дүниенде қопарақтара қарайтыны-ай осы. Кім рұқсат етеді екен адамға зат құсатып қарауга?

— Жақсы істеп жүр... — деді Мәлік Якуповтың сөз астарын түсініп.

Қалың қара қасын қатпарлап, екі көзінің арасына жинап, кең танауын дедитіп, тағы да қалды Ислам.

— Астық бермей әлгі қарсы бол жүрген осы де? Сен, немене, мендуана жегеннен саумысың? — деді Якупов.

— Барын бердік. Бункерде қазған азырақ астықты кептіріп, әлеваторға тасып жатырыз.

— Біз жаңа есептедік, ішінде мына директорың бар. Сен әлі беретін астықтың жартысын да бермегенсі... — Якупов есептей кеп тағы да төнді: — Қайда жібердің бидайды, үрлатып алдың ба?

Нұрлан жымын басын шайқады.

— Сіз қате есептеп тұрсыз. Бункерде жатқан астықтан — кептіргенде азаятын дымқыл салмағы, желге ұшы-

рып тазалағанда кететін қоқым-соқымды алып тастақызы!.. Сөйтіп — мен есептеймін,— Нұрлан стол үстінде жатқан шотты жұлып ап қаға бастады.

— Есепте, көрейік! Маленин — Буренинді қалай ұқсан екенсің, — деп Якупов кабинетте шылымды бүркүлдата тартып, жуан да қысқа аяғын шірене, нық басады. Шылым түтіні реактив самолетінің соңынан сыйзықтай созылған, аспанды ақжол із сияқты. Якупов бұрылғанда скін лебімен қошқар мүйізденіп, тарқатыла оралады.

— Желге қақтырмай, тазаламай, кептірмей әлеваторға тапсырсақ ертең не дейміз?.. Қоймаға құйған тұқымды тапсыру дұрыс деп табасыз ба?

— Тұқым кімдікі?

— Халықтікі.

— Пах-пах! — деп тілін таңдайына тақылдатып Якупов басын шайқады.— Білгішін мұның. Сонда бізді халық-қа қарсы қойының келе ме сенің?

— Министрлер Советінің қауалысы бар, мен соған сүйенем.

— Онда не депті? — деді Якупов кекетіп.

— Қоймаға қойылған тұқымнан бір мысқал астық алуға ешкімнің хақысы жоқ деген.

— Жақсы... — деді Якупов көзін шүйіре қадай.— Мемлекетке тапсыратын астығың толмай жатқан жоқ па? Оны қайтесің?

Біраз тапсырдық, сол жететін болар.— Нұрлан да тайсалмай, арбасып бақты.

Тері бетіне ешкім қарсы келмей, ыңғайына қарай жығыла салатындардан еті үйренген Якупов, Нұрланның таласқанына көне алмай, «сен кім едің?» дегендей таңырқап, ажырая қарады оған. Манадан бері екеуінің қақтығысын бақылап тұрған топ, демін ішіне алып бұлар да тына қалды. Кеңсенің іші тым-тырыс. Тек жауыннан қашып үйге кіріп, терезе шынысына соқтығып ызылдаған сонаның бей-маза ызыңған естіледі.

Якупов өзінің ыңғайсыз жағдайды тұрғанын сезінді ме, жоқ, Нұрланның тұра сезі ірі көңілін судай басты ма, даусын жұмсартып.— Агроном! — деді. Сен өзің кімсің білесің бе?.. Сен де — үкіметтің адамысың? Сені сқытты, ақша шығарды... Ақтауың керек емес пе?

— Сол үкімет адамы болғандықтан, жауапкершілікті сезініп, әдейі шындықты айтып тұрмын.

— Молодец!.. Сен осы бағытынан тайма! — Якупов

жадырап, жұртқа солай ма дегендей иек қаға қарап, сөзін аяқтады:

— Ертең бюро... Аудандық партия комитетінің бюро-сына астық тапсыру жоспарын түгелдей орындап келгейсің — есеп бересің! — деді де, Якупов алға қарай жұлқына ұмтылып, бойына біткен шапшаңдықпен шыға жәнелді. Иріліп тұрған топ та соңынан топырлай ерді.

Нұрлан сескеніп жалғыз тұрып қап еді, Мәлік бұрылып: «Мұның не, сенің қонағың емес пе?» дегендей, иек қаққаннан соң, есік алдына бірге шығарып салды.

Якупов Нұрлан жаққа қайтып көз тастамады, қасында жүргендердің біреуі машинасының есігін ашып, дайындал тұр екен, нығымдала отырып алды да, қолды бір-ақ сілтеді. («Тарт!» деген әмірі ме, жоқ, есік алдында тұрғандарға жасаған қоштасу белгісі ме, өзі біледі!)

Бір қара, бір көк, бір құла «Волгалар» бірінің соңынан бірі шұбырды, поселкенің ұзын көшесін қақ жара — тізбектелген бір топ машинаның соңынан, құстай үшқан Нұрланың көңлі ғана, көзі көше бойындағы үйдің терезе-шатырына тоқталмай сырғанай береді.

Әне бір жылдары, осыдан, ұмытпаса, үш жыл бұрын, институттың ақыры курсінде жүргенде Нұрлан практикаға Жамбыл сблысына барған. Комбайнға мініп, астық жи-нап жүргенде, сол облыстың секретары, қасында ерткен тобы да жоқ, колхоз председателі ғана, қос басына келді.

— Мен білмейтін бұл бала кім? — деді ол қасындағы председательге.

— Бұл оқушы, практикант, бес-ақ минут жетпей тұрған агроном,— деді председатель, саудыр-салақ аққөңіл кісі.

— Молодец — деді манағы Якупов құсан, о да мақтап, сүйтті де бригадирге бұрылып:— Ал, гектарына қанша центнер бересің?

— Сәті түссе оннан деп тұрмыз,— деді ол шалғын мұртын саусағының сыртымен сыйпап.

— Эй, кем атап тұрған жоқсың ба? — деді председательдің арқасынан қағып.— Нысана он екі дегенің қайды?

— Мүмкін он екісі де бол қалар,— деді бригадир сасқалақтап.

— Мен айтайын ба? — деді Нұрлан шәкірттер құсан, қол көтеріп.

— Айт-айт, шырағым! — деді секретарь сұлуша келген қараторы еркек.

— Мен айтсам, бұл жерден он екі түгіл онның өзін ала алмаймыз!

— Тек, балам, не айтып тұрсың өзің? Есек миын жегесің бе, ей? — деді председатель шошының, ауыздан қағып.

Жер құнары, бидай тұқымының сапасы қандай — Нұрлан ойын ортага салды.

— Есек миын жеген председатель өзіңсің бе деймін,— деді секретарь. Бала сөзінің жаны бар... Сендер күштерінді есептемей уәде бересіңдер де, күн бұрын шулатып, дүрліктіріп, ақыры орындаі алмай, мені де, өздерінді де қыспаққа саласыңдар. Даурықпай, жасырмай әрқашан да ақиқатына көшкен пайда береді... Шындықты сүйетін ойлы бала көрінесің, осы бетіңнен тайма! — деген-ді сабырлы кейіппен, салмақтай сөйлеп.

Нұрлан осы секретарьды Якуповпен салыстырып, безбендеп тұр, қайсысының салмағы басым — біреуі шапшаң да жеңілtek, шешімі тез, уақытпен алысқан мазасыз жана, екіншісі, сабырлы да салмақты, ойланана шешетін өмір күшін өз маңынан іздейтін адам...

Бірақ бұл ойы келте үзілді. Ми түбінен кенеттен Якуповтың: «Ертең бюро, астық жоспарын түгелдей орындаپ келгейсің!» деген сөзі эфирде адасып кеп ауа толқынын бұзған жетім ақбардай, ой-сапын оқыс бұзды. Қайтып кеңсеге кірмestей машинасына отырып, сол қалпымен қырман-қырманды аралап тұқым бидайын ешкім ала алмайтындаі қып акты жасады. Кім біледі, директор бір тұнде қазынаға тұқым бидайын тапсырып жіберсе... Сенім аз! Сол тұні жауын-шашын демей жұз елу километрдей жерді аралады.

Кешке таман толастап, аспан әлемін томсан алған қара бұлттың етегі түріліп, бір тамып, екі тамып, қояйын ба, қоймайын ба деп ойланып тұрган сірке жаңбыр Нұрлан аттанғанда мұлдем басылған еді, таң ата қайта үдеді. Жылы жаңбыр жауса бір сәрі, күн сұытып, ызғарлы жауын, қалшылдата, денені мұздата, қар шақыра себеледі.

Бір жұма құйған ақ жауыннан жер беті езіліп, мый бол кетті, орылмаған егін басылып, құлап қалды да, дестеленіп сұлап жатқан бидай салмақтанып, жерге топталғанда беріп, ақыры ауа бармай, қыза бастады. Қырмандағы бидай үстіне жапқан брезент, тақтай қалқаларға қарамастан, дымқыл тартып, салмағымен әлеваторға тасылды. Есіл бидай!..

Осы жауын егінді салып бітіргенде жаусайыш? Эдейі біреу итермелегендей дәл орақ үстінде тиіседі, содан көз

аштырмайды. Жаңбырды меңгеріп, қолға үйрететін аппаратты ғылым қашан табар екен осы?..

Таң ертең шаймен оразасын ашқан Нұрлан ұзақ күнге аузына дәм татпаса керек, ерні қезеріп, шегі шұрқырағанда, қарны ашқанын бір-ақ білді. Тұсқі тамақ кезінде Якупов келді де — ой жүйесін, іс ырғағын тас-талқан қылды. Бригадир құндіз: «Ет астырып қоям, кешікпе, жеңгөң ашулы!» деп бір жағын әзіл ғып, шегелей айтса да, естен шыққан. Ең құрығанда бір стакан сүт ішер ме еді?.. Нұрлан алыстағы үшінші егін қосының басына титықтаи жетті. Бірақ, тұн ішінде кім тамақ дайындал береді оған. Қалған-құтқанды жеп, нәр алып, тұқым құйылған бункердің аузын құлыштап, печаттап, актыға қоймашының қолын қойдырып, қайта ызғытты.

Бұл мезгілде жаңбыр үдең тұсқен.

Астық тасып жатқан машиналар тас жолдың өзін мыйдай ойып жіберген екен. Қас қарада қайтқан Нұрлан айдалада бір шұқырға түсіп кетіп, газигін шығара алмай басқа ұрған танадай тұрды да қалды. Олай-бұлай ырғалтып, оғын кетуге қүші жетпей, ақыры дөңгелектері зырылдауықтай шыр айналып, бір орыннан қозғалмады.

Нұрлан енді өткінші машинаның бірін тосты. Маңда-йындағы жалғыз көзі жарқырап, фар жарығымен жол өнірін тіміскелеп, тұн қараңғылығын тінтіп келе жатқан бір-екі машина тоқтамастан өте шықты, біреуі жолдың қаңортасында тұрған Нұрланды басып кете жаздады, тоқтайтын емес, сітілей келіп қалғанда Нұрлан атып жиекке шықты, бірақ, тас жолға жиналған батпақ аралас суды былш еткізіп, мұның үстіне баттастыра шашыратты. Су-су кейілегінен жабысып, дірілдеп, тұн қойнына сумандай кіріш, ұшы-қиырсыз жоғалған қара жолға тесіле қарап тұра берді. Қара суық өңменінен өтіп, тіс-тісіне тимей сақ-сақ етеді.

Аздан соң жұмсақ жүрек бір шофер кеп, машинасын тартып шығарып берді.

Нұрлан тоңып, азап шегіп, қалжыраған соң, тентектің ақылы түстен кейін түседінің керін киіп, өзінің не істегеніне есеп берді: керек пе еді осынша ма жанталасуы? Тұқым құймай, әуелі астық тапсырса, кімге зиян? Женілtek, ұшқалақ Нұрлан?.. Кеселің өзіңде тисе бір сәрі ғой, Мәлікті ала кетесің бе деп қорқам. Бар да, қазір ақылдас! Айт шындықты. Элі де кеш емес — кісі жіберіп, астық қоймашының аузындағы мөрді жұлышп алу!

Өкініш аралас ыза Нұрланды булықтырып, денесін қалш-қалш еткізді.

Кала шетіне кірісімен машинасын Мәлік тұрган көшеге қарай бұрды.

* * *

Якуповтың тобы совхоздардан кешірек оралды қалаға. Тиышсыз, асығыс адам өзіне де, қасына ергендерге де маза бермей, еш жерге түстендірмей, аштан-аш, қалаға алып келсе, асханалар алдақашан жабылған, баар жері жоқ. Қонақтарды үйді-үйге бөлуге тұра келді — Якупов Мәліктің үйіне еріксіз барды.

Облыстық басшыларға көрсеткен сый-құрметім, деп Мәлік ұқса, Якупов: «Асанов жайында түрлі өсек тарағ еді, көрейінші үй-тұрмысын!» деген жасырын пікірі және болды.

Мәлік күн бұрын дайындық жасап күтінгені жоқ, әрине, сыйлы қонаққа келісті тағам тауып бере алмай үятқа қала ма? Тек бар сенері — Раушан. Жоқтан тамақ істеп, стол үстін толтырып жіберетін ұқыпты келіншек. Табар екі кісілік бірдеме! Таппаса, шоферді жіберіп, складтан алдыраар, несіне абыржиды?..

Якупов та қасындағы Мәліктің осы ойын сезгендей:

— Мана Жессалыда шашлық жеп алған дұрыс еді, түн ішінде әйелінді әуре қылатын болдық-ау?

— Аудандық жерде бірінші көрген әурешілік дейсіз бе? — деді Мәлік бүгінгі сергелденді ишарапал.

Якупов үшқалақ мінезінің арқасында кейбір бейнелі нәзік ойдаңың ырғағын аңғара алмай қалатын жайы бар-ды, бұл жолы да ишарага түсінбей, астарсыз үқтты.

— Келген екілдің бәрі секретарьдың үйінде қонақ болса жан шақ келтіре ме!.. — Шақыра бермейді ғой, кейі өзі келді, мысалы, таныстардың, кейбірін өзің шақырасың. Облысқа барғанда олар да сені қонақ етеді. Алма-кезек!

Якупов басын изеді. Әңгіме әрі жалғанбады, машина Мәлік үйінің алдына кеп тоқтады. Үйдің іші әлі жатпаған. Ашық терезеден би музыкасының қоңыр сазы үзіле шығады.

Жас келіншектің жабыңқы көңлі тек биді ғана ермек ететіндей.

Якупов үйге жүлқына, екпіндей кірді. Раушан мен Айжан да музыкасын тастай беріп, бұларды сыпайы қарсы

алды. Якуповты бұрын көрген бе бұлар, әлде, жобалап білді ме, әйтеуір — «жоғары шығыңыз, пожалуйста!» деп таныс кісідей еркін дабырласып, Мәліктің кабинетіне алыш барды.

Ислам әуелі Мәліктің жұбайымен, одан кейін оның қасындағы құрбысымен танысты. Аққұба, бойшаң қыздан гөрі, киіктің лағындай, сүйкімді келіншек Исламға анағұрлым артық ұнады. Жүріс-тұрысы, қимылы жатық, нәзік үнді келіншек еркіне қоймай, баурап алды.

Ислам қызыға қарап, көңлі қырық құбылды. Көрдің бе секретарьдың құлығын: өзі жас, өзі сүйкімді келіншекке ие бола қалғанын?..

Исламның көз алдына өзінің жұбайы елестейді: жуан да быржық сары әйел, қоңыр көзі сығырайып, мұрны дардивып, еріне жаутаңдай қарай береді. Кіді мінез Исламнан қаймығып, сөзін екі қылмай үй ішінде құрдай жорғалайды. Денесінің кесектігіне қарамастан тез қимылданап, аяғын жеңіл басады. Жұбайына кешірмейтін әйелдік басына симайтын, оның бір өкінішті қылышы бар: түнде қорылдағанда Ислам шырт үйқыдан оянады-ау, шырт үйқыдан... Талай оятып сөкті де, қоймайды, таудай әйел, аздан соң аунап кетіп, шалқасынан жата қалады да қорылға қайта басады, қайтсін көнген бас. Пәлен жыл бірге отасқан момын зайыбы, екі бала көрді, олар да ержетті. Азамат. Маман. Енді қатын тастай ала ма?.. Жоқ, сейтсе де, Ислам осы Асановқа қызғанышпен қарайды... Қисынын тапқанға не дауа?..

Ислам ойына бөгет етпейін дегендей, Мәлік сол күнгі алған жаңа газеттерді алдына таставды да «кешірім» сұрап, шығып кетіп, екі әйелдің үй жабдығына көмектесті.

Ислам шкафтағы қатар-қатар қаланған кітаптардың мұқабасын сыйрта оқып, сұқтана танысты: қандай кітаптар оқиды екен бұл секретарь һәм оның келіншегі? Бальзак — «Тридцатилетняя женщина». Ого! Көрдің бе? Тегі жас келіншек болар Бальзакқа құлақ асатын? Асановтың өзі де әйел жанды қу бол жүрмесін, тегі бетінің шұбарлығына қарамай, «отыздағы» әйелге қарай жармасуын мұның?

Стендаль... Мериме... Тургенев... Толстой... совет жазушысын оқымайтын бір пәле ме өзі?

Ия, роман оқуға Исламның өзінің де қолы тимейді, жиналыстан — жиналыс, ел кезу, егін — тартыс-таласпен өтіп жатқан бір өмір! Өзінің де соңғы оқығаны — онда да Кисловодскіде емделіп жүргенде Кочетовтың «Об-

ком секретары» деген романы еді. Жазушылар облыс басшыларына тиісе бермеуі керек қой, осы...

Тамақ үстінде дәрігер қыз қайта-қайта «алыңыз, ішіңіз! Пожалуйста!» деп тарелкесіне палауды сала берді.

Машина соғып, шаршап келген соң ширау үшін бір рюмка коньяк ішті де, қайтып татпады, дәрігер қыз шұпілдете құйып, іштірем деп осынша әлкенсө де, қайтып аузына алмады.

«Іш-іш!» деген сөздің өзі жүргегіне шық-шық тиді: мас қып, сөзін магнитофонға жазып ап жүрсе... Сондайдың бір жерлерде болғанына өзі де күэ. Сонсоң Асанов:— «Міне, біздің басқарма сиқы!» деп алақанына сап, жүрттың алдына тартар...

Тамақ орталана бере үсті-басынан су сорғалаган Нұрлан кірді. Ауыз үйге есік тырсылына жүгіре шыққан Раушан саңқылдап: «жүр-жүрге!» сап, қояр да қоймай стол басына алып келді.

Бұл кездесу Исламға ұнай қоймады. Кім білсін, қандай мақсат көздел келе қалғанын? Бірақ, бір жағынан секретарьдың кіммен аралас, жолдас-жорасы кім, оны да біліп қойғаны теріс болмас — жолдасың кім айтшы маған, кім екенінді сенің де мен айтайын демеуші ме еді?

— Отыр, отыр, агроном? Түнделетіп қайдан жүрсің? — деді Мәлік.

— Қырман басынан,— дей салды Нұрлан шешілмей, келте қайырып жауабын.

Ислам екеуін кезек бақылап жіті сынады. Аты-жөні белгісіз домалақ арыздың бәрінде: осылардың қарым-қатынасын түрлендіріп жазғанын өзі оқымаса да сез қылып, таңданғаны есінде. Ол уақытта Ислам мен Мәлік арасы жақсы-ды, сондықтан да ол оған жөнді мән бере қоймаған. Пленумда қыза-қыза қапылыста осы өсекті айтып қап, артынан өкінгені және бар.

Стол басында бос сөз, күлкі-әзілге жол берілмеді, сыпайы сөйлеп, «сіз-біз» бен тағамды аяқтады. Агроном ішіп ап, бөсе ме деп те қауіптеніп еді, жоқ, о да бір рюмка ғана жұтып, «рахметін» жаудырып кейін сырғыды.

Агроном Исламға жүмбақ сықылды: бірі — мақтайды, біразы — даттайды. Қайсына сенеді? Исламға салсаң — биыл егіс көлемін азайтуы өз алдына, бұл енді астық бермеймін деп әлек...

Ас артынан Мәліктің кабинетіне барып, Ислам, Мәлік, Нұрлан үшеуі үзак әңгімелесті.

Ислам Нұрланды жақынырақ білгісі келгендей дөңгеле-не айналдырыды. Агроном да іркіліп тартынбай, өз бағасын түсінетін адамдай, салмақты кейіппен ашық жауап қайырып отырды. Не ілгешегі бар қызыр сөзді, не шамға тиер дік сөзді аңғара алмады, тілі — жатық, ойы — ұғымды келіп, өзіне қарай икемдей береді.

Ислам Нұрланның сез саптауын да, ой құрамын да артық бағалады. Білгіш ірі көңіл, лақпа жігіттер аз ба? Өзінен гөрі жүртқа көбірек сын тағатын Исламға Нұрланның кішіпейілділігі, кейде балаша қарап, ұялаша мінез көрсетіп қалатындығы көбірек ұнағандай.

Мәлік әңгімеге араласпай тыңдал қана отырды.

— Жігітім, сен Баянауыл ауданының өсу жолына, келешегіне қалай қарайсың? Мамансың ғой.— Ислам бүйра шашын саусағымен кейін тарап, маңдайын қасқита ашып тастады.

— Аудан келешегін, әрине, мықтап ойламаса, күйзелтіп алып, қайыра түзей алмайтын халге жеткізуіміз мүмкін...— деді де, Нұрлан өзінің ой-арманын қеңінен толғады.

...Баянауылды — біркелкі мал өсіретін ауданға көшірсе... Әсіресе, қой мен жылқы құба жонда, тау қойны, адырда өзіне жаз жем, қыс пана табады. Егінді азайтып, тек қана мал жеміне қажет дақылдар егілсе, онда жер құнарына байланысты, ел ішіндегі мамандармен ақылдасып ексе... Баянауылдың тағы бір байлығы бар: малмен қатар аң өсіріп, яғни, қорыққа, ғылыми тілмен айтқанда заповедникке айналдыrsa... Бұл — іздесе таптырмайтын ел қазынасы, байлығы болмай ма?

Аздал қана қаражат шығарып, тау мен ағашты қоршап тастаса ғана аң өніп-өседі, әйтпегендеге, жол-жөнекей ататын мергендер көп қой... (бұл ойды анада, көл басында Нұрланға Мәлік айтқан-ды. Көрдің бе, жармаса қалуын...)

Шыдамсыз Ислам Нұрлан сезін бітірер-бітірместен, өкшелей тағы бір сұрақ қойды.

Аудан өндірісін қайда қоясың?— Якупов аяғының үстіне аяғын салып, екі қолын айқастырып, қеудесіне қойып, жұмсақ креслоға жайлана отырды.

— Өндіріс саласы — бір бөлек. Баянауылдан табылған Қаныш айтқан, Майкөбенің көмірі, ол — Екібаспен ұштасып жатыр...

Ислам тағы да бір-екі сұрақ берді де, өз тұсынан не

дұрыс — не бұрыс деп, ләм-мим демей, кенет атып тұрды. Мейманханаға барып, демалуы керек, ертең — бюро.

Мәліктің машинасы есігінің алдында тосып тұрған еді — мейманханаға апарып тастады. Төртеуі қалып, жеңіл-желіп ән тыңдал, бұлар да айрылды. Ақылласам деп келген Нұрлан, денесі қызып, басы ауырып, бір жағы Якуповтың да әсері бар, айтақ сөзін естен шығарып алды. Осының арты оған жақсы тимеді.

* * *

Нұрлан сол түні Якуповпен бір кеш бірге болғанына қуанып, көңілді оралған-ды үйіне. Әуелі машинасына мінгізіп, Айжанды үйіне әкеп тастады: қалбалақтап машинаның есігін ашып, түсіріп ап, бірінші рет қолынан сүйіп, шарбақтан әрі аса алмай, қақпа алдында қала берді. Үндеместің екі көзі түн өрінде оттай жарқырап, кес-кестеп, «өтпейсің, әуре болма!» дегендей, рұхсат бермеді.

Үйіне келді де шешініп жата қалды. Ертеңінде денесі ауырып, басы айналып зорға-зорға тұрды. Тіл алғыш балаң жігіт жедел қымылдан, елбелектеп, тезірек барса, Асановтың кабинетіне жұрт жиналып қалған. Мас адамдай басы айналып, қызып барған Нұрлан кім сөйлеп, кім есеп беріп жатқанын да аңғармады, бір бос орын жоқ, салған бетте есік алдында түрегеп тұра берді. Жұрттан бұрын көзіне ілінген Якупов болды. Мәлікті иықтай, столдың шет жағын ала, бүркіттей қомданған Якуповтың түсі, кешегіден де бүгін сүйк та, ызбарлы, әлде жақсы демалмағандықтан ба, көзінің алды құлтілдеп, ісіңкіреп қалған.

Нұрлан о баста бет құбылысына мән бермей, «кеше сырласып едік қой, мені жақсы түсініп едіңіз фой!» дегендей күлімсіреп, Исламға қарап басын изеді. Ол — Нұрланың сәлемін алмақ түгіл, елеген де жоқ. Әлде көрмей қалды ма еken? (Қарсы алдында басын шүлғып тұрған адамды көрмеуші ме еді, көзіне шел қаптамас!)

Бұдан кейінгі Нұрлан өмірінің минуттері, түске үқсас күңгірт, елес, үзілген кинопленкадай жамалып, не бір буалдыры кезеңдер өтті де жатты.

— Директор жолдас! — деді Якупов Ковалъчуктің сөзін аяқтатпай. Бұрыш жақта көлеңкелеу қабырғада есеп беріп тұрған Нұрланның өз директоры еken, енді ғана аңдады.— Кеше жетпіс еді, бүгін де — жетпіс, бункерде жатқан астық бар, неге жылжымайсың бір орыннан? Кәне, айт-

шы, мына, бас агрономның көзінше! (Ага, Нұрланның кіргенін көрген ғой. Оnda неге амандаспады?)

Ковальчук ағынан жарылды.

— Бункердегі жатқан түкым астығы болып шықты. Откен түні бөлімшелерге телефон соғып, артық астықты бүгін-ертең, тегіс тапсырып бітіріңдер десем, бас агроном барып түкым қоры деп акты жасап кетіпти.

— Актыны қашан жасаған?

— Откен түні.

Якупов қап-қара боп, тұтігіп, орнынан жедел көтерілді.

— Не дейді?.. А, ну, бері ортаға шық! — деді ол қолын шошайтып Нұрланға. Нұрлан ортаға кеп екі қолын артына ұстап, өлең оқитын шәкірттей маңқып тұра берді. Исламның өңі қашып, дірілдеп, өзін-өзі әрең ұстап тұрганы беп-белгілі.— Кеше екеуміз қалай келістік, есінде ме? Сен коммунист бола тұра, менің тапсырмамды орындамайсың? Бункерде жатқан астыққа акты жасайсың, қалайда үкіметке тапсырпауға тырысасың! Мұны не деп ұғамыз, жігітім? — Даусы тарғылданып, бет-аузы қисайып кетті.

— Менің акты жасаған астығым — түкымға арналған астық-ты. Тек акты жасалмап еді. Біздің директор бүйіркү орындағыш-ақ, байқамай мемлекетке тапсырып жібере ме деп, қорқып, өз қатемді түзеткенім. Эйтпесе мемлекетке астық тапсыруға қарсы болам ба, Ислам аға!

— Жаңы ашығышын мұның?! — Якупов тұншығып, сөзі аузына түспей, аз кідірді де, әлдебір шешім алғандай, тағы да жадырай қалды:— Мемлекетке тапсырып жібергенде не болушы еді?..

— Не болушы еді!.. Совхоз жұз процент жоспарын орындар еді. Сол сияқты облыс та атаққа ие болып, жогарғы жақтың алдында көзге түсер еді... Ал, ертең, совхоз, қолындағы түкымдық жақсы бидайдан айрылып қап, үкіметтен тіленіп, қайтадан «түкым сұраушы» едік, айналып-үйіріліп келгенде үрылатын тағы қазына. Бір рет — жоспар деп өткізіп, артынан оны өзіміз қайта сұрап аламыз. Сонда қазынаның астық қорына қол сұққан кім?

— Сенің сөзінде қараганда біз мемлекетті алдап, көзбояушылық жасаймыз да, сен әділ де тазасың, солай ғой? — Якупов Мәлікке төнді:— Солай деп тұрган жоқ па, мына әділ агрономың?

— Мен өз ойымды мәйменкелемей, тұра айтқаным күнә болса жұмған ауыз ашпайық!

— Асанов жолдас жақсы кадр дайындалған екен

көріп түрмиз. Нечего сказать — хороши гусь!.. — Якупов басын шайқап, тағы да шылымына жармасты.

— Отыр, Нұрлан! — деді Мәлік иек қағып Сембинге.

Есік жақтағы біреулер қағысып оған орын берді, «черт знает, язык мой — враг мой!» артығырақ айтып жіберді ме?.. Нұрлан ойын аяқтап ұлгіреді, аудандық атқару комитетінің председателі Бегимов сөз алды. Кім білсін, не ліктен сөз алуға құмартқанын, Якуповтың алдында қөзге түсіп қалғысы келді ме, тебірене, құңғарене сөйледі.

«Қазір бұл кісі мені жамандайды. Қарап тұрыңыз!» — деді Нұрлан қасындағының құлағына сыйырлад. Көріп келі бар ма, дәл түсті үстінен...

— Асанов жолдас тым еркелетіп жіберді мұны. Дандағысан жас неме, бүгін, міне, тіл тигізіп тұр... Бұл өзі — сипайы, биязы жігіт деп жүрсек, әумесер, содыр ма қалай... Жақында бір шофермен төбелесіп оның аузы-мұрнын қан жалатқан...

— Эх, Ербол аға!.. Менің неше кіслік әлім бар еді. Кез келген шофер мені ұрып кетпей ме? — деді шыдай алмай Нұрлан дауыстал.

Біреулер сөз шындығын қайталағанына құліп те алды. Бірақ, Бегимов құлмеді, ол сөздің салмағын Мәлікке аударып, аудандық партия комитетінің іс әдісіндегі, кадр мәселесіндегі кемшіліктерді тізбелей келіп, сөз ақырында: «Астық дайындаудың орнына бөгет жасағаны үшін, бұзақылық мінезі үшін Сембінді партиядан шығару керек!» деп ұсыныс енгізді.

Мәлік: жас адам ғой, артық-кем болса, әлі түзелер деп жақтап, қарсы болып еді, Якупов: «Мұндай кері ауыз... түзелмейді!» деп қолды бір-ақ сілтеді.

Мәлік екі ұсынысты дауысқа салды. Нұрланның көзі әр бюро мүшелеріне бір қадалып: «Шыннымен сен де мені қиғаның ба?» деген сауалына жауап іздеді. Бірі басын изеп, құлімдесе, сол құлім арқылы: «Біз сені тастамаймыз, жігітім» деген ойын жолдаса, енді бірі «Көрмейсің бе, Якуповтың күштеуін, бағынышты адаммын ғой!» дегендей көзін тайдышып әкетіп төмен түқырады.

Дауыс қақ жарылды.

Енді не істейді? Әлде, Мәлік екі дауысқа ие болса, партияда қалуы да мүмкін-ау? Шіркін, жүйрік үміт!

Осы кездे совхоз аралап кеткен аймақтық өндіріс басқармасының бастығы үсті-басы шылқылдаған су, керзі етігі қоншынан батпақ Нұрланның сорына, сораң етіп, кіріп

келмесі барма!.. Қабағын түйіп, тұнеріп отырған Яқупов ашылған күндегі жадырап қоя берді.

Артық бір дауыспен Нұрлан партиядан шықты.

Екі беті дуылдап, басы сынып, құр сұлдері отырған Нұрлан ауызғы үйге шыға бере көзі қарауытып буыны дірілдеп, құлап түсті.

* * *

Бұдан әрі ол бір ай бойы ес-түсін білмей, өмір мен өлімнің арасында жанталасты. Бір айы — дene қызуы төмен түспей, әкесінде да түрді, сондықтан, аузына дәм алмай, сұлық түсіп жата берді, жата берді...

«Жедел кемек» машинасы сол құлаған кезінде ауруханаға табыс еткен-ді. Нұрланның қатты науқастанып терапияға түскенін естіген Айжан жаны қалмай тебірене қайғырып, күні-түні қасынан кетпей бір ай бойы емдесті.

Қызыметінен қолы босаса-ақ Нұрланның палатасына барадып, дәрі-дәрмегінің берілуін қадағалап, өкпесін тыңдалап, емдеуші дәрігерге ақыл салып, ықлас-ықпалын жүргізіп бақты.

Нұрлан екі өкпесіне бірдей сұық тиіп, «пневмониямен» ауырды да, артынан өзі нашар өкпе шыдамай жаңа басталған түберкулезін қоздырып, жығылған үстіне жұдырық, әлсіреп қалды.

Бір айдан соң дәрінің, күтімінің күшімен аурудың беті бері қарап, қызу төмен түсіп, Нұрлан басын көтеруге жарады.

Аспанда тұтасып тұмсарып алған қара бұлт бүгін індірді де ерте түсірді. Терезеден жапалақтап жауған қарды қызықтап бірде егін басында қаптап ұшқан торғайға теңеп, бірде желмен ұшқан ақ мақтаға ұқсатып қарады да отырды Нұрлан. Бірін-бірі қуалап, қатарласа ұшып, жерге жетпей, не еріп, не бірінің үстіне бірі қонған жапалақ қар ұлпа да пак, алақанға сап көз тоқтатып үстар ма еді өзін, шіркін, үстар ма еді. Дәл адамның бақыты сияқты, қолың жете берсе, жоғалып кететін...

Біреудің демін сезгендей Нұрлан кенет бұрылып еді, қасында үнсіз селтиіп, Айжан тұр екен: «Сенің бақытың мен мін» дегендегі күлімдей маржандай ұсақ ақ тістерін көрсетіп, толық келген қызыл еріндерін сәл ашып, қуана қарайды.

Нұрлан қалай сөзбей қалғанын таңырқап, қыз қолын үстай ап, бетіне басты.

— Аяшка...

— Нұрлаш...

Екеуі әлдекім естіп қоя ма дегендегі бірінің атын бірі ақырын ғана үзілдіре атап, көп сырға қанғандай, көп сырды айтпай-ақ ұғысқандай, әрқайсы өз жүрек соғысына құлақ қойып отыра берді, отыра берді.

Аздан соң ұзақ созылған осы бір іңір тыныштығын Айжанның өзі бұзды.

— Бір ай — сен ауырғалы. Қанша өзгеріс болды бір айдың ішінде! — деді әлденені есіне түсіріп.

— Солай ма өзі? Бір ай жаттым ба — зымырап бара жатқан, қайран уақыт-ай!... Соңынан қуар ма еді...

Айжан сәл езу тартты.

— Асылында асығу жарамайды. Сен асығам деп судың астында қалып ауруға шалдықтың. Якупов, облыстық өндіріс басқармасының начальнигі асығам деп аварияға үшырап, ауыр жаралы емханаға түсті...

— Ислам ба? — Нұрлан шошынып елегізе сұрады.

— Сол! Өзінді партиядан шығарған Ислам.

— Апырмай-э?.. Ия-ия, тым асығыс адам еді. Қалай үшыраған аварияға?

— Сені партиядан шығаратын жолы түнде аттанған екен, таң ата Екібастұз маңына жете бергенде, тұман түсіп, қарсы келген астық таситын жүк машина қағып өткенде, «Волга» аударылып кетіпті де, Якуповтер машинаның астында қалған...

— «Асығыстық — әрқашан да қапы соқтырады» деген екен бір философ... .

— Оны білсең, сен неге асықтың?.. Сол түні қырмандарды араламауға болмаушы ма еді?

Нұрлан күлді.

— Пәле, тұқымды алып қоя жаздаған жоқ па... Тұқым — совхоздың ертеңгі өмірі емес пе, Аяшка!.. — Нұрлан қыздың сүйрік ақ саусақтарын қысып, жібермей, қайта-қайта көзіне үңіліп, ішкі бір сырдың ұшқынын тапқысы келгендей.— Аяшка, осы Мәлік пен Раушан қайда? Неге келмейді маған?

— Олар саған талай келген-ді... (Раушанның жылағанын, маржан жасының тамшылап, Нұрлан бетіне тамғанын, оны көрген Мәліктің қиналғанын айтса қайтеді?) Екеуі де жоқ, Кавказға Моңастиге курортқа кеткен... Раушан бө-

пелі болғысы кеп, емделіп жүр... Мәлік саған хат тастаған. Тәуір болған соң бер деп тапсырған соң асықпап едім...— Айжан қалтасынан аузы ашық ақ конвертті алып, Нұрланға ұсынды.

«Нұрлаш!

Сен көп жатып қалдың. Аялдан көріп едік, дәрігерлер беті бері қарады, «жүре беріңдер» деген соң сапар шектік. Бірақ тынықсын, әлі кірсін деп бір адамға рұхсат бермей жіберген соң, қоштаса алмадық. Бәріне құнәлі, эрине, Айжан!.. Жол түсіп, Кавказға саяхат шектік. Екі путевканы реті кеп қалған соң, тартынбадық, тәуекелге бел байлаپ, сені Айжанға тапсырып, жүре бердік. Өкпелеме!

Аман-есен жазылсаң — партиялық ісінді қу. Жолшыбай обкомда болам, түсіндіріп кетермін...

Жұырда аудандық партия комитеті жойылып, өндіріс басқармасының жанынан парткомдар құрылмақ. Кім білсін, қандай нәтиже берерін... Сол жақтан мұнда оралмасын, тегі, Москваға академияға оқуға кетсем бе деген талабым бар...

Сені тағы бір қуантатын хабар: біздің Орталық Комитетке жазған хатымыздың дүмпуі болса керек: біздің ауданға Қазақстан Гылым академиясының жер қыртысын зерттейтін институтының директоры келіп аралап, тексеріп қайтқан-ды. Дәл кетерде жолыға алмадым, бірақ біздің бір жігітке: «Егіннен гөрі, мал өсіретін ауданға лайық!..» деп кетіпти.

Қош! Қыындықты жеңіп шығар деп сенемін, саған. Сәлеммен Мәлік» депті көк сиямен асығыстау жазып. Осы хаттың сыртына қара сиямен маржандай тізілтіп екінші қол: «Нұраш, мықты бол, мен сені баяғыдай жақсы көрем!» деген екен, оның астын ала жасыл сиямен: «Нұраш, сені одан да мен артық көрем...» депті тағы біреу. Нұрлан алғашқы кімнің қолы, кейінгі кімдікі екенін таныды да, қасындағы Айжанның қолын егіле сүйді.

— Мен аурумын фой, Айжан?

— Білем.

— Саған бұрын айта алмай қипақтай бергенім сол еді...

— Эх, батыр! — деді Айжан қолымен шашын дударлай, еркелетіп басын қеудесіне басып.— Енді аурудың тырнағына бермеймін сені!.. Ешкімге бермеймін! Басқа түгіл өлімге де бермеймін! — Жан күйдірер ыстық сөздің әсерінен абыржып қалған Нұрлан балапанша аузын ашып, Айжанға мөлие қарайды.

Шын ба екен осы сөзі. Көңілін көтеруге айтып отырған жоқ па? Жоқ, Айжанның ұлken тобылғы көзі көлгірсімейді. Жүргегінің арғы түбінен шыққан шынайы сыр екені ақыннат!..

Есіктен біреу сығалады да жаба қойды. Қырындау отырған Айжан Сембі шалдың ешкі сақалын көзі шалды. Есікті ашса, үйғарғанында қарияның өзі екен. Айжан палатаға алып кірді. Басын көтеріп, сергіп отырған баласын көріп, әкесі өзгеріп, жылап жіберді. Көзінің жасы мөлтілдеп: «Қарағым, рахмет саған!» дей берді Айжанға. Баласының қайғысынан әбден жадап-жүдеп қартайып кеткен Сембі:

— Үйінді аулаға орнатып қойдым, қарағым! Ертең жаз шыға Сабындықелдің басына екеуіңе тігіп берем! — деп арманына қолы жеткендей қуанышын баласының алдына тартты.

Әкесі мен Айжан шығып кеткен соң палатада жалғыз отырған Нұрлан түмбочкиның үстінде жатқан Мәліктің хатын тағы да қолына алып, бір рет бастан-аяқ көз жүгіртіп оқып шықты. «Шындыққа көзі жетер партияның... Сенем саған...»— деді Нұрлан күбірлеп, тағы бір қуат, тағы бір күш күрескे, келешекке меңзегендей елегізіп, Ақбет таудың биік шыңынан көзін алмай тұра берді. Нұрланның сенімі де жүргегінің адалдығы да осы бір минут хақ еди.

МАЗМУНЫ

Бірінші тарау	5
Екінші тарау , . . .	20
Үшінші тарау	42
Төртінші тарау	62
Бесінші тарау	76
Алтыншы тарау	99
Жетінші тарау	120
Серізінші тарау	143
Тогызынышы тарау	172
Оныншы тарау	185
Он бірінші тарау	198
Он екінші тарау	225

Шашкин Зейін.

Таңдамалы шығармалар. 6 томдық.
Т. 5—Алматы, «Жазушы», 1976.
Т. 5. Сөнім. Роман.
244 бет.

Зеин Шашкин

Избранное в шести томах.

Том V

ВЕРА

роман

(на казахском языке)

Редактор Ш. Токсанбаев. Художник В. Григорьев. Худ. редактор
Б. Табылдин. Тех. редактор К. Зауренбайuly. Корректор
З. Тулетаева.

Сдано в набор 8. X. 1975 г. Подписано к печати 16. IV. 1976 г.
Бумага № I. Формат 84×108 $\frac{1}{3}$ —7,625 п. л. 13,21 услн. п. л. (Уч.-изд. л. 13,73)
Тираж 12 000 экз. Цена 67 коп.

Издательство «Жазушы» г. Алма-Ата, 480091, проспект Коммунистический, 105.

Заказ № 1593. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Совета Министров КаэССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата,
ул. Пастера, 39.

